

РЕСМИ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

жобасының жинағы

«РЕСМИ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ»
жобасының жинағы

Астана, 2026

МАЗМҰНЫ

І БӨЛІМ. МОНИТОРИНГТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕР

1 Кіріспе..... 5

2 Мониторинг жүргізудің құқықтық негіздері..... 6-7

3 Интернет-ресурстарды бағалау өлшемшарттары..... 7-8

ІІ БӨЛІМ. РЕСМИ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРҒА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

4 ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі..... 10-60

- Сараптамалық талдау
- Тәуекел деңгейлері бойынша жіктеу
- Анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар

5 ҚР Туризм және спорт министрлігіне қарасты ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі..... 60-80

- Сараптамалық талдау
- Тәуекел деңгейлері бойынша жіктеу
- Анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар

6 Астана қаласының мәдени ұйымдарының ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі..... 80-101

- Сараптамалық талдау
- Тәуекел деңгейлері бойынша жіктеу
- Анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар

7 Алматы қаласының мәдени ұйымдарының ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі..... 102-118

- Сараптамалық талдау
- Тәуекел деңгейлері бойынша жіктеу
- Анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар

8 Ұлттық компаниялардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі..... 118-138
- Сараптамалық талдау
- Тәуекел деңгейлері бойынша жіктеу
- Анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар

9 Жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі 138-153
- Сараптамалық талдау
- Тәуекел деңгейлері бойынша жіктеу
- Анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар

10 Ғылыми мекемелердің ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі..... 153-182
- Сараптамалық талдау
- Тәуекел деңгейлері бойынша жіктеу
- Анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар

11 Жекеменшік медициналық ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі..... 182-198
- Сараптамалық талдау
- Тәуекел деңгейлері бойынша жіктеу
- Анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар

ҚОРЫТЫНДЫ..... 198-199

I БӨЛІМ.
МОНИТОРИНГТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕР

1. КІРІСПЕ

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мемлекеттік органдар мен түрлі ұйымдардың қоғаммен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Ресми интернет-ресурс азаматтар үшін ақпарат алудың негізгі арналардың біріне айналып, ұйым қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, қоғаммен тиімді кері байланыс орнату және мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырудың маңызды тетігі ретінде қалыптасты. Осыған байланысты интернет-ресурстардың мазмұндық сапасы, ақпараттың өзектілігі, мемлекеттік тілдегі нұсқасының қолжетімділігі және заңнама талаптарына сәйкестігі ерекше маңызға ие.

Цифрлық кеңістікте мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – бүгінгі күннің өзекті міндеттердің бірі. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ресми интернет-ресурстары мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі қызметін кеңейтетін маңызды ақпараттық алаң. Сондықтан интернет-ресурстардағы мемлекеттік тілдегі ақпараттың сапасын арттыру, оның өзге тілдердегі нұсқалармен мазмұндық теңдігін қамтамасыз ету және ресми ақпараттың толық әрі қолжетімді ұсынылуы мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың маңызды бағыттарының бірі саналады.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты өңірлік департаменттердің, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне қарасты ұйымдардың, Астана және Алматы қалаларындағы мәдени ұйымдардың, ұлттық компаниялардың, жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің және жекеменшік медициналық ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына кешенді мониторинг жүргізілді. Мониторингпен жалпы **100** ұйымның ресми интернет-ресурсы қамтылып, олардың ақпараттық мазмұны мен функционалдық мүмкіндіктеріне жан-жақты бағалау жасалды.

Мониторингтің мақсаты – ресми интернет-ресурстардың мемлекеттік тілдегі ақпараттық қамтамасыз етілу деңгейін, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігін, ақпараттың ашықтығы, қолжетімділігі, контент сапасы және цифрлық сервистердің тиімділігін зерделеу. Сонымен қатар анықталған кемшіліктерді жүйелеп, оларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу көзделді.

Бағалау жұмыстары осы жинақта ұсынылған бірыңғай әдістемелік өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылды. Өлшемшарттар «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» және «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес әзірленді және барлық ұйымдарға бірдей қолданылды.

Мониторинг барысында алынған нәтижелер ұйымдардың ресми интернет-ресурстарының қазіргі жай-күйін бағалаумен ғана шектелмей, мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі қолданысын кеңейтуге, ақпараттық ашықтықты арттыруға және азаматтардың сапалы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін жетілдіруге бағытталған нақты ұсынымдарды қалыптастыруға негіз болды. Сонымен қатар жүргізілген талдау нәтижелері интернет-ресурстарды дамыту бойынша алдағы жұмыстардың басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Жинақ екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде мониторингті ұйымдастырудың әдістемелік негіздері, құқықтық базасы және ресми интернет-ресурстарды бағалау өлшемшарттары баяндалған. Екінші бөлімде мониторинг жүргізілген ұйымдар қызмет салалары бойынша топтастырылып, әрбір топ бойынша сараптамалық талдау, тәуекел деңгейлері негізінде жіктеу, сондай-ақ анықталған кемшіліктер мен оларды жоюға бағытталған ұсынымдар берілген.

Осы жинақ мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, білім беру, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау және басқа да ұйымдардың ресми интернет-ресурстарын жетілдіруге, мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі қолданылу аясын кеңейтуге, заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге және ақпараттық ашықтықты одан әрі арттыруға бағытталған әдістемелік әрі практикалық материал ретінде пайдалануға арналған.

2. МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы

9-бап, 1-тармақ. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңы

4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

7-бап. Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді. Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.

8-бап. Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады.

22-бап. Ақпараттандыру объектілерінің меншік иелері мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға және мемлекеттік қызметтерді көрсетуге арналған ақпараттандыру объектілерін Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тілде, орыс тілінде және қажет болған кезде басқа да тілдерде құруға және айналысқа шығаруға міндетті.

3. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы

16-бап. Интернет-ресурстарда ақпарат орналастыру

1. Қызметі туралы жалпы ақпарат:

- тарихы;
- ұйымдық құрылымы;

- басшылығы туралы мәліметтер;
- қызметі туралы мәліметтер;

2. Ресми жаңалықтар, баспасөз релиздері, алдағы оқиғалардың күнтізбелері.

3. Қаржылық есептілік, республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың жұмсалуы туралы ақпарат, азаматтық бюджет.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізілетін мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер.

8-тармақ. Мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, бюджет қаражатын алушылар болып табылатын заңды тұлғалар, мемлекеттік монополия, арнайы құқық субъектілері – ақпарат иеленушілер (интернет-ресурстардың иелері) болып табылады.

14-тармақ. Интернет-ресурстағы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде берілуге тиіс. Ақпарат иеленушінің интернет-ресурсының басқа тілдердегі нұсқалары да болуы мүмкін.

4. «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының заңы

5-бап. 1. Мемлекеттік тіл және басқа да тілдер масс-медианың таралу тілі болып табылады.

2. Мемлекет Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес масс-медианы алу және оны тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді.

3. ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

Мониторинг **6** бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. Мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі:

- интернет-ресурста қазақ тіліндегі нұсқаның болуы;
- негізгі беттің мемлекеттік тілде ашылуы және тіл ауыстырудың реттілігі.

2. Контенттің теңгерімділігі мен көлемі:

- қазақ тіліндегі ақпарат көлемінің басқа тілдерден кем болмауы;
- негізгі бөлімдердегі мазмұнның толық қамтылуы.

3. Ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы:

- нормативтік құқықтық актілер, бұйрықтар, ресми құжаттардың мемлекеттік тілде берілуі *(«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы,9-бап);*
- мемлекеттік сатып алу және қызметтік ақпараттың жариялануы *(«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңы, 16-бап).*

4. Ашықтық және ақпараттың толықтығы:

- ұйым туралы базалық мәліметтердің (құрылымы, басшылығы, байланыс деректері және т.б.) мемлекеттік тілде ұсынылуы;

- қаржылық есептілік пен бюджет қаражаты туралы ақпараттың қолжетімділігі *(«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңы, 16-бап).*

5. Ақпараттық белсенділік және жаңартылу деңгейі:

- жаңалықтар, ресми хабарламалар мен баспасөз хабарламасы мемлекеттік тілде тұрақты жариялануы;
- ақпараттың өзектілігі мен жаңартылу жиілігі.

6. Пайдаланушымен өзара байланыс және визуалды контент:

- «Сұрақ-жауап», «Басшы блогы» сияқты сервистердің мемлекеттік тілде жұмыс істеуі;
- инфографика, баннер, хабарландырулардың қазақ тіліндегі үлесі.

Бағалау тәсілі:

Әр бағыт **0**-ден **2** баллға дейін бағаланады:

0 – талаптарға сәйкес емес;

1 – ішінара сәйкес;

2 – толық сәйкес.

Ең жоғары жиынтық балл – **12.**

Ұсынылған 6 бағыттан тұратын бағалау жүйесіне сәйкес ұйымдардың ресми интернет-ресурстары **0**-ден **12** балл аралығында бағаланады.

Бағалау қорытындысы бойынша ұйымдар (мекемелер) келесі тәуекел деңгейлеріне бөлінеді:

0–5 балл аралығында нәтиже көрсеткен ұйымдар (мекемелер) жоғары тәуекел деңгейіне жатқызылып, келесі жылғы мониторинг кезінде қайта тексеріледі.

6–8 балл аралығында нәтиже көрсеткен ұйымдар орташа деңгейдегі нысандар ретінде бағаланып, мониторинг қорытындысы бойынша оларға нақты ұсынымдар беріліп, қайта бақылау жүргізіледі;

9–12 балл аралығында нәтиже көрсеткен ұйымдар (мекемелер) мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес деп танылып, келесі жылы мониторингтен босатылады.

Мониторинг жүргізу барысында анықталған кемшіліктерді қалпына келтіру немесе жою бойынша ұйымдарға ресми хаттар жолданып, оларды түзету үшін ұсынымдар беріледі.

Мониторинг жинағын әзірлеу. Мониторингтің қорытындысы бойынша талдау, қорытындылар мен ұсынымдардан тұратын электронды түрде талдамалық жинақ шығарылып, мониторингке қатысқан мекемелерге (ұйымдарға) жолданып, берілген ұсынымдар бойынша кері байланыс жүзеге асырылады.

II БӨЛІМ.
РЕСМИ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРҒА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты өңірлік департаменттердің ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Мониторинг барысында департаменттердің ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі, контенттің толықтығы, ресми және құқықтық құжаттардың ұсынылуы, ақпараттың өзектілігі мен жаңартылу деңгейі, сондай-ақ құжаттардың рәсімделу сапасы сараланды.

Жалпы бағалау нәтижелері көрсеткендей, Төтенше жағдайлар департаменттерінің ресми интернет-ресурстарында негізгі ақпараттық құрылым, атап айтқанда: басты бет, байланыс мәліметтері, құрылымдық бөлімшелер туралы ақпарат және қызмет бағыттары қалыптасқан.

Сонымен қатар, талдау кезінде бірқатар жүйелі кемшіліктер белгілі болды**.** Атап айтқанда, ресми құжаттарды, қаржылық есептілікті, мемлекеттік сатып алу материалдарын, бюджеттік ақпаратты, бұйрықтарды**,** есептер мен баяндамаларды мемлекеттік тілде толық ұсынбау жағдайлары байқалды.

Нәтижесінде, қаржылық және есептік сипаттағы құжаттардың мемлекеттік тілде ұсынылу деңгейі төмен екені анықталды. Бұл жағдай азаматтардың мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен қаржылық басқару нәтижелері туралы толық мәлімет алу мүмкіндігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан мұндай құжаттардың қазақ және орыс тілдерінде бірдей жариялануы маңызды талап болып табылады.

Сонымен қатар, салалық құжаттар бөлімдерінде тілдік бірізділіктің сақталмағандығы байқалады. Мәселен, азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу, қауіпсіздік паспорттары, өрт қауіпсіздігі және өзге де бағыттар бойынша құжаттар тек орыс тілінде жарияланған немесе олардың атауы мен мазмұны әртүрлі тілде ұсынылған. Бұл ақпараттың жүйелілігіне нұқсан келтіріп, пайдаланушылар үшін түсініктілігін төмендетеді.

Мониторинг барысында ақпараттың өзектілігіне қатысты да бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, департаменттердің ресми интернет-ресурстарында ескірген, жаңартылмаған құжаттардың сақталып жатқаны белгілі болды. Сонымен қатар, кейбір сілтемелер жұмыс істемейтіндігі немесе бөлімдердің бос тұрған жағдайлары кездесті. Бұл ресми ресурстың ақпараттық сапасын төмендетіп, пайдаланушылардың қажетті мәліметтерді алуына кедергі келтіреді.

Сондай-ақ, интернет-ресурстарда тілдік нормаларды сақтамау мәселелері де байқалды. Атап айтқанда, құжаттар мен бөлімдердің атауларында, сондай-ақ ақпараттық материалдарда орфографиялық қателер, терминдерді дұрыс қолданбау және тілдерді араластырып жазу жағдайлары анықталды. Ресми интернет-ресурс мемлекеттік органның имиджін қалыптастыратын негізгі ақпараттық құрал болғандықтан, мұндай кемшіліктерді жою басымдыққа ие болуы тиіс.

Бағалау нәтижелерін салыстыру барысында ең жоғары нәтижені Астана қаласының және Батыс Қазақстан облысының департаменттері көрсетті. Аталған ұйымдар **9 балл** жинап, ақпараттық ресурсты жүргізу, мемлекеттік тілдегі контенттің қолжетімділігі және пайдаланушыға ұсынылатын ақпараттың сапасы бойынша салыстырмалы түрде жоғары нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар, Алматы қаласы, Қызылорда, Ұлытау, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан және Шығыс Қазақстан облысының департаменттері **7–8 балл** аралығында нәтиже көрсетті. Бұл ұйымдарда мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттыру, ресми құжаттарды екі тілде ұсыну және бөлімдердегі материалдарды жаңарту бағытында жұмыстар жүргізу қажет.

6 балл және одан төмен нәтиже көрсеткен департаменттерде мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығы, ресми құжаттардың қолжетімділігі, ақпараттың жаңартылуы және бөлімдердің мазмұндық толтырылуы бойынша кемшіліктер байқалды. Бұл ұйымдарда ресми интернет-ресурстың сапасын арттыру мақсатында анықталған мәселелерді кезең-кезеңімен жою қажет.

Түйіндей келе, Төтенше жағдайлар департаменттерінің ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижелері мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттыру, ресми құжаттарды екі тілде толық ұсыну, қаржылық және есептік материалдардың ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпаратты тұрақты жаңартудың өзектілігін көрсетті.

Осыған байланысты, алдағы кезеңде ресми интернет-ресурстарды жүргізу барысында мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығын, құжаттардың сапалы рәсімделуін және пайдаланушылар үшін мәліметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге басымдық беру ұсынылады.

Төтенше жағдайлар департаменттерінің 6 өлшемшартқа сәйкес жиынтық нәтижесі

№	Атауы	1-бағыт	2-бағыт	3-бағыт	4-бағыт	5-бағыт	6-бағыт	Жалпы балл
1.	Астана қаласы	2	2	1	0	2	2	**9**
2.	Батыс Қазақстан облысы	2	2	1	1	2	1	**9**
3.	Алматы қаласы	2	2	1	0	1	2	**8**
4.	Қызылорда облысы	2	2	1	1	1	1	**8**
5.	Ұлытау облысы	2	2	1	0	2	1	**8**
6.	Маңғыстау облысы	2	2	0	1	1	1	**7**
7.	Жамбыл облысы	2	2	0	0	2	1	**7**
8.	Түркістан облысы	2	2	0	0	1	2	**7**

9.	Шығыс Қазақстан облысы	2	2	0	0	2	1	**7**
10.	Шымкент қаласы	2	2	0	0	1	1	**6**
11.	Ақмола облысы	2	2	0	0	1	1	**6**
12.	Ақтөбе облысы	2	1	0	0	2	1	**6**
13.	Алматы облысы	2	1	1	0	1	1	**6**
14.	Атырау облысы	2	2	0	0	1	1	**6**
15.	Абай облысы	2	2	0	0	1	1	**6**
16.	Жетісу облысы	2	2	0	0	1	1	**6**
17.	Қарағанды облысы	2	2	0	0	1	1	**6**
18.	Қостанай облысы	2	2	0	0	1	1	**5**
19.	Павлодар облысы	2	1	0	0	1	1	**5**
20.	Солтүстік Қазақстан облысы	2	1	0	0	1	1	**5**

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕУ

Ұсынылған бағалау тәсіліне сәйкес Төтенше жағдайлар департаменттерінің ресми интернет-ресурстары 6 бағыт бойынша бағаланды. Әр бағыт **0-2 балл** аралығында есептеліп, ең жоғары жиынтық баға **– 12 баллды** құрады. Бағалау нәтижесіне сәйкес ұйымдар үш тәуекел деңгейіне бөлінді:

- **9-12 балл** – төмен тәуекел деңгейі (мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес деп танылып, келесі мониторингтен босатылады).
- **6-8 балл** – орташа тәуекел деңгейі (анықталған кемшіліктер бойынша ұсынымдар беріліп, қайта бақылау жүргізіледі);

5 балл – жоғары тәуекел деңгейі (ақпараттық ресурсты қайта қарау және келесі мониторинг барысында қайта тексеру қажет);

Төтенше жағдайлар департаменттерінің ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесінде **20** ұйымның ішінде **2** департамент төмен тәуекел деңгейіне, **15** департамент орташа тәуекел деңгейіне, **3** департамент жоғары тәуекел деңгейіне жатқызылды.

Жалпы нәтижелер мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі бойынша оң үрдіс бар екенін көрсеткенімен, ресми құжаттар мен қаржылық материалдарды қазақ тілінде толық ұсыну, ақпаратты тұрақты жаңарту және сайт бөлімдерінің мазмұнын біріздендіру бағытында жұмыстарды жалғастыру қажет.

Төмен тәуекел деңгейі (9-12 балл)

Бұл деңгейге ақпараттық ресурстарды жүргізу сапасы жоғары, мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі салыстырмалы түрде қамтамасыз етілген департаменттер енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Астана қаласы	**9**	Төмен
2.	Батыс Қазақстан облысы	**9**	Төмен

Аталған департаменттердің ресми интернет-ресурстарында ақпараттың құрылымы, бөлімдердің толтырылу деңгейі және мемлекеттік тілдегі материалдардың ұсынылуы басқа ұйымдармен салыстырғанда жоғары дәрежеде ұйымдастырылған.

Дегенмен, мониторинг барысында жекелеген бағыттар бойынша толықтыруды қажет ететін кейбір кемшіліктер анықталды. Сонымен қатар, жалпы алғанда ақпараттық ресурстар мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес жүргізіліп, пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтер жеткілікті деңгейде ұсынылған.

Орташа тәуекел деңгейі (6-8 балл)

Орташа тәуекел деңгейіне жатқызылған департаменттердің интернет-ресурстарында негізгі ақпарат орналастырылған және сайт құрылымы қалыптасқан. Дегенмен, мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық еместігі, құжаттардың тек бір тілде ұсынылуы, ақпараттың жаңартылмауы және тілдік бірізділіктің сақталмауы сияқты кемшіліктер анықталды.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Алматы қаласы	**8**	Орташа
2.	Қызылорда облысы	**8**	Орташа
3.	Ұлытау облысы	**8**	Орташа
4.	Түркістан облысы	**7**	Орташа
5.	Маңғыстау облысы	**7**	Орташа
6.	Жамбыл облысы	**7**	Орташа
7.	Шығыс Қазақстан облысы	**7**	Орташа
8.	Шымкент қаласы	**6**	Орташа
9.	Ақмола облысы	**6**	Орташа
10.	Ақтөбе облысы	**6**	Орташа
11.	Алматы облысы	**6**	Орташа
12.	Атырау облысы	**6**	Орташа
13.	Жетісу облысы	**6**	Орташа
14.	Қарағанды облысы	**6**	Орташа
15.	Абай облысы	**6**	Орташа

Бұл деңгейдегі департаменттердің ресми ресурстары жалпы талаптарға ішінара сәйкес келеді. Негізгі бөлімдердің жұмыс істеуі қамтамасыз етілгенімен, мемлекеттік тілдегі құжаттардың үлесін арттыру қажеттілігі байқалады.

Ресми құжаттардың, бюджеттік есептердің, мемлекеттік сатып алу материалдарының және салалық ақпараттың қазақ тіліндегі нұсқаларының болмауына байланысты кемшіліктер кеңінен байқалады. Атап айтқанда, құжат

атаулары мен олардың мазмұны орыс тілінде берілген немесе ақпарат уақытылы жаңартылмаған.

Аталған ұйымдарға анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты ұсынымдар беріліп, келесі мониторинг барысында орындалу нәтижелері қайта бағалануы қажет.

Жоғары тәуекел деңгейі (0-5 балл)

Жоғары тәуекел деңгейіне жатқызылған департаменттердің ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілде ақпараттың толық ұсынылмауы, ресми құжаттардың бір бөлігі тек орыс тілінде жариялануы, ақпаратты жаңарту деңгейінің төмендігі және кейбір бөлімдердің толық толтырылмауы сияқты мәселелер анықталды.

Атап айтқанда, бұл деңгейдегі ұйымдарда қаржылық құжаттар, есептер, жоспарлар және салалық материалдар бойынша мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемі жеткіліксіздігі байқалды. Сонымен қатар, қажетті ақпараттың қолжетімсіз болуы немесе сілтеме бойынша құжаттардың ашылмауы тіркелді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Қостанай облысы	**5**	Жоғары
2.	Павлодар облысы	**5**	Жоғары
3.	Солтүстік Қазақстан облысы	**5**	Жоғары

Аталған департаменттерде ресми интернет-ресурстың негізгі құрылымы толық сақталғанымен, ақпаратты мемлекеттік тілде толық ұсыну бағытында елеулі кемшіліктер анықталды. Құжаттардың бір бөлігінің тек орыс тілінде жариялануы, ресми материалдардың тілдік сәйкестігінің сақталмауы және бөлімдердің ақпараттық тұрғыда толықтырылмауы пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін шектейді.

Бұл ұйымдарға ақпараттық ресурстарды қайта қарап, мемлекеттік тілдегі контент көлемін арттыру, ресми және қаржылық құжаттарды екі тілде толық жариялау бойынша кешенді жұмыстар жүргізу қажет.

АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті

А

т

а Мониторинг барысында интернет-ресурстың басты бетінде *«Гражданская о*борона» бөлімінің атауы тек орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Аталған бөлім атауының мемлекеттік тілдегі нұсқасы берілмегендіктен, сайт құрылымындағы бөлімдердің тілдік бірізділігі сақталмаған.

н Интернет-ресурстағы бөлім атаулары мен навигациялық элементтердің тіл заңнамасы талаптарына сәйкес ресімделуі пайдаланушыларға ақпаратты бірізді қабылдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, сайт құрылымындағы барлық бөлім атауларының мемлекеттік тілдегі нұсқасын қамтамасыз ету қажет.

т

е


р

н

е

Ресурстың басты беттегі ***«Құжаттар»*** бөлімінде жалпы **8** құжат жарияланған, ***5 құжат*** мемлекеттік тілде, ал қалған ***3 құжат*** орыс тілінде орналастырылған.

Бұл интернет-ресурстағы ресми құжаттардың мемлекеттік тілде қолжетімді болу қағидатына сәйкес келмейді. Ресми ақпарат пен құжаттардың барлық пайдаланушылар үшін тең дәрежеде қолжетімді болуы маңызды болғандықтан, құжаттарды жариялау барысында мемлекеттік тілдегі ақпарттың толықтығы мен бірізділігін сақтау керек.



«Департамент туралы» бөлімде ұйымның жалпы қызметіне қатысты ақпарат, оның ішінде басшы туралы мәліметтер мен қызмет бағыттары ұсынылған. Алайда ***Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті бастығының лауазымы*** орыс тілінде көрсетілгені анықталды.

Бұл интернет-ресурстағы құрылымдық және анықтамалық ақпаратты мемлекеттік тілде толық ұсыну талаптарының сақталмағанын білдіреді. Ұйым қызметі туралы негізгі мәліметтер пайдаланушылар үшін түсінікті әрі қолжетімді болуы үшін департамент бастығының лауазымын мемлекеттік тілде жариялауды қамтамасыз ету қажет.

«Кадр саясаты», «Құжаттар» және ***«Мемлекеттік сатып алулар»*** бөлімдерінде ақпараттар мен материалдар тек орыс тілінде жарияланған.

Бұл интернет-ресурстағы ақпараттың мемлекеттік тілдегі қолжетімділігі мен мазмұндық теңгерімділігі толық сақталмағанын көрсетеді. Пайдаланушыларға ұсынылатын қызметтік бағыттар мен ұйым қызметіне қатысты ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын қамтамасыз ету қажет.

Астана қаласының қауіпсіздік паспортына жүргізілген талдау барысында құжат орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Бұл ақпараттың қолжетімділігіне кері әсер етеді.

Сонымен қатар ***«Анализ пожаров на территории г. Астана за 6 месяцев 2024 года»*** және ***«Обзорно-аналитическая информация по фактам чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера, произошедших на территории города Астаны за девять месяцев 2025 года»*** құжаттары тек орыс тілінде жарияланған.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауынан алынған Мемлекет басшысының сөзі тек орыс тіліндегі нұсқада

берілген. Бұл жағдай интернет-ресурстағы ресми мәліметтердің тілдік қолжетімділігі толық қамтамасыз етілмегенін дәлелдейді.

Ресми құжаттарды жариялау барысында мемлекеттік тілдің басымдығын сақтау және барлық материалдарды толыққанды екі тілде ұсыну – ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етудің негізгі талаптарының бірі.

Осыған байланысты ресми құжаттарды жариялау процесін қайта қарап, барлық нормативтік, қаржылық және есептік материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын орналастыру қажет.

«Атқарылған жұмыс туралы есеп пен баяндамалар» бөлімінде **15 құжат** орналастырылған. Алайда олардың жариялану мерзіміне жүргізілген талдау нәтижесінде құжаттардың басым бөлігінің өзектілігін жоғалтқаны анықталды. Соңғы екі жыл ішінде (2025-2026 жылдар) бар болғаны **5 құжат** қана жарияланған, ал қалған 10 құжат 2025 жылдан бұрын жарияланғандықтан олардың өзектілігі төмен.

Салалық құжаттар бөлімінде де материалдардың өзектілігі төмендегені байқалады. Негізгі құжат ретінде көрсетілген дереккөздің соңғы жаңартылу мерзімі 2021 жыл екені анықталды. Ал 2025–2026 жылдарға қатысты өзекті негізгі құжаттар орналастырылмаған.

Бұл жағдай интернет-ресурстағы есептік және талдамалық материалдардың жүйелі түрде жаңартылмайтынын білдіреді. Ақпараттың уақытылы жаңартылмауы пайдаланушыларға ұсынылатын деректердің өзектілігін төмендетеді және ресми мәліметтердің сенімділігіне әсерін тигізеді.

Құжаттардың уақытылы жаңартылмауы нәтижесінде пайдаланушыларға қолданыстан шыққан немесе ескірген ақпарат ұсынылуы ықтимал. Осыған байланысты бөлімдегі материалдарды жүйелі түрде жаңартып отыру керек. Бұл интернет-ресурстың ақпараттық мазмұнының сапасын арттыруға және пайдаланушылар үшін оның өзектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді болғанымен, тілдік бірізділіктің толық сақталмағаны анықталды. Атап айтқанда, навигациялық элементтер мен бөлім атауларында орыс тіліндегі жазбалардың кездесуі, жекелеген құжаттардың тек орыс тілінде жариялануы, сондай-ақ ресми және есептік материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасының толық қамтылмауы байқалады.

Осыған байланысты интернет-ресурстағы ақпараттық мазмұнды жүйелеу, мемлекеттік тілдегі нұсқаны толықтыру және деректердің өзектілігін қамтамасыз ету қажеттілігі айқындалады.

Интернет-ресурстағы барлық бөлімдер мен навигациялық элементтерді мемлекеттік тілде толық және бірізді түрде рәсімдеу, құжаттардың екі тілде тең дәрежеде жариялануын қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі нұсқасының толық қамтылуын бақылау тетіктерін күшейту ұсынылады

Бұдан бөлек, жаңалықтар мен салалық құжаттарды тұрақты түрде жаңарту жүйесін енгізу, ескірген материалдарды уақтылы жаңғырту және ақпараттың өзектілігін сақтау мақсатында ішкі редакциялық бақылауды күшейту маңызды.


Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсы – https://www.gov.kz/memleket/entities/emer-zko?lang=kk мемлекеттік органдарға арналған бірыңғай платформаның құрылымына сәйкес ұйымдастырылған. Интернет-ресурстың негізгі бөлімдері жүйеленген, навигациясы түсінікті және пайдаланушыларға қажетті деректерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен мазмұндық және тілдік рәсімдеу тұрғысынан жетілдіруді қажет етеді.

Жалпы интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі контенттің ұсынылуы қамтамасыз етілгенімен, бөлімдерде тілдік бірізділік пен құжаттардың толықтығы бойынша кемшіліктер кездеседі. Бұл - ақпаратты қабылдауға және ресми деректердің қолжетімділігіне әсер ететін факторлардың бірі.

Мониторинг барысында ***«Байланыс»*** бөлімінде көрсетілген мекенжай орыс тілінде жарияланғаны анықталды. Аталған бөлімдегі электрондық пошта мекенжайлары және өзге де байланыс құралдары мемлекеттік тілде ұсынылуы, ал мекенжайдың орыс тілінде берілуі ақпараттың тілдік бірізділігін бұзады.

Сонымен қатар, ***«Бос жұмыс орындары»*** бөлімінде жарияланған *«Главный специалист Отдела государственного контроля и надзора в нефтегазовой, нефтехимической промышленности и магистральных трубопроводов Управления промышленной безопасности (функциональный блок А)»* лауазымына қатысты ақпарат толықтай орыс тілінде жарияланған. *«Вакансия»* атауы мемлекеттік тілге аударылмаған.




Аталған жағдай Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында белгіленген мемлекеттік тілдің қолданылу қағидаттарына сәйкес келмейді.

Мемлекеттік органның ресми ақпараттық ресурсында жарияланатын мәліметтер мен ақпараттардың бірыңғай тілдік талаптарға сәйкес болуы маңызды. Сондықтан аталған кемшілікті жойып, мекенжайды мемлекеттік тілде көрсету және бөлімдегі барлық ақпараттың тілдік бірізділігін қамтамасыз ету қажет.

Ресми интернет-ресурстың ***«Салалық құжаттар»*** бөлімінде барлығы **құжат** жарияланған. Алайда, **2 құжат,** атап айтқанда, *«Паспорт безопасности Западно-Казахстанской области на 2026 год»* және *«Паспорт безопасности ЗКО 2025»* құжаттары, сонымен қатар, ***«Бюджет»*** бөліміндегі ***«Годовой план государственных закупок товаров, работ и услуг на 2025 год»*** құжаты тек орыс тілінде жарияланған.

Осыған байланысты жоғарыда аталған құжаттарды мемлекеттік тілде орналастыру, сондай-ақ алдағы уақытта барлық құжаттардың қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларын бірдей жариялау ұсынылады.



Қауіпсіздік және мемлекеттік сатып алу мәселелеріне қатысты құжаттар азаматтар үшін маңызды ақпарат көздерінің бірі болып табылады. Сондықтан мұндай құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасының болмауы қазақ тілінде ақпарат алатын азаматтардың құжат мазмұнымен толық танысу мүмкіндігін шектейді.

Мониторинг барысында анықталған ескертулерді қысқа мерзім ішінде түзетіп, ресми интернет-ресурсты қолданыстағы тіл заңнамасының талаптарына толық сәйкестендіру қажет.

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті

HYPERLINK "https://www.gov.kz/memleket/entities/emergency/activities/1?lang=kk"

Қауіпсіздік паспорты төтенше жағдайлар саласындағы маңызды ақпараттық құжаттардың бірі болғандықтан, оның мазмұны пайдаланушылар үшін түсінікті әрі қолжетімді болуы қажет. Құжаттардың тек бір тілде ұсынылуы мемлекеттік тілдегі ақпаратқа қолжетімділікті шектеп, интернет-ресурстағы тілдік теңгерімділіктің сақталуына әсер етеді.

Осыған байланысты қауіпсіздік паспортының мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, интернет-ресурста жариялау қажет.

«Ережелер» бөліміндегі негізгі құжаттардың жаңартылу деңгейі төмен екені анықталды. Аталған бөлімде орналастырылған дереккөздер 2022 жылдан бері жаңартылмаған, өзекті ақпаратты алу мүмкіндігі шектелген.

Құжаттардың ұзақ уақыт бойы жаңартылмауы интернет-ресурста ұсынылатын ақпараттың өзектілігіне әсер етеді және пайдаланушылардың қолданыстағы талаптар мен нормативтік өзгерістер туралы мәліметтерге қол жеткізуін қиындатады.


Сонымен қатар, аталған бөлімде материалдар орыс тілінде орналастырылған. Бұл ресми ақпаратты мемлекеттік тілде қолжетімді ету талаптарының сақталмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты ***«Ережелер»*** бөліміндегі құжаттарды тұрақты түрде жаңарту, сондай-ақ барлық материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын қамтамасыз ету қажет.

«Кадр саясаты» бөлімі бойынша жүргізілген мониторинг барысында аталған бөлімнің бос тұрғаны анықталды. Бөлім ішінде көрсетілген сілтемелер жұмыс істемейді және тиісті ақпаратқа бағыттамайды.

Бұл жағдай интернет-ресурста ұйымның кадрлық саясатына қатысты ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді. Пайдаланушылар үшін қызметкерлерді іріктеу, кадрлық бағыттар, тиісті ережелер мен өзге де мәліметтер туралы ақпарат алу мүмкіндігі шектелген.

Осыған байланысты «Кадр саясаты» бөлімін өзекті ақпаратпен толықтыру, сілтемелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.



Ресми интернет-ресурста «***Бос лауазымға қатысты хабарландыру»*** тек орыс тілінде жарияланған.

Ақпараттың орыс тілінде ұсынылуы пайдаланушылардың мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігін шектейді.

Бұл ретте бос лауазымдарға қатысты хабарландыруларды қазақ және орыс тілдерінде жариялау, ақпараттың толық әрі сапалы аударылуын қамтамасыз ету қажет. Бұл интернет-ресурстағы ақпараттық ашықтықты арттырып, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Құжаттар» бөлімінде орналастырылған ақпаратқа жүргізілген талдау барысында мемлекеттік тілде жарияланған материалдарға қарағанда, орыс тіліндегі нұсқалардың басым екені анықталды.

Бұл интернет-ресурста орналастырылатын ресми құжаттар мен ақпараттың тілдік теңгерімділігі сақталмағанын көрсетеді. Мемлекеттік органның қызметіне қатысты құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасы пайдаланушылар үшін қолжетімді болуы маңызды.


Осыған байланысты «Құжаттар» бөліміндегі материалдарды жариялау барысында мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық ұсынылуын қамтамасыз ету және құжаттарды екі тілде орналастыру қажет.

«Бюджет» бөлімінде екі сілтеме орналастырылған. Аталған бөлімдегі «Республикалық бюджет» бағыты бойынша ұсынылған ақпараттың соңғы рет 2022 жылы жарияланғаны анықталды. Бұл интернет-ресурстағы бюджетке қатысты мәліметтердің уақытылы жаңартылмай отырғанын көрсетеді.

Осындай ақпарат мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды дереккөздердің бірі болғандықтан, олар өзекті әрі толық болуы қажет.

Сонымен қатар, бөлімде материалдар ***тек орыс тілінде*** орналастырылғаны анықталды. Бұл ресми және қаржылық сипаттағы ақпаратты мемлекеттік тілде қолжетімді ету талаптарының сақталмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты «Бюджет» бөліміндегі ақпаратты жаңарту, өзекті деректермен толықтыру және барлық материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын қамтамасыз ету қажет.



«Толыққанды байланыс ақпараты» бөлімінде тақырыпшалар және лауазым атауларына қатысты мәліметтер орыс тілінде көрсетілгені анықталды.

Байланыс ақпараты пайдаланушылар үшін негізгі анықтамалық бөлімдердің бірі болғандықтан, ондағы мәліметтердің мемлекеттік тілде ұсынылуы маңызды.

Осыған байланысты «Толыққанды байланыс ақпараты» бөліміндегі барлық тақырыпшалар, лауазым атаулары және байланыс деректерін мемлекеттік тілде рәсімдеп, ақпаратты екі тілде ұсыну қажет.

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде ақпараттық ресурстың жалпы құрылымы қалыптасқанымен, оның мазмұнын тұрақты жетілдіру және ақпаратты ұсыну сапасын арттыру қажеттілігі байқалады.

Ресми құжаттар мен ақпараттық материалдарды жариялау кезінде мемлекеттік тілдегі нұсқаның сапалы әрі толық ұсынылуын бақылау, сондай-ақ барлық бөлімдердің мазмұндық және тілдік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.


Ақпаратты орналастыру үдерісін жетілдіру мақсатында жауапты құрылымдық бөлімдердің жұмысын үйлестіру және интернет-ресурсты пайдаланушылар үшін қолжетімді, толыққанды ақпараттық алаң ретінде дамыту ұсынылады.

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсы

«Медиагалерея» бөліміндегі материалдарға жүргізілген шолу барысында оқиға атауының тілдік талаптарға сәйкес берілмегені анықталды. Атап айтқанда, *«Асель на чемпионате мира»* атауы тек орыс тілінде ұсынылған. Ақпарат атаулары да пайдаланушылар үшін негізгі бағдар болғандықтан, олардың мемлекеттік тілде дұрыс рәсімделуі интернет-ресурстағы тілдік бірізділікті қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады.

HYPERLINK "



Сонымен қатар ***«Бюджет»*** бөлімінде орналастырылған *«Бюджеттік бағдарламалар бойынша мемлекеттік мекеме шығыстарының жиынтық есебі (2025–2027)»* құжатына талдау жүргізу барысында аталған материалдың тек орыс тілінде жарияланғаны анықталды.

Бюджет саласына қатысты құжаттар мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды ақпараттық материалдар қатарына жатады. Сондықтан мұндай құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасының болмауы азаматтардың ақпаратпен толық әрі тең дәрежеде танысу мүмкіндігін шектейді және ресми ресурстағы тілдік қолжетімділік деңгейіне әсер етеді.

Осыған байланысты бюджет бөліміндегі құжаттарды екі тілде бірдей ұсыну, сондай-ақ барлық ақпараттық материалдардың атауы мен мазмұнын тіл заңнамасы талаптарына сәйкес жүйелі түрде рәсімдеу ұсынылады.

«Шоғырландырылған қаржылық есептілік» бөліміне жүргізілген талдау барысында ақпараттың қолжетімділігі мен тілдік рәсімделуіне қатысты бірқатар мәселелер анықталды. Аталған бөлімде жалпы саны 10 құжат орналастырылғаны көрсетілгенімен, іс жүзінде тек *«Шоғырландырылған түсіндірме жазба 12 ГУ кестесі»* атты бір ғана құжат ашылып, қолжетімді болып отыр. Алайда аталған құжаттың мазмұны орыс тілінде берілген.

Ал, қалған тоғыз құжаттың ашылмауы олардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай бөлімдегі ақпараттың толыққанды жұмыс істемеуін көрсетіп, пайдаланушылардың қажетті қаржылық деректерге қол жеткізу мүмкіндігін шектейді.

Қаржылық есептілікке қатысты құжаттар ресми ақпараттың маңызды бөлігі болғандықтан, олардың техникалық тұрғыдан қолжетімді болуы және мемлекеттік тілдегі нұсқасының ұсынылуы ақпараттық ашықтық талаптарын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

«Бюджет» бөлімінде орналастырылған *«2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бюджеттік бағдарламаларды игеру мониторингі»* құжаты да орыс тілінде жарияланғаны анықталды.

Бюджеттік бағдарламалардың орындалуы жөніндегі ақпарат мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды ресми материалдардың бірі. Сондықтан мұндай құжаттардың мемлекеттік тілде қолжетімсіз болуы азаматтардың ақпаратты толық әрі тең дәрежеде алу

мүмкіндігін шектейді және ақпараттық ресурстағы тілдік теңгерімділік талаптарының сақталуына әсер етеді.

Осыған байланысты аталған құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми ресурста қазақ және орыс тілдерінде жариялау, сондай-ақ бюджеттік сипаттағы барлық материалдардың тілдік тұрғыдан бірізді ұсынылуын қамтамасыз ету ұсынылады.

«Негізгі құжаттар» және ***«Салалық құжаттар»*** бөлімдеріне жүргізілген талдау барысында ақпараттың өзектілігін сақтау және мазмұндық толықтығын қамтамасыз ету бағытында жаңарту қажеттілігі байқалды. Қаржы материалдарының уақыт талабына сай жаңартылмауы пайдаланушылардың қазіргі қолданыстағы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін төмендетуі мүмкін.

Сонымен қатар бөлімдердегі ақпаратты орналастыру құрылымына, жүйелілігіне және мазмұндық сәйкестігіне тұрақты бақылау жүргізу қажет. Ақпараттың толық емес немесе реттелмеген түрде ұсынылуы ресми интернет-ресурстың ақпараттық сапасына әсер етіп, пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтерді іздеу үдерісін қиындатуы ықтимал.

Осыған байланысты «Негізгі құжаттар» және «Салалық құжаттар» бөлімдеріндегі материалдарды жүйелі түрде жаңартып отыру, өзектілігін жоғалтқан ақпаратты қайта қарау, сондай-ақ құжаттардың дұрыс құрылымда әрі қолжетімді форматта орналасуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Жалпы алғанда, интернет-ресурстағы ақпараттық мазмұнды басқару, құжаттарды өзектендіру және мемлекеттік тілдегі ақпарат үлесін арттыру бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажеттілігі байқалады.

Ресми интернет-ресурста орналастырылатын барлық құжаттар мен ақпараттық материалдардың мемлекеттік және орыс тілдерінде толық әрі тең дәрежеде ұсынылуын қамтамасыз ету, қаржылық және салалық құжаттарды жариялау кезінде бірыңғай тілдік және құрылымдық талаптарды сақтау, материалдардың атауы мен мазмұнын сәйкестендіру қажет.

Сонымен қатар, бөлімдердегі ақпараттың өзектілігін тұрақты бақылау, ескірген материалдарды жаңарту және қолжетімсіз құжаттарды қалпына келтіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылады.

Ақпаратты алдын ала редакциялық тексеруден өткізу тетігінің енгізілуі интернет-ресурстың сапасын арттырып, пайдаланушыларға қажетті мәліметтерді ыңғайлы әрі толық көлемде ұсынуға жағдай жасайды.

Ұлытау облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Ұлытау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсы – н

«Кадр саясаты» бөлімінде орналастырылған *«Ұлытау облысы аумағында зардап шеккен халықты қабылдау пункті»* құжаттың атауы мемлекеттік тілде берілгенімен, оның негізгі мазмұны орыс тілінде ұсынылған.

Бұл жағдай құжат атауы мен мазмұны арасындағы тілдік сәйкестіктің сақталмағанын көрсетеді. Ресми құжаттарда тек атаудың мемлекеттік тілде берілуі жеткіліксіз, оның негізгі мазмұны да пайдаланушыларға мемлекеттік тілде қолжетімді болуы қажет. Әсіресе төтенше жағдайлар саласына қатысты құжаттар азаматтардың қауіпсіздігі мен қажетті ақпаратты уақтылы алуына тікелей байланысты болғандықтан, олардың толық әрі түсінікті ұсынылуы маңызды.

Осыған байланысты аталған құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми сайтта қазақ және орыс тілдерінде жариялау, сонымен қатар, бөлімдегі өзге де материалдарды тілдік талаптарға сәйкестігі бойынша қайта қарап, олардың бірізді берілуін қамтамасыз ету қажет.

«Ереже» бөлімінде *«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ұлытау облысының төтенше жағдайлар департаменті туралы ереже»* тек орыс тілінде жарияланған.


Бұл жағдай ресми құжаттардың тілдік қолжетімділігі талаптарының толық сақталмағанын айғақтайды. Өйткені, мемлекеттік органның қызметін, құрылымы мен өкілеттіктерін айқындайтын негізгі ереженің мемлекеттік тілде ұсынылуы міндетті болып табылады.

Осыған байланысты, аталған ереженің мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми интернет-ресурста жариялау қажет. Бұл азаматтардың ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге ықпал етеді.

«Атқарылған жұмыс туралы есеп пен баяндамалар» бөлімінде орналастырылған құжаттарға жүргізілген талдау барысында бөлімде барлығы **4 құжат** ұсынылғаны анықталды. Аталған құжаттардың екеуі мемлекеттік тілде, ал қалған екі құжат, атап айтқанда, *«МӨББ тексеру нәтижелері бойынша анықтама»* және *«2024 жылғы бақылау-қадағалау құжаты»* тек орыс тілінде ұсынылған.

Бұл жағдай бөлімдегі ақпаратты ұсыну барысында тілдік бірізділіктің сақталмағанын көрсетеді. Себебі атқарылған жұмыс туралы есептер мен баяндамалар мемлекеттік орган қызметінің нәтижелерін көрсететін маңызды ресми материалдар және олар пайдаланушыларға мемлекеттік тілде де толық қолжетімді болуы қажет.

Осыған байланысты аталған екі құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми интернет-ресурста қазақ және орыс тілдерінде жариялау ұсынылады. Сонымен қатар есептік және талдамалық сипаттағы барлық құжаттарды орналастыру кезінде тілдік теңгерімді сақтау және мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттыру қажет.



Департаменттің ***«Жұмыс жоспарлары»*** бөлімінде орналастырылған *«Ұлытау облысы Төтенше жағдайлар департаментінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары»* толығымен орыс тілінде жарияланған.

Бұл жағдай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласына қатысты маңызды құжатың мемлекеттік тілде толық қолжетімді болу қағидатының сақталмағанын көрсетеді. Себебі мұндай жоспар мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын, алдын алу шараларын және қабылданған ұйымдастырушылық шешімдерді көрсететін ресми материал болып табылады.


Қоғамдық маңызы бар және мемлекеттік органның қызметіне қатысты құжаттардың тек бір тілде ұсынылуы азаматтардың ақпаратпен тең дәрежеде танысу мүмкіндігін шектейді. Ресми интернет-ресурстарда жарияланатын жұмыс жоспарлары, есептер және талдамалық материалдар мемлекеттік тілде де толық ұсынылып, пайдаланушылар үшін қолжетімді болуы қажет.

Осыған байланысты аталған құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми интернет-ресурста қазақ және орыс тілдерінде қатар жариялау ұсынылады. Сонымен қатар, жұмыс жоспарлары бөліміндегі өзге де материалдарды тілдік талаптарға сәйкестігі бойынша қайта қарап, ақпараттың екі тілде бірдей деңгейде ұсынылуын қамтамасыз ету қажет.


«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар сұрақтары» бөлімінде орналастырылған 5 құжатқа жүргізілген талдау мынаны көрсетті. Аталған құжаттардың ішінде тек біреуі – *«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»* мемлекеттік тілде жарияланған. Қалған **4 құжаттың** атауы мемлекеттік тілде берілгенімен, олардың негізгі мазмұны орыс тілінде ұсынылған.

Бұл жағдай бөлімдегі ақпараттың тілдік бірізділік талаптарына сәйкес келмейтінін көрсетеді. Аталған материалдардың тек бір тілде ұсынылуы азаматтардың ақпаратпен толық танысу мүмкіндігін шектеп, мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемінің жеткіліксіз болуына әсер етеді.

Осыған байланысты мемлекеттік тілдегі нұсқасы жоқ 4 құжаттың мазмұнын қазақ тілінде дайындап, ресми интернет-ресурста қазақ және орыс тілдерінде жариялау ұсынылады.



«Өрт қауіпсіздігі» бөлімінде 3 негізгі салалық құжат көрсетілген. Суреттегі бірінші, екінші құжаттар атауы мемлекеттік тілде жазылғанымен негізгі мазмұны орыс тілінде жазылған. Бұл 3 құжаттың тек біреуі ғана яғни *«Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Ұлытау облысының Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы туралы ереже»* ғана мемлекеттік тілде жарияланған.



«Салалық құжаттар» бөліміндегі *«Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою»* санатында жалпы саны **10 негізгі құжат** орналастырылған. Жүргізілген талдау нәтижесінде аталған құжаттардың тек 4-еуі ғана мемлекеттік тілде ұсынылғаны анықталды. Ал қалған 6 құжаттың атауы орыс тілінде берілген. Бұл құжаттардың атаулары мен мазмұны мемлекеттік тілде толыққанды ұсынылмағандықтан, қазақ тілінде ақпарат іздейтін пайдаланушылар үшін белгілі бір қолайсыздықтар туындатады.

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарындағы ақпараттың қазақ тілінде толық әрі қолжетімді берілуі маңызды талаптардың бірі. Сондықтан аталған бөлімдегі құжаттарды мемлекеттік тілге толық аударып, олардың атаулары мен мазмұнын қазақ тілінде ұсыну ақпараттық қолжетімділікті арттырып, пайдаланушылардың қажетті ақпаратты алу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

«Бюджет» бөлімінде *«На стадии планирования (формирования) и утверждения (уточнения) бюджета»* және *«Республиканский бюджет»* санаттары бойынша үш құжат орналастырылған. Атап айтқанда, олар:

- 2024 жылға арналған республикалық бюджет;
- 2023 жылға арналған республикалық бюджет;
- 2022 жылға арналған республикалық бюджет.

Жүргізілген талдау барысында аталған үш құжаттың да мазмұны толықтай орыс тілінде жарияланғаны анықталды. Бұл қазақ тілінде ақпарат алуға ниетті пайдаланушылар үшін белгілі бір деңгейде қолайсыздық туғызады.

Осыған байланысты бюджет саласына қатысты құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын жариялау, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттың

тең дәрежеде қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттілігі байқалады. Бұл өз кезегінде ресми ақпараттың ашықтығын арттырып, азаматтардың мемлекеттік тілде ақпарат алу құқығын толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.


Департаментінің ресми интернет-ресурсындағы ақпаратты кешенді түрде қайта қарап, құжаттарды мемлекеттік тілде орналастыру деңгейін арттыру ұсынылады. Атап айтқанда, барлық ресми құжаттар, есептер, жоспарлар, талдамалық материалдар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы құжаттар және өзге де ақпараттың қазақ тіліндегі нұсқалары толық әрі тең дәрежеде қолжетімді болуы қажет.

Сонымен қатар құжат атауы мен негізгі мазмұнының тілдік сәйкестігін қамтамасыз ету, тек атауы мемлекеттік тілде беріліп, мазмұны орыс тілінде ұсынылатын жағдайларға жол бермеу қажет.

Жалпы, ресми интернет-ресурста мемлекеттік тілдің басымдығын сақтау, ақпаратты бірізді рәсімдеу және құжаттарды екі тілде сапалы ұсыну департамент қызметінің ашықтығын арттырып, азаматтардың ақпаратқа тең қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсын талдау барысында ақпарат атаулары мемлекеттік тілде берілгенімен, негізгі мазмұнның орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Бұл ақпаратты ұсынуда тілдік бірізділік сақталмағанын көрсетеді. Бөлім атауы мен ішкі мазмұнының әртүрлі тілде берілуі пайдаланушылар үшін ақпаратты қабылдауды қиындатып, ресми ресурстағы тілдік үйлесімділікке әсер етеді.



Сонымен қатар ***«Төтенше жағдайлар»*** бөлімінде жарияланған материалдарды қарау барысында орфографиялық қате анықталды. Атап айтқанда, *«конкурс»* сөзінің орнына *«конкур»* деп қате жазылған. Мұндай қателер ресми ақпараттың сапасына және мәтіннің сауатты рәсімделуіне кері әсер етеді.

Осыған байланысты бөлімдердегі ақпаратты тілдік тұрғыдан қайта қарап, мемлекеттік тілдегі мазмұнның толық ұсынылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ мәтіндерді жариялamас бұрын орфографиялық және стилистикалық тексеруден өткізу ұсынылады.


«Атқарылған жұмыстар және есеп баяндамалар» бөлімінде орналастырылған мемлекеттік сатып алуға қатысты есеп, сондай-ақ ***«Мемлекеттік сатып алу»*** бөлімінде *«Нормативтік құқықтық акт»* құжаты орыс тілінде орналастырылған.

Аталған жағдай ресми ақпаратты ұсынудағы тілдік теңгерім қағидатының сақталмағанын көрсетеді. Мемлекеттік органдар қызметі аясында мұндай сипаттағы есептік және нормативтік құжаттар қоғам үшін ашық және қолжетімді болуы тиіс, сондықтан олардың екі тілде ұсынылуы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Осыған байланысты, аталған мемлекеттік сатып алу саласындағы есеп және нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми порталға орналастыру және осы бөлімдердегі құжаттардың тілдік бірізділігін қамтамасыз ету ұсынылады.

«Салалық құжаттар» бөлімінде жарияланған материал атауына жүргізілген талдау барысында орфографиялық қате анықталды. Атап айтқанда, *«Төтенше жағдай кезінде азаматтардың жасайтын іс-әрекеттері»* деген атаудағы тіркес қате жазылып, **«іс ірекеттері»** түрінде берілген. Аталған қате ресми ақпараттың тілдік сапасына және мәтінді рәсімдеу талаптарына сәйкес келу деңгейіне әсер етеді. Себебі мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында жарияланатын материалдардың атаулары сауатты, нақты және қолданыстағы тіл нормаларына сәйкес болуы қажет.

Осыған байланысты анықталған орфографиялық қатені түзетіп, құжат атауын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес *«Төтенше жағдай кезінде азаматтардың жасайтын іс-әрекеттері»* нұсқасында жазу ұсынылады. Сонымен қатар ресми материалдарды жариялау алдында тілдік және редакциялық тексеру жүргізу қажет.



Бюджет» бөлімінде жаңартулар жүргізу қажеттілігі байқалады. Аталған бөлімде жарияланған ақпараттың бір бөлігі өзектілігін жоғалтқан, себебі онда көрсетілген мәліметтер ескірген.

Бұл жағдай пайдаланушыларға ұсынылатын деректердің дәлдігі мен өзектілігіне кері әсер етеді. Бюджетке қатысты ақпараттың уақтылы жаңартылмауы бөлімнің ақпараттық ашықтығын төмендетіп, ресми ресурстың сапасына әсер етуі мүмкін.

Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде ақпаратты ұсыну сапасы, тілдік рәсімдеу және мазмұнды орналастыру бағыттарында жетілдіруді қажет ететін тұстар анықталды.

Талдау барысында бөлімдерде ақпараттың мемлекеттік және орыс тілдерінде біркелкі ұсынылмағаны, жекелеген материалдардың тілдік талаптарға толық сәйкес рәсімделмегені байқалды. Сонымен қатар, ресми ақпарат атауларында кездескен орфографиялық қателер интернет-ресурста

жарияланатын материалдардың редакциялық сапасына назар аудару қажеттігін көрсетеді.

Ресми интернет-ресурста орналастырылатын барлық материалдарды жарияламас бұрын тілдік, орфографиялық және редакциялық тексеруден өткізу ұсынылады.

Сонымен қатар бөлімдердегі ақпаратты мемлекеттік тілде толық ұсыну, құжаттар мен материалдардың атауларын екі тілде бірізді жариялау және мазмұнның тілдік сәйкестігін сақтау қажет.

Ақпараттық бөлімдердің өзектілігін тұрақты бақылап, жарияланған материалдардың сапасын арттыру, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін көбейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаменті


Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдің орфографиялық нормалары сақталмаған.

Ресми интернет-ресурстың ***«Байланыс»*** бөлімінде мекеменің орналасқан мекенжайы көрсетілген. Алайда мекенжай ақпаратын орналастыру барысында мемлекеттік тілдің орфографиялық нормалары сақталмағаны анықталды.

Атап айтқанда, көше атауы **«Желтоксан көшесі»** түрінде берілген. Бұл атау қазақ тілінің емле талаптарына сәйкес келмейді, себебі «Желтоқсан» сөзіндегі «қ» әрпінің орнына орыс тіліндегі нұсқаға жақын «к» әрпі қолданылған.

Қазақстан Республикасындағы ресми құжаттар мен интернет-ресурстарда географиялық атаулар, көше атаулары және өзге де жалқы есімдер бекітілген ресми нұсқасына сәйкес жазылуы тиіс. Сондықтан аталған мекенжайдағы көше атауы «Желтоқсан көшесі» деп түзетілуі қажет.

Ресми интернет-ресурста мұндай орфографиялық қателіктердің болуы мемлекеттік тілдің жазу нормаларының сақталмауына әкеледі және ақпараттың сапасына кері әсер етеді. Осыған байланысты «Байланыс» бөліміндегі мекенжай мәліметтерін қайта қарап, анықталған орфографиялық қатені түзету қажет.



«Бос жұмыс орындары» бөлімінде жарияланған *«руководитель Юридического отдела ДЧС Жамбылской области»* лауазымының атауы орыс тілінде берілген. Дегенмен бос жұмыс орнына қатысты негізгі ақпарат мемлекеттік тілде жарияланғанымен ақпаратты ұсынуда тілдік бірізділік сақталмаған. Атап айтқанда, лауазым атауы орыс тілінде көрсетілсе, оған

https://www.gov.kz

қатысты мазмұн мемлекеттік тілде жарияланған. Ресми интернет-ресурстағы ақпараттың бірыңғай тілдік форматта ұсынылуы ақпараттың түсініктілігі мен сапасын қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты аталған лауазым атауын мемлекеттік тілде көрсету және бөлімдегі ақпаратты жариялау кезінде тілдік бірізділікті сақтау қажет.

Ресми интернет-ресурстағы ***«Негізгі құжаттар»*** бөлімін талдау барысында құрылымдық блоктардың толық жұмыс істемеуі және ақпараттың өзектілігіне қатысты бірқатар жүйелік кемшіліктер анықталды.

Атап айтқанда, *«Атқарылған жұмыс туралы есеп пен баяндамалар», «Ереже»* және *«Азаматтарды қабылдау кестелері»* сілтемелерінде мазмұндық ақпарат мүлде орналастырылмаған, яғни бөлімдер бос күйде қалған. Бұл жағдай интернет-ресурстың функционалдық толықтығын төмендетіп, пайдаланушылардың қажетті ресми деректерге қол жеткізу мүмкіндігін шектейді.

Сонымен қатар *«Ресми сөз сөйлеулер мен мәлімдемелер»* бөлімінде орналастырылған ақпараттың ескіргені байқалады, жаңа немесе жаңартылған материалдар ұсынылмаған. Бұл интернет-ресурстағы ақпараттың өзектілігін сақтау талаптарының жеткіліксіз деңгейде екендігін көрсетеді.

Осыған байланысты бос тұрған сілтемелерді тиісті мазмұнмен толықтыру, қолданыстағы құжаттарды өзектендіру және барлық бөлімдерді тұрақты жаңарту тетігін енгізу ұсынылады.

«Негізгі құжаттар» және ***«Салалық құжаттар»*** бөлімдерінде бірде-бір ақпарат жарияланбағаны анықталды. Бөлімдер қарастырылғанымен, олардың мазмұны толтырылмаған, нәтижесінде пайдаланушылар қажетті құжаттармен танысу мүмкіндігінен айырылған.

Сонымен қатар ***«Бюджет»*** бөлімінде соңғы материалдардың 2021 жылы жарияланғаны анықталды. Аталған бөлімде кейінгі жылдарға қатысты жаңартылған ақпарат пен құжаттар ұсынылмаған. Бұл мәліметтердің уақытылы жаңартылмағанын және ақпараттың өзектілігін қамтамасыз ету талаптарының сақталмағанын айғақтайды.

Сондай-ақ ***«Статистикалық салалық деректер»*** бөлімінде тілдік бірізділікті сақталмағандығы байқалады. Атап айтқанда, материалдардың негізгі мазмұны мемлекеттік тілде ұсынылғанымен, олардың атаулары орыс тілінде берілген. Бұл жағдай ресми интернет-ресурстағы тілдік рәсімдеудің бірізділігін сақтамауға әкеп соқтырған.

Осыған байланысты ***«Негізгі құжаттар»*** және ***«Салалық құжаттар»*** бөлімдерін тиісті ақпаратпен толықтыру, ***«Бюджет»*** бөліміндегі мәліметтерді жаңарту және ***«Статистикалық салалық деректер»*** бөліміндегі ақпарат атауларын тіл заңнамасы талаптарына сәйкес келтіру қажет.

Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде ақпараттық мазмұнды ұйымдастыру мен оны мемлекеттік тілде ұсыну бағытында бірқатар жүйелік сипаттағы кемшіліктер бар екені анықталды. Интернет-ресурстың бөлімдерінде

ақпараттың толық орналастырылмауы және сілтемелердің бос қалуы оның функционалдық тұтастығын төмендетеді.

Сонымен қатар бөлімдерде ақпараттың ұзақ уақыт бойы жаңартылмауы (соның ішінде 2021 жылдан бері өзектендірілмеген деректердің болуы) интернет-ресурстың ақпараттық өзектілігін әлсіретіп, пайдаланушылар үшін ресми деректердің сенімділігін төмендетеді.

Жалпы алғанда, интернет-ресурста ақпаратты басқару, жаңарту және тілдік рәсімдеу процестерін жетілдіру қажеттілігі айқын байқалады. Интернет-ресурстың барлық бөлімдерін толық мазмұнмен қамтамасыз етіп, бос тұрған сілтемелерді тиісті ақпаратпен жедел толықтыру қажет.

Барлық құжаттар мен ақпараттық материалдарды мемлекеттік және орыс тілдерінде тең дәрежеде рәсімдеу үшін бірыңғай тілдік стандарт пен редакциялық бақылау тәртібін енгізу қажет.

Сонымен қатар лауазым атаулары, бөлім атаулары және құжат тақырыптарын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестендіру арқылы тілдік бірізділікті қамтамасыз ету, интернет-ресурстың ақпараттық сапасын және қолжетімділігін арттыру ұсынылады.

Түркістан облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсы ***«Басшылық»*** бөлімінде орналастырылған ақпаратты қарау барысында басшылық құрамдағы адамдардың лауазымдары орыс тілінде ұсынылғаны байқалды. Бұл ресми интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейіне әсер етіп, ақпаратты рәсімдеу кезінде тілдік талаптардың толық сақталмағанын көрсетеді.

Сонымен қатар ***«Толыққанды байланыс ақпараты»*** бөлімінде тілдік бірізділіктің сақталмағаны анықталды. Атап айтқанда, бір бөлім ішінде *«қабылдау»* және *«приемная»* терминдері қатар қолданылып, бір мағынадағы ақпарат әртүрлі тілде ұсынылған.

Мұндай аралас қолдану ресми ақпаратты жариялау сапасына теріс әсерін тигізеді. Өйткені интернет-ресурстарда қолданылатын терминдер бірыңғай стильде беріліп, пайдаланушыларға түсінікті және жүйелі түрде ұсынылуы тиіс.

Осыған байланысты сайттағы лауазым атауларын мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес келтіріп, байланыс бөліміндегі терминдерді біріздендіру қажет. Сонымен қатар ресми интернет-ресурстағы барлық ақпаратты жариялау барысында тілдік редакциялау және мазмұндық тексеру жұмыстарын тұрақты жүргізу ұсынылады.

«Мемлекеттік сатып алулар» бөліміндегі *«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 2025 жылға арналған жоспары»* құжатына жүргізілген талдау барысында тілдік бірізділіктің сақталмағаны анықталды. Атап айтқанда, құжат ішіндегі мәліметтер қазақ және орыс тілдерінде аралас түрде берілген.

Мұндай тәсіл ақпараттың қабылдануын қиындатып, ресми құжаттарды жариялау кезінде қойылатын тілдік талаптардың толық сақталмауына әкеледі. Ресми құжаттарда ақпарат бір тілде толық ұсынылуы немесе екі тілде бөлек әрі жүйелі түрде орналастырылуы тиіс.

План государственных закупок №128 от 2025-04-09

Общие сведения

БИН заказчика	Для Код ГУ	Наименование	Наименование	Финансовый год
1	2	3	4	5
201040031	2020150	Государств	"Қазақста	2025

План государственных закупок

№ пункта плана	ИД пункта плана	Тип пункта плана	Для государственных учреждений					Вид предмета	Код товара,	Наименование	Наименование	Краткая характерис	Краткая характерис	Дополнительная	Дополнительная	Планируемый способ	Обоснование	Фактический способ
			Администр	Программ	Подпрогра	Специфика	Источник											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	17-1	18
73904310	73904310	Закупки, н	202	001 Услуги	104 Обесп	152 Оплата	За счет бю	Услуга	613010.000	Серіктік бі	Услуги спу	Спутник бі	Услуги спу	Иридиум с	Спутников	Открытый конкурс		Открытый
73908684	73908684	Закупки, н	202	001 Услуги	123 Текущ	152 Оплата	За счет бю	Услуга	611011.200	Телефонді	Услуги тел	Белгіленге	Услуги фи	Жергілікті	Услуги тел	Открытый конкурс		Открытый
73909399	73909399	Закупки, н	202	001 Услуги	123 Текущ	152 Оплата	За счет бю	Услуга	611011.200	Телефонді	Услуги тел	Белгіленге	Услуги фи	Жергілікті	Услуги тел	Открытый конкурс		Из одного
74072908	74072908	Закупки, н	202	001 Услуги	104 Обесп	152 Оплата	За счет бю	Услуга	611043.100	Интернет т	Услуги по ,	Сым желі/	Услуги, на	Интернет	Интернет	Запрос ценовых пред		Запрос це
74075187	74075187	Закупки, н	202	001 Услуги	104 Обесп	158 Оплата	За счет бю	Услуга	620920.000	Домендік	Услуги по і	Домендік	Услуги по і	"Emer.kz" ,	Продлени	Запрос ценовых пред		Запрос це
74078299	74078299	Закупки, н	202	001 Услуги	104 Обесп	158 Оплата	За счет бю	Услуга	582950.000	Бағдарлам	Услуги по і	Бағдарлам	Услуги по і	"Гамма те	Продлени	Конкурс с предварит		Конкурс с

«ТЖ алдын алу және жою» бөлімінде су тасқыны қаупі бар елді мекендердің тізбесі жөніндегі сілтеме орналастырылған. Алайда аталған сілтемеге өту барысында ешқандай ақпараттық материалдың ұсынылмағаны анықталды. Яғни бөлімде тек сілтеме көрсетіліп, оның мазмұны толықтырылмаған және пайдаланушы қажетті деректерге қол жеткізе алмайды.

Бұл жағдай ресми интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығы мен қолжетімділігі талаптарының сақталмағанын көрсетеді. Су тасқыны қаупі бар аумақтар туралы мәліметтер төтенше жағдайлардың алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында маңызды ақпараттың бірі. Сондықтан мұндай материалдардың бос қалуы пайдаланушылар үшін қажетті ақпаратты алу мүмкіндігін шектейді.

Осыған байланысты аталған бөлімдегі сілтемені тиісті ақпаратпен толықтыру, құжаттың қолжетімді ашылуын қамтамасыз ету және төтенше жағдайларға қатысты өзекті мәліметтерді тұрақты жаңартып отыру ұсынылады.

Су тасқыны қаупі бар елді мекендердің тізбесі

Қысқаша сипаттама Құжаттың толық мәтіні **Құжаттарды жүктеу**

filesNotExist

Өнеркәсіптік қауіпсіздік» бөлімінде *«Газ толтыру станциялары, газ толтыру пункттері, автогаз құю станциялары иелерінің және өнеркәсіптік тұтынушылардың – қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді сұйытылған мұнай газын сақтау үшін пайдаланатын олардың иелерінің тізілімі»* құжаты жарияланған. Аталған құжат сызба (кесте/инфографика) түрінде ұсынылғанымен, ондағы мәліметтердің барлығы толықтай орыс тілінде берілген.

Мемлекеттік тілдегі нұсқасы ұсынылмағандықтан, қазақ тілінде ақпарат алғысы келетін пайдаланушылар үшін құжаттың қолжетімділігі шектелген.

Сонымен қатар, ***«ТЖ кезіндегі азаматтардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттері»*** бөлімінде *«Химиялық заттардың шығарындысы кезіндегі әрекет»* атты ақпараттық материал орналастырылған. Аталған дереккөз фотосурет (инфографика) түрінде ұсынылған және онда төтенше жағдай кезінде азаматтардың іс-қимыл тәртібі түсіндірілген.

Алайда, фотосуретте берілген материалдың мазмұнын ашатын негізгі мәліметтер орыс тілінде берілген.

Бұл жағдай ақпаратты визуалды форматта ұсыну кезінде де мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Себебі сызба, кесте немесе инфографика түрінде берілген мәліметтер де ресми ақпараттың құрамдас бөлігі болып табылады және олар мемлекеттік тілде де қатар ұсынылуы қажет.

«Бюджет» бөлімінде орналастырылған құжаттарға қолжеткізу мүмкін болмады. Бұл жағдай ресми интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығы мен қолжетімділігі талаптарының сақталмағанын көрсетеді. Бюджетке қатысты мәліметтер мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды ақпараттың бірі болғандықтан, мұндай материалдардың бос қалуы пайдаланушылардың қажетті ақпаратпен танысу мүмкіндігін шектейді.

Осыған байланысты аталған бөлімдегі сілтемені тиісті құжаттармен толықтыру, ақпараттың дұрыс ашылуын қамтамасыз ету және бюджет саласына қатысты материалдардың өзектілігі мен қолжетімділігін тұрақты бақылау ұсынылады.

Талдау барысында жекелеген бөлімдерде мәліметтердің мемлекеттік тілде толық берілмегені, ақпараттың орыс тілінде ұсынылғаны және терминдердің аралас қолданылғаны анықталды. Сонымен қатар, инфографика және өзге де визуалды материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасының жеткіліксіз болуы ақпараттың барлық пайдаланушыларға тең дәрежеде қолжетімді болуына теріс әсерін тигізеді.

Сондай-ақ, бөлімдерде ақпарат атауы болғанымен, сілтемелер арқылы қажетті мәліметтерге қол жеткізу мүмкін болмағаны анықталды. Бұл ресми ресурстағы ақпараттың өзектілігі мен толықтығын тұрақты бақылау қажеттігін айғақтайды. Жалпы алғанда, сайтта негізгі ақпараттық құрылым қалыптасқанымен, материалдарды мемлекеттік тілде жүйелі ұсыну, тілдік бірізділікті сақтау және ақпараттың қолжетімділігін арттыру бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажет.

Осыған байланысты, ресми интернет-ресурста орналастырылатын барлық ақпаратты мемлекеттік тілде толық ұсыну, құжаттар мен визуалды материалдардың қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларын жариялау ұсынылады.

Сонымен қатар, бөлімдердегі бос немесе жұмыс істемейтін сілтемелерді қайта қарап, тиісті ақпаратпен толықтыру, сайт мазмұнын жүйелі түрде жаңартып отыру қажет. Терминдерді қолдануда бірізділікті сақтау және материалдарды жариялау алдында тілдік әрі редакциялық тексеру жүргізу арқылы ресми ресурстың ақпараттық сапасын арттыру ұсынылады.

Шығыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті


Шығыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсы – https://www.gov.kz/memleket/entities/emer-vko?lang=kk мемлекеттік орган қызметі туралы ақпаратты жариялауға арналған ақпараттық ресурс. Сайт құрылымында департаменттің қызмет бағыттары, құрылымдық бөлімшелері туралы және өзге де қажетті ақпарат орналастырылған.

Жүргізілген талдау барысында ***«Құрылымдық бөлімшелер»*** бөлімінде ұсынылған ақпараттың жалпы алғанда екі тілде берілгені анықталды. Ақпараттың басым бөлігі мемлекеттік тілде ұсынылғанымен, ***«Құжаттар»*** бөлімінің мазмұны тек орыс тілінде жарияланған.

Ақпараттың бір бөлігінің тек орыс тілінде ұсынылуы мемлекеттік тілдегі ақпаратқа қолжетімділікті шектеп, сайттағы тілдік теңгерімнің сақталуына әсер етеді. Ресми ресурстағы бөлімдердің мазмұны пайдаланушыларға бірдей деңгейде түсінікті болуы үшін барлық материалдар екі тілде толық ұсынылуы маңызды.

Осыған байланысты ***«Құжаттар»*** және ***«Құрлымдық бөлімшелер»*** бөлімдеріндегі орыс тілінде ұсынылған ақпаратты мемлекеттік тілге аударып, сайтта қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларын орналастыру ұсынылады. Сонымен қатар, құрылымдық бөлімдерге қатысты барлық ақпаратты тұрақты түрде тексеріп, тілдік бірізділікті қамтамасыз ету қажет.

ТЖ-ның алдын алу жөніндегі Шығыс Қазақстан облысының 2024, 2025 және 2026 жылдарға арналған қауіпсіздік паспорттарына жүргізілген талдау барысында құжаттардың тілдік нұсқаларында бірізділік сақталмағаны анықталды. Атап айтқанда, *2024 және 2026 жылдарға арналған қауіпсіздік паспорттары* мемлекеттік тілде ұсынылған, ал *2025 жылға арналған қауіпсіздік паспорты* тек орыс тілінде жарияланған.



Бұл жағдай ресми құжаттарды ұсыну кезінде тілдік теңгерімділік пен бірізділік қағидаттарының сақталмағанын айғақтайды. Қауіпсіздік паспорттары төтенше жағдайлардың алдын алу, қауіп-қатерлерді бағалау және азаматтарды ақпараттандыру бағытындағы маңызды құжаттар болғандықтан, олардың мазмұны барлық пайдаланушылар үшін мемлекеттік тілде де қолжетімді болуы міндетті.

Осыған байланысты 2025 жылға арналған қауіпсіздік паспортының мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми интернет-ресурста қазақ және орыс тілдерінде жариялау ұсынылады. Сонымен қатар, алдағы уақытта салалық сипаттағы барлық құжаттарды жариялау барысында тілдік сәйкестікті алдын ала тексеріп, ақпараттың екі тілде тең дәрежеде ұсынылуын қамтамасыз ету қажет.


Өрт қауіпсіздігіне қатысты орналастырылған **3 құжатқа** жүргізілген талдау барысында материалдардың жалпы тілдік қолжетімділігі қамтамасыз

етілгені анықталды. Атап айтқанда, аталған құжаттардың үшеуі де мемлекеттік тілде жарияланған.

Дегенмен, 2025 жылы жарияланған *«Пожары за 2024 год»* атты құжаттың атауы орыс тілінде ұсынылған. Құжаттың негізгі мазмұны мемлекеттік тілде берілгенімен, атаудың орыс тілінде рәсімделуі ақпаратты ұсыну барысында тілдік бірізділіктің сақталмағанын көрсетеді.

Ресми интернет-ресурстарда құжат атаулары мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес рәсімделуі қажет, себебі атау пайдаланушыға материалдың мазмұны туралы алғашқы ақпарат беретін негізгі элемент болып табылады.

Осыған байланысты аталған құжат атауын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес түзетіп, бөлімдегі барлық материалдардың атауы мен мазмұнын бірыңғай тілдік талаптарға сай жариялау ұсынылады.



«Бюджет» бөлімінде жарияланған *«Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп»* және *«2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезеңдегі қаржылық қызметтің нәтижелері туралы есеп»* құжаттары толықтай орыс тілінде ұсынылғаны анықталды.

Бұл жағдай бюджет және қаржылық есептілік саласындағы ақпараттың мемлекеттік тілде қолжетімді болу талаптарының толық сақталмағанын көрсетеді. Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептер мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды ресми құжаттардың бірі. Сондықтан мұндай материалдар барлық азаматтарға түсінікті болуы үшін мемлекеттік тілде де ұсынылуы қажет.

Құжаттардың тек бір тілде жариялануы пайдаланушылардың ақпаратпен тең дәрежеде танысу мүмкіндігін шектеп, ресми ресурстағы тілдік теңгерімнің сақталуына кері әсерін тигізеді.

Осыған байланысты аталған есептік құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, «Бюджет» бөлімінде қазақ және орыс тілдерінде жариялау ұсынылады. Сонымен қатар, қаржылық есептілікке қатысты барлық материалдарды орналастыру кезінде олардың тілдік сәйкестігін алдын ала бақылау қажет.

Шығыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттағы ақпаратты ұсыну барысында тілдік бірізділік пен мемлекеттік тілдегі қолжетімділік деңгейіне қатысты жекелеген сәйкессіздіктер анықталды.

Жалпы, ресми интернет-ресурста мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етілгенімен, жекелеген материалдар бойынша тілдік бірізділікті сақтау, құжаттарды екі тілде толық жариялау және ақпараттың рәсімделу сапасын арттыру бағытында қосымша жұмыстар атқару қажет.

Ресми интернет-ресурста орналастырылған барлық құжаттар мен ақпаратты тілдік талаптарға сәйкестігі бойынша қайта қарап, мемлекеттік тілдегі нұсқаларының толық әрі сапалы ұсынылуын қамтамасыз ету қажет. Атап айтқанда, тек орыс тілінде жарияланған құжаттардың мемлекеттік тілдегі баламасын дайындап орналастыру, құжат атаулары мен мазмұнының бірізділігін сақтау қажет. Сонымен қатар, бюджет, қаржылық есептілік және салалық құжаттар бөлімдеріндегі материалдарды тұрақты түрде жаңартып, жариялау алдында тілдік және редакциялық тексеруден өткізу ұсынылады.

Бұл шаралар ресми интернет-ресурстың ақпараттық сапасын арттырып, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге және азаматтардың ақпаратқа тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаменті

Ғаламтор бетіндегі бұл интернет-ресурс – қолжетімді және құрылымдық навигациясы қалыптасқан. Жалпы алғанда, бөлімдер жүйеленген, алайда жекелеген ақпараттық блоктар бойынша мазмұнның толықтығы мен тілдік теңгерімділігін арттыру қажеттілігі байқалады.

«Қызметі» бөліміндегі *азаматтық қорғаныс бағыты* бойынша ақпараттың ұсынылмағаны, яғни аталған бөлімнің бос күйде тұрғаны анықталды.

«ТЖ профилактикасы» бөліміндегі медиагалерея материалдарына жүргізілген шолу нәтижесінде жарияланған контенттің басым бөлігі орыс тілінде берілгені байқалды. Бұл жағдай мемлекеттік тілде ақпарат алуға мүдделі пайдаланушылар үшін мазмұнды толық игеруге қолайсыздық туғызып, интернет-ресурстағы ақпаратқа қолжетімділікті шектейді.

Медиагалереядағы фотоматериалдар мен оларға берілген сипаттамалардың мемлекеттік тілде ұсынылмауы бөлімнің ақпараттық мазмұнының толықтығына кері әсер етіп отыр. Соның нәтижесінде мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі төмендеп, ақпаратты екі тілде ұсыну қағидасы сақталмаған.

Осыған байланысты ***«Қызметі»*** бөліміндегі азаматтық қорғаныс бағытын тиісті ақпаратпен толықтыру және ***«ТЖ профилактикасы»*** бөліміндегі медиаматериалдарды мемлекеттік тілде ұсыну, сондай-ақ жарияланатын контенттің тілдік балансына тұрақты бақылау енгізу қажет.

Бұл интернет-ресурстағы ақпараттың ашықтығын арттырып қана қоймай, пайдаланушылардың тең дәрежеде ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

«Атқарылған жұмыс туралы есеп пен баяндамалар» бөліміне орналастырылған ақпарат мемлекеттік тілмен қатар орыс тілінде ұсынылған. Аталған бөлімдегі соңғы ресми мәлімет 2024 жылы жарияланған.

Мәселен, 2024 жылғы 7 шілдедегі *«Справка»* атауымен берілген құжаттың атауы орыс тілінде рәсімделгенімен, ішкі мазмұны мемлекеттік тілде ұсынылған.

Ал, 2024 жылғы 7 шілдедегі *«Информация по заключенным договорам в рамках Государственного оборонного заказа на 2024 год ДЧС г. Шымкент»* құжаты толықтай орыс тілінде жарияланған. Бұл жағдай есептік және


талдамалық сипаттағы материалдардың мемлекеттік тілде толық қамтылмауына әкеледі.

Осыған байланысты **«Атқарылған жұмыс туралы есеп пен баяндамалар»** бөліміндегі барлық құжаттарды мемлекеттік тілде толық жариялау, сондай-ақ есептік ақпараттың атауы мен мазмұнын бірізді түрде екі тілде рәсімдеу қажет.

«Мемлекеттік сатып алу» бөлімі функциясының жұмыс істеуінде техникалық ақау бар екені анықталды. Сілтемелер арқылы өту барысында құжаттарды ашу немесе жүктеу мүмкіндігі қарастырылмаған, жүйе деректерді көрсетпейді және кей жағдайларда *«дерекқор табылмады»* деген қате хабарламалары пайда болады.

Аталған жағдай пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа қол жеткізуін қиындатып, бөлімнің ақпараттық ашықтығы мен қолжетімділігіне кері әсерін тигізеді. Соның салдарынан орналастырылған материалдардың практикалық маңызы төмендеп, интернет-ресурстың тиімділігі әлсірейді.

Осыған байланысты ***«Мемлекеттік сатып алу»*** бөлімінің техникалық жұмысын қалпына келтіру, сілтемелердің тұрақты әрі дұрыс ашылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ барлық жарияланған деректердің толық қолжетімділігін іске асыру қажет.



«Салалық құжаттар» бөлімінде орналастырылған сілтемелерге жүргізілген шолу барысында орфографиялық сипаттағы қателіктің, атап айтқанда *«ТЖ-ны алдын алу ж2не жою»* орын алғаны анықталды. Бұл интернет-ресурстағы ақпараттық материалдардың ресімделу сапасына әсер ететін факторлардың бірі.

«Бюджет» бөлімінде **3 сілтеме** ұсынылған. Сілтемелердің атауы мемлекеттік тілде берілгенімен, ақпарат көздері орыс тілінде жарияланған. Бұл мемлекеттік тілдегі мазмұн мен бастапқы дереккөз арасындағы тілдік сәйкестіктің толық сақталмағанын көрсетеді.

Сонымен қатар, ***«Республикалық бюджет»*** сілтемесі арқылы ұсынылған деректерді ашу немесе жүктеу мүмкіндігі жоқ екені байқалды. Бұл жағдай бөлімдегі ақпараттың қолжетімділігіне және пайдаланушылардың қажетті мәліметтерге еркін қол жеткізуіне кедергі келтіреді.

Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаменті ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг жұмыстары барысында бірқатар техникалық және функционалдық кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, ақпараттық жүйедегі бөлімдердің дұрыс жұмыс істемеуі, сілтемелер арқылы қажетті

құжаттарды ашу және жүктеу кезінде қателіктердің орын алуы, сондай-ақ деректердің толық көрсетілмеуі секілді мәселелер тіркелді.

Анықталған кемшіліктер пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа уақытылы және толық қол жеткізуіне теріс әсерін тигізеді, жүйенің жалпы ашықтығы мен тиімділігін төмендетеді.

Осыған байланысты, «Салалық құжаттар» бөліміндегі материалдарға орфографиялық және редакциялық тексеру жүргізіп, анықталған қателіктерді уақытылы түзету қажет. «Бюджет» бөліміндегі барлық сілтемелер бойынша ақпарат көздерінің мемлекеттік тілдегі нұсқаларын қатар ұсыну, сондай-ақ «Республикалық бюджет» сілтемесінің техникалық жұмысын қалпына келтіріп, құжаттарды толық ашу және жүктеу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

Интернет-ресурстағы бюджеттік және салалық ақпаратты жүйелі бақылауға алу, олардың қолжетімділігі мен өзектілігін тұрақты түрде жаңартып отыру ұсынылады.

Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті

И

н

т

е

р

н

е

т

-

р

е

с

у

р

с

ы

–

Н

Ұ

Р

Ы

Л

Т

А

Н

Басты беттегі ***«Департамент туралы»*** бөлімде төтенше жағдайлар саласына қатысты ақпараттың қазақ және орыс тілдерінде аралас берілуі анықталды. Бұл жағдай бөлім мазмұнының тілдік құрылымындағы бірізділікті төмендетіп, ресми ақпаратты қабылдау мен түсіну процесіне кері әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты, ақпаратты тілдік тұрғыдан жүйелеу және мазмұнның бірізділігін қамтамасыз ету ұсынылады.

Сондай-ақ, бұл бөлімнің ішкі құрылымында сипаттама, құжаттар, жаңалықтар, медиагалерея сияқты функционалдық блоктар қарастырылған. Жалпы алғанда бөлімнің мазмұндық архитектурасы жүйеленгенімен, ақпараттық элементтердің өзектілігі мен жаңартылу деңгейі жеткіліксіз екені байқалады.

Атап айтқанда, ***медиагалереядағы*** материалдар 2022 жылдан бері жаңартылмаған, бұл визуалды және ақпараттық контенттің уақыт талабына сәйкес келмеуіне алып келеді. Мұндай жағдай бөлімнің жалпы ақпараттық жаңаруына және пайдаланушылардың қызығушылығын сақтауға кері әсерін тигізуі мүмкін.

Осыған байланысты медиагалерея материалдарын жүйелі түрде жаңартып отыру, ескірген контентті өзектендіру қажет.

«Қызмет» бөлімінде орналасқан *«Бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеуге үміткерлердің және дене шынықтыру даярлығы нормативтерін тапсыруға жіберілген азаматтардың тізімі»* ақпаратын талдау барысында бірқатар тілдік сәйкессіздіктер анықталды. Атап айтқанда, Көкшетау қаласының атауы мен үміткерлердің аты-жөндері орыс тілінде берілген. Бұл жағдай ресми интернет-

h

t

t

p

s

:

ресурстағы мәліметтерді мемлекеттік тілде бірізді рәсімдеу талаптарының сақталмағанын көрсетеді.

Мұндай тілдік ауытқулар ақпараттың ресми сипатына әсер етіп, пайдаланушылардың деректерді қабылдау және салыстыру үдерісін күрделендіруі мүмкін. Ресми мәліметтердің тілдік тұрғыдан біркелкі берілуі ақпарат сапасын арттырып қана қоймай, мемлекеттік тілдің қолданылу мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.


Осыған байланысты Көкшетау қаласының атауын және үміткерлерге қатысты деректерді тіл нормаларына сәйкес жариялау, сондай-ақ барлық тізімдік материалдарды тілдік бірізділік қағидатына сай ұсыну қажет.

«Бюджет» бөлімінде ақпараттық материалдар үш негізгі санатқа бөлінген. Алайда *«Азаматтық бюджет»* және *«Республикалық бюджет жобасы»* тарауларында мазмұндық ақпарат ұсынылмаған, бөлімдер бос күйінде қалған. Бұл интернет-ресурстағы бюджеттік деректердің толықтығы мен жүйелілігіне кері әсер етеді.

Сонымен қатар *«Республикалық бюджет»* тарауында орналастырылған ақпарат ескірген. Аталған мәліметтер соңғы рет 2021 жылы жаңартылған, бұл қазіргі кезеңдегі бюджетке қатысты өзекті деректердің ұсынылмауын көрсетті.

Бюджетке қатысты ақпарат мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі болғандықтан, олардың толық, өзекті болуы және тұрақты жаңартылып отыруы маңызды.

Осыған байланысты *«Азаматтық бюджет»* және *«Республикалық бюджет жобасы»* тарауларын тиісті мазмұнмен толықтыру, сондай-ақ *«Республикалық бюджет»* тарауындағы деректерді қолданыстағы ақпаратпен өзектендіру және тұрақты жаңарту тетігін енгізу ұсынылады.



Жүргізілген мониторинг нәтижелері интернет-ресурста бюджеттік ақпаратты орналастыру және жаңарту үдерісінде жүйелік сипаттағы олқылықтардың бар екенін көрсетеді. Бюджетке қатысты мәліметтердің толық қамтылмауы, бос қалуы және жекелеген деректердің ұзақ уақыт бойы өзектілігінің қамтамасыз етілмеуі ақпараттық ашықтық пен есептілік қағидаттарының толық деңгейде іске асырылуына кері әсер етеді.

Сонымен қатар бюджеттік ақпараттың тұрақты жаңартылмауы пайдаланушылардың мемлекеттік қаржы саясаты туралы шынайы әрі уақытылы мәлімет алу мүмкіндігін шектейді. Бұл интернет-ресурстың аналитикалық және қоғамдық бақылау құралы ретіндегі рөлін әлсіретеді. Жалпы алғанда, бюджет блогындағы ақпараттық басқару тетіктерін жетілдіру қажеттілігі айқын байқалады.

Бюджетке қатысты барлық бөлімдерді толық мазмұнмен қамтамасыз етіп, бос тұрған ақпараттық блоктарды өзекті деректермен жедел толықтыру, сонымен қатар, бюджеттік ақпаратты жариялау, өзектендіру және бақылау бойынша ішкі үйлестіру механизмін күшейту арқылы интернет-ресурстың ақпараттық ашықтығы мен сенімділігін арттыру ұсынылады.

Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсы

«Департамент туралы» бөлімде *«ТЖ профилактикасы»* бағытына қатысты материалдар орналастырылған. Алайда іріктеуге жіберілген қызметкерлер тізіміне қатысты ақпаратты талдау барысында бірқатар тілдік сәйкессіздік анықталды. Атап айтқанда, құжаттың атауы мемлекеттік тілде берілгенімен, ішкі мазмұндағы деректер орыс тілінде ұсынылған.

Бұл жағдай интернет-ресурстағы ақпаратты екі тілде ұсыну қағидатының ішінара сақталғанын, алайда құжат ішіндегі мазмұн деңгейінде тілдік бірізділіктің толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.

Осыған байланысты аталған құжаттағы деректерді тіл нормаларына сәйкес рәсімдеу және барлық ақпараттық материалдарды екі тілде толық әрі бірізді ұсыну қажет.

«Төтенше жағдайлар» бөлімінде 3 құжат орналастырылған. Мониторинг барысында осы бөлімдегі ақпараттық материалдардың мазмұны мен рәсімделуінде бірқатар тілдік және техникалық сәйкессіздіктер анықталды.

Атап айтқанда, *«Конкурстық комиссияның оң шешімі алған үміткерлер тізімі»* құжатының атауында орфографиялық қате орын алған. Дұрыс жазылу нұсқасы – *«Конкурстық комиссияның оң шешімін алған үміткерлер тізімі»*. Сонымен қатар, аталған құжатты ашу мүмкін болмады.

Сондай-ақ, *«Список кандидатов, допущенных к собеседованию»* құжатының атауы орыс тілінде берілген.

Осыған байланысты құжат атауларындағы орфографиялық қателіктерді түзету, техникалық ақауды жою және барлық материалдарды мемлекеттік тілде толық әрі бірізді түрде жариялау қажет.

«Қызмет» бөлімінде жалпы саны **8 құжат** орналастырылған. Мониторинг нәтижесінде олардың мазмұндық және тілдік тұрғыдан біркелкі еместігі байқалады. Құжаттардың 4-еуі мемлекеттік тілде, қалған 4 құжат орыс тілінде жарияланған.

Бұл жағдай қызметтік сипаттағы негізгі материалдардың мемлекеттік тілде толық қамтылмауын және ақпаратты екі тілде бірізді ұсыну қағидатының толық сақталмағанын білдіреді.

Осыған байланысты ***«Қызмет»*** бөліміндегі есептік құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын толық қамтамасыз ету қажет.

Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының 2025 жылдың бірінші тоқсанында атқарған жұмыстары туралы» есепке жүргізілген талдау барысында құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасының ұсынылмағаны анықталды.

Аталған материалдың тек орыс тілінде жариялануы мемлекеттік тілде ақпарат алуға мүдделі пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігін шектейді және интернет-ресурстағы тілдік теңгерімділіктің толық сақталмауына әкеледі.

Осыған байланысты аталған есептің мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, интернет-ресурста жариялау, сондай-ақ барлық есептік және талдамалық материалдарды екі тілде тең дәрежеде қолжетімді ету қажет.

«Салалық құжаттар» бөлімінде орналастырылған өрт қауіпсіздігі жөніндегі ақпарат орыс тілінде ұсынылғаны анықталды.

Мұндай жағдай мемлекеттік тілде ақпарат алуға мүдделі пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтерді еркін алу мүмкіндігін шектейді және интернет-ресурстағы тілдік теңгерімнің сақталуына кері әсер етеді.

Осыған байланысты өрт қауіпсіздігі жөніндегі материалды мемлекеттік тілге аудару және барлық салалық құжаттарды қазақ және орыс тілдерінде қатар жариялау ұсынылады.

«Азаматтық қорғаныс» бөлімінде екі негізгі дереккөз орналастырылған. Жүргізілген талдау нәтижесінде аталған құжаттардың тілдік рәсімделуінде бірізділіктің сақталмағаны анықталды.

Атап айтқанда, *«Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаментінің 2025 оқу жылына арналған азаматтық қорғау саласындағы ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту орталығы» АҚ жинақтау жоспары»* орыс тілінде жарияланған.

«Бюджет» бөлімінде жалпы саны **10 құжат** жарияланған. Аталған құжаттарға жүргізілген талдау нәтижесінде олардың тек екеуі ғана мемлекеттік тілде жарияланғаны анықталды. Ал қалған сегіз құжат орыс тілінде ұсынылған. Бұл бөлімдегі ақпараттың басым бөлігі мемлекеттік тілде қолжетімсіз екенін көрсетеді.

Мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында бюджетке қатысты ақпарат азаматтар үшін ашық әрі түсінікті болуы тиіс. Осыған байланысты құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын толық орналастыру мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп қана қоймай, ақпараттың барлық пайдаланушылар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар мемлекеттік тілдегі құжаттар үлесінің төмен болуы бөлімнің тілдік теңгеріміне әсер етіп, қазақ тілінде ақпарат іздеген азаматтардың қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігін шектейді.

Жүргізілген мониторинг нәтижесі Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаментінің интернет-ресурсында бюджеттік және есептік сипаттағы құжаттарды орналастыру барысында тілдік бірізділік мәселелері сақталып отырғанын көрсетті. Материалдардың тек орыс тілінде жариялануы ақпараттық кеңістікте мемлекеттік тілді толықтай қолдануға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай

пайдаланушылардың ақпаратқа тең қолжетімділігіне және ресми деректердің ашықтығына қатысты талаптардың орындалу деңгейін төмендетеді.

Бюджеттік және есептік құжаттарды жариялау процесінде мемлекеттік тілдегі нұсқаның міндетті түрде болуын қамтамасыз ететін бірыңғай регламент енгізу қажет.

Барлық құжаттарды жариялау алдында тілдік және редакциялық сараптамадан өткізу арқылы мәтіндердің толық, сапалы әрі бірізді ресімделуін қамтамасыз ету ұсынылады.

Сонымен қатар интернет-ресурстағы ескі және жаңартылмаған материалдарды кезең-кезеңімен өзектендіріп, ақпаратты тұрақты жаңарту және бақылау тетіктерін күшейту қажет.

Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті


Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсында ***«Басшылық»*** және ***«Толыққанды байланыс ақпараты»*** бөлімдерінде лауазым атауларының орыс тілінде берілуі ақпаратты рәсімдеудегі тілдік талаптардың толық сақталмағанын көрсетеді. Бұл ресми деректердің бірізді ұсынылуына кері әсер етеді.

Лауазым атауларының мемлекеттік тілде ұсынылмауы ақпараттың ресми сипатына әсер етіп, пайдаланушылар үшін деректерді қабылдау мен түсіну процесін күрделендіруі мүмкін.

Осыған байланысты аталған бөлімдердегі барлық лауазым атауларын тіл нормаларына сәйкес қайта рәсімдеу және ақпаратты екі тілде ұсыну қажет.

«Топтар» бөлімінде орфографиялық қате анықталған, атап айтқанда *«Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту тобі»* тіркесінде сөздің дұрыс жазылу нормасы бұзылған. Бұл ақпараттың редакциялық сапасын төмендететін фактор болып табылады.

Осыған байланысты лауазым атауларын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес рәсімдеу және орфографиялық қателерді түзету, сондай-ақ барлық құрылымдық бөлімдердегі мәтіндерді редакциялық тексеруден өткізу ұсынылады.



«Медиагалерея» бөліміндегі материалдарды зерделеу барысында олардың мазмұны орыс тілінде ұсынылғаны анықталды.

Осыған байланысты медиагалереядағы барлық материалдардың мазмұнын, сондай-ақ атауы мен ішкі контенттің тілдік бірізділігін қамтамасыз ету ұсынылады.

«Негізгі құжаттар» бөлімінде бірқатар кемшіліктер бар екені анықталды.

Атап айтқанда, *«Атқарылған жұмыс туралы есептер мен баяндамалар»* бөлімінде жалпы 10 құжат орналастырылған. Олардың 8-і мемлекеттік тілде ұсынылған, ал қалған 2 құжат тек орыс тілінде жарияланған.

Аталған жағдайлар интернет-ресурстағы есептік және талдамалық материалдарды екі тілде тең дәрежеде ұсыну қағидатының толық сақталмай отырғанын аңғартады. Осыған байланысты барлық баяндамалар мен есептік құжаттардың атауы мен мазмұнын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестендіру, сондай-ақ жетіспейтін тілдік нұсқаларды толықтыру ұсынылады.

Сондай-ақ, аталған бөлімдегі *азаматтарды қабылдау кестелеріне* қатысты материалдарды талдау барысында тілдік қамтылуда толық бірізділік сақталмағаны анықталды.

Атап айтқанда, орналастырылған 9 құжаттың 8-і мемлекеттік тілде ұсынылғанымен, бір құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы жоқ. Бұл интернет-ресурстағы ақпаратты екі тілде тең дәрежеде ұсыну қағидатының сақталмағанын көрсетеді.

Мұндай жағдай пайдаланушылардың қажетті мәліметті мемлекеттік тілде алу мүмкіндігін шектеп, ақпараттың қолжетімділігіне кері әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты азаматтарды қабылдау кестелеріне қатысты барлық құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын толықтыру және ақпаратты екі тілде бірізді түрде жариялау ұсынылады.

«Негізгі құжаттар» бөлімінде жоспарлық құжаттар орналастырылған. Аталған бөлімде жалпы саны **6 құжат** бар. Мониторинг нәтижесінде олардың жариялану мерзімі бойынша ескі және жаңа материалдар қатар ұсынылғаны анықталды: 4 құжат 2021–2023 жылдар аралығында жарияланған, ал 2024–2025 жылдарға тиесілі 2 жаңа құжат енгізілген.

Жаңа құжаттардың тілдік рәсімделуінде бірізділік сақталмаған. Атап айтқанда, олардың біреуі мемлекеттік тілде берілсе, екіншісі орыс тілінде жарияланған.

Осыған байланысты ***«Негізгі құжаттар»*** бөліміндегі жоспарлық материалдарды мемлекеттік тілде сондай-ақ барлық жаңа құжаттарды тілдік тұрғыдан тең деңгейде жариялау ұсынылады.

«Салалық құжаттар» бөлімінде төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі құжат тек орыс тілінде жарияланған.

Бұл интернет-ресурстағы ресми құжаттарды ұсыну сапасына кері әсер етіп, пайдаланушылардың мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігін шектейді.

Осыған байланысты ТЖ-ның алдын алу жөніндегі құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеу және барлық салалық материалдарды қазақ және орыс тілдерінде тең дәрежеде, бірізді форматта жариялау ұсынылады.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің интернет-ресурсында құжаттарды орналастыру мен тілдік

рәсімдеу тәжірибесінде бірқатар жүйелік олқылықтар бар екені анықталды. Атап айтқанда, жекелеген құжаттардың тек орыс тілінде ұсынылуы, мемлекеттік тілдегі нұсқалардың толық қамтылмауы және бөлім құрылымындағы тілдік бірізділіктің сақталмауы ақпараттық ресурстың қолжетімділігі мен ашықтығына кері әсерін тигізеді. Мұндай жағдай ресми деректерді пайдаланушыларға тең дәрежеде ұсыну қағидатының толық іске аспағанын көрсетеді.

Интернет-ресурста орналастырылатын барлық салалық құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын міндетті түрде қатар ұсыну қажет.

Кез келген материалды жариялау алдында тілдік және редакциялық сараптамадан өткізіп, мәтіндердің бірізді әрі стандартқа сай рәсімделуін қамтамасыз ету ұсынылады.

Сонымен қатар, ескі және жаңартылмаған құжаттарды кезең-кезеңімен өзектендіріп, интернет-ресурстағы ақпараттың тұрақты жаңартылуын қамтамасыз ететін ішкі бақылау тетігін енгізу қажет.

Атырау облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсында ***«Қызмет»*** бөліміндегі негізгі құжаттар тізімінде жалпы **10 құжат** орналастырылған. Жүргізілген талдау нәтижесінде олардың басым бөлігі мемлекеттік тілде ұсынылғанымен, бір құжат, атап айтқанда «*Финансовое и материально-техническое обеспечение»* орыс тілінде ұсынылғаны анықталды.

Бұл жағдай интернет-ресурстағы ресми құжаттарды екі тілде тең дәрежеде ұсыну қағидатының толық сақталмағанын көрсетеді және пайдаланушылардың мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігін ішінара шектейді.

Осыған байланысты аталған құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, интернет-ресурста жариялау және барлық негізгі құжаттарды тілдік бірізділік қағидатына сәйкес рәсімдеу ұсынылады.

«Негізгі құжаттар» бөлімінде *азаматтарды қабылдау кестелеріне* қатысты құжаттарды талдау барысында тілдік рәсімдеуде бірізділіктің сақталмағаны анықталды.


Атап айтқанда, құжаттардың атауы мемлекеттік тілде берілгенімен, олардың мазмұндық бөлігі толықтай орыс тілінде жарияланған. Бұл жағдай ресми ақпаратты екі тілде тең дәрежеде ұсыну қағидатының толық орындалмағанын көрсетеді және пайдаланушылардың мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігін шектейді.

Осыған байланысты азаматтарды қабылдау кестелеріне қатысты барлық құжаттардың негізгі мазмұнын мемлекеттік тілге аударып, ақпаратты екі тілде жариялау ұсынылады.

«Салалық құжаттар» бөлімінде орналастырылған материалдарды талдау барысында мынадай кемшіліктер анықталды.


Атап айтқанда, «Гражданская оборона» атауымен берілген құжаттың атауы орыс тілінде көрсетілгенімен, оның негізгі мазмұны мемлекеттік тілде жарияланған. Бұл жағдай құжат атауы мен ішкі мазмұн арасындағы тілдік сәйкестіктің толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.

Мұндай тәжірибе ақпаратты іздеу және қабылдау кезінде пайдаланушыларға қосымша қолайсыздық туғызуы мүмкін. Осыған байланысты салалық құжаттардың атауларын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес жариялау және барлық материалдарда атау мен мазмұнның тілдік бірізділігін қамтамасыз ету ұсынылады.




Бюджет

Мониторинг барысында ***«Бюджет»*** бөлімінде орналастырылған *«Республикалық бюджет жобасы»* құжаты орыс тілінде берілгені анықталды. Бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістіктегі қолданыс аясын шектеп, қазақ тілінде ақпарат алуға мүдделі азаматтардың құжат мазмұнымен толыққанды танысуына белгілі бір дәрежеде кедергі келтіреді.



Аталған бөлімдегі *«Бюджеттің атқарылуы туралы есептер»* тарауында жалпы саны **3 құжат** көрсетілген. Мұндағы «*Финансовое и материально-техническое обеспечение», «Мониторинг освоения бюджетных программ по состоянию на 28 июля 2025 года»* құжаттары орыс тілінде жарияланған.



Атырау облысының Төтенше жағдайлар департаментінің интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі мен құжаттардың тілдік сапасы бойынша бірқатар жүйелік сипаттағы мәселелер анықталды. Атап айтқанда, құжаттардың тек орыс тілінде ұсынылуы, жекелеген материалдарда мемлекеттік тілдегі нұсқаның болмауы және құжат атаулары мен мазмұн арасындағы тілдік сәйкессіздіктер интернет-ресурстағы ақпараттық бірізділіктің толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.

Сонымен қатар құжаттарды рәсімдеу кезінде тілдік нормалардың сақталмауы және техникалық кемшіліктердің кездесуі ақпараттың сапасына және пайдаланушылардың мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігіне кері әсер етеді.

Интернет-ресурста орналастырылатын барлық нормативтік және салалық құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын міндетті түрде ұсыну тетігін енгізу қажет.

Құжат атаулары мен ішкі мазмұнды бірізді тілдік стандартқа сәйкес рәсімдеу үшін алдын ала редакциялық және тілдік сараптаманы күшейту ұсынылады.

Абай облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Абай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-р
е
с
у
р
с
ы
Ұ
Е
К
І
N
K
"
h
t
t

Жүргізілген талдау барысында сайттағы ***«Байланыс»*** бөліміне қатысты ақпараттың тілдік рәсімделуінде сәйкессіздік анықталды. Атап айтқанда, байланыс ақпараттары орыс тілінде ұсынылған. Мемлекеттік тілдегі нұсқасы толық көлемде қамтамасыз етілмеген.

Бұл жағдай ресми интернет-ресурста ақпаратты мемлекеттік тілде ұсыну және пайдаланушылар үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз ету талаптарының сақталмағанын көрсетеді. Байланыс деректері азаматтардың мемлекеттік органмен тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік беретін маңызды ақпарат болғандықтан, оның мемлекеттік тілде нақты әрі түсінікті берілуі қажет.

Ақпараттың тек бір тілде ұсынылуы пайдаланушылардың қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігін шектейді. Сондықтан байланыс бөліміндегі мәліметтер барлық азаматтар үшін қолжетімді болатындай екі тілде бірізді рәсімделуі маңызды.

Ресми интернет-ресурстағы ***«Байланыс»*** бөліміндегі барлық ақпаратты мемлекеттік тіл талаптарына сәйкестендіріп, қазақ және орыс тілдерінде ұсыну керек.


«Кадр саясаты» бөлімінде конкурстар бойынша орналастырылған ақпаратқа жүргізілген талдау барысында жалпы саны **8 материал** жарияланғаны анықталды. **6 ақпарат** мемлекеттік тілде ұсынылған.

Ал *«Список кандидатов ГУ «ДЧС области Абай МЧС РК», успешных прошедших отбор и направленных на первоначальную профессиональную подготовку на должность радиотелефониста, по категории С-SV-13, а также листы оценки конкурентоспособности кандидатов»* және *«Объявление о конкурсе»* құжаттары тек орыс тілінде жарияланған.

Бұл жағдай кадр саясатына қатысты ақпаратты орналастыру барысында тілдік бірізділіктің сақталмағанын көрсетеді. Конкурстық рәсімдерге қатысты ақпарат азаматтардың мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігімен тікелей байланысты болғандықтан, мұндай материалдардың мемлекеттік тілде де қолжетімді болуы маңызды.

Құжаттардың бір бөлігінің тек орыс тілінде ұсынылуы пайдаланушылардың ақпаратты толық әрі тең дәрежеде алу мүмкіндігін шектейді және ресми интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейіне кері әсерін тигізеді.

«Кадр саясаты» бөлімінде тек орыс тілінде жарияланған құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми интернет-ресурста қазақ және орыс тілдерінде орналастыру ұсынылады. Сонымен қатар алдағы уақытта конкурстық ақпаратты жариялау кезінде барлық материалдардың тілдік сәйкестігін алдын ала тексеріп, мемлекеттік тілдегі нұсқасының толық берілуін қамтамасыз ету қажет.



Абай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттағы ақпараттың жалпы қолжетімділігі қамтамасыз етілгенімен, бірқатар ресми құжаттар мен конкурс материалдарын мемлекеттік тілде ұсыну деңгейі жеткіліксіз екені байқалды.

Бұл жағдай мемлекеттік тілде ақпарат ұсыну талаптарының барлық бөлімде бірдей деңгейде қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.


Осыған байланысты ресми интернет-ресурстағы барлық құжаттарды қайта қарап, мемлекеттік тілдегі нұсқасы жоқ материалдарды қазақ тіліне аударып орналастыру, сондай-ақ құжат атауы мен оның негізгі мазмұнының тілдік сәйкестігін қамтамасыз ету керек.

Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсы

«Кадр саясаты» бөліміндегі *хабарландыруды* талдау барысында елеулі тілдік сәйкессіздік анықталды. Атап айтқанда, хабарландыру мәтіні орыс тілінде ұсынылған, ал ақпарат көзінің ішінде мемлекеттік тілде жазылған жекелеген сөйлемдердің кездесуі байқалды. Бұл жағдай бір құжат ішінде тілдердің аралас қолданылуын көрсетіп, ақпараттық бірізділіктің сақталмағанын білдіреді.

Осыған байланысты «Кадр саясаты» бөліміндегі барлық хабарландыруларды мемлекеттік тілде толық әрі бірізді форматта рәсімдеу, сондай-ақ құжат ішіндегі тілдік сәйкессіздіктерді жою ұсынылады.


ОБЬЯВЛЕНИЕ

Қысқаша сипаттама Құжаттың толық мәтіні Құжаттарды жүктеу


Список кандидатов, прошедших собеседование, и участвовавших в отборе и допущенных к первоначальной профессиональной подготовке в рамках конкурса, прошедшего с 7-20 октября 2025 года на вакантные должности «Пожарный-спасатель-радиотелефонист» государственного учреждения «Департамента по чрезвычайным ситуациям области Жетісу» Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан»:

« Радиотелефонист » санаты бойынша
1 Мұратова Ләззат Мұратқызы


«Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастырылған *«Президент Жолдауы», «Мемлекеттік сатып алулар»,* сондай-ақ *«Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша уәкілетті тұлғалардың тізімі»* сияқты сілтемелерге жүргізілген талдау барысында ақпараттық мазмұнның қолжетімсіздігі анықталды. Аталған бөлімдерде деректер мүлде орналастырылмаған, яғни бос күйде қалған.

Мұндай жағдай интернет-ресурстың функционалдық толықтығын төмендетіп, пайдаланушылардың ресми және құқықтық маңызы бар ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін шектейді. Сонымен қатар негізгі құжаттар санатына жататын материалдардың болмауы ақпараттық ашықтық пен есептілік қағидаттарының толық орындалмауына әсер етеді.

Осыған байланысты аталған сілтемелерді тиісті мазмұнмен толықтыру, барлық негізгі құжаттарды жүйелі түрде орналастыру және интернет-ресурстағы ақпараттың толық қолжетімділігін қамтамасыз ету ұсынылады.



«Бұйрықтар» бөлімінде орналастырылған *«Об утверждении Правил приобретения, создания и использования имущества гражданской обороны»*, сондай-ақ, *Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясына* қатысты құжаттар тек орыс тілінде жарияланғаны анықталды. Құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасының ұсынылмауы ресми интернет-ресурста ақпаратты екі тілде ұсыну қағидатының толық сақталмағанын көрсетеді.


ОБЪЯВЛЕНИЕ

Қысқаша сипаттама Құжаттың толық мәтіні Құжаттарды жүктеу

Академия гражданской защиты имени М. Габдуллина МЧС Республики Казахстан сообщает об имеющихся вакансиях на 3 курсе факультета очного обучения.
В связи, с чем студенты 3 и 4 курсов высших учебных заведений в соответствии с приказом Министра по ЧС Республики Казахстан от 3 сентября 2021 года № 427 имеют возможность перевестись в Академию.
По интересующим вопросам необходимо обратиться по номеру: 8705-429-23-91.

21

Мұндай жағдай мемлекеттік тілде ақпарат алуға мүдделі пайдаланушылар үшін құжат мазмұнымен толық танысу мүмкіндігін шектейді. Нәтижесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясы тарылып, ақпараттық ашықтық деңгейі төмендейді.

Осыған байланысты аталған құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, оларды интернет-ресурста қазақ және орыс тілдерінде жариялау, сондай-ақ нормативтік құжаттарды, нормативтік және оқу-әдістемелік материалдарды рәсімдеу кезінде тілдік теңдікті тұрақты қамтамасыз ету ұсынылады.

«Бюджет» бөлімінде орналастырылған *«Гражданский бюджет на 2025–2027 годы»* құжаты тек орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Қоғамдық маңызы жоғары бюджеттік құжаттың қазақ тілінде қолжетімді болмауы пайдаланушылардың ақпаратпен толық әрі тең дәрежеде танысу мүмкіндігін шектейді және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын тарылтады.

Осыған байланысты аталған құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, «Бюджет» бөлімінде қазақ және орыс тілдерінде орналастыру ұсынылады.

Фотосурет форматында ұсынылған *«Химиялық заттардың шығарындысы жағдайындағы әрекеттер туралы»* ақпарат тек орыс тілінде берілген.

Аталған жағдай төтенше жағдайлар кезінде қолданылатын қауіпсіздік нұсқаулықтарының мемлекеттік тілде қолжетімді болмауын көрсетеді. Мұндай сипаттағы ақпараттың бір тілде ғана ұсынылуы азаматтардың оны толық әрі дұрыс түсіну мүмкіндігін шектейді, әсіресе жедел әрекет етуді талап ететін жағдайларда бұл маңызды тәуекел факторы болып табылады.

Осыған байланысты аталған қауіпсіздік нұсқаулығын мемлекеттік тілге аударып, интернет-ресурста қазақ және орыс тілдерінде көрнекі әрі қолжетімді форматта орналастыру керек.

Сонымен қатар ***«Көшкін кезінде қалай әрекет ету керек? Қысқы уақытта үсік шалудың алдын алу»*** бөліміндегі деректер тек орыс тілінде ұсынылған.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде ресми интернет-ресурстың ақпараттық мазмұнын ұйымдастыру және тілдік рәсімдеу тәжірибесінде бірқатар жүйелік сипаттағы кемшіліктер бар екені анықталды. Атап айтқанда, бөлімдерде ақпараттың толық жарияланбауы, құжаттардың ұзақ уақыт бойы өзектендірілмеуі және материалдардың тек бір тілде ұсынылуы интернет-ресурстың ақпараттық тұтастығы мен қолжетімділігіне кері әсер ететін негізгі факторлар ретінде бағаланады.

Сонымен қатар мемлекеттік тілде ақпарат ұсыну қағидатының толық деңгейде сақталмауы ресми деректерді пайдаланушыларға тең дәрежеде жеткізу мүмкіндігін шектейді. Бұл жағдай интернет-ресурстың ашықтық, қолжетімділік және ақпараттық теңдік талаптарына сәйкестігін төмендетеді.

Барлық ресми құжаттар мен ақпараттық материалдарды мемлекеттік және орыс тілдерінде тең дәрежеде ұсынуды қамтамасыз ететін бірыңғай тілдік стандарт пен редакциялық бақылау тетігін енгізу қажет.


Сонымен қатар құжат атаулары мен мазмұн арасындағы сәйкессіздіктерді жою, тілдік бірізділікті қамтамасыз ету және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы интернет-ресурстың ақпараттық сапасын арттыру ұсынылады.

Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсы ***«Төтенше жағдайлар»*** бөлімінде орналастырылған құжаттарға жүргізілген талдау барысында орфографиялық қате анықталды. Атап айтқанда, бірінші құжаттың атауы *«азақстан Республикасы Қарағанды облысының қауіпсіздік паспорты»* деп көрсетілген. Мұнда «Қазақстан» сөзінің басындағы «Қ» әрпі түсіп қалған.

Құжат атауының дұрыс нұсқасы – «Қазақстан Республикасы Қарағанды облысының қауіпсіздік паспорты».

Мұндай қателер ресми ақпараттың сапасына және құжаттардың дұрыс рәсімделуіне әсер етеді. Осыған байланысты интернет-ресурста жарияланатын құжат атауларын алдын ала редакциялық тексеруден өткізу және анықталған орфографиялық қателерді түзету ұсынылады.



«Салалық құжаттар» бөлімінде жарияланған *«Правила пожарной безопасности при эксплуатации автотранспортных средств»* сонадай-ақ ***«Азаматтық қорғаныс»*** бөлімінде жарияланған *«Список сборных и приемных эвакуационных пунктов Карагандинской области»* құжаттары орыс тілінде жарияланғаны анықталды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарындағы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді болуы тиіс. Алайда аталған құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасының болмауы қазақ тілінде ақпарат алатын пайдаланушылардың құжат мазмұнымен танысу мүмкіндігін шектейді.

Сонымен қатар өрт қауіпсіздігі және эвакуациялық пункттер туралы мәліметтер төтенше жағдайлар кезінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды ақпарат болып табылады. Сондықтан мұндай ақпараттың мемлекеттік тілде де қолжетімді болуы азаматтардың ақпаратқа тең қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды.

Осыған орай, аталған құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, интернет-ресурста орналастыру ұсынылады.

«Азаматтық бюджет» бөлімінде жалпы саны **10 дереккөз** орналастырылған. Аталған бөлімге жүргізілген талдау барысында құжат атауында орфографиялық қате табылды. Атап айтқанда, *«Бюджеттік бағдарламалар паспорты»* деген дұрыс нұсқаның орнына *«Бюджеттік бағдарлама паспорты»* деп көрсетілген. Бұл жерде «бағдарлама» сөзіндегі «ғ» әрпі қате берілген.

Ресми интернет-ресурста жарияланатын құжат атауларының сауатты әрі талапқа сай рәсімделуі ақпараттың нақтылығын, сапасын және пайдаланушылар үшін түсінікті болуын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады.

Осыған байланысты анықталған орфографиялық қатені түзетіп, құжат атауын «Бюджеттік бағдарламалар паспорты» деген дұрыс нұсқаға сәйкестендіру ұсынылады.

«Негізгі құжаттар» бөліміне жүргізілген талдау барысында жарияланған құжаттардың басым бөлігінің ұзақ уақыт бойы жаңартылмағаны анықталды. Атап айтқанда, бөлімде жарияланған *«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері», «Атқарылған жұмыс туралы есеп пен баяндамалар», «Ереже», «Кадр саясаты»* және *«Азаматтарды қабылдау кестелері»* тарауларындағы құжаттар 2020 жылдан бері жаңартылмаған.

Тек жекелеген 2–3 құжат қана соңғы екі жыл ішінде жарияланған немесе жаңартылған. Нәтижесінде бөлімдегі құжаттардың шамамен 80 пайызының өзектілігі төмендеген және олар қазіргі жағдайды толық көрсетпеуі мүмкін.

Ресми интернет-ресурста құжаттардың уақтылы жаңартылып отыруы пайдаланушыларды өзекті және сенімді ақпаратпен қамтамасыз етудің маңызды талаптарының бірі болып табылады. Осыған байланысты аталған бөлімдегі құжаттардың мазмұнына талдау жүргізіп, өзектілігін жоғалтқан материалдарды жаңарту немесе жаңа редакциядағы нұсқаларын жариялау ұсынылады.

«Бюджет» бөліміндегі *«Шоғырландырылған қаржылық есептілік»* санаты бойынша барлығы **9 құжат** орналастырылған. Жүргізілген талдау барысында құжаттардың тілдік рәсімделуінде бірізділік сақталмағаны анықталды. Атап айтқанда, аталған 9 құжаттың 2-уі ғана мемлекеттік тілде, қалған 7 құжат тек орыс тілінде жарияланған:

Пояснительная записка к консолидированной финансовой и бюджетной отчетности ГУ»;

- *«Пояснительная записка»;*
- *«Пояснительная записка - Обязательства, доходы и расходы»;*
- *«Пояснительная записка - Активы»;*
- *«Отчет об изменениях чистых активов, капитала за год»;*
- *«Пояснительная записка к консолидированной финансовой отчетности за период»;*
- *«Бухгалтерский баланс».*


Қоғамдық маңызы бар қаржылық ақпараттың тек бір тілде жариялануы мемлекеттік тілде ақпарат алғысы келетін пайдаланушылар үшін қолжетімділікті шектейді және ресми интернет-ресурстағы тілдік теңгерімділіктің сақталуына әсер етеді.

Осыған байланысты *«Шоғырландырылған қаржылық есептілік»* бөліміндегі барлық құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, қазақ және орыс тілдерінде жариялау ұсынылады.

Бюджет» бөліміндегі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері жөніндегі құжатқа жүргізілген талдау барысында аталған материалдың мемлекеттік тілдегі нұсқасы ұсынылмағаны анықталды. Құжат тек орыс тілінде жарияланған.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері туралы ақпарат мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды ресми материалдардың бірі. Сондықтан мұндай құжаттардың мемлекеттік тілде қолжетімді болмауы пайдаланушылардың ақпаратты толық әрі тең дәрежеде алу мүмкіндігін шектеп, интернет-ресурстағы тілдік теңгерімділік талаптарының сақталуына кері әсерін тигізеді.

Осыған байланысты аталған құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, «Бюджет» бөлімінде қазақ және орыс тілдерінде жариялау, сондай-ақ қоғамдық маңызы бар барлық материалдардың екі тілде бірдей қолжетімді болуын қамтамасыз ету ұсынылады.



Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде мазмұнды басқару, ақпаратты ұсыну сапасы және редакциялық рәсімдеу бағыттарында жетілдіруді қажет ететін тұстар бар екені анықталды.

Талдау барысында интернет-ресурстағы материалдардың біркелкі рәсімделмеуі, ақпаратты ұсыну тәсілдерінің әртүрлілігі және «Құжаттар» бөлімінің мазмұндық сапасыны жеткіліксіз деңгейі байқалды. Бұл пайдаланушылардың қажетті мәліметтерді жылдам әрі ыңғайлы алуына белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

Жалпы алғанда, интернет-ресурстың ақпараттық әлеуеті жеткілікті болғанымен, оны тұрақты түрде жетілдіру, мазмұнын жаңарту және ақпаратты бірыңғай өлшемшарттарға сәйкес ұсыну қажеттілігі байқалды.

Интернет-ресурста жарияланатын барлық материалдарды орналастыру алдында мазмұндық және тілдік тексеруден өткізу тәртібін күшейту ұсынылады. Бұл ақпараттың сапасын арттырып, ресми деректердің сауатты әрі бірізді ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар құжаттарды рәсімдеу кезінде бірыңғай құрылымдық талаптарды сақтау, атаулардың, мәтіндердің және бөлімдердің бірізді берілуін қамтамасыз ету ұсынылады.

Интернет-ресурсты дамыту барысында ақпараттың қолжетімділігіне, түсініктілігіне және мемлекеттік тілдегі мазмұнның сапасына басымдық беру қажет. Бұл ресми ақпараттық ресурстың тиімділігін арттырып, азаматтардың қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігін кеңейтеді.

Қостанай облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-р
е
с
у ***«Байланыс»*** бөліміндегі мәліметтерді қарастыру барысында ақпаратты рәсімдеуде біркелкілік сақталмағаны байқалды. Атап айтқанда, мекенжай туралы деректер орыс тілінде берілген. Ресми интернет-ресурстағы байланыс ақпараты пайдаланушылар үшін негізгі навигациялық құралдардың бірі болғандықтан, оның тілдік тұрғыдан дұрыс әрі жүйелі ұсынылуы маңызды.
д
а

Н
Ү
Р



Осыған байланысты ***«Байланыс»*** бөліміндегі мәліметті тіл заңнамасы нормаларына сәйкес қайта қарап, ақпаратты бірыңғай талаптар негізінде рәсімдеу ұсынылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде орналастырылған материалдарға жүргізілген талдау барысында ақпаратты ұсынуда тілдік теңгерімнің сақталмағаны анықталды. Атап айтқанда, «*Қостанай облысы ТЖД қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау»* құжаты тек орыс тілінде жарияланған.

Аталған құжат мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ететін маңызды талдамалық материалдардың бірі. Сондықтан мұндай ақпараттың мемлекеттік тілде қолжетімді болмауы пайдаланушылардың оның мазмұнмен толық танысу мүмкіндігін шектеп, ресми ресурстағы ақпараттың тең дәрежеде ұсынылуына әсер етеді.

Осыған байланысты көрсетілген құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми интернет-ресурста қазақ және орыс тілдерінде орналастыру керек.

Қостанай облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласына қатысты талдамалық анықтама мен *Қостанай облысының қауіпсіздік жөніндегі паспорты* ресми интернет-ресурста тек орыс тілінде жарияланған.


Қауіпсіздік саласына қатысты талдамалық құжаттар азаматтар мен мүдделі тұлғалар үшін маңызды ақпараттық материалдар қатарына жатады. Сондықтан мұндай құжаттардың тек бір тілде жариялануы ақпараттың қолжетімділігі мен ресми ресурстағы тілдік бірізділік талаптарының сақталуына әсер етеді.

Осыған байланысты, аталған құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми сайтқа жариялау ұсынылады.

Негізгі құжаттар» бөліміндегі ақпаратқа жүргізілген талдау нәтижесінде бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, атқарылған жұмыс туралы есептер мен баяндамалар, ережелер, департамент басқармалары мен топтары туралы регламенттік құжаттар, сондай-ақ кадр саясатына қатысты материалдар **соңғы рет 2020-2021 жылдары** жаңартылғаны белгілі болды. Бұл осы бағыттағы ақпараттың өзектілігі мен жүйелілігінің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Сонымен қатар ***«Мемлекеттік сатып алулар», «Президент жолдаулары», «Ішкі аудит»*** бөлімдерінде ешқандай ақпарат жарияланбаған, яғни бұл бөлімдер бос күйде қалған. Мұндай жағдай ресми ресурстың толықтығы мен ашықтығына кері әсер тигізіп, пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтердің қолжетімсіз болуына әкеледі.

Осыған байланысты, аталған бөлімдердегі ақпаратты жүйелі түрде жаңартып отыру, жетіспейтін құжаттарды толықтыру және барлық бағыттар бойынша өзекті мәліметтерді тұрақты түрде жариялап отыру ұсынылады.



«Салалық құжаттар» бөлімінде азаматтық қорғаныс бағыты бойынша орналастырылған *«Список профилактического контроля в области Гражданской обороны на 1-е полугодие 2024 года»* атты құжатқа жүргізілген талдау барысында тілдік рәсімдеуде бірізділік сақталмағаны анықталды.


Атап айтқанда, құжаттың негізгі мазмұнындағы ақпарат екі тілде ұсынылғанымен, құжат атауы тек орыс тілінде берілген. Бұл ресми материалдарды рәсімдеу кезінде атаулардың мемлекеттік тілде ұсынылу талаптарының толық орындалмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты аталған құжаттың атауын тіл заңнамасы нормаларына сәйкес келтіріп, салалық құжаттардың атаулары мен мазмұнын бірізді форматта ұсыну қажет.

Салалық құжаттар» және ***«Бюджет»*** бөлімдеріне жүргізілген талдау нәтижесінде бірқатар өзекті мәселелер анықталды. Атап айтқанда, төтенше жағдайлардың алдын алу, бұйрықтар, өрт қауіпсіздігі, облыс бойынша төтенше жағдайларға талдау, азаматтық қорғау органдарының еріктілігіне қатысты құжаттар, сондай-ақ бюджетке қатысты мәліметтер **соңғы рет 2021–2023 жылдар аралығында жаңартылған.** Бұл аталған ақпараттың қазіргі уақытта өзектілігінің төмендегенін және жүйелі жаңартудың жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Сонымен қатар *бюджет түсімі, бюджетті жоспарлау және бекіту сатысында*, сондай-ақ *төтенше жағдайлар кезінде азаматтардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын реттейтін материалдар* тармақшаларында мүлде ақпарат орналастырылмаған, яғни бұл бөлімдер бос күйде қалған. Мұндай жағдай ресми ресурстың толықтығына, ашықтығына және ақпараттық қолжетімділігіне кері әсер етеді.

Осыған байланысты, аталған бөлімдердегі құжаттарды жүйелі түрде жаңартып отыру, ескірген материалдарды өзектендіру және жетіспейтін ақпаратты толықтыру ұсынылады.



Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде ақпаратты ұсыну сапасы мен тілдік рәсімдеу бағытында жетілдіруді қажет ететін бірқатар мәселелер анықталды. Интернет-ресурста қажетті бөлімдер қалыптасқанымен, жекелеген

материалдарды орналастыру кезінде мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі мен ақпаратты екі тілде тең ұсыну қағидаты сақталмаған жағдайлар байқалады.

Талдау барысында ресми құжаттар мен талдамалық материалдардың бір бөлігінің мемлекеттік тілдегі нұсқасының ұсынылмауы, сондай-ақ ақпараттың тілдік тұрғыдан бірізді ресімделмеуі анықталды. Бұл жағдай пайдаланушылардың ресми ақпаратқа тең қол жеткізу мүмкіндігіне теріс әсер етіп, интернет-ресурстағы ақпараттық мазмұнның сапасын төмендетуі мүмкін.

Жалпы алғанда, интернет-ресурстағы ақпаратты жариялау барысында тілдік талаптарды сақтау, құжаттарды рәсімдеу сапасын арттыру және мазмұнды басқару үдерістерін жетілдіру қажеттілігі байқалады.

Интернет-ресурста жарияланатын барлық ресми құжаттар мен талдамалық материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын толық қамтамасыз ету және оларды қазақ және орыс тілдерінде орналастыру, сонымен қатар, интернет-ресурстағы ақпараттың өзектілігін тұрақты бақылап, материалдарды уақытылы жаңарту және пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтердің толық әрі қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Павлодар облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Павлодар облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсында ***«Бюджет»*** бөлімінде орналастырылған «*2025–2027 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалар»* құжаты атауында орфографиялық қате анықталды. Атап айтқанда, **«бағдарламалар»** сөзінің орнына **«бағдарламала»** түрінде қате жазылған нұсқа қолданылған.

Аталған қате ресми құжат атауының сауаттылығына және ақпараттың тілдік сапасына әсер етеді. Мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында жарияланатын материалдарда орфографиялық нормалар сақталуы керек.

Осыған байланысты анықталған қатені түзетіп, *«2025–2027 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалар»* нұсқасында көрсету, сондай-ақ жарияланатын материалдарды орналастыру алдында тілдік редакциядан өткізу ұсынылады.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде ***қаржылық есептілік, мемлекеттік сатып алу материалдары, бұйрықтар және өзге де ресми құжаттар*** бөлімдерінде тілдік талаптардың біркелкі сақталмауы байқалды.

Бюджеттің орындалуы, қаржылық көрсеткіштер, шығыстар мен кірістер туралы мәліметтер қоғамның мемлекеттік ресурстардың тиімді пайдаланылуын бақылауына мүмкіндік береді. Сондықтан мұндай есептердің мемлекеттік тілде толық қолжетімді болуы азаматтардың ақпарат алу құқығын қамтамасыз ететін негізгі талаптардың бірі. Қаржылық құжаттардың тек бір тілде жариялануы пайдаланушылардың ақпаратпен тең дәрежеде танысу мүмкіндігін шектейді.

Мемлекеттік сатып алуларға қатысты ақпарат да қоғамдық маңызы жоғары материалдар қатарына жатады. Сатып алу жоспарлары, шарттар, есептер және өзге де мәліметтер мемлекеттік қаражаттың жұмсалу ашықтығын көрсетеді. Осыған байланысты мемлекеттік сатып алу саласындағы ақпараттың мемлекеттік тілде толық әрі сапалы ұсынылуы маңызды. Ресурстарда сатып алуға қатысты жалпы мәліметтер мен есептік құжаттардың тек орыс тілінде берілуі ақпараттық қолжетімділік қағидатына сәйкес келмейді және мемлекеттік тілдегі контенттің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Сонымен қатар ресми интернет-ресурста жарияланатын бұйрықтар мен нормативтік сипаттағы құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасы ерекше маңызға ие. Себебі мұндай құжаттар мемлекеттік орган қызметінің құқықтық негізін айқындайды және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты ақпарат береді. Бұйрықтардың тек орыс тілінде ұсынылуы немесе атауы мен мазмұнының әр тілде әркелкі берілуі ресми құжаттардың сапасына және құқықтық ақпараттың қолжетімділігіне әсер етеді.

Мониторинг барысында құжаттардың атаулары мемлекеттік тілде көрсетілгенімен, ішкі мазмұнының басқа тілде берілуі, сондай-ақ бір бөлімде екі тілдегі ақпараттың жүйесіз орналасуы сияқты жағдайлар да кездесті. Бұл ақпаратты қабылдауды қиындатып, ресми интернет-ресурстардағы тілдік бірізділік талаптарының толық сақталмағанын көрсетеді. Ресми құжаттардың атауы, мазмұны және қосымша материалдары бірыңғай тілдік талаптарға сәйкес рәсімделуі қажет.

Осыған байланысты ресми интернет-ресурстағы барлық құжаттарды жүйелі түрде қайта қарап, мемлекеттік тілдегі нұсқаларының толық болуын қамтамасыз ету, құжаттарды жариялау алдында тілдік және редакциялық тексеруден өткізу ұсынылады. Сонымен қатар, ресми материалдарды екі тілде бірдей деңгейде ұсыну тәжірибесін күшейтіп, мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемі мен сапасын арттыру бағытында тұрақты жұмыс жүргізу қажет.

Сондай-ақ, ресми интернет-ресурстағы барлық бөлімдерді қайта қарап, ақпаратты жүйелі түрде жаңарту, өзектендіру және толықтыру арқылы ақпараттық ресурстың сапасын арттыру ұсынылады.

Солтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті

Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсында ***«Төтенше жағдайлар»*** бөлімінде орналастырылған *«ШЕШІМ 2026 жылғы 26 мамырдағы «Жүргізушілер» санаты бойынша бос лауазымдарға орналасуға кандидаттарды іріктеу бойынша «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше*

жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің іріктеу комиссиясының отырысы», сондай-ақ ***«Азаматтық қорғаныс»*** бөлімінде орналастырылған *«Азаматтық қорғаныс жөніндегі топтарға жатқызылған Солтүстік Қазақстан облысы қалаларының тізбесі»* құжаттарына жүргізілген талдау барысында құжат атаулары мемлекеттік тілде берілгенімен, негізгі мазмұны орыс тілінде ұсынылғаны анықталды.

Бұл жағдай ресми ақпараттың тілдік бірізділігі мен мемлекеттік тілде толық қолжетімді болу қағидатының сақталмағанын көрсетеді. Мемлекеттік органның ресми құжаттарында атау мен негізгі мазмұнның өзара сәйкестігі маңызды. Егер құжат атауы мемлекеттік тілде ұсынылса, оның мазмұны да сол тілде толық берілуі немесе екі тілдегі тең баламалы нұсқасы орналастырылуы қажет.

Осыған байланысты аталған құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын әзірлеп, ресми интернет-ресурста қазақ тілінде жариялау, сондай-ақ салалық құжаттарды орналастыру кезінде тілдік талаптардың бірізді сақталуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Қауіпсіздік паспортына» қатысты жарияланған ақпаратқа талдау жүргізу барысында құжаттың екі тілде нұсқасы бар екені анықталды. Алайда олардың жариялану мерзімінде айырмашылық байқалады: мемлекеттік тілдегі нұсқасы 2024 жылғы 20 наурызда жарияланған болса, орыс тіліндегі нұсқасы 2025 жылғы 30 сәуірде жаңартылып берілген.


Бұл жағдай құжаттардың тілдік нұсқалары арасындағы өзектілік деңгейінің біркелкі сақталмауын көрсетеді. Нәтижесінде, мемлекеттік тілдегі нұсқа салыстырмалы түрде ескірек болып отыр.

Осыған байланысты, құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын да орыс тіліндегі соңғы редакцияға сәйкес жаңарту және екі тілдегі нұсқалардың бір мезгілде өзекті болуын қамтамасыз ету ұсынылады.

«Салалық құжаттар» бөлімінде орналастырылған материалдардың атауларына жүргізілген талдау барысында орфографиялық қате анықталды. Атап айтқанда, **«паспорты»** сөзінің орнына **«пасапорты»** түрінде қате жазылған нұсқа қолданылған.

Мұндай қателер ресми интернет-ресурста жарияланатын ақпараттың тілдік сапасына әсер етеді. Мемлекеттік органның ресми материалдарында орфографиялық нормалардың сақталуы, сөздердің дұрыс жазылуы және құжат атауларының сауатты рәсімделуі ақпараттың сапасы мен ресмилігін қамтамасыз ететін маңызды талаптардың бірі.

Осыған байланысты анықталған қатені түзетіп, құжат атауын тіл нормаларына сәйкес рәсімдеу, сондай-ақ ресми ресурста жарияланатын барлық материалдарды орналастыру алдында тілдік және редакциялық тексеруден өткізу ұсынылады.



«Бюджет» бөлімінде орналастырылған *«Азаматтық бюджет қаржыландыру жоспары»* атты құжатқа жүргізілген талдау барысында ақпаратты ұсыну форматына қатысты тілдік сәйкессіздік анықталды. Аталған материал фотосурет (инфографика) түрінде ұсынылғанымен, оның ішіндегі барлық деректер тек орыс тілінде берілген.

Ақпаратты визуалды форматта ұсыну кезінде де тілдік қолжетімділік талаптары сақталуы қажет. Себебі инфографика, кесте, сызба немесе сурет түрінде берілген мәліметтер де ресми ақпараттың құрамдас бөлігі болып табылады және пайдаланушыларға түсінікті болуы үшін мемлекеттік тілде де қатар ұсынылуы тиіс.

Осыған байланысты аталған инфографиканы мемлекеттік тілдегі нұсқамен толықтырып, бюджет саласына қатысты барлық визуалды материалдардың қазақ және орыс тілдерінде бірдей қолжетімді болуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде ақпаратты орналастыру, мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі және құжаттарды рәсімдеу бағыттарында жетілдіруді қажет ететін мәселелер анықталды.

Талдау барысында жекелеген ресми құжаттардың атауы мемлекеттік тілде берілгенімен, негізгі мазмұнының орыс тілінде ұсынылғаны байқалды. Бұл жағдай ресми ақпараттың тілдік бірізділігіне және азаматтардың ақпаратқа тең дәрежеде қол жеткізу мүмкіндігіне кері әсерін тигізеді.

Сонымен қатар салалық және бюджеттік бағыттағы материалдарды жариялау кезінде орфографиялық қателердің кездесуі, визуалды форматтағы ақпараттың тек бір тілде ұсынылуы ресми ресурстағы ақпараттың сапасын арттыру қажеттілігін көрсетеді. Мемлекеттік органның интернет-ресурсында жарияланатын кез келген құжат, оның ішінде инфографика, кесте және қосымша материалдар да тіл заңнамасы талаптарына сәйкес рәсімделуі маңызды.

Жалпы алғанда, сайтта қажетті ақпараттық бөлімдер қалыптасқанымен, материалдарды мемлекеттік тілде толықтыру, құжаттарды бірыңғай тілдік талаптарға сәйкес орналастыру және редакциялық бақылауды күшейту қажет.

Ресми интернет-ресурста жарияланған барлық құжаттар мен материалдарды қайта қарап, мемлекеттік тілдегі нұсқаларының толық әрі сапалы болуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Сондай-ақ, ресми ресурста орналастырылатын материалдарды алдын ала орфографиялық және редакциялық тексеруден өткізу арқылы қателерді

болдырмау, ақпараттың сапасы мен мемлекеттік тілдегі мазмұн көлемін арттыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізу ұсынылады.

Ұсыныстар

Өңірлік төтенше жағдайлар департаменттерінің ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижелері негізінде анықталған кемшіліктерді жою және ақпараттық ресурстардың сапасын арттыру мақсатында төмендегі ұсыныстар беріледі:

1. Мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттыру. Ресми интернет-ресурстарда орналастырылатын барлық ақпарат, оның ішінде ресми құжаттар, есептер, баяндамалар, жоспарлар, бұйрықтар, қаржылық есептілік және салалық материалдар мемлекеттік тілде толық ұсынылуы қажет. Құжат атауы ғана емес, негізгі мазмұны да қазақ тілінде қолжетімді болуы қамтамасыз етілуі тиіс.

. Қаржылық және есептік құжаттарды екі тілде жариялау. Бюджет, мемлекеттік аудит, қаржылық есептілік, мемлекеттік сатып алу және өзге де қоғамдық маңызы бар материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын міндетті түрде орналастыру ұсынылады. Бұл азаматтардың мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен есептілігі туралы ақпаратқа тең қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

. Сайт бөлімдерін тұрақты жаңарту және толықтыру. «Негізгі құжаттар», «Салалық құжаттар», «Бюджет», «Кадр саясаты» және басқа да бөлімдердегі ақпаратты жүйелі түрде қайта қарап, ескірген немесе өзектілігін жоғалтқан материалдарды жаңарту қажет. Бос тұрған немесе жұмыс істемейтін сілтемелерді қалпына келтіріп, бөлімдерді ақпаратпен толық қамтамасыз етілуін бақылауға алу ұсынылады.

. Ақпараттың тілдік бірізділігін сақтау. Орташа және жоғары тәуекел деңгейіндегі ресурстарда кездескен атауы мемлекеттік тілде беріліп, мазмұны басқа тілде ұсынылған жағдайларды болдырмау қажет. Құжат атаулары, бөлім атаулары және негізгі мәтіндер бірыңғай тілдік талаптарға сәйкес рәсімделуі тиіс.

5. Төтенше жағдайларға қатысты ақпараттың мемлекеттік тілдегі қолжетімділігін қамтамасыз ету. Азаматтардың қауіпсіздігіне қатысты нұсқаулықтар, жадынамалар, инфографикалар және түсіндіру материалдары қазақ және орыс тілдерінде қатар ұсынылуы қажет. Себебі мұндай ақпараттың уақтылы әрі түсінікті берілуі қоғамдық қауіпсіздік үшін маңызды.

. Орфографиялық және редакциялық бақылауды күшейту. Ресми интернет-ресурстарда жарияланатын материалдарды орналастыру алдында тілдік сараптамадан өткізу ұсынылады. Құжат атауларындағы, бөлім атауларындағы және мәтіндердегі орфографиялық қателерді жою ақпараттың сапасы мен мемлекеттік органның ресми имиджін арттырады.

7. Ресми іс қағаздарын жүргізуде бекітілген салалық терминдерді қолдану. Барлық төтенше жағдайлар департаменттеріне ресми құжаттарды, ақпараттық материалдарды және интернет-ресурстардағы жарияланымдарды әзірлеу барысында бекітілген салалық терминдерді бірізді қолдану ұсынылады. Құжаттарда әртүрлі баламаларды қатар пайдалануға жол бермей, «Республикалық терминологиялық комиссиясы» бекіткен терминдерді негізге

алу қажет. Бұл ресми құжаттардың сапасын арттырып, терминологиялық бірізділікті қамтамасыз етеді. Практикалық жұмыста терминдердің дұрыс қолданысын тексеру және бірыңғай терминологиялық қорды пайдалану мақсатында Termincom.kz (Терминком) ақпараттық ресурсын тұрақты қолдану ұсынылады.

. Жоғары және орташа тәуекел деңгейіне жатқызылған департаменттер бойынша қайта бақылау жүргізу. 0–8 балл жинаған ұйымдар анықталған кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, мониторинг барысында нәтижелерін көрсетуі қажет. Әсіресе жоғары тәуекел деңгейіндегі департаменттерде мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттыру және ресми құжаттардың толық қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға басымдық берілуі тиіс.

Жалпы, ресми интернет-ресурстарды жүргізу барысында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, ақпараттың толықтығы мен өзектілігін сақтау және пайдаланушылар үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз ету негізгі бағыт ретінде белгіленуі қажет.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне қарасты ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне қарасты **11** ұйымның ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде ұйымдардың мемлекеттік тілдегі ақпараттық қамтылу деңгейі, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ашықтық көрсеткіштері, контенттің толықтығы, ақпараттық белсенділігі және пайдаланушылармен өзара байланыс мүмкіндіктері **6** негізгі өлшемшарт бойынша бағаланды.

Мониторинг қорытындысы бойынша ұйымдардың жалпы көрсеткіштері әртүрлі деңгейде қалыптасқаны байқалды. Бағалау нәтижесінде ең жоғары көрсеткішті Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы иеленіп, **10 балл** жинады.

Келесі жоғары нәтижелер Ұлттық спорттық медицина және оңалту орталығы **(8 балл),** Алматы қаласының жоғары спорт шеберлігі мектебі және «Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы **(7 балл)** бойынша тіркелді.

Жалпы зерделеу нәтижесінде ұйымдардың көпшілігінде мемлекеттік тілдегі интерфейс қолжетімді болғанымен, ақпараттық мазмұнның толықтығы мен тілдік теңгерімділігі барлық ресурстарда бірдей қамтамасыз етілмегені анықталды.

Бағалау нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы Допингке қарсы ұлттық орталығы, Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы, «Олимп» спорттық-сауықтыру орталығы, «Қазспортинвест» акционерлік қоғамы **6 балдан** жинады.

Төмен деңгейдегі көрсеткіштерді Қазақстанның велосипед спорты федерациясы, Қазақстанның ат спорты федерациясы, «Сарыарқа» республикалық велотрегі көрсетті **(5 балл).**

Алты өлшемшарт бойынша жүргізілген талдау мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі бағытында оң өзгерістер бар екенін көрсетті. Көптеген ұйымдардың сайттары қазақ тілінде ашылады немесе мемлекеттік тілге ауысу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл мемлекеттік тілдегі цифрлық кеңістікті қалыптастыру бағытындағы маңызды қадам екені даусыз.

Сонымен бірге негізгі мәселелердің бірі – мемлекеттік тілдегі контенттің толықтығы. Бірқатар интернет-ресурста қазақ тіліндегі бөлімдер болғанымен, барлық материалдардың мазмұндық сәйкестігі сақталмаған. Яғни, сайттың негізгі беті қазақ тілінде ұсынылғанымен, ішкі құжаттар, есептер, жоспарлар және ресми материалдар көбіне орыс тілінде орналастырылған. Бұл мемлекеттік тілдегі нұсқаның толыққанды жұмыс істеуіне кедергі келтіреді.

Ресми және құқықтық ақпаратты ұсыну бағыты бойынша да ортақ мәселелер анықталды. Ұйымдардың бір бөлігінде нормативтік құжаттар, ішкі актілер, даму жоспарлары, сатып алу құжаттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы материалдар және есептік ақпарат қазақ тілінде толық ұсынылмаған. Мұндай құжаттар ұйым қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін негізгі ақпарат көздері болғандықтан, олардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларының болуы маңызды.

Ашықтық және ақпараттың толықтығы бағыты бойынша ұйымдардың көпшілігінде жетілдіру қажет тұстар бар. Сайттарда ұйым тарихы, басшылық құрамы, құрылымы, қызмет нәтижелері және статистикалық көрсеткіштер туралы ақпарат жеткіліксіз. Ресми интернет-ресурс тек ақпарат орналастыратын платформа емес, ұйым қызметінің ашықтығын көрсететін негізгі құрал болғандықтан, мұндай бөлімдердің толық болуы маңызды.

Ақпараттық белсенділік бағыты бойынша бірқатар ұйымдарда жаңалықтар, іс-шаралар, фотоматериалдар және бейнематериалдар жарияланғанымен, кей ресурстарда жаңарту деңгейі төмен немесе визуалды контент жеткіліксіз. Қазіргі цифрлық ортада пайдаланушылар үшін мәтіндік ақпаратпен қатар сапалы фото және бейнематериалдардың тұрақты ұсынылуы маңызды.

Пайдаланушымен өзара байланыс бағыты бойынша негізгі кемшілік – интерактивті сервистердің жеткіліксіздігі. Бірқатар ұйымдарда «Сұрақ-жауап», кері байланыс формалары, онлайн өтініш беру мүмкіндіктері немесе пайдаланушы сұраныстарына арналған арнайы бөлімдер қарастырылмаған. Бұл азаматтармен тиімді коммуникация орнату мүмкіндігін төмендетеді.

Жалпы алғанда, ҚР Туризм және спорт министрлігіне қарасты ұйымдардың ресми интернет-ресурстарының мемлекеттік тілдегі деңгейі біркелкі емес. Ұйымдарда ақпараттық база қалыптасқан және сайт мазмұны жүйеленген болса, бірқатар ресурстарда мемлекеттік тілдегі ақпараттың көлемін арттыру, ресми және қаржылық құжаттарды қазақ тілінде орналастыру, ашықтық көрсеткіштерін күшейту және пайдаланушыларға арналған сервистерді дамыту қажеттілігі байқалады.

Мониторинг нәтижелері көрсеткендей, алдағы кезеңде ұйымдардың интернет-ресурстарын 6 өлшемшартқа сәйкес жүйелі жетілдіру, мемлекеттік тілдегі контенттің сапасы мен көлемін арттыру, барлық ресми құжаттарды мемлекеттік тілде ұсыну және цифрлық коммуникация мүмкіндіктерін кеңейту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажет.

ҚР Туризм және спорт министрлігіне қарасты ұйымдардың 6 өлшемшартқа сәйкес жиынтық нәтижесі

№	Атауы	1-бағыт	2-бағыт	3-бағыт	4-бағыт	5-бағыт	6-бағыт	Жалпы балл
1.	Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы	2	2	1	2	2	1	**10**
2.	Ұлттық спорттық медицина және оңалту орталығы	2	2	0	1	2	1	**8**
3.	Алматы қаласының жоғары спорт шеберлігі мектебі	2	2	0	2	1	0	**7**
4.	«Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы	2	1	1	1	1	1	**7**
5.	Қазақстан Республикасы Допингке қарсы ұлттық орталығы	2	1	1	1	1	0	**6**
6.	Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы	2	1	1	1	1	0	**6**
7.	«Олимп» спорттық-сауықтыру орталығы	1	2	0	1	1	1	**6**
8.	«Қазспортинвест» акционерлік қоғамы	2	1	1	1	1	0	**6**
9.	«Сарыарқа» республикалық велотрек	2	1	0	1	1	0	**5**
10.	Қазақстанның велосипед спорты федерациясы	1	2	0	0	1	1	**5**
11.	Қазақстанның ат спорты федерациясы	2	1	0	1	1	0	**5**

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕУ

Ұсынылған бағалау тәсіліне сәйкес мониторинг нәтижесінде **11** ұйым үш тәуекел деңгейіне бөлінді.

Төмен тәуекел деңгейіндегі ұйымдар (9–12 балл)

Бұл санатқа интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығы, мазмұнның жүйелілігі, ресми мәліметтердің қолжетімділігі және пайдаланушыларға арналған ақпараттық мүмкіндіктері жоғары деңгейде қамтамасыз етілген ұйымдар жатады.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы	**10**	Төмен

Аталған ұйымның интернет-ресурсында мемлекеттік тілдегі ақпарат толық әрі жүйелі ұсынылған. Негізгі бөлімдер бойынша мәліметтердің қамтылуы жоғары деңгейде, ақпарат құрылымы пайдаланушыларға түсінікті ұйымдастырылған. Сайттағы ақпарат белгіленген **6 бағыт** бойынша талаптарға басым түрде сәйкес келеді. Осыған байланысты келесі мониторинг кезеңінде қайта тексеруді қажет етпейтін ұйымдар қатарына жатқызылады.

Орташа тәуекел деңгейіндегі ұйымдар (6–8 балл)

Бұл санатқа интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі нұсқасы болғанымен, жекелеген бөлімдерде ақпарат толық емес, ресми құжаттардың немесе қосымша сервистердің мемлекеттік тілдегі нұсқасы жеткіліксіз ұсынылған ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Ұлттық спорттық медицина және оңалту орталығы	**8**	Орташа
2.	Алматы қаласының жоғары спорт шеберлігі мектебі	**7**	Орташа
3.	Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы	**7**	Орташа
4.	Қазақстан Республикасы Допингке қарсы ұлттық орталығы	**6**	Орташа
5.	Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы	**6**	Орташа
6.	«Олимп» спорттық-сауықтыру орталығы	**6**	Орташа
7.	«Қазспортинвест» акционерлік қоғамы	**6**	Орташа

Бұл ұйымдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі бөлімдер қарастырылған және негізгі ақпараттың бір бөлігі қазақ тілінде ұсынылған. Алайда мониторинг барысында ресми құжаттардың, қаржылық есептердің, даму жоспарларының, сатып алу материалдарының, талдамалық ақпараттың немесе жекелеген бөлімдердің мемлекеттік тілде толық берілмеуі анықталды.

Аталған ұйымдарға анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдар беріліп, келесі мониторинг барысында орындалу деңгейіне қайта бақылау жүргізу қажет.

Жоғары тәуекел деңгейіндегі ұйымдар (0–5 балл)

Бұл санатқа мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемі жеткіліксіз, ресми құжаттар мен негізгі бөлімдердің қазақ тіліндегі нұсқасы толық қамтамасыз етілмеген ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Қазақстанның велосипед спорты федерациясы	**5**	Жоғары
2.	Қазақстанның ат спорты федерациясы	**5**	Жоғары
3.	«Сарыарқа» республикалық велотрек	**5**	Жоғары

Аталған ұйымдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі нұсқа болғанымен, ақпараттық толықтық, ресми құжаттардың қолжетімділігі, ұйым туралы негізгі мәліметтердің берілуі және ашықтық бағыттары бойынша бірқатар кемшіліктер анықталды. Негізгі материалдар тек орыс тілінде ұсынылған немесе қазақ тіліндегі нұсқалары толық орналастырылмаған.

Осыған байланысты бұл ұйымдар жоғары тәуекел деңгейіне жатқызылып, анықталған кемшіліктерді жою бойынша ресми хаттар жолдау және келесі мониторинг кезінде қайта тексеру ұсынылады.

Жалпы бағалау көрсеткендей, ұйымдардың басым бөлігінде мемлекеттік тілдегі интернет-ресурс қалыптасқанымен, негізгі мәселелер ресми, қаржылық, есептік және құқықтық құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын толық орналастыру, ақпараттық бөлімдердің мазмұнын кеңейту, пайдаланушыларға арналған сервистерді жетілдіру бағыттарында байқалады.

АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР


Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы


Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығының ресми интернет-ресурсы https://rumac.kz/kz сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Интернет-ресурста орталықтың қалыптасу тарихы, ұйымдық құрылымы, негізгі қызмет бағыттары және басшылық құрамына қатысты мәліметтер орналастырылып, пайдаланушылар үшін қолжетімді форматта ұсынылған.

Алайда, мемлекеттік тілдегі контенттің жүйелі түрде жаңартылмауы байқалды. Бұл пайдаланушылардың өзекті ақпаратты уақытылы алу мүмкіндігіне әсер етеді және мемлекеттік тілдегі ақпараттық қолжетімділік деңгейін төмендетеді.

Бұдан бөлек, басты бетте қаржылық есепке қатысты ресми құжаттар ашық түрде орналастырылғанымен, ***«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар»*** бөліміндегі *«Қаржы», «Мемлекеттік сатып алу жоспары», «Аналитикалық есеп», «Кодекс/нұсқаулық»* тарауларында жарияланған құжаттардың атаулары қазақ тілінде беріліп, мазмұны толықтай орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Аталған жағдай тілдік бірізділіктің сақталуына кері әсер етеді.

Осыған байланысты, мемлекеттік тілдегі контенттің тұрақты жаңартылуын қамтамасыз ету және ресми құжаттардың қазақ тіліндегі толыққанды нұсқаларын орналастыру ұсынылады.





Қорыта айтқанда интернет-ресурс құрылымы пайдаланушыларға қолайлы форматта ұйымдастырылған. Орталықтың қызметіне қатысты негізгі ақпарат

орналастырылып, ресми құжаттардың бір бөлігі ашық түрде ұсынылған. Сонымен қатар, қаржылық есепке қатысты материалдардың қолжетімді болуы ақпараттық ашықтық қағидаттарының сақталғанын көрсетеді.

Жүргізілген мониторинг барысында сайттағы мемлекеттік тілдегі контенттің сапасын одан әрі жетілдіру қажеттілігі байқалды. Атап айтқанда, ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын толық көлемде енгізу, мемлекеттік тілдегі ақпараттың жүйелі жаңартылуын қамтамасыз ету және барлық бөлімдерде тілдік бірізділікті сақтау ұсынылады. Бұл пайдаланушылардың мемлекеттік тілде сапалы әрі толық ақпарат алу мүмкіндігін арттырады.

Сонымен қатар, интернет-ресурста пайдаланушылармен өзара байланысты күшейту мақсатында **«Сұрақ-жауап», «Кері байланыс»** секілді интерактивті бөлімдерді дамыту ұсынылады. Мұндай сервистер ақпаратқа қолжетімділікті арттырып қана қоймай, азаматтардың мекемемен тікелей байланыс орнатуына мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, сайттағы аналитикалық материалдарды, ресми хабарламаларды, әдістемелік ұсынымдарды және өзге де ақпараттық контентті мемлекеттік тілде тұрақты түрде жариялау маңызды.

Ұлттық спорттық медицина және оңалту орталығы

Интернет-ресурс https://sportmed.kz/ сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың басым бөлігі қазақ тілінде ұсынылып, интерфейс элементтері де мемлекеттік тілде қолжетімді. Сайт құрылымы пайдаланушыларға ыңғайлы форматта ұйымдастырылып, негізгі бөлімдер бойынша навигация жасау мүмкіндігі қарастырылған.

Басты беттегі ***«Орталық туралы»*** бөлімнің **«Лицензия»** кіші бөлімінде орналастырылған құжаттың орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Сонымен қатар, ***«Қызметтер»*** бөліміндегі **«Медициналық қызметтер»** кіші бөліміндегі ақпарат та орыс тілінде берілген. Аталған жағдайлар мемлекеттік тілдегі ресми және қызметтік ақпараттың тең дәрежеде қолжетімді болуына кері әсер етеді.

Осыған байланысты, орталықтың қызметіне қатысты мәліметтерді мазмұндық тұрғыдан кеңейту, ұйым тарихы мен құрылымына байланысты ақпаратты толықтыру, сондай-ақ лицензиялық және медициналық қызметтерге қатысты материалдарды мемлекеттік тілде орналастыру ұсынылады.

Бұдан бөлек, басты беттегі ***«Оқыту»*** бөліміндегі **«Жоғары жетістікті спортта спорттық тамақтану қоспаларын қолданудың практикалық нұсқаулығы»** кіші бөлімінде орналастырылған нұсқаулықтардың орыс тілінде жүктелгені анықталды. Бұл мемлекеттік тілдегі әдістемелік және оқу материалдарының толық ұсынылмағанын көрсетеді. Осыған байланысты, аталған нұсқаулықтардың қазақ тіліндегі нұсқаларын орналастыру ұсынылады. Сонымен қатар басты беттегі **«Акциялар»** бөлімінің қолжетімсіз екені байқалды. Аталған бөлім ашылмайтындықтан, пайдаланушылар қажетті ақпаратқа қол жеткізе алмайды. Бұл интернет-ресурстың техникалық қолжетімділігі мен ақпараттық толықтығына кері әсер етеді. Осыған байланысты

бөлімнің техникалық жұмысын қалпына келтіріп, тиісті ақпаратпен толықтыру ұсынылады.



Қорытындылай келе, интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді және сайт құрылымы жалпы талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Дегенмен, интернет-ресурстың мазмұндық және тілдік сапасын одан әрі жетілдіру мақсатында бірқатар бағыттар бойынша толықтыру жұмыстарын жүргізу қажет.

Атап айтқанда, мемлекеттік тілдегі контент көлемін арттыру, қазақ тіліндегі ресми және әдістемелік құжаттарды орналастыру, ұйым қызметіне қатысты ақпаратты кеңейту және барлық бөлімдерде тілдік бірізділікті сақтау ұсынылады.


Сонымен қатар ақпараттық белсенділікті арттыру мақсатында жаңалықтар, түсіндірме материалдар, инфографикалар, оқыту материалдары және өзге де визуалды контенттерді мемлекеттік тілде тұрақты жариялап отыру маңызды. Бұл пайдаланушылардың қажетті ақпаратты қолжетімді әрі түсінікті форматта алуға мүмкіндік береді.


Бұдан бөлек, сайттың техникалық тұрақтылығын қамтамасыз ету, барлық бөлімдердің үздіксіз жұмыс істеуін бақылау, пайдаланушылармен өзара байланысты күшейтуге арналған сервистерді дамыту және интернет-ресурсты бекітілген өлшемшарттарға сәйкес тұрақты жаңартып отыру ұсынылады.

Алматы қаласының жоғары спорт шеберлігі мектебі

Жүргізілген мониторинг барысында https://shvsmalmaty.kz/kk/kontakty-2/ сілтемесі бойынша интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі ақпараттық қамтылуы жеткілікті деңгейде екені анықталды. Сайтта ұйымның қызметіне қатысты негізгі мәліметтер, оның ішінде тарихы, басқару құрылымы, қызмет бағыттары, байланыс деректері мен ұйымдық ерекшеліктері қазақ тілінде толық әрі түсінікті түрде ұсынылған. Бұл пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа мемлекеттік тілде еркін қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Алайда, сайт бөлімдерінде тілдік бірізділіктің сақталмауы байқалды. Атап айтқанда, басты бетте орналасқан **«Новости»** атауы қазақ тіліндегі интерфейстің мазмұнымен үйлеспейді және қазақ тілі нормаларына сәйкес рәсімдеуді қажет етеді. Бұдан бөлек, ***«Парақорлыққа қарсы»*** бөлімінде жарияланған *«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар»* құжаты тек орыс тілінде ұсынылған. Мұндай жағдай пайдаланушылардың ресми ақпаратпен қазақ тілінде толыққанды танысу мүмкіндігін шектейді және интернет-ресурстың тілдік сапасын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.





Сонымен қатар интернет-ресурста ұйым қызметінің нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік беретін **есептік көрсеткіштер** мен **ресми актілік құжаттар** орналастырылмаған. Мұндай ақпараттың болмауы мекеме қызметінің ашықтығы мен есептілік деңгейін толық бағалауға кедергі келтіреді. Сондай-ақ пайдаланушылардың сұраныстарына жедел жауап алуға және қажетті ақпаратты нақтылауға мүмкіндік беретін **«Сұрақ-жауап»** сервисінің қарастырылмауы кері байланыс тетіктерінің жеткіліксіз дамығанын көрсетеді.

Бұдан бөлек, мемлекеттік тілдегі контенттің басым бөлігі толық ұсынылғанымен, жекелеген бөлімдерде қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттық теңгерім сақталмаған. Атап айтқанда, қаржыға қатысты материалдар мен құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімсіз немесе толық орналастырылмаған. Бұл жағдай пайдаланушылардың ресми ақпаратқа қазақ тілінде толық көлемде қол жеткізу мүмкіндігін шектейді және интернет-ресурстың тілдік саясатын жетілдіру қажеттігін айқындайды.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі ақпараттық қамтылу деңгейі қанағаттанарлық екені анықталды. Сайтта ұйымның қызметіне қатысты негізгі мәліметтер жүйеленіп ұсынылған және пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа қол жеткізуіне мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар интернет-ресурстың мазмұндық сапасын, ашықтығын және пайдаланушыға бағдарланған функционалдық мүмкіндіктерін одан әрі жетілдіру әлеуеті сақталып отыр. Бұл өз кезегінде ақпараттық ресурстың тиімділігін арттырып, мемлекеттік тілдегі контенттің сапалық деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Интернет-ресурсты жетілдіру мақсатында барлық бөлімдердегі ақпараттың мемлекеттік тілде толық әрі бірізді ұсынылуын қамтамасыз ету, ресми және есептік сипаттағы материалдардың қолжетімділігін кеңейту, ашықтыққа қатысты ақпаратты жүйелі түрде жариялау, пайдаланушылармен кері байланысты күшейтетін сервистерді дамыту, контенттің өзектілігін тұрақты жаңартып отыру және визуалды материалдардың сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады.


«Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы

Жүргізілген мониторинг барысында https://copzvs.kz/mainpage-kz интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді екені және сайттағы ақпараттың жүйелі әрі мазмұнды түрде ұсынылғаны анықталды.

Ресурстың құрылымы пайдаланушылар үшін түсінікті ұйымдастырылған, негізгі бөлімдер бойынша қажетті мәліметтермен танысуға мүмкіндік береді.

Алайда, сайттың жекелеген бөлімдерінде тілдік бірізділік толық сақталмаған. Атап айтқанда, ***«Галерея»*** бөліміндегі **«Фото»** және **«Видео»** кіші бөлімдеріне өткен кезде беттердің орыс тілінде ашылатыны байқалады. Бұл мемлекеттік тілдегі интерфейстің тұтастығына әсер етеді. Сондай-ақ аталған атауларды қазақ тілінің қолданыс нормаларына сәйкес **«Фотосуреттер»** немесе «**Суреттер»** және **«Бейне»** түрінде беру қажет.

Бұдан бөлек, ***«Біз туралы»*** бөлімнің **«Ынтымақтастық»** кіші бөлімінде жарияланған *«Меморандум»* құжатының тек орыс тілінде орналастырылғаны анықталды. Құжаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасының болмауы ресми материалдардың қазақ тілінде толық ұсынылу қағидатына сәйкес келмейді және пайдаланушылардың ақпаратпен мемлекеттік тілде танысу мүмкіндігін шектейді. Мұндай жағдай интернет-ресурстағы тілдік теңгерімді сақтау және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажеттігін көрсетеді.


ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Меморандум

МЕМОРАНДУМ
о сотрудничестве и совместной деятельности между
ГУ «Управление физической культуры и спорта Акмолинской области» и
РГКП «Центр олимпийской подготовки по зимним видам спорта»
Комитета по делам спорта и физической культуры
Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

г. Кокшетау «26» июля 2022 год

Государственное учреждение «Управления физической культуры и спорта Акмолинской области» (далее – управление) в лице руководителя Букубаева Асета Кайратовича, действующего на основании Положения об управлении, с одной стороны и Республиканское государственное казенное предприятие «Центр олимпийской подготовки по зимним видам спорта» Комитета по делам спорта и физической культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

Бұдан басқа, ***«Салыстырмалы талдау»*** бөлімінде орналастырылған құжаттардың барлығы орыс тілінде берілген. Мемлекеттік тілдегі нұсқалардың болмауы талдамалық ақпараттың қазақ тілінде қолжетімділігін төмендетіп, бөлімнің мазмұндық толықтығына әсер етеді.

Осыған ұқсас жағдай ***«Медальдар бойынша ақпарат»*** бөлімінде де байқалды. Мұнда жарияланған материалдардың тек орыс тілінде ұсынылуы пайдаланушылардың қажетті мәліметтермен мемлекеттік тілде танысу мүмкіндігін шектейді. Сондай-ақ ***«Түсіндірме жазба»*** бөлімінде орналастырылған 2020–2022 жылдарға қатысты құжаттардың да қазақ тіліндегі нұсқалары қарастырылмаған. Бұл ресми және талдамалық ақпаратты ұсынуда тілдік теңгерімнің толық сақталмағанын көрсетеді.

«Құқықтық ақпарат» бөлімінде де жекелеген ұйымдастырушылық кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, *«Қазақстан Республикасының спорттық этикасы»* құжатын орналастыру барысында орыс тіліндегі нұсқа бірінші кезекте беріліп, мемлекеттік тілдегі нұсқа кейін көрсетілген. Мемлекеттік тілдегі интернет-ресурс үшін қазақ тіліндегі құжаттардың басымдықпен ұсынылуы маңызды. Сонымен қатар, осы бөлімдегі *«Адалдық алаңы»* сілтемесінің жұмыс істемеуі пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін төмендетеді.


Интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі сапасы мен ақпараттық қолжетімділігін арттыру мақсатында талдамалық, статистикалық, түсіндірмелік және құқықтық сипаттағы барлық құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын толық орналастыру, мультимедиалық бөлімдердегі атауларды мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестендіру, ресми құжаттарды жариялау кезінде қазақ тіліндегі нұсқаларға басымдық беру, сайттың барлық бөлімдерінде тілдік бірізділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтық, ақпараттың толықтығы, ақпараттық белсенділік және пайдаланушымен өзара байланыс өлшемшарттарына сәйкес контентті жүйелі түрде жаңартып отыру ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Допингке қарсы ұлттық орталығы

Жүргізілген мониторинг барысында https://kaznadc.kz/about-us-kz/ сілтемесіндегі интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді екені және сайттағы ақпараттың едәуір бөлігі қазақ тілінде ұсынылғаны анықталды. Интерфейстің мемлекеттік тілде жұмыс істеуі пайдаланушыларға ақпаратты ыңғайлы қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар интернет-ресурста ұйым туралы мәліметтердің толықтығына қатысты бірқатар олқылықтар байқалады. Атап айтқанда, **орталықтың қалыптасу тарихы** мен **басшылық құрамы** туралы ақпараттың орналастырылмауы пайдаланушылардың ұйым қызметі жөнінде жан-жақты мәлімет алу мүмкіндігін шектейді. Сондай-ақ бөлімдерде ақпараттың мазмұндық қамтылуы жеткіліксіз болып, ресми ресурстың ақпараттық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік бермейді.

Бұдан бөлек, ***«Біз туралы»*** бөлімдегі **«Орталық іс-әрекеттерінің бағыттары»** кіші бөлімінде жарияланған *«2022–2023 жылдарға арналған жылдық есептің»* ағылшын тілінде орналастырылуы мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық қолжетімділігі қағидатына сәйкес келмейді. Мұндай құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқасының болмауы пайдаланушылардың ресми материалдармен мемлекеттік тілде танысу мүмкіндігін шектейді.



Сондай-ақ ***«Галерея»*** бөлімінде жарияланған фотоматериалдардың тақырыпшалары орыс тілінде берілген. Мемлекеттік тілдегі интерфейс жағдайында мультимедиалық контенттің де бірыңғай тілдік форматта ұсынылуы маңызды. Бұл интернет-ресурстың тілдік тұтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге де ықпал етеді.

Сонымен қатар интернет-ресурста ашықтық пен ақпараттың толықтығына қатысты бөлімдерде мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі біркелкі сақталмаған. Атап айтқанда, ***«Кәсіпорынның бюджеті»*** бөлімінде орналастырылған құжаттың тек орыс тілінде ұсынылуы пайдаланушылардың қаржылық ақпаратпен қазақ тілінде танысу мүмкіндігін шектейді.

Осыған ұқсас жағдай ***«Мемлекеттік сатып алулар»*** бөлімінде де байқалады. Сатып алу жоспарына қатысты құжаттардың орыс тілінде жариялануы және ***«Архив»*** бөлімінде 2025 жылға арналған материалдардың мемлекеттік тілде қолжетімсіз болуы ресми ақпараттың тілдік теңгерімін қамтамасыз ету талаптарына толық сәйкес келмейді. Бұл өз кезегінде интернет-ресурстың ашықтық деңгейіне және ақпаратқа қолжетімділік сапасына әсер етеді.

Бұдан бөлек, ***«Білім»*** бөліміндегі **«Білім беру құралдары»** кіші бөлімінде орналастырылған файлдың орыс тілінде жүктелуі мемлекеттік тілдегі контенттің жүйелілігін төмендетеді. Сондай-ақ ***«Сұраулар»*** бөлімінде жарияланған файлдардың тақырыпшаларының ағылшын тілінде берілуі қазақ тіліндегі интерфейстің мазмұнымен үйлеспейді. Интернет-ресурста құжаттар, олардың атаулары мен түсіндірме материалдары бірыңғай тілдік қағидат негізінде ұсынылуы қажет. Бұл пайдаланушыларға ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп қана қоймай, мемлекеттік тілдің ресми коммуникация құралы ретіндегі мәртебесін нығайтуға ықпал етеді.

Интернет-ресурстың ақпараттық сапасы мен мемлекеттік тілдегі контенттің үлесін арттыру мақсатында ұйымның тарихы, басшылық құрамы және қызмет бағыттары туралы мәліметтерді толықтыру, барлық ресми, қаржылық, есептік және сатып алуға қатысты құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын орналастыру, құжаттар мен материалдардың атауларын бірыңғай тілдік талаптарға сәйкестендіру, галерея мен білім беру бөлімдеріндегі мультимедиалық және анықтамалық контентті толық қазақ тілінде ұсыну, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ететін ақпараттың көлемін кеңейту, сондай-ақ пайдаланушыларға арналған сервистер мен ақпараттық ресурстарды алты өлшемшарт талаптарына сәйкес жүйелі түрде жаңартып және толықтырып отыру ұсынылады.

Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы


Жүргізілген мониторинг нәтижесінде https://csp-parasport.kz/?lang=kk интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді болғанымен, ақпараттық қамтылу деңгейі жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілмегені анықталды. Сайтта орналастырылған материалдардың мазмұны толық емес, жекелеген бөлімдерде пайдаланушылар үшін маңызды мәліметтер жеткіліксіз көлемде берілген. Әсіресе, **ұйымның қалыптасу тарихы** мен **басшылық құрамы** туралы ақпараттың болмауы ұйым қызметінің ашықтығы мен таныстырылымдық деңгейіне әсер етеді.

Сонымен қатар ***«Құжаттар»*** бөліміндегі контенттің құрылымы мен мазмұндық сапасы ресми интернет-ресурстарға қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Ақпараттың толық ұсынылмауы пайдаланушылардың мекеме қызметі туралы жан-жақты мәлімет алу мүмкіндігін шектейді және сайттың ақпараттық әлеуетін төмендетеді. Бұл интернет-ресурсты мазмұндық тұрғыдан жетілдіру, мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін ұлғайту және ұйым қызметіне қатысты негізгі мәліметтердің толықтығын қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасында ресми және стратегиялық сипаттағы құжаттардың мемлекеттік тілде толық ұсынылмауы байқалады. Атап айтқанда, ***«Кәсіпорын туралы»*** бөлімдегі **«Кәсіпорын құрылымы»** кіші бөліміндегі құжаттың орыс тілінде берілуі қазақ тіліндегі интерфейстің мазмұндық тұтастығын бұзады. Сондай-ақ осы бөлімде орналастырылған даму жоспарларының аралас тілде жариялануы және құжаттардың басым бөлігінің орыс тілінде ұсынылуы мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық қолжетімділігі қағидатына сәйкес келмейді.

Бұдан бөлек, ***«Спорттық-аналитикалық есеп»*** материалдарының орыс тілінде орналастырылуы пайдаланушылардың талдамалық ақпаратпен мемлекеттік тілде танысу мүмкіндігін шектейді. Бұл жағдай ресми құжаттар мен есептік материалдарды ұсынуда тілдік теңгерімнің сақталмай отырғанын көрсетеді.

Интернет-ресурстың есептілікке қатысты бөлімдерінде де ұқсас мәселелер кездеседі. Атап айтқанда, ***«Бюджет»*** бөлімінде жарияланған жылдық есептердің тек орыс тілінде берілген. Нәтижесінде, пайдаланушылар ұйым қызметінің қаржылық және стратегиялық көрсеткіштерімен қазақ тілінде толық көлемде таныса алмайды. Бұл интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі мазмұнын кеңейту және ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын жүйелі түрде орналастыру қажеттігін айқындайды.



Интернет-ресурсты белгіленген өлшемшарттарға сәйкес жетілдіру мақсатында кәсіпорынның тарихы, басшылық құрамы және ұйымдық құрылымы туралы мәліметтерді толықтыру, мемлекеттік тілдегі контенттің көлемін ұлғайту, даму жоспарлары, спорттық-аналитикалық есептер, жылдық есептер, бюджетке қатысты материалдар және өзге де ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын толық орналастыру, ақпараттың тілдік бірізділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ пайдаланушылар үшін маңызды ақпараттың қолжетімділігі мен

мазмұндық сапасын арттыру ұсынылады. Бұл шаралар интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі сапасын көтеруге, ақпараттың толықтығын қамтамасыз етуге және пайдаланушылардың ақпаратқа қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.


«Олимп» спорттық-сауықтыру орталығы

Жүргізілген мониторинг барысында https://sportqory.kz/ интернет-ресурсы **әдепкіде орыс тілінде** ашылатыны анықталды. Дегенмен пайдаланушылар үшін мемлекеттік тілге ауысу мүмкіндігі қарастырылған және сайт құрылымы навигация тұрғысынан қолайлы ұйымдастырылған. Ресурста орналастырылған материалдар мазмұндық жағынан жүйеленіп берілген, негізгі қызмет бағыттарына қатысты деректер жеткілікті деңгейде қамтылған.

Алайда, ресми құжаттарды ұсыну барысында тіл заңнамасы талаптарының толық сақталмағаны байқалады. Атап айтқанда, ***«Қор туралы»*** бөлімдегі ішкі нормативтік құжаттар қатарында орналастырылған *«Концепция деятельности Фонда на 2021–2023»* құжатының атауы мен мазмұны орыс тілінде берілген. Құжаттың қазақ тіліндегі нұсқасының болмауы ресми ақпараттың тілдік теңгеріміне әсер етіп, мемлекеттік тілде ақпарат алуға ниетті пайдаланушылар үшін қолайсыздық туғызады.

Мұндай жағдай мемлекеттік тілдегі контенттің сапалық деңгейін төмендетіп қана қоймай, ресми құжаттардың қолжетімділігіне қатысты талаптардың толық сақталмағанын көрсетеді. Сондықтан интернет-ресурста жарияланатын нормативтік және ұйымдастырушылық сипаттағы материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын толық көлемде ұсыну маңызды.

Интернет-ресурстың ***«Құжаттар»*** бөлімінде орналастырылған материалдардың едәуір бөлігі орыс тілінде ұсынылған. Құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларының болмауы ресми ақпараттың қолжетімділігіне кері әсерін тигізеді. Бұл жағдай мемлекеттік тілде ақпарат алуға мүдделі пайдаланушылар үшін белгілі бір қиындықтар туғызады және тілдік теңгерімді қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді.



Сондай-ақ сайт құрылымында қолданылған жекелеген атаулардың ресми терминологиялық қолданысқа сәйкес келмеуі байқалады. Атап айтқанда, ***«Вакансиялар»*** бөлімінің атауын мемлекеттік басқару және құжат жүргізу

тәжірибесінде кеңінен қолданылатын *«Бос жұмыс орындары»* атауымен алмастыру орынды. Мұндай өзгеріс интернет-ресурстың тілдік мәдениетін жетілдіруге, мемлекеттік тіл нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге және пайдаланушылар үшін ақпараттың түсініктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі сапасын арттыру мақсатында барлық ресми, нормативтік және ұйымдастырушылық құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын толық орналастыру, құжаттар бөліміндегі материалдардың тілдік теңгерімін қамтамасыз ету, мемлекеттік тілде ұсынылатын ақпарат көлемін ұлғайту, бөлім атауларын қолданыстағы тілдік және терминологиялық нормаларға сәйкестендіру, ашықтық пен ақпараттың толықтығын қамтамасыз ететін материалдарды тұрақты түрде жаңартып отыру, сондай-ақ сайттың барлық бөлімдерінде мемлекеттік тілдің басымдығын сақтай отырып, контенттің мазмұндық сапасы мен қолжетімділігін жетілдіру ұсынылады.


«Қазспортинвест» акционерлік қоғамы

Жүргізілген мониторинг барысында https://kazsportinvest.kz/kz интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді болғанымен, сайттағы ақпараттық қамтылу деңгейі толық емес екені анықталды. Бөлімдерде мазмұндық материалдардың жеткіліксіз берілуі пайдаланушылардың ұйым қызметі туралы жан-жақты мәлімет алу мүмкіндігін шектейді.

Сондай-ақ мемлекеттік тілдегі контенттің көлемі барлық бөлімдерде бірдей деңгейде қамтамасыз етілмеген. Атап айтқанда, ***«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат»*** бөлімінің **«Хабарландырулар»** кіші бөлімінде материалдардың қазақ және орыс тілдерінде қатар жариялануы байқалады. Бұл тәжірибе ақпараттың қолжетімділігін кеңейткенімен, мемлекеттік тілдегі нұсқаның басымдығын сақтау және қазақ тіліндегі контенттің үлесін арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін көрсетеді. Жалпы алғанда, интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі мазмұнын толықтыру және ұйым туралы негізгі мәліметтерді кеңейту өзекті болып табылады.

Бұдан бөлек, ***«Ақпарат пен құжаттар»*** бөлімінде орналастырылған материалдардың мемлекеттік тілде толық ұсынылмауы байқалады. Атап айтқанда, *«Себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары»* құжатының тек орыс тілінде жариялануы мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігіне кері әсер етеді. Құжаттың қазақ тіліндегі нұсқасының болмауы пайдаланушылардың ресми ақпаратпен мемлекеттік тілде танысу мүмкіндігін шектейді және ақпараттық ресурстағы тілдік теңгерімнің толық сақталмағанын көрсетеді.

Сонымен қатар мұндай құжаттардың қолжетімділігінің шектеулі болуы ашықтық қағидаттарын іске асыру деңгейіне де әсер етеді. Ресми және ұйымдастырушылық сипаттағы материалдардың мемлекеттік тілде әрі қолжетімді форматта ұсынылуы интернет-ресурстың ақпараттық құндылығын арттырып, пайдаланушылардың қажетті мәліметтерге еркін қол жеткізуіне мүмкіндік береді.





Утверждаю
Президент
АО «Казспортинвест»
Н. Нуров
«__» _____ 2024 г.

План мероприятий по устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, выявленных по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков в АО «Казспортинвест»

№ п/п	Рекомендации по итогам внутреннего анализа коррупционных рисков	Мероприятие	Форма завершения	Ответственные исполнители	Срок исполнения
1	Исключить отсылки к несуществующим или неутвержденным документам. Включить правила игр, представленных в спортивной программе ВИК в Положение ВИК, либо опубликовать на сайте утвержденные Оргкомитетом или федерациями Правила, но не позднее опубликования Положения ВИК	Рассмотреть возможность внесения поправок в Положение ВИК, изложить спортивную программу. Опубликовать обновленное Положение ВИК на официальном сайте ВИК.	Внесенные поправки	Аденов Н.Н. Абилькаламов С.А.	Июль 2024 г.

Сондай-ақ ***«Сыбайлас жемқорлық картограммасы»*** бөлімінде жарияланған материалдардың мемлекеттік тілдегі қолжетімділігі жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген. Атап айтқанда, *«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізбесі»* құжатының орыс тілінде орналастырылуы пайдаланушылардың аталған ақпаратпен қазақ тілінде танысу мүмкіндігін шектейді.

Бұған қоса, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және талдау нәтижелеріне қатысты ақпараттың толық көлемде ұсынылмауы ашықтық қағидаттарының жеткілікті деңгейде іске асырылмағанын көрсетеді. Тәуекелдерді анықтау қорытындылары, қабылданған шаралар мен талдау нәтижелері туралы мәліметтердің қолжетімді болмауы пайдаланушылардың ұйым қызметінің ашықтығы мен есептілігіне қатысты толық ақпарат алу мүмкіндігін төмендетеді. Бұл бағыттағы материалдарды мемлекеттік тілде және толық форматта орналастыру интернет-ресурстың ақпараттық құндылығын арттыруға ықпал етеді.

Бұдан бөлек, интернет-ресурста мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз етуге қатысты жекелеген мәселелер анықталды. Атап айтқанда, ***«Бос жұмыс орындары»*** бөлімінде құжаттар үш тілде ұсынылғанымен, олардың орналасу реті алдымен орыс тілі, кейін қазақ тілі және ағылшын тілі тәртібімен берілген. Мұндай тәсіл мемлекеттік тілдің басымдық қағидатына толық сәйкес келмейді. Ақпараттық ресурста қазақ тіліндегі нұсқаның бірінші кезекте ұсынылуы пайдаланушылардың мемлекеттік тілдегі ақпаратқа қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ ***«Сатып алу»*** бөліміне өтетін сілтеменің бастапқыда орыс тілінде ашылуы байқалды. Қазақ тіліне ауысу мүмкіндігі қарастырылғанымен, мемлекеттік тілдегі нұсқаның әдепкі форматта ұсынылмауы және функционалдық тұрғыдан толық қамтамасыз етілмеуі пайдаланушылардың ақпаратты қазақ тілінде алу мүмкіндігін шектейді. Бұл интернет-ресурстың барлық бөлімдерінде мемлекеттік тілдің басымдығын сақтау және тілдік біріздікті қамтамасыз ету бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі мазмұнын кеңейту мақсатында ресми, ұйымдастырушылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын орналастыру, тәуекелдерді талдау нәтижелері мен өзге де ашықтықты қамтамасыз ететін материалдардың қолжетімділігін арттыру, мемлекеттік тілдегі контенттің үлесін көбейту, құжаттарды орналастыру кезінде қазақ тіліндегі нұсқаларға басымдық беру, көптілді бөлімдерде мемлекеттік тілді бірінші кезекте көрсету, сатып алу және басқа да қосымша сервистердің қазақ тіліндегі функционалын толыққанды қамтамасыз ету, сондай-ақ интернет-ресурсты мазмұндық және техникалық тұрғыдан жүйелі түрде жетілдіру ұсынылады.

«Сарыарқа» республикалық велотрегі кешені

Интернет-ресурс https://velotrek.kz/?ysclid=mmghhnxhv8592585578 сілтеме арқылы мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді болғанымен, оның ақпараттық мазмұны толыққанды ресми интернет-ресурс талаптарына сәйкес келмейді. Атап айтқанда, **мекеменің қызмет бағыты, даму кезеңдері, ұйымдастырушылық құрылымы мен байланыс деректері туралы мәліметтер** жеткіліксіз деңгейде ұсынылған. Бұл пайдаланушылардың ұйымның қызметі жөнінде жан-жақты ақпарат алу мүмкіндігін шектейді.

Сонымен қатар ашықтық пен есептілік қағидаттарын қамтамасыз ететін маңызды ақпарат, атап айтқанда **есептік көрсеткіштер** мен **ресми актілер** сайтта орналастырылмаған. Пайдаланушылардың өтініштері мен сұрақтарына жедел жауап беруге мүмкіндік беретін **«Сұрақ-жауап»** сервисінің болмауы да кері байланыстың тиімділігін төмендетеді.

Сайттың тілдік ресімделуінде де жекелеген кемшіліктер байқалады. Мәселен, басты беттегі ***«Фитнес орталығы»*** бөлімінде орналасқан **«Сауны»** атауы қазақ тілінің әдеби және орфографиялық нормаларына сәйкес келмейді. Аталған сөзді **«Сауна»** нұсқасында беру тілдік сауаттылықты қамтамасыз ету және интернет-ресурстың сапасын арттыру тұрғысынан орынды болар еді.

Жалпы алғанда, интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі нұсқаның болуы оң көрсеткіш болғанымен, оның мазмұндық толықтығы мен функционалдық мүмкіндіктері ресми интернет-ресурстарға қойылатын талаптарды толық деңгейде қамтамасыз етпейді. Ақпараттың жеткіліксіз ұсынылуы, ашықтықты қамтамасыз ететін бөлімдердің болмауы және пайдаланушылармен тиімді кері байланыс тетіктерінің қарастырылмауы ресурс сапасына кері әсер етеді. Сонымен қатар жекелеген тілдік кемшіліктер интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі мазмұнының сапасын төмендетеді.

Осыған байланысты интернет-ресурстың ақпараттық құрылымын толықтыру, ұйым қызметіне қатысты ресми мәліметтерді, есептік және нормативтік құжаттарды орналастыру, пайдаланушылармен өзара іс-қимылды күшейтетін сервистерді енгізу, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі мәтіндердің әдеби тіл нормаларына сәйкестігін тұрақты түрде бақылау ұсынылады. Аталған шараларды жүзеге асыру интернет-ресурстың ашықтығын, қолжетімділігін және

ақпараттық сапасын арттырып, пайдаланушылардың сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның велосипед спорты федерациясы

Интернет-ресурс https://cycling.kz/ru/ сілтемесі бойынша **орыс тілінде** ашылады. Сонымен қатар сайтта қазақ тіліне ауысу мүмкіндігі қарастырылған. Алайда мониторинг барысында мемлекеттік тілдегі нұсқада ақпараттың толық көлемде қамтылмағаны, жекелеген бөлімдердегі мазмұнның жеткіліксіз ұсынылғаны және контент сапасының талапқа сәйкес келмейтіні анықталды.

Атап айтқанда, басты беттегі ***«Федерация»*** бөлімінің **«Ресми құжаттар»** кіші бөлімінде орналастырылған *«Қатысушы паспорты – 2026 жыл»* және *«Төрешілер ережелері»* құжаттары орыс тілінде ұсынылған. Бұл мемлекеттік тілдегі ресми ақпараттың тең дәрежеде қолжетімді болуына кері әсер етеді және ресми құжат айналымындағы тілдік бірізділіктің сақталмағанын көрсетеді.

Сонымен қатар жоғарыда аталған бөлімдегі **«Жаңалықтар»** кіші бөлімінде жарияланған ақпараттың орыс тілінде берілгені байқалды. Бұл мемлекеттік тілдегі жаңалықтар легінің жүйелі түрде жүргізілмейтінін және ақпараттық белсенділік өлшемшартының жеткілікті деңгейде сақталмағанын көрсетті.

Осыған байланысты, сайттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын мазмұндық тұрғыдан толықтыру, ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын енгізу, жаңалықтар бөлімін мемлекеттік тілде тұрақты жаңартып отыру және барлық бөлімдерде тілдік бірізділікті қамтамасыз ету ұсынылады.


Сондай-ақ, басты беттегі ***«Федерация»*** бөлімінің **«Мұрағат»** кіші бөліміне өтетін сілтеменің толықтай орыс тілінде берілгені анықталды. Бұл мемлекеттік тілдегі интерфейс элементтерінің бірізділігінің сақталмағанын көрсетеді және пайдаланушылар үшін ақпараттық қолжетімділікке кері әсерін тигізеді.

Мониторинг барысында бөлім атауларында мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес келмейтін сөздердің қолданылғаны да байқалды. Атап айтқанда, **«Дисциплина»** сөзін **«Тәртіп»** деп, ал **«Шоссе»** сөзін **«Тас жол»** деп өзгерту ұсынылады. Бұл сайттағы терминологиялық бірізділікті қамтамасыз етіп, мемлекеттік тілдің сапалы қолданылуына ықпал етеді.

Бұдан бөлек, басты беттегі ***«Дисциплина»*** бөлімінде ақпарат мемлекеттік тілде мүлдем ұсынылмағаны анықталды. Атап айтқанда, ***«Шоссе»*** кіші бөліміндегі **«Тас жол нәтижелері»** тарауына енгізілген нұсқаулықтар тек орыс тілінде қолжетімді болып, қазақ тіліндегі нұсқалары орналастырылмаған. Сонымен қатар, *«Шоссе рейтингі»* және *«Аймақ рейтингі»* құжаттары да орыс тілінде ғана ұсынылған. Бұл мемлекеттік тілдегі спорттық-әдістемелік материалдардың тең дәрежеде қолжетімді болуына кері әсер етеді.

Сонымен бірге *«Трек»* кіші бөлімінде де мемлекеттік тілдегі контенттің жеткіліксіз қамтылғаны байқалды. **«Трек нәтижелері»** бөлімінде жарияланған *Silk Way Series 1 Astana (16.05–18.05.2025)* және *Silk Way Series 2 Astana (16.05–18.05.2025)* жарыстарына қатысты құжаттар ағылшын тілінде берілген. Аталған материалдардың қазақ тіліндегі нұсқалары қарастырылмаған. Сондай-ақ, **«Трек**

рейтингі» және **«Аймақ рейтингі»** бөлімдеріндегі файлдар тек орыс тілінде жүктелген. Бұл сайттағы ресми және статистикалық ақпараттың мемлекеттік тілде толық ұсынылмағанын көрсетеді. Осыған байланысты, жарыс құжаттарын, рейтингтік материалдарды және әдістемелік нұсқаулықтарды қазақ тілінде орналастыру, сондай-ақ барлық бөлімдерде терминологиялық және тілдік бірізділікті қамтамасыз ету ұсынылады.





Сонымен қатар **«MTB»** кіші бөлімінде орналастырылған *«Ұлттық құрама тізімі»* орыс тілінде көрсетілген. Бұдан бөлек, **«MTB рейтингі»** және **«Аймақ рейтингі»** бөлімдеріндегі құжаттар да тек орыс тілінде ұсынылған. Бұл спорттық статистика мен ресми ақпараттың қазақ тілінде қолжетімді еместігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, ***«Дисциплина»*** бөлімінде орналастырылған материалдардың едәуір бөлігі мемлекеттік тілде ұсынылмаған. Атап айтқанда, **нұсқаулықтар, рейтингтік құжаттар** және **жарыс материалдары** орыс және ағылшын тілдерінде жарияланған. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың тең дәрежеде ұсынылуына және пайдаланушылар үшін қолжетімділігіне кері әсер етеді.

Бұдан бөлек, басты беттегі ***«Паравелоспорт»*** бөлімінің қолжетімсіз екені анықталды. Сонымен қатар, ***«ҚР Велоспорт»*** бөліміндегі **«Антидопинг»** кіші бөлімінде де құжаттар текорыс тілінде орналастырылған.

Сондай-ақ, басты беттегі ***«Әуесқойлар Masters»*** бөліміндегі **«Masters жарыстар күнтізбесі»** кіші бөлімі орыс тілінде ашылады. Ал ***«Masters нәтижелері»*** бөліміне өту мүмкіндігі шектелген. Бұл интернет-ресурстың техникалық тұрақтылығы мен мемлекеттік тілдегі ақпараттық қамтылу деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Осыған байланысты, спорттық құжаттарды, рейтингтік материалдарды және жарысқа қатысты ақпаратты мемлекеттік тілде толық орналастыру, қолжетімсіз бөлімдердің жұмысын қалпына келтіру, сондай-ақ сайттағы барлық бөлімдерде тілдік және терминологиялық бірізділікті қамтамасыз ету ұсынылады.

Қорытындылай келе, интернет-ресурс құрылымы жағынан жүйеленгенімен, мемлекеттік тілдегі контенттің толық қамтылуы мен ақпараттық бірізділік талаптарына қатысты бірқатар мәселелер анықталды. Сайтта қазақ тіліне ауысу мүмкіндігі қарастырылғанымен, ресми құжаттардың,

жарыс материалдарының, рейтингтік ақпараттың және әдістемелік нұсқаулықтардың едәуір бөлігі орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылған. Сонымен қатар, жекелеген бөлімдердің қолжетімсіз болуы интернет-ресурстың техникалық тұрақтылығына әсер етеді.

Осыған байланысты, сайтты мемлекеттік тілдегі ресми құжаттармен, жарыс күнтізбелерімен, рейтингтік кестелермен, ұлттық құрамаға қатысты ақпаратпен, антидопинг материалдарымен және спорттық-әдістемелік нұсқаулықтармен толықтыру ұсынылады. Сондай-ақ барлық статистикалық, аналитикалық және ақпараттық материалдардың қазақ тіліндегі нұсқаларын тұрақты түрде жаңартып отыру қажет.


Бұдан бөлек, жаңалықтар легін мемлекеттік тілде жүйелі жүргізу, фото және бейнематериалдарды қазақ тіліндегі сипаттамалармен жариялау, пайдаланушыларға арналған интерактивті сервистерді дамыту және барлық бөлімдердегі терминологиялық бірізділікті сақтау маңызды.


Сонымен қатар сайттың техникалық қолжетімділігін тұрақты бақылауда ұстап, ашылмайтын бөлімдердің жұмысын қалпына келтіру, мемлекеттік тілдегі интерфейс сапасын жетілдіру және интернет-ресурсты бекітілген өлшемшарттарға сәйкес тұрақты түрде жаңартып отыру ұсынылады.

Қазақстанның ат спорты федерациясы

Интернет-ресурс https://olympic.kz/kk/federation/16-federatsiya-konnogo-sporta-kazakhstana-roo?ysclid=mmgh9beh56299309237 сілтемесі бойынша қазақ тілінде ашылады. Платформадағы ақпараттың басым бөлігі мемлекеттік тілде орналастырылып, интерфейс те қазақ тіліне бейімделген. Дегенмен **орталықтың қалыптасу тарихы** мен **құрылымдық жүйесі туралы** ақпарат жеткілікті қамтылмаған.

Басты беттегі ***«ҚР ҰОК»*** бөліміндегі **«Құжаттар»** кіші бөлімінде материалдардың атаулары орыс тілінде берілген. Сонымен бірге, ***«Тізілімдер»*** бөлімінде құжаттың атауы қазақ тілінде көрсетілгенімен, оның мазмұны орыс тілінде жүктелген.





Басты беттегі ***«Олимпиадашылар»*** бөлімінде ұсынылған тізімде спортшылардың аты-жөні ағылшын тілінде көрсетілген. Сонымен қатар **«Результат»** атауын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес **«Нәтиже»** деп өзгерту қажет.

Интернет-ресурстың басты бетіндегі ***«Әділ спорт»*** бөліміне енгізілген **«Спорттағы манипуляциялардың алдын алу»** кіші бөліміндегі көрнекі баннердегі мәтіндер ағылшын тілінде берілген. Сондай-ақ ***«Толығырақ»*** сілтемесі арқылы ұсынылған материал да ағылшын тілінде жүктеледі.

Бұдан өзге, портал құрылымында бюджеттің игерілуі туралы ашық ақпарат орналастырылмаған және пайдаланушыларға арналған ***«Сұрақ-жауап»*** сервисі де қарастырылмаған.

Мониторинг қорытындысы бойынша интернет-ресурс қазақ тілінде ашылғанымен, бөлімдердегі ақпарат толық және бірізді ұсынылмаған. Материалдардың ресми нұсқасы орыс және ағылшын тілінде берілген, бұл мемлекеттік тілдің қолданылуын шектейді. Сонымен қатар, бюджеттің игерілуі туралы ақпарат пен «Сұрақ-жауап» сервисі қарастырылмаған.

Осыған байланысты, сайтты мемлекеттік тілдегі ресми құжаттармен, жарыс күнтізбелерімен, рейтингтік кестелермен, ұлттық құрамаға қатысты ақпаратпен, антидопинг материалдарымен және спорттық-әдістемелік нұсқаулықтармен толықтыру ұсынылады. Сондай-ақ барлық статистикалық, аналитикалық және ақпараттық материалдардың қазақ тіліндегі нұсқаларын тұрақты түрде жаңартып отыру қажет.

Ұсыныстар

ҚР Туризм және спорт министрлігіне қарасты ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижелері негізінде келесі ұсынымдарды іске асыру ұсынылады:

1. Мемлекеттік тілдегі контенттің көлемі мен сапасын арттыру, сайттың барлық бөлімдерінде ақпараттың қазақ тілінде толық әрі бірізді ұсынылуын қамтамасыз ету.

2. Ұйымдардың тарихы, миссиясы, қызмет бағыттары, ұйымдық құрылымы, басшылық құрамы және байланыс ақпараты туралы мәліметтерді толықтырып, тұрақты жаңартып отыру.

3. Ресми, құқықтық, қаржылық және ұйымдастырушылық құжаттардың (жылдық есептер, даму жоспарлары, бюджет, мемлекеттік сатып алу материалдары, нормативтік құжаттар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттар және т.б.) мемлекеттік тілдегі нұсқаларын толық орналастыру және оларды уақтылы жаңарту.

4. Қазақ тіліндегі нұсқаның басымдығын қамтамасыз ету, көптілді интернет-ресурстарда мемлекеттік тілдегі интерфейсті әдепкі (default) тіл ретінде орнату, құжаттар мен бөлімдерді орналастыру кезінде қазақ тіліндегі нұсқаны бірінші кезекте көрсету.

5. Сайттағы терминологияны қолданыстағы тілдік нормаларға сәйкестендіру, өзге тілдегі атауларды қазақ тілінің әдеби және ресми қолданысына сәйкес біріздендіру.

6. Ашықтық пен ақпараттың толықтығын арттыру мақсатында ұйымдардың қызмет нәтижелері, статистикалық деректер, есептік көрсеткіштер, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары, қаржылық

ақпарат және өзге де қоғамдық маңызы бар мәліметтердің толық жариялануын қамтамасыз ету.

7. Пайдаланушылармен кері байланысты жетілдіру, «Сұрақ-жауап», онлайн өтініш қабылдау, кері байланыс нысандары және азаматтардың өтініштеріне арналған сервистерді енгізу немесе олардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

8. Ақпараттық белсенділікті күшейту, жаңалықтар, іс-шаралар, фотогалереялар, бейнематериалдар және өзге де ақпараттық контентті мемлекеттік тілде тұрақты жариялап, жүйелі түрде жаңартып отыру.

9. Интернет-ресурстардың техникалық сапасын жақсарту, жұмыс істемейтін сілтемелерді қалпына келтіру, барлық ішкі бөлімдердің мемлекеттік тілде дұрыс ашылуын қамтамасыз ету және функционалдық ақауларды жою.

10. Ресми интернет-ресурстарға тұрақты ішкі мониторинг жүргізу, анықталған кемшіліктерді жедел түзету және интернет-ресурстарды мемлекеттік тілдің қолданылуына қойылатын талаптар мен бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүйелі түрде жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру.

Астана қаласындағы мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі
САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Астана қаласындағы мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг барысында ұйымдардың мемлекеттік тілдегі ақпараттық қамтылу деңгейі, контенттің толықтығы, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ақпараттың ашықтығы, жаңартылу белсенділігі және пайдаланушылармен өзара байланыс мүмкіндіктері **6** негізгі өлшемшарт бойынша бағаланды.

Мониторингпен Астана қаласындағы **10** мәдени ұйымның ресми интернет-ресурсы қамтылды. Бағалау нәтижесінде ұйымдардың мемлекеттік тілдегі ақпарат ұсыну бағыты әртүрлі деңгейде қалыптасқаны анықталды. Бірқатар ұйымдардың сайттарында мемлекеттік тілдегі контент толық әрі жүйелі ұсынылса, жоғары тәуекелдегі ресурстарда тілдік бірізділік, ресми құжаттарды қазақ тілінде ұсыну, ақпараттық бөлімдерді толықтыру және пайдаланушылармен кері байланыс мүмкіндіктерін жетілдіру қажеттілігі байқалды.

Бағалау қорытындысы бойынша ең жоғары көрсеткіштерді Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театры, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония, Қазақ ұлттық хореография академиясы және Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы иеленіп, **11 баллдан** жинады.

Жоғары көрсеткіш көрсеткен ұйымдардың қатарында «Қазаққонцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы да бар.

Орташа деңгейдегі көрсеткіштер «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, «Астана Балет» театры, Бейбітшілік және келісім сарайы ұйымдарында байқалды. Аталған ұйымдардың ресми интернет-ресурстарында

мемлекеттік тілдегі нұсқа қарастырылғанымен, құжаттық бөлімдерде тілдік теңгерімсіздік анықталды.

М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының интернет-ресурсында да мемлекеттік тілдегі нұсқа қолжетімді болғанымен, интерфейс элементтерін толық бейімдеу қажеттілігі байқалды.

Жалпы бағалау нәтижесі бойынша мәдени ұйымдардың басым бөлігінде мемлекеттік тілдегі ақпараттық орта қалыптасқаны анықталды. Ұйымдардың сайттары қазақ тіліндегі нұсқада ашылады немесе мемлекеттік тілге ауысу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл мәдени ұйымдардың цифрлық кеңістікте мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету бағытындағы оң көрсеткіш екені анық.

Сонымен қатар негізгі мәселелердің бірі – мемлекеттік тілдегі контенттің толықтығы мен мазмұндық сәйкестігі. Бірқатар интернет-ресурстарда қазақ тіліндегі бөлімдер болғанымен, барлық ақпараттық материалдар толық аударылмаған. Әсіресе ресми құжаттар, қаржылық есептер, мемлекеттік сатып алу материалдары, лицензиялар, ішкі нормативтік құжаттар және қызметтік ақпарат бойынша қазақ тіліндегі нұсқаларды толықтыру қажеттілігі байқалды.

Ресми және құқықтық ақпаратты ұсыну бағыты бойынша да ортақ мәселелер анықталды. Орташа және жоғары тәуекел деңгейіндегі ұйымдардың сайттарында құжаттар бөлімі болғанымен, орналастырылған материалдардың барлығы мемлекеттік тілде ұсынылмаған. Құжаттардың бір бөлігінің тек орыс тілінде берілуі ұйым қызметінің ашықтығы мен мемлекеттік тілдегі ақпаратқа қолжетімділік деңгейіне әсер етеді.

Ашықтық және ақпараттың толықтығы бағытында мәдени ұйымдардың көпшілігінде оң көрсеткіштер байқалғанымен, «Астана Балет» театры, Бейбітшілік және келісім сарайына қарасты ресурстарда ұйымның тарихы, құрылымы, басшылық құрамы, қызмет нәтижелері және статистикалық мәліметтер бойынша ақпаратты кеңейту қажеттілігі бар. Ресми интернет-ресурс ұйым қызметін таныстыратын негізгі ақпараттық құрал болғандықтан, аталған бөлімдердің толық әрі өзекті болуы маңызды.

Ақпараттық белсенділік бағыты бойынша ұйымдардың көпшілігінде жаңалықтар мен мәдени іс-шаралар туралы ақпарат тұрақты жарияланып отырғаны анықталды. Әсіресе театрлар мен концерттік ұйымдардың афиша және шығармашылық жобалар жөніндегі ақпаратты мемлекеттік тілде ұсынуы оң тәжірибе ретінде бағаланды. Дегенмен сайттарда жаңалықтар бөлімінің сирек жаңартылуы немесе архивтік ақпараттың жеткіліксіз болуы байқалды.

Пайдаланушылармен өзара байланыс бағыты бойынша мәдени ұйымдардың сайттарында байланыс ақпараты негізінен толық көрсетілген. Алайда бірқатар ресурстарда интерактивті мүмкіндіктер, кері байланыс нысандары, сұрақ-жауап бөлімдері немесе онлайн өтініш беру құралдары жеткіліксіз. Қазіргі цифрлық орта жағдайында пайдаланушылармен тұрақты коммуникация орнатуға мүмкіндік беретін сервистерді дамыту маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

мемлекеттік театры бойынша жеке мониторинг жүргізу мүмкін болмады, себебі

театрдың интернет-ресурсы дербес сайт ретінде жұмыс істемей, «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының сайт құрылымында орналасқан. Осыған байланысты аталған ұйымның жеке интернет-ресурс деңгейіндегі көрсеткіштерін бағалау мүмкіндігі болмады.

Жалпы алғанда, Астана қаласындағы мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі қолданылу деңгейінің қалыптасқанын көрсетті.

Сонымен бірге алдағы кезеңде сайттардағы барлық бөлімдерді толық мемлекеттік тілде жүргізу, ресми және қаржылық құжаттарды қазақ тілінде қатар орналастыру, ақпараттық бөлімдердің өзектілігін сақтау, жаңарту деңгейін арттыру және пайдаланушылармен кері байланыс құралдарын жетілдіру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажет. Бұл мәдени ұйымдардың цифрлық кеңістіктегі ақпараттық ашықтығын арттырып, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік береді.

Астана қаласындағы мәдени ұйымдардың 6 өлшемшартқа сәйкес жиынтық нәтижесі

№	Атауы	1-бағыт	2-бағыт	3-бағыт	4-бағыт	5-бағыт	6-бағыт	Жалпы балл
1.	Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театры	2	2	2	1	2	2	**11**
2.	Е. Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония	2	2	2	1	2	2	**11**
3.	Қазақ ұлттық хореография академиясы	2	2	1	2	2	2	**11**
4.	Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы	2	2	2	1	2	2	**11**
5.	«Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы	2	2	1	1	2	2	**10**
6.	«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры	1	1	0	1	2	1	**6**
7.	«Астана Балет» театры	1	2	0	1	1	1	**6**
8.	Бейбітшілік және келісім сарайы	2	1	0	1	1	1	**6**
9.	М. Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры	1	1	0	0	1	1	**4**
10.	Astana Musical мемлекеттік театры	-	-	-	-	-	-	**-**

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕУ

Ұсынылған бағалау әдістемесіне сәйкес Астана қаласындағы мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына мониторинг жүргізілді. Бағалау 6 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылды:

Бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары көрсеткіш – **11 балл**, ең төменгі көрсеткіш – **4 баллды** құрады.

Төмен тәуекел деңгейі (10–12 балл)

Бұл деңгейге ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі ақпарат толық ұсынылған, сайт құрылымы жүйелі қалыптасқан, ресми құжаттар мен негізгі ақпараттық бөлімдер қолжетімді, ақпарат тұрақты жаңартылып отыратын ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театры	**11**	Төмен
2.	Е. Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония	**11**	Төмен
3.	Қазақ ұлттық хореография академиясы	**11**	Төмен
4.	Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы	**11**	Төмен
5.	Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы	**10**	Төмен

Төмен тәуекел деңгейіндегі ұйымдардың ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі ақпараттың қамтылу деңгейі жоғары екені анықталды. Сайттардың негізгі бөлімдері, ұйым қызметіне қатысты мәліметтер, жаңалықтар, іс-шаралар туралы ақпарат және пайдаланушыларға арналған бөлімдер мемлекеттік тілде ұсынылған.

Орташа тәуекел деңгейі (5–9 балл)

Бұл деңгейге мемлекеттік тілдегі нұсқасы болғанымен, жекелеген бөлімдерде ақпараттың толықтығы, тілдік сәйкестік және ресми материалдарды қазақ тілінде ұсыну бағытында жетілдіруді қажет ететін ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры	**6**	Орташа
2.	«Астана Балет» театры	**6**	Орташа
3.	Бейбітшілік және келісім сарайы	**6**	Орташа

Орташа тәуекел деңгейіндегі ұйымдардың сайттарында мемлекеттік тілдегі нұсқа қарастырылған және негізгі ақпарат қолжетімді болғанымен, бірқатар бөлімдерде тілдік теңгерімсіздік анықталды.

Жоғары тәуекел деңгейі (0–4 балл)

Бұл деңгейге мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық қамтылуы жеткіліксіз, сайт құрылымында тілдік сәйкессіздіктер жиі кездесетін және ақпараттық бөлімдерді жетілдіруді қажет ететін ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	М. Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры	**4**	Жоғары

Жалпы нәтиже мәдени ұйымдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдің қолданылуы бойынша оң үрдіс бар екенін көрсетеді. Сонымен бірге төмен нәтиже көрсеткен ұйымдарда сайттың барлық бөлімдерін толық қазақ тілінде жүргізу, ресми құжаттарды мемлекеттік тілде қатар ұсыну, ақпараттық бөлімдердің мазмұнын толықтыру және тілдік бірізділікті сақтау бағытында қосымша жұмыстар қажет.

АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР
Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театры

Ғ

а

л Интернет-ресурсқа жүргізілген талдау барысында қазақ тілінің қолданылу деңгейі жоғары екендігі анықталды. Интернет-ресурс құрылымы мен ақпараттық мазмұны мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес жүйеленіп, қазақ тілді аудиторияға қолжетімді әрі түсінікті форматта ұсынылған. Бөлімдердің басым көпшілігі тілдік нормаға сай сауатты жазылып, ресми стиль талаптары сақталған.


р Интернет-ресурстың басты беті мазмұндық және тілдік жағынан сапалы дәсімделген. Театр қызметіне қатысты **негізгі ақпарат** қазақ тілінде толық әрі қолжетімді түсінікті берілген.

ғ Ресми интернет-ресурстағы **байланыс деректері** де толық әрі қолжетімді түрде орналастырылған. Байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайлары және театрдың орналасқан жері нақты көрсетілген. Сонымен қатар сайт интерфейсінің қарапайым әрі ыңғайлы құрылуы ақпаратты жылдам табуға жағдай жасайды.


л ***«Жаңалықтар»*** бөлімі тұрақты түрде жаңартылып отырады. Театр қызметіне, мәдени іс-шараларға, премьераларға, гастрольдік сапарларға және басқа да маңызды оқиғаларға арналған қойылымдарға қатысты ақпарат уақытылы жарияланып отырғаны байқалады. Жаңалық мәтіндері әдеби әрі ресми стильде жазылып, оқырманға түсінікті түрде ұсынылған.

е ***«Ресми құжаттар»*** бөлімінде мемлекеттік тілдегі құжаттардың қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Театр қызметіне қатысты нормативтік құжаттар, ережелер, бұйрықтар және тағы басқа материалдар қазақ тілінде жарияланған. Бұл мемлекеттік тілдің ресми құжат жүргізудегі рөлінің сақталғанын және мекеменің тіл саясатына жауапкершілікпен қарайтынын аңғартады.

р Сонымен қатар театр тарихына арналған бөлім ерекше назар аудартады. Театрдың қалыптасу кезеңдері, шығармашылық жетістіктері және тарихи даму жолы хронологиялық ретпен жүйеленіп, толықтай қазақ тілінде берілген. Ақпарат тарихи сабақтастықты сақтай отырып, мазмұнды әрі әдеби тілде жазылған. Бұл оқырманға театрдың мәдени кеңістіктегі орнын тереңірек тануға мүмкіндік береді.


· 2012 жылы сәуір айының 11–18 күндері Тәжікстан Республикасы, Душанбе қаласында өткен «Чодари хаел» III Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінде «Менің салған суретім» (туынды авторы және режиссері А. Салаева) спектаклі арнайы диплом иеленді.

Н


· 2013 жылы қарашаның 25–29 жұлдызы аралығында Астана қаласында өткен, «Ортеке» III Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінде А.Салаеваның режиссерлігімен сахнаға сапар тартқан, И. Миччи, Дж. Робертс, Л. Вульвертонның «Арыстан патша» шығармасы ұсынылып, «Үздік спектакль» және «Ең үздік актерлік жұмыс» марапатына ие болды.

I
N
K

"
h

Жалпы алғанда, Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театрының ресми интернет-ресурсы мемлекеттік тілдің қолданысын қамтамасыз ету бағытында оң нәтижелер көрсетіп отыр. Сайттағы қазақ тілінің үлесі жоғары деңгейде сақталған, ақпараттық бөлімдер жүйелі түрде жүргізілген және мемлекеттік тілдің ресми әрі мәдени мәртебесіне ерекше назар аударылған. Бұл театрдың ұлттық мәдениет пен мемлекеттік тіл саясатын насихаттаудағы маңызды рөлін айқындайды.

Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония

Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның ресми интернет-ресурсына https://astana-filarmonia.kz/ жүргізілген мониторинг нәтижесінде интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі жоғары екендігі анықталды. Интернет-ресурс ашылған сәттен бастап қазақ тілінде жұмыс істейді, бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдің басымдыққа ие екенін және пайдаланушылар үшін қолжетімді ақпараттық орта қалыптастырылғанын көрсетеді.

Интернет-ресурс құрылымы мазмұндық және техникалық жағынан жүйелі ұйымдастырылған. Ресми интернет-ресурстағы бөлімдердің басым көпшілігі қазақ тілінде сауатты рәсімделіп, мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес ұсынылған. Бұл мекеменің мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға жауапкершілікпен қарайтынын аңғартады.

«Театр тарихы» бөлімі ерекше назар аудартады. Аталған бөлімде филармонияның қалыптасу кезеңдері, шығармашылық жетістіктері, мәдени даму жолы мен тарихи белестері хронологиялық ретпен толық әрі түсінікті түрде қазақ тілінде берілген. Ақпараттың жүйелі ұсынылуы пайдаланушыларға мекеменің тарихымен терең танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мәтіндердің әдеби әрі ресми стильде жазылуы сайттың мазмұндық сапасын арттыра түседі.

«Басшылық» бөлімі де толықтай мемлекеттік тілде рәсімделген. Филармония басшылығы туралы мәліметтер, лауазымдық ақпарат және ресми сипаттамалар қазақ тілінде қолжетімді. Бұл мемлекеттік тілдің ресми басқару және коммуникация құралы ретіндегі рөлінің сақталғанын көрсетеді.

«Байланыс» бөлімі де толықтай қазақ тілінде берілген. Онда мекеменің байланыс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары және орналасқан жері нақты әрі түсінікті көрсетілген. Сонымен қатар филармония ғимаратының орналасқан орнының берілуі пайдаланушылар үшін ақпараттық қолайлылықты қамтамасыз етеді.

«Біз туралы» бөлімдегі құжаттарға жүргізілген талдау барысында құжаттардың басым бөлігі мемлекеттік тілде жүктелгені анықталды. Бұл бөлімде ресми материалдардың қазақ тілінде қолжетімді болуы мемлекеттік тілдің құжат жүргізудегі қолданысын айқындайды.

Сонымен қатар ***«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»*** бөліміне жүргізілген мониторинг барысында 2022 және 2019 жылдарға қатысты бөлімдердің жаңартылмағаны байқалды. Дегенмен аталған бөлімде құжаттар қазақ тіліндегі атаулармен жүктелген. Сонымен бірге екі құжаттың қазақ және

орыс тілдерінде жеке файл ретінде орналастырылуы тілдік теңгерімнің сақталғанын көрсетеді.

Сайттағы ***«Афиша»*** бөлімі толықтай қазақ тілінде жүргізіледі. Концерттік бағдарламалар, мәдени іс-шаралар мен шығармашылық кештер туралы ақпарат мемлекеттік тілде сауатты әрі түсінікті форматта ұсынылған. Бұл пайдаланушылардың қазақ тіліндегі мәдени контентке еркін қол жеткізуіне жағдай жасайды.

«Біздің артистер» бөлімі де мазмұндық тұрғыдан сапалы рәсімделген. Аталған бөлімнің барлық **11 бағыты** бойынша ақпарат қазақ тілінде беріліп, өнер ұжымдары мен әртістер туралы мәліметтер толық қамтылған. Сонымен қатар шығармашылық ұжымдардың тарихы мен кәсіби жолы хронологиялық кезеңдер арқылы жүйеленіп ұсынылған.

«Жаңалықтар» бөлімі тұрақты түрде жаңартылып отырады. Филармония қызметіне қатысты мәдени іс-шаралар, концерттер, мерейтойлық кештер мен шығармашылық жаңалықтар мемлекеттік тілде жарияланып келеді. Жаңалық мәтіндерінің әдеби тілде әрі ресми стильде жазылуы сайттың ақпараттық сапасын арттыра түседі.

Жалпы алғанда, Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі жоғары екендігі байқалады. Сайт құрылымында қазақ тілі негізгі ақпараттық тіл ретінде жүйелі қолданылған. Ақпараттық бөлімдердің толықтығы, ресми құжаттардың мемлекеттік тілде қолжетімді болуы, жаңалықтардың тұрақты жаңартылып отыруы және тарихи-мәдени контенттің қазақ тілінде берілуі интернет-ресурстың мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес жүргізілетінін көрсетеді.

Қорытындылай келе, аталған интернет-ресурс мемлекеттік тіл саясатын цифрлық кеңістікте тиімді жүзеге асырып отырған мәдени мекемелердің бірі ретінде бағаланады.

Қазақ ұлттық хореография академиясы

Жүргізілген мониторинг барысында Қазақ ұлттық хореография академиясының ресми интернет-ресурсының (https://balletacademy.edu.kz/kz) мемлекеттік тілдегі нұсқасының қолданылу деңгейі жоғары екендігі анықталды. Сайт пайдаланушылар үшін қазақ тіліндегі нұсқада ашылады, бұл білім беру ұйымының мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі қолданысын қамтамасыз етуге және тіл саясатын қолдауға бағытталған жұмысын көрсететін оң көрсеткіш болып табылады.

Интернет-ресурстың негізгі құрылымы, навигациялық мәзірлері және ақпараттық бөлімдері қазақ тілінде ұсынылған. Білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәліметтер, ресми ақпарат және пайдаланушыларға қажетті материалдар мемлекеттік тілде қолжетімді.


Жалпы, интернет-ресурста қазақ тіліндегі ақпараттың қамтылуы жоғары деңгейде қалыптасқан. Интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасының толық әрі жүйелі ұсынылуы білім беру ұйымының ақпараттық ашықтығын

арттырып, пайдаланушылар үшін қолайлы ақпараттық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мониторинг барысында Қазақ ұлттық хореография академиясының ресми интернет-ресурсының қазақ тіліндегі нұсқасында бірқатар бөлімдердің мазмұны мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес жоғары деңгейде рәсімделгені анықталды. Атап айтқанда, ***«Академия туралы»*** бөлімде оқу орнының тарихы, миссиясы, стратегиялық мақсаттары мен негізгі қызмет бағыттары туралы ақпарат қазақ тілінде толық әрі жүйелі түрде берілген. Мәтіндердің құрылымы логикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылып, пайдаланушыларға қажетті мәліметті оңай қабылдауға мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар ***«Құрылымы»*** бөлімінде академияның басқару жүйесі, құрылымдық бөлімшелері және олардың қызметтері туралы ақпарат толықтай мемлекеттік тілде ұсынылған. Бұл бөлімнің мазмұны тілдік және құрылымдық тұрғыдан талаптарға сәйкес рәсімделіп, пайдаланушылар үшін түсінікті форматта берілген.

Мониторинг нәтижесінде ***«Аккредиттеу және лицензиялар»*** бөлімінде жекелеген кемшілік анықталды. Аталған бөлімде орналастырылған алғашқы құжат орыс тілінде берілген (*«Медициналық қызметке лицензия және қосымшалар»).* Қалған ақпараттың басым бөлігі қазақ тілінде ұсынылғанымен, барлық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік тілде рәсімделуі интернет-ресурстың тілдік бірізділігін және сапасын одан әрі арттырар еді.



«Ғылыми кеңес» және ***«Байқау кеңесі»*** бөлімдері толықтай қазақ тілінде жүргізіледі. Бұл бөлімдерде кеңестердің қызметі, құрамы және қабылданған шешімдер туралы ақпарат мемлекеттік тілде қолжетімді. ***«Профессорлық-оқытушылар құрамы»*** туралы мәліметтер де қазақ тілінде толық берілген. Оқытушылардың кәсіби қызметі, ғылыми жетістіктері және еңбек жолы жөніндегі ақпараттың мемлекеттік тілде жариялануы академияның қазақ тілін дамытуға деген жауапкершілігін көрсетеді.

Ал, ***«E-Museum (Электронды музей)»*** бөлімінде қазақ тіліндегі нұсқаның болмауы назар аудартады. Бұл бөліммен танысу тек орыс және ағылшын тілдерінде ғана мүмкін. Сондықтан аталған ресурсты қазақ тілінде де қолжетімді ету ұсынылады. Бұл мемлекеттік тілдің цифрлық ортадағы қолданылу аясын кеңейтуге ықпал етеді.

«Инфрақұрылым» бөлімі толықтай қазақ тілінде ұсынылған. Мұнда академияның оқу корпустары, жаттығу залдары, шығармашылық кеңістіктері және материалдық-техникалық базасы туралы жан-жақты мәлімет берілген.


«Ректор блогы» интернет-ресурстың ең тиімді бөлімдерінің бірі ретінде бағаланады. Бұл бөлімде ректордың құттықтау сөзі мен академия қызметіне қатысты маңызды ақпарат жарияланған. Сонымен қатар пайдаланушыларға сұрақ қоюға және кері байланыс орнатуға мүмкіндік берілген. Мұндай ашық коммуникация тетігі білім беру ұйымының қоғаммен өзара байланысын нығайтады.

«Білім беру» бөлімі толықтай қазақ тілінде жүргізіледі. Білім беру бағдарламалары, қабылдау талаптары, оқу үдерісі және академиялық қызмет туралы мәліметтер мемлекеттік тілде жан-жақты қамтылған.

«Шығармашылық қызмет» бөлімінде академияның концерттік бағдарламалары, шығармашылық жобалары, халықаралық ынтымақтастықтары мен студенттердің жетістіктері туралы толық ақпарат қазақ тілінде ұсынылған. Пайдаланушылар бұл бөлім арқылы академияның мәдени және шығармашылық әлеуетімен кеңінен таныса алады.

Академияның ***«Ғылыми іс-шаралар жоспары»*** бөлімі ерекше назар аудартады. Бұл бөлімде конференциялар, ғылыми семинарлар және басқа да іс-шаралар туралы ақпарат қазақ тілінде тұрақты түрде жарияланып, жыл сайын жаңартылып отырады. Бұл ғылыми қызметтің ашықтығын қамтамасыз ететін маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар ***«Құжаттар»*** бөліміндегі ақпараттың өзектілігіне қатысты мәселе анықталды. Бөлімде орналастырылған құжаттар 2023 жылдан бері жаңартылмаған. Осыған байланысты ресми құжаттарды тұрақты түрде толықтырып, жаңартып отыру ұсынылады.



Жалпы алғанда, Қазақ ұлттық хореография академиясының ресми интернет-ресурсы мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету бағытында оң тәжірибе көрсетеді.

Анықталған кемшіліктер ретінде ***E-Museum*** бөлімінің қазақ тіліндегі нұсқасының болмауы, ***«Аккредиттеу және лицензиялар»*** бөліміндегі жекелеген орыс тіліндегі құжаттар және ***«Құжаттар»*** бөліміндегі ақпараттың уақытылы жаңартылмауы атап өтіледі.

Жалпы мониторинг нәтижесі бойынша интернет-ресурстағы қазақ тілінің қолданылу деңгейі жоғары деп бағаланды және мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі қолданысын дамытуға бағытталған тиімді тәжірибе ретінде қарастыруға болады.

Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы

Жүргізілген мониторинг барысында Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының ресми интернет-ресурсының (https://afos.edu.kz/) мемлекеттік тілдегі нұсқасының қолданылу деңгейі жоғары екендігі анықталды. Интернет-ресурс пайдаланушылар үшін қазақ тіліндегі нұсқада ашылады, бұл ұйымның мемлекеттік тілдің қолданысына басымдық беріп отырғанын көрсететін оң тәжірибе болып табылады.

Интернет-ресурстың негізгі ақпараттық бөлімдерінің басым бөлігі мемлекеттік тілде ұсынылған. Құрылымы пайдаланушыларға ыңғайлы түрде ұйымдастырылып, ақпаратты іздеу мен қабылдауға қолайлы орта қалыптастырылған.

Жалпы алғанда, интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасы мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан жақсы деңгейде қалыптасқан әрі пайдаланушылар үшін қолайлы ақпараттық ресурс ретінде бағаланады.

Атап айтқанда, оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған ***«Үйірмелер»*** бөлімі мазмұндық жағынан толық әрі жүйелі әзірленген. Бұл бөлім ғылыми, көркем-эстетикалық және спорттық бағыттарды қамтып, білім алушылардың қызығушылықтарына сәйкес кең ауқымды мүмкіндік ұсынады. Бөлімде үйірмелердің мақсат-міндеттері, жұмыс ерекшеліктері және қатысу шарттары қазақ тілінде нақты әрі түсінікті түрде баяндалған. Бұл пайдаланушыларға қажетті ақпаратты жеңіл қабылдауға мүмкіндік беретін оң тәжірибе ретінде бағаланады.

Сонымен қатар сайттағы ***«Нормативтік құжаттар»*** бөлімі де жоғары деңгейде рәсімделген. Бөлім атауы мемлекеттік тілде берілген және құжаттардың басым бөлігі қазақ тілінде ұсынылған. Бұл ұйымның ресми құжат жүргізуде мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, аталған бөлімдердегі ақпараттың мемлекеттік тілде толық әрі жүйелі берілуі сайттың тілдік сапасын арттырып, пайдаланушылар үшін қолайлы ақпараттық орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Мониторинг барысында ***«Ұйым бюджеті»*** бөлімінің бос күйде тұрғаны анықталды. Бұл жағдай сайттың қаржылық ақпарат бөлігінің толық жұмыс істемеуін көрсетеді және пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтердің қолжетімсіз болуына әсер етеді.

Ашықтық және қолжетімділік қағидаттарын сақтау мақсатында аталған бөлімді өзекті қаржылық ақпаратпен, бюджетке қатысты ресми деректермен және есепті құжаттармен толықтыру ұсынылады. Бұл интернет-ресурстың ақпараттық мазмұнын жетілдіріп, пайдаланушыларға қаржылық мәліметтерді толық әрі ашық түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

«Ақпарат» бөліміндегі материалдар толықтай қазақ тілінде ұсынылғаны анықталды. Бұл сайттың мемлекеттік тілдегі мазмұндық қамтылуының жоғары деңгейін көрсететін оң көрсеткіш болып табылады.

Сонымен қатар жекелеген мәтіндерде қолданылған «педагог» терминінің жиі қайталануы байқалады. Аталған терминді қазақ тілінің қолданыс ерекшеліктеріне сәйкес баламалармен алмастыру арқылы мәтіннің тілдік

икемділігі мен табиғилығын арттыруға болады. Мысалы, контекстке қарай *«ұстаз», «оқытушы»* немесе *«тәлімгер»* сөздерін қолдану орынды.

Осы бағыттағы тілдік түзетулер интернет-ресурстағы ақпараттың сапасын жақсартып, мемлекеттік тілдегі мазмұнның стилистикалық бірізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мониторинг барысында ***«Хабарландырулар»*** бөлімінің қазіргі уақытта бос тұрғаны анықталды. Бұл бөлімге жоспарланған іс-шаралар, байқаулар, қабылдау науқандары және өзге де маңызды ақпаратты тұрақты түрде орналастырып отыру қажеттілігі байқалады. Аталған мазмұн бөлімнің функционалдық мақсатына сай ақпараттық жүктемесін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар интернет-ресурстың ***«Жаңалықтар»*** бөлімі белсенді жұмыс істейтіні және жүйелі түрде жаңартылып отыратыны анықталды. Жаңалықтардың қазақ тілінде жариялануы мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістіктегі қолданысын кеңейтіп, ұйым қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

«Байланыс» бөлімінде ұйымның мекенжайы, байланыс телефондары және басқа да қажетті деректер толық әрі нақты көрсетілген. Ақпараттың қолжетімді және түсінікті берілуі азаматтар мен ата-аналардың ұйыммен тиімді байланыс орнатуына мүмкіндік береді.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының ресми интернет-ресурсында қазақ тілінің қолданылу деңгейі жоғары деп бағаланды. Интернет-ресурстағы негізгі бөлімдер, жаңалықтар, нормативтік құжаттар және баспасөз материалдары мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Сонымен қатар ұйым бюджеті мен хабарландырулар бөлімдерін толықтыру, сондай-ақ терминдерді қазақ тілінің нормаларына сәйкестендіру арқылы сайттың тілдік және ақпараттық сапасын одан әрі жетілдіруге мүмкіндік бар.

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы

Жүргізілген мониторинг барысында «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының ресми интернет-ресурсының деңгейі жоғары екені анықталды. Интернет-ресурс пайдаланушылар үшін ең алдымен қазақ тіліндегі нұсқада ашылады, бұл цифрлық кеңістікте мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету бағытындағы оң тәжірибе болып табылады.

Интернет-ресурстың басты беті толықтай қазақ тілінде рәсімделген. Негізгі бөлімдер, навигациялық мәзірлер және ақпараттық блоктар мемлекеттік тілде ұсынылып, пайдаланушыларға қажетті мәліметтерді қазақ тілінде алуға мүмкіндік берілген. Бұл ұйымның ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдің қолданылуына басымдық беретінін көрсетеді.


Мемлекеттік тілдегі мазмұнның толық ұсынылуы ұйымның ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етіп, қазақ тілінің ресми коммуникация құралы ретіндегі қолданысын нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен қатар интернет-ресурста бірқатар жетілдіруді қажет ететін тұстар бар. Атап айтқанда, ***«Архив»*** және ***«Бос орындар»*** бөлімдерінде ақпарат орналастырылмаған. Бөлімдерді өзекті ақпаратпен тұрақты түрде жаңартып отыру сайттың ақпараттық мазмұнын арттырып, пайдаланушылар үшін тиімділігін қамтамасыз етеді.

Жалпы, интернет-ресурста мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі жоғары, ақпарат ұсыну құрылымы қалыптасқан және қазақ тіліндегі контенттің тұрақты жүргізілуі оң тәжірибе ретінде бағаланады.

Интернет-ресурстың маңызды артықшылықтарының бірі – ***«Пікірлер мен ұсыныстар»*** бөлімінің болуы. Бұл бөлім келушілерге өз ұсыныстарын, пікірлерін және өтініштерін жолдауға мүмкіндік береді. Кері байланыстың мұндай тетігі ұйым мен қоғам арасындағы ашық диалогты дамытуға және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

«Байланыс» бөлімінде мекенжай, байланыс нөмірлері, электрондық пошта және басқа да қажетті ақпарат толықтай қазақ тілінде ұсынылған. Ақпараттың түсінікті әрі жүйелі берілуі пайдаланушылар үшін қолайлы жағдай қалыптастырады.



Жүргізілген мониторинг нәтижесінде ***«Қазақконцерт»*** мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі жоғары деп бағаланды.

Интернет-ресурстың құрылымы пайдаланушыларға ыңғайлы қалыптастырылған, мәдени ұйымның қызметі туралы негізгі мәліметтер толық қамтылған. ***«Афиша»*** бөлімінің қазақ тілінде тұрақты жаңартылып отыруы және мәдени іс-шаралар туралы ақпараттың мемлекеттік тілде ұсынылуы оң тәжірибе ретінде бағаланады.

Сонымен бірге интернет-ресурста жетілдіруді қажет ететін жекелеген бағыттар бар. Атап айтқанда, бөлімдердің ақпараттық мазмұнын толықтыру және құжаттарды орналастыру кезінде тілдік бірізділікті сақтау қажет. Аталған мәселелерді кезең-кезеңімен шешу интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі сапасын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

«Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының ресми интернет-ресурсында қалыптасқан мемлекеттік тілдегі ақпарат ұсыну тәжірибесін сақтау және дамыту ұсынылады. Сонымен қатар ақпараттық бөлімдерді, оның ішінде жаңалықтар, архив және бос орындар бөлімдерін өзекті материалдармен тұрақты түрде толықтырып отыру қажет.

Сондай-ақ интернет-ресурста орналастырылатын барлық құжаттар мен ақпараттың тілдік сәйкестігін бақылап, қазақ тіліндегі нұсқаның толық әрі сапалы ұсынылуын қамтамасыз ету ұсынылады. Бұл интернет-ресурстың


ақпараттық ашықтығын арттырып, мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі қолданысын одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді.

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры

Жүргізілген мониторинг барысында «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының ресми интернет-ресурсының (https://astanaopera.kz/) үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жұмыс істейтіні анықталды. Интернет-ресурсқа кіру барысында пайдаланушыға бірнеше тілдік нұсқаны таңдау мүмкіндігі ұсынылған, бұл ақпараттың әртүрлі аудиторияға қолжетімді болуын қамтамасыз ететін оң көрсеткіш болып табылады.

Алайда, интернет-ресурстың басты беті орыс тілінде ашылады. Мемлекеттік мекеменің ресми интернет-ресурсы болғандықтан, интернет-ресурстың бастапқы бетінде мемлекеттік тілдегі нұсқаның ұсынылуы пайдаланушыларға қазақ тіліндегі ақпаратқа тікелей қолжетімділікті арттырады және мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі қолданылуын күшейтеді.

Осыған байланысты интернет-ресурстың бастапқы тілдік параметрін мемлекеттік тілдегі нұсқаға бейімдеу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Бұл интернет-ресурстың тіл саясаты талаптарына сәйкестігін арттырып, қазақ тіліндегі ақпараттың басымдығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Мониторинг барысында интернет-ресурстың ***«Театр»*** бөлімі ішінде тілдік сәйкессіздік анықталды. Атап айтқанда, аталған бөлімдегі құжаттың атауы орыс тілінде, ал ішкі мазмұны қазақ тілінде ұсынылған.

Бұл жағдай пайдаланушылар үшін ақпаратты іздеу барысында түсініксіздік туындатуы мүмкін және бөлім атауы мен құжат мазмұнының тілдік сәйкестігі сақталмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты сайттағы құжат атаулары мен олардың мазмұнын бір тілдік нұсқаға сәйкестендіріп орналастыру, сондай-ақ қазақ тіліндегі бөлімдерде ұсынылатын материалдардың атауларын мемлекеттік тіл талаптарына сай рәсімдеу қажет.

Мониторинг барысында сайттың ***«Театр туралы»*** бөлімі ішіндегі ***«Мультимедиа»*** кіші бөлімінде тілдік сәйкессіздік анықталды. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі нұсқаға ауысқан кезде аталған бөлімде ұсынылған бейнематериал орыс тілінде орналастырылған.

Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі ақпараттық мазмұнның толық қалыптасуына әсер етеді, себебі бөлім атауы мен интерфейсі қазақ тілінде

болғанымен, ұсынылатын мультимедиялық материалдардың мазмұны тілдік тұрғыдан сәйкес келмейді.

Осыған байланысты интернет-ресурстағы мультимедиялық контенттерді тілдік нұсқаларға сәйкес орналастырып, қазақ тіліндегі бөлімдерде пайдаланушыларға мемлекеттік тілдегі бейнематериалдардың қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Мониторинг нәтижесінде «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі жоғары екендігі байқалды. Интернет-ресурстың негізгі ақпараттық бөлімдерде қазақ тіліндегі мазмұн тұрақты ұсынылған.

Сонымен қатар интернет-ресурста пайдаланушылармен кері байланыс орнатуға мүмкіндік беретін бөлім қарастырылған. Көрермендер өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын немесе өтініштерін жолдай алады, бұл ұйым мен аудитория арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін оң тәжірибе болып табылады.

Алайда жекелеген бөлімдердегі тілдік сәйкестікті толық қамтамасыз ету интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасының сапасын одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар интернет-ресурстағы барлық бөлімдер мен мультимедиялық материалдардың тілдік сәйкестігін тұрақты бақылап, қазақ тіліндегі нұсқаның толық әрі бірізді жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ интернет-ресурстың бастапқы ашылатын тілдік нұсқасын мемлекеттік тілдің қолданысын ескере отырып жетілдіру, пайдаланушыларға қазақ тіліндегі ақпаратқа қолжетімділікті барынша жеңілдету ұсынылады.

«Астана Балет» театры

Жүргізілген мониторинг барысында «Astana Ballet» театрының ресми интернет-ресурсының (https://astanaballet.com/ru) бастапқы ашылатын нұсқасы **орыс тілінде** ұсынылатыны анықталды. Интернет-ресурста қазақ тіліндегі нұсқа қарастырылғанымен, тілдік қолданыс деңгейінде қазақ және орыс тілдері арасында теңгерімсіздік байқалады.

Талдау нәтижесінде бірқатар бөлімдерде орыс тіліндегі ақпарат басым екені немесе қазақ тіліндегі мазмұнның толық ұсынылмағаны анықталды. Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі мен интернет-ресурстың тілдік бірізділігіне әсер етеді.

Атап айтқанда, ***«Қаржылық есеп»*** бөліміндегі материалдар 2019 жылдан бері жаңартылмаған және жарияланған құжаттар толықтай орыс тілінде ұсынылған. Ұйымның ресми интернет-ресурсында қаржылық ашықтықты қамтамасыз ететін ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасының да қолжетімді болуы маңызды. Осыған байланысты аталған бөлімдегі құжаттарды қазақ тілінде ұсыну және ақпаратты тұрақты түрде жаңартып отыру қажет.

Мониторинг барысында ***«Мемлекеттік сатып алу»*** бөліміне талдау жүргізу кезінде қазақ тіліндегі құжаттардың орналастырылмағаны және аталған бөлімнің мазмұндық тұрғыдан бос тұрғаны анықталды.

Әсіресе мемлекеттік ұйымның ресми сайтында мемлекеттік сатып алуға қатысты мәліметтердің екі тілде де қолжетімді болуы ақпараттық ашықтық талаптарын қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Осыған байланысты ***«Мемлекеттік сатып алу»*** бөлімін мемлекеттік тілдегі өзекті құжаттармен толықтыру және бөлім мазмұнын тұрақты түрде жаңартып отыру қажет.


Мониторинг барысында ***«Театр туралы»*** бөлімдегі ***«Бос жұмыс орындары»*** кіші бөлімінде ақпараттың толықтай орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Аталған бөлімде қазақ тіліндегі нұсқаның болмауы мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық қолжетімділігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейді.

Жұмысқа орналасуға қатысты ақпараттың тек бір тілде ұсынылуы пайдаланушылардың, оның ішінде қазақ тілінде ақпарат алатын азаматтардың қажетті мәліметтерді тең дәрежеде алу мүмкіндігін шектейді. Сонымен қатар бұл интернет-ресурстағы ресми коммуникацияның тілдік теңгерімділігіне әсер етеді.

Осыған байланысты ***«Бос жұмыс орындары»*** бөліміндегі ақпаратты қазақ тілінде де ұсыну және жаңартылатын материалдарды екі тілде орналастыру қажет. Бұл интернет-ресурсының ақпараттық ашықтығын арттырып, пайдаланушылар үшін қолжетімді ақпараттық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мониторинг барысында интернет-ресурстың басты бетіндегі ***«Қызметті реттейтін құжаттар»*** бөліміне талдау жүргізілді. Аталған бөлімде төрт құжат орналастырылғаны анықталды. Оның ішінде екі құжат мемлекеттік тілде ұсынылған, ал қалған екі құжаттың атаулары толықтай орыс тілінде берілген. Ресми құжаттар орналасқан бөлімде атаулардың әртүрлі тілде берілуі пайдаланушылар үшін ақпаратты қабылдау ыңғайлылығына әсер етеді және мемлекеттік тілдегі ақпараттың басымдығын қамтамасыз ету талаптарына толық сәйкес келмейді.

Осыған байланысты бөлімдегі барлық құжат атауларын мемлекеттік тілде біріздендіріп рәсімдеу және құжаттарды орналастыру кезінде қазақ тіліндегі нұсқаның толық ұсынылуын қамтамасыз ету қажет.



Сонымен қатар ***«Ынтымақтастық»*** және ***«Аналитикалық есеп»*** бөлімдері де назар аударуды қажет етеді. Осы бөлімдерде мемлекеттік тілдегі ақпарат көздеріне қол жеткізу мүмкін емес. Бөлімдердің бос тұруы немесе қазақ тіліндегі мәліметтердің болмауы интернет-ресурсының ақпараттық мазмұнын толыққанды қамтамасыз етпейді. Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі ресми ақпараттың жүйелі түрде жүргізілмейтінін көрсетеді.

«Комплаенс-офицер» бөліміне жүргізілген талдау барысында да бірқатар тілдік сәйкессіздіктер анықталды. Атап айтқанда, ***«Ішкі нормативтік***

құжаттар» бөлімінде бес құжат жүктелген. Оның үшеуі мемлекеттік тілде қазақша ұсынылғанымен, бес құжаттың атауы түгелдей орыс тілінде енгізілген. Яғни құжаттардың мазмұны қазақ тілінде болғанымен, сыртқы атауларының орыс тілінде берілуі мемлекеттік тілдің ресми кеңістіктегі көрінісін әлсіретеді әрі пайдаланушылар үшін тілдік сәйкессіздік туындатады.

Бұдан бөлек, ***«2025 Комплаенс-офицер»*** бөлімінде ақпараттың орыс тілінде орналастырылғаны байқалды. Бұл бөлімде қазақ тіліндегі нұсқаның ұсынылмауы мемлекеттік тілдің ақпараттық ресурстағы үлесінің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, театрдың ресми интернет-ресурсында қазақ тілі ішінара қолданылғанымен, бірқатар маңызды бөлімдерде орыс тілі басымдыққа ие екендігі байқалады. Әсіресе ресми құжаттар, кадрлық ақпарат, нормативтік материалдар және талдамалық бөлімдерде мемлекеттік тілдің қолданысы толық қамтамасыз етілмеген.

Қорытындылай келе, «Astana Opera» мемлекеттік опера және балет театрының ресми интернет-ресурсында қазақ тіліндегі ақпарат көлемін арттыру, бос бөлімдерді мемлекеттік тілде толықтыру, орыс тіліндегі құжаттарға қазақша баламаларын енгізу және барлық бөлімдерде тілдік бірізділікті сақтау қажет. Себебі мемлекеттік тіл - тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық мәдениеттің, рухани құндылықтардың және мемлекеттік тұтастықтың негізгі тіректерінің бірі болып табылады.

Бейбітшілік және келісім сарайы

Жүргізілген мониторинг барысында Бейбітшілік және келісім сарайының ресми интернет-ресурсының (https://astana-piramida.kz/kk/about/) қазақ тіліндегі нұсқада ашылатыны анықталды. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету бағытындағы оң көрсеткіш. Сонымен қатар интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасында басты мәзір бөлімдерінің бірқатар атаулары толық аударылмай, орыс тілінде сақталғаны анықталды. Атап айтқанда, ***«Главная», «О нас», «Услуги», «Экскурсия», «Госзакупки», «Контакты»*** бөлім атаулары мемлекеттік тілдегі интерфейстің бірізділігіне сәйкес келмейді.

Осыған байланысты аталған бөлім атауларын қазақ тілінің қолданыс нормаларына сәйкес бейімдеу қажет. Атап айтқанда: ***«Главная» – «Басты бет», «О нас» – «Біз туралы», «Услуги» – «Қызметтер», «Экскурсия» – «Экскурсиялар», «Госзакупки» – «Мемлекеттік сатып алулар», «Контакты» – «Байланыс»*** деп жариялау ұсынылады. Бұл интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасының сапасын арттырып, пайдаланушылар үшін түсінікті әрі толыққанды ақпараттық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мониторинг барысында интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасындағы бірқатар бөлімдердің мазмұндық және тілдік тұрғыдан жетілдіруді қажет ететіні анықталды. Атап айтқанда, ***«Жаңалықтар»*** бөліміндегі материалдар қазақ тілінде ұсынылғанымен, латын графикасымен жарияланған. Сонымен қатар аталған бөлімдегі ақпарат тұрақты түрде жаңартылмайды, қолжетімді

материалдардың басым бөлігі 2019 жылдан бері толықтырылмаған. Бұл сайттағы ақпараттың өзектілігі мен жаңару деңгейіне әсер етеді.

«Басшылық» бөлімі қазақ тілінде ұсынылғанымен, мәтін латын графикасында берілген. Ақпараттық ресурста қолданылатын жазу үлгісінің бірізділігін сақтау мақсатында мәтіндердің қолданыстағы ресми әліпби талаптарына сәйкестігін қарастыру қажет.

Сонымен қатар ***«Экскурсия»*** бөлімінің мазмұны толықтай орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Аталған бөлімді қазақ тіліндегі толыққанды нұсқамен қамтамасыз ету мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігін арттырып, интернет-ресурстың тілдік теңгерімділігін сақтауға мүмкіндік береді.

Мониторинг барысында ***«Мемлекеттік сатып алулар»*** бөлімінің қазақ тіліндегі нұсқасында бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, аталған бөлім бос тұрған және пайдаланушыларға мемлекеттік тілдегі өзекті ақпарат ұсынылмаған. Сонымен қатар бөлім атауы орыс тілінде сақталған, бұл сайттың қазақ тіліндегі нұсқасының толық бейімделуіне кедергі келтіреді.

Мемлекеттік сатып алуға қатысты ақпарат ресми әрі маңызды мазмұнға жататындықтан, аталған бөлімнің мемлекеттік тілде толық қолжетімді болуы интернет-ресурстың ақпараттық ашықтығы мен тілдік талаптарын қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Мониторинг барысында интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасында мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты оң тәжірибелермен қатар, жетілдіруді қажет ететін бірқатар тұстар анықталды. Атап айтқанда, ***«Байланыс», «Опералық зал», «Атриум залы», «Бесік залы»*** бөлімдері қазақ тілінде ұсынылған. Бұл бөлімдердің мемлекеттік тілде қолжетімді болуы интернет-ресурста қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз ету бағытындағы оң көрсеткіш болып табылады. Сонымен қатар бөлім атауларында тілдік сәйкессіздіктер кездеседі. Атап айтқанда, ***«Виртуальная экскурсия»*** атауы орыс тілінде сақталған. Аталған бөлім атауын қазақ тілінің қолданысына сәйкес ***«Виртуалды экскурсия»*** деп өзгерту ұсынылады.

«Афиша» бөлімінде функционалдық мақсатына сәйкес дербес ақпарат орналастырылмаған, оның орнына жаңалықтар материалдары ұсынылған. Осыған байланысты бөлім мазмұнын қайта қарап, көрермендерге қойылымдар мен іс-шаралар туралы қажетті ақпарат беретін дербес бөлім ретінде қалыптастыру қажет.


Сондай-ақ ***«Жаңалықтар»*** бөліміндегі соңғы жарияланған материалдар орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Бұл қазақ тіліндегі нұсқаның толыққанды жұмыс істеуіне және ақпараттық теңгерімділікке әсер етеді. Жаңалықтарды тілдік нұсқаларға сәйкес қатар жариялау қажет.

Сонымен қатар ***«Услуги»*** бөлімі және оның ішкі бөлімдерінің атаулары орыс тілінде берілген, алайда бөлім ішіндегі негізгі мәтіндердің басым бөлігі қазақ тілінде ұсынылған. Бөлім атаулары мен мазмұны арасындағы тілдік сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында аталған атауларды толықтай қазақ тіліне бейімдеу қажет.

Мониторинг барысында ***«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»*** бөліміне қатысты тілдік сәйкессіздік анықталды. Атап айтқанда, бөлім атауы орыс тілінде берілгенімен, оның ішкі мазмұны қазақ тілінде ұсынылған.

Бұл жағдай интернет-ресурс құрылымындағы тілдік бірізділіктің сақталмағанын көрсетеді және пайдаланушылар үшін бөлім мазмұнын қабылдау барысында қолайсыздық туындатуы мүмкін.

Осыған байланысты аталған бөлім атауын мемлекеттік тілдегі нұсқаға сәйкестендіріп, сайттың қазақ тіліндегі интерфейсінің толық бейімделуін қамтамасыз ету қажет.



Жүргізілген мониторинг нәтижесінде интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі қамтамасыз етілгенімен, жекелеген бөлімдерде тілдік бірізділік талаптарының толық сақталмағаны анықталды. Интернет-ресурс құрылымындағы атаулардың қазақ тіліндегі нұсқаға сәйкестендірілмеуі пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың тұтастығына әсер етеді.

Сонымен қатар бөлім атаулары мен мазмұнының бір тілде ұсынылуы, интерфейс элементтерінің толық бейімделуі мемлекеттік тілдегі цифрлық кеңістіктің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасын жетілдіру мақсатында бөлім атаулары мен интерфейс элементтерін толықтай мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестендіру, тілдік бірізділікті сақтау және барлық ақпараттық бөлімдердің қазақ тіліндегі нұсқасын тұрақты бақылау ұсынылады.

Сонымен қатар интернет-ресурс жаңартылатын материалдар мен бөлім мазмұнын қазақ тілінде қатар ұсыну арқылы мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық әрі қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры

Жүргізілген мониторинг барысында М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының ресми интернет-ресурсының Интернет-ресурсқа алғаш кірген кезде орыс тіліндегі нұсқа ашылады. Сонымен қатар пайдаланушылар үшін қазақ тіліндегі нұсқаға ауысу мүмкіндігі қарастырылған. Мемлекеттік тілдегі бөлімнің қолжетімді болуы ұйымның цифрлық кеңістікте қазақ тіліндегі ақпарат ұсынуға бағытталған жұмысын көрсететін оң тәжірибе ретінде бағаланды.

Дегенмен мониторинг барысында сайттың қазақ тіліндегі нұсқасының жалпы құрылымы сақталғанымен, интерфейс элементтерін тілдік тұрғыдан жетілдіруді қажет ететін жекелеген кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, басты бетте орналасқан ***«Меню»*** атауы қазақ тіліндегі нұсқада аударылмай қолданылған. Бұл атау қазақ тілінің нормасына сәйкес келмейді және пайдаланушыға ұсынылатын ақпараттың тілдік бірізділігіне әсер етеді.

Осыған байланысты интернет-ресурсының қазақ тіліндегі интерфейсіндегі барлық навигациялық бөлім атаулары мен қызметтік элементтердің аударма сапасын қайта қарап, мемлекеттік тіл талаптарына сәйкестендіру қажет. Атап айтқанда, ***«Меню»*** атауын ***«Мәзір»*** нұсқасына ауыстыру ұсынылады.

Сонымен қатар интернет-ресурстың басты бетінде және қойылымдарды таңдау бөлімінде кездесетін бірқатар тарау атауларының қазақ тіліндегі нұсқасы жоқ. Атап айтқанда, *«Ближайшие спектакли»* атауы қазақ тіліндегі бөлімде аудармасыз берілген. Аталған атауды мазмұндық тұрғыдан *«Жақын арадағы қойылымдар»* немесе *«Алдағы қойылымдар»* деп ұсыну мемлекеттік тілдегі интерфейстің түсініктілігін арттырады.

Сондай-ақ қойылымдарды іріктеу бөліміндегі қызметтік атаулар орыс тілінде сақталған. Атап айтқанда, *«Сортировка»* сөзі қазақ тіліндегі нұсқада *«Сұрыптау»* деп, ал *«Детский»* және *«Взрослый»* санаттары тиісінше *«Балаларға арналған»* және *«Ересектерге арналған»* деп берілуі қажет. Бұл бөлім атауларының пайдаланушыға түсінікті болуын және қазақ тіліндегі ақпараттық ортаның бірізді қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Аталған кемшіліктер интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасының жалпы қолжетімділігіне әсер етпегенімен, интерфейс элементтерінің толық тілдік бейімделуін қажет етеді. Осыған байланысты интернет-ресурста қолданылатын барлық навигациялық және функционалдық атауларды мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес біріздендіру маңызды.



Сонымен қатар репертуар бөліміндегі жанрлық атаулардың қазақ тіліндегі нұсқасында тілдік сәйкестікті қажет ететін элементтер анықталды. Атап айтқанда, жанрлар тізімінде кездесетін ***«Сказка»*** атауы орыс тілінде берілген. Аталған атауды қазақ тілінің қолданысына сәйкес ***«Ертегі»*** деп көрсету қажет.


Афиша бөлімінде орналасқан функционалдық батырмалар мен іздеу элементтерінің атаулары да толық аударылмаған. Мысалы, *«Скачать афишу»* батырмасын *«Афишаны жүктеу»,* ал *«Найти спектакли и концерты»* тіркесін *«Қойылымдар мен концерттерді іздеу»* деп беру ұсынылады. Бұл өзгерістер

интернет-ресурс пайдаланушылары үшін ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, мемлекеттік тілдегі интерфейстің сапасын арттырады.

Сондай-ақ интернет-ресурстың ***«О театре»*** бөлімі мазмұны жағынан қазақ тілінде ұсынылғанымен, бөлім атауы орыс тілінде сақталған. Бөлім атауын ***«Театр туралы»*** деп өзгерту арқылы сайт құрылымындағы тілдік бірізділікті қамтамасыз етуге болады.

Мониторинг барысында интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасында бөлім атауларының тілдік және стилистикалық тұрғыдан толық бейімделмегені анықталды. Атап айтқанда, *«Театр адамдары»* атауы қазақ тілінің қолданыс нормаларына сәйкес келмейді және бөлім мазмұнын нақты ашпайды. Осыған байланысты аталған бөлім атауын *«Театр ұжымы», «Театр құрамы»* немесе *«Шығармашылық ұжым»* нұсқаларының бірімен ауыстыру ұсынылады.

Сонымен қатар аталған бөлім ішіндегі бірқатар атаулар орыс тілінде сақталған. Бұл атауларды қазақ тілінің ресми қолданысына сәйкестендіру қажет. Атап айтқанда, *«Создатели спектаклей»* атауын *«Қойылым авторлары»* немесе *«Қойылымды жасаушылар», «Театральные цеха»* атауын *«Театрдың өндірістік бөлімдері», «Административно-руководящий состав»* атауын *«Әкімшілік-басқару құрамы»* деп беру ұсынылады.



Сондай-ақ *«Финансово-хозяйственный отдел»* атауын *«Қаржы-шаруашылық бөлімі»,* ал *«Художественное руководство»* атауын *«Көркемдік жетекшілік»* немесе *«Көркемдік басшылық»* нұсқаларының бірімен аудару қажет. Бөлім атауларын бірізді түрде қазақша ұсыну интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасының сапасын арттырып, пайдаланушылар үшін ақпараттың түсініктілігін қамтамасыз етеді.

Мониторинг барысында интернет-ресурстың ***«Виртуальный тур»*** бөлімінің қазақ тіліндегі нұсқада толық бейімделмегені анықталды. Аталған бөлім мазмұны толығымен орыс тілінде ұсынылған. Бұл жағдай интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасындағы ақпараттық толықтық талаптарының сақталуына әсер етеді.

Осыған байланысты бөлім атауын қазақ тілінің қолданысына сәйкес *«Виртуалды тур»* деп өзгерту, сондай-ақ аталған бөлімдегі ақпараттық материалдарды мемлекеттік тілде толық ұсыну қажет.

Бөлім мазмұнын қазақ тілінде қолжетімді ету пайдаланушылар үшін ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз етіп, интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мониторинг нәтижесінде интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасын да оң бағалауға болатын тұстар да бар. Атап айтқанда, ***«Жаңалықтар»*** бөлімі тұрақты түрде мемлекеттік тілде жаңартылып отырады. Театр қызметіне қатысты ақпарат, мәдени іс-шаралар мен өзге де хабарламалар қазақ тілінде жарияланып, пайдаланушылар үшін қолжетімді ұсынылған. Бұл ұйымның ақпараттық кеңістікте мемлекеттік тілді қолдануға бағытталған жұмысын көрсетеді. Сонымен қатар ***«Байланыс»*** бөліміндегі негізгі ақпарат қазақ тілінде берілген. Дегенмен бөлім атауының тілдік бірізділігін сақтау мақсатында *«Наши контакты»* атауын қазақ тіліндегі нұсқаға бейімдеу қажет. Аталған атауды *«Байланыс ақпараты»* немесе *«Бізбен байланыс»* деп беру ұсынылады.

Интернет-ресурста ***«Құжаттар»*** бөлімі қарастырылғанымен, бөлім атауының жанында және кейбір элементтерінде *«Документы»* атауы сақталған. Бұл қазақ тіліндегі нұсқаның толық бейімделуіне кедергі келтіреді. Осыған байланысты аталған бөлім атауын барлық жерде бірізді түрде «Құжаттар» деп рәсімдеу қажет.

Жүргізілген мониторинг нәтижесі М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдегі нұсқаның іске қосылғанын және негізгі ақпараттық бөлімдердің қазақ тілінде қолжетімді екенін көрсетті. Интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасында жаңалықтар мен театр қызметіне қатысты материалдардың ұсынылуы оң тәжірибе ретінде бағаланады.

Сонымен қатар интернет-ресурстың қазақ тіліндегі мазмұнын толыққанды қалыптастыру бағытында тілдік бірізділікті жетілдіру қажет. Атап айтқанда, интерфейс элементтері мен бөлім атауларын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестендіру, аударма сапасын арттыру және барлық құрылымдық бөлімдердің қазақ тіліндегі нұсқада толық ұсынылуын қамтамасыз ету маңызды.

Театрдың ресми интернет-ресурсындағы қазақ тіліндегі нұсқаны одан әрі жетілдіру мақсатында сайт құрылымындағы барлық бөлім атаулары, навигациялық элементтер мен қызметтік батырмаларға тілдік талдау жүргізіп, оларды қазақ тілінің қолданыс нормаларына сәйкес біріздендіру ұсынылады.

Сонымен қатар мемлекеттік тілдегі бөлімдердің мазмұнын тұрақты түрде толықтырып отыру, жаңа ақпаратты қазақ тілінде қатар жариялау және интернет-ресурстың алғашқы ашылатын нұсқасында мемлекеттік тілдің қолжетімділігін ескеру қажет. Бұл интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдің қолданылу сапасын арттыруға және пайдаланушылар үшін қолайлы ақпараттық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Astana Musical» мемлекеттік театры

Мониторинг барысында «Astana Musical» мемлекеттік театрының ресми интернет-

Аталған жағдай театрға қатысты ақпараттың дербес интернет-ресурс деңгейінде қолжетімділігін шектейді және мониторинг жүргізу барысында мазмұнды жеке бағалауға кедергі келтіреді.

Осыған байланысты «Astana Musical» театрының ақпараттық материалдарын дербес бөлім немесе жеке ресми интернет-ресурс ретінде құрылымдау мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Ұсыныстар

Астана қаласындағы мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарын одан әрі жетілдіру мақсатында төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады:

1. Интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасының толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Сайттардың барлық бөлімдері мен ішкі беттеріндегі ақпаратты мемлекеттік тілде толық ұсыну, мәзір атауларын, бөлім атауларын және интерфейс элементтерін бірыңғай тілдік талаптарға сәйкестендіру қажет.

2. Ресми және құқықтық ақпараттың мемлекеттік тілдегі қолжетімділігін арттыру. Қаржылық есептер, мемлекеттік сатып алу материалдары, нормативтік құжаттар, лицензиялар, даму жоспарлары және өзге де ресми ақпаратты қазақ тілінде орналастыру ұсынылады.

Ақпараттық контенттің сапасы мен көлемін арттыру. Ұйым қызметі туралы мәліметтерді, тарихын, құрылымын, басшылық құрамы туралы ақпаратты, шығармашылық жобалар мен іс-шаралар жөніндегі материалдарды тұрақты жаңартып отыру қажет.

4. Сайттағы ақпараттың өзектілігін бақылау. Бос тұрған бөлімдерді («Архив», «Бос жұмыс орындары», «Хабарландырулар» және т.б.) қажетті мазмұнмен толықтыру, жаңалықтар мен мәдени іс-шаралар туралы ақпаратты тұрақты жариялау ұсынылады.

5. Пайдаланушылармен кері байланыс орнату мүмкіндіктерін дамыту. Азаматтардың ұсыныстары мен сұрақтарын қабылдауға арналған онлайн сервистерді, кері байланыс нысандарын, сұрақ-жауап бөлімдерін және интерактивті құралдарды кеңейту қажет.

6. Мемлекеттік тілдегі контент сапасын тұрақты бақылау. Қазақ тіліндегі аудармалардың тілдік нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету, терминологиялық бірізділікті сақтау және сайт мазмұнын кәсіби редакциялық бақылаудан өткізу ұсынылады.

7. Жалпы алғанда, мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарын ақпараттық ашықтық, мемлекеттік тілдің қолданысы және пайдаланушыларға қолжетімділік талаптарына сәйкес тұрақты жетілдіру қажет. Бұл мәдени ұйымдардың цифрлық кеңістіктегі тиімді коммуникациясын арттыруға және мемлекеттік тілдің ақпараттық ортадағы қолданысын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Алматы қаласындағы мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Алматы қаласындағы мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг барысында ұйымдардың сайтындағы мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі, контенттің теңгерімділігі мен көлемі, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ашықтық пен ақпараттың толықтығы, ақпараттық белсенділік және жаңартылу деңгейі, пайдаланушымен өзара байланыс және визуалды контент бағыттары бойынша бағаланды. Бағалау жүйесі әр бағыт бойынша **0**-ден **2** баллға дейінгі көрсеткішпен жүргізіліп, ең жоғары жиынтық **балл – 12** баллды құрады.

Мониторинг нәтижесінде **7** мәдени ұйымның ресми интернет-ресурсы әртүрлі деңгейде бағаланды. Жалпы нәтижелер ұйымдардың мемлекеттік тілдегі ақпаратты ұсыну сапасы, сайт құрылымының қалыптасуы және пайдаланушыға қажетті ақпараттың қолжетімділігі бойынша айырмашылықтардың бар екенін көрсетті.

Мониторинг барысында жоғары деңгейдегі нәтиже көрсеткен ұйымдар санатына Қазақ мемлекеттік циркі **(9 балл)** және Мемлекеттік қуыршақ театры **(8 балл)** кірді.

Аталған ұйымдардың ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдің қолжетімділігі бойынша оң тәжірибе байқалды.

Орташа деңгейдегі нәтиже көрсеткен ұйымдар санатына Алматы хайуанаттар бағы **(7 балл**), Almaty Museum of Arts **(7 балл)** және Алматы музейлер бірлестігі **(6 балл)** енгізілді.

Бұл санаттағы ұйымдардың басты ерекшелігі – қазақ тіліндегі контенттің белгілі бір деңгейде қалыптасуы. Алайда мемлекеттік тілдегі ақпаратты барлық бөлімдерде тең дәрежеде қамтамасыз ету және сайт интерфейсін толық қазақшалау қажет.

Төмен деңгейдегі нәтиже көрсеткен ұйымдар санатына М.Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театры **(4 балл)** және ARTиШОК театры **(0 балл)** кірді.

Алматы қаласындағы мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі ұйымдардың мемлекеттік тілдегі ақпаратты ұсыну деңгейі әркелкі екенін көрсетті. Бірқатар ұйымдарда қазақ тіліндегі контент жүйелі қалыптасқанымен, төмен нәтиже көрсеткен ресурстарда мемлекеттік тіл тек қосымша нұсқа ретінде қарастырылған немесе толық іске қосылмаған.

Жалпы алғанда, мәдени ұйымдардың басым бөлігінде сайт құрылымы, жаңалықтар, іс-шаралар, көрмелер және пайдаланушыларға арналған ақпарат белгілі бір деңгейде қамтылған. Алайда мемлекеттік тілдегі нұсқаның әдепкі түрде ашылмауы, ресми құжаттардың толық қазақша ұсынылмауы, визуалды материалдардағы тілдік сәйкессіздіктер және терминологиялық қателер ортақ мәселелер ретінде байқалды.

Мәдени ұйымдардың интернет-ресурстары тек ақпараттық құрал ғана емес, қоғамның мәдени және тілдік кеңістігін қалыптастыратын маңызды платформа болғандықтан, мемлекеттік тілдегі мазмұнның сапасы мен қолжетімділігін тұрақты түрде жетілдіру қажет.

Алматы қаласындағы мәдени ұйымдардың 6 өлшемшартқа сәйкес жиынтық нәтижесі

№	Атауы	1-бағыт	2-бағыт	3-бағыт	4-бағыт	5-бағыт	6-бағыт	Жалпы балл
1.	Қазақ мемлекеттік циркі	2	2	1	1	2	1	**9**
2.	Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры	2	2	1	1	1	1	**8**
3.	Алматы хайуанаттар бағы	1	2	1	1	1	1	**7**
4.	Almaty Museum of Arts	1	2	1	1	1	1	**7**
5.	Алматы музейлер бірлестігі	1	1	1	1	1	1	**6**
6.	М.Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театры	1	1	0	1	1	0	**4**
7.	ARTиШОК театры	0	0	0	0	0	0	**0**

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕУ

Алматы қаласындағы мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижелері ұсынылған **6** бағыттан тұратын бағалау өлшемшарттары негізінде сараланды. Бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары көрсеткіш **– 9 балл**, ең төменгі көрсеткіш – **0 баллды** құрады.

Төмен тәуекел деңгейі (8–12 балл)

Бұл санатқа мемлекеттік тілдегі нұсқасы қалыптасқан, негізгі ақпарат қазақ тілінде ұсынылған және сайт құрылымы пайдаланушылар үшін қолжетімді ұйымдар енгізілді.

Реті	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Қазақ мемлекеттік циркі	**9**	Төмен
2.	Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры	**8**	Төмен

Орташа тәуекел деңгейі (5–7 балл)

Бұл санаттағы ұйымдарда мемлекеттік тілдегі ақпарат белгілі бір деңгейде қалыптасқан, алайда сайттың барлық бөлімдерінде тілдік теңгерім сақталмайды. Жекелеген құжаттар, визуалды материалдар немесе қызметтік ақпарат басқа тілде ұсынылған.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Алматы хайуанаттар бағы	**7**	Орташа
2.	Almaty Museum of Arts	**7**	Орташа
3.	Алматы музейлер бірлестігі	**6**	Орташа

Жоғары тәуекел деңгейі (0–4 балл)

Бұл санатқа мемлекеттік тілдегі интернет-ресурс нұсқасы толық қалыптаспаған, негізгі ақпарат орыс тілінде ұсынылған, ресми құжаттар мен

мазмұндық бөлімдер бойынша мемлекеттік тілдің қолжетімділігі төмен ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	М.Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театры	**4**	Жоғары
2.	ARTиШОК театры	**0**	Жоғары

Жалпы нәтижелер мәдени ұйымдардың ресми сайттарында ақпараттық құрылым қалыптасқанын көрсеткенімен, мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету, ресми құжаттарды қазақ тілінде ұсыну, визуалды контентті бейімдеу және терминологиялық бірізділікті сақтау бағытында жұмыстарды күшейту қажеттігін көрсетті.

АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Қазақ мемлекеттік циркі

«Қазақ мемлекеттік циркі» интернет-ресурсының https://circusalmaty.kz/kk/bastyi-bet басты артықшылықтарының бірі – сайттың мемлекеттік тілде ашылуы. Сонымен қатар тілдерді таңдау батырмасында қазақ тілінің бірінші орында орналасуы мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету бағытындағы оң тәжірибе ретінде бағаланады. Алайда сайттың басты бетіне жүргізілген талдау барысында бірқатар тілдік және терминологиялық кемшіліктер анықталды.

Атап айтқанда, навигациялық бөлімдер атауларында қазақ тілінің нормалары толық сақталмаған. Мысалы, ***«Залдың схемасы және бағалар»*** бөлімінде *«схема»* сөзі орыс тілінен тікелей алынған нұсқада қолданылған. Қазақ тіліндегі қалыптасқан баламасы *«сызба»* болғандықтан, бөлім атауын *«Залдың сызбасы және бағалар»* деп беру тілдік талаптарға және терминологиялық бірізділік қағидаттарына сәйкес болар еді.

Сонымен қатар сайттағы ***«Фотогалерея»*** бөлімінің атауы да қазақ тілінің сөзжасам ерекшеліктеріне толық сәйкес келмейді. Бұл атаудың орнына *«Суреттер жинағы», «Фотоқор»* немесе қарапайым әрі түсінікті *«Суреттер»* атауын қолдану мемлекеттік тілдің табиғи қолданысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аталған кемшіліктер интернет-ресурстың жалпы жұмысына әсер етпегенімен, мемлекеттік тілдегі интерфейстің сапасына және тілдік безендірілу деңгейіне кері әсер етеді. Әсіресе басты бетте орналасқандықтан, бұл қателіктер пайдаланушылардың назарына бірден түседі және интернет-ресурстың тілдік мәдениетіне қатысты жағымсыз пікір қалыптастыруы мүмкін.

Интернет-ресурстың ***«Цирк туралы»*** бөлімінде мекеменің тарихы, қызметі және шығармашылық бағыты жөніндегі ақпарат жүйелі түрде орналастырылған. Бөлім мазмұнының құрылымы түсінікті әрі ақпараттық жағынан жеткілікті деңгейде қамтылған. Мемлекеттік тілдегі материалдардың көлемі мен мазмұны өзара үйлесімді ұсынылғандықтан, бұл бөлімді контенттің толықтығы тұрғысынан оң бағалауға болады.

Сонымен қатар ***«Афиша»*** бөліміне жүргізілген мониторинг нәтижесінде қойылым атауларының, өткізілу күндерінің және бағдарламалар сипаттамасының мемлекеттік тілде жарияланғаны анықталды. Ақпараттың көркем әрі түсінікті тілде берілуі пайдаланушылардың мазмұнды оңай қабылдауына мүмкіндік береді және қазақ тіліндегі контенттің сапалы әзірленгенін көрсетеді.

Алайда ***«Залдағы орындар мен бағалар»*** бөлімінде мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты сәйкессіздік байқалады. Аталған бөлімде залдың ішкі орналасу сызбасы фотосурет түрінде ұсынылғанымен, фотосурет ішіндегі түсіндірме жазбалар орыс тілінде берілген. Нәтижесінде қазақ тіліндегі интерфейс пен визуалды контент арасында тілдік үйлесім сақталмай отыр.


Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі пайдаланушылар үшін ақпаратты қабылдауды қиындатып қана қоймай, сайттың қазақ тіліндегі нұсқасының тұтастығына да әсер етеді. Әсіресе билет бағасы мен орындардың орналасуына қатысты маңызды ақпараттың визуалды элементтерде өзге тілде берілуі мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық ұсынылу қағидатына сәйкес келмейді.

«Біздің ұжым» бөлімі бойынша айтатын болсақ, бұл бөлім екіге бөлінген. Бірі әкімшілік ұжым болса, екіншісі шығармашылық ұжым. Әкімшілік ұжымы – бөлімінде барлық дерек қазақ тілінде көрсетілген. Дегенмен шығармашылық ұжым бөлімі бос қалған, яғни мүлде ақпарат жоқ.

Интернет-ресурстың ***«Alaı́ Circus қонақ үйі»*** бөлімінде қонақ үйдің орналасқан мекенжайы, брондау тәртібі және байланыс нөмірлері туралы негізгі ақпарат ұсынылған. Бұл пайдаланушыларға қажетті мәліметтерді жедел алуға мүмкіндік береді және ақпараттың қолжетімділігі тұрғысынан оң бағаланады.

Сонымен қатар бөлімге жүргізілген мониторинг барысында мекенжай деректерін рәсімдеуде тілдік нормаға сәйкес келмейтін тұстар анықталды. Атап айтқанда, мекенжай ақпаратында көше атауының берілуінде мемлекеттік тілдің орфографиялық және ресми құжаттарда қолданылатын атау үлгісі толық сақталмаған. Мекенжайды *«Алматы қаласы, Абай даңғылы»* түрінде көрсету қазақ тілінің жазу нормаларына сәйкес болады.


Мұндай қателіктер көлемі жағынан шағын болғанымен, интернет-ресурстың жалпы тілдік сапасына әсер етеді. Әсіресе байланыс және мекенжай деректері секілді ресми ақпаратда орфографиялық бірізділіктің сақталуы пайдаланушылардың ақпаратты дұрыс қабылдауына және мекеменің ресми интернет-ресурсына деген сенімін арттыруға ықпал етеді.



«Баспасөз біз туралы» бөліміне жүргізілген мониторинг барысында терминдерді қолдануда бірізділіктің сақталмағаны анықталды. Атап айтқанда, бөлімнің материалдарында *«әртістер»* нұсқасы қолданылса, басқа жарияланымдарда осы ұғым *«артистер»* түрінде берілген. Мұндай әркелкілік мемлекеттік тілдегі контенттің сапасына және терминологиялық жүйелілікке кері әсер етеді. Сондықтан аталған ұғымды қазақ тілінің қолданыстағы нормаларына сәйкес біріздендіріп, қолдану қажет.

«Мемлекеттік сатып алулар» бөліміне жүргізілген мониторинг нәтижесінде мемлекеттік тілдегі нұсқаның толыққанды жұмыс істемейтіні анықталды. Атап айтқанда, бөлімге кірген кезде тек навигациялық элементтер мен бөлім атаулары қазақ тілінде көрсетілгенімен, пайдаланушылар үшін негізгі маңызға ие сатып алуға қатысты құжаттар мен ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылмаған. Нәтижесінде мемлекеттік тілдегі нұсқа формалды түрде ұсынылғанымен, оның ақпараттық мазмұны толық ашылмайды, бұл қазақ тіліндегі ресми ақпараттың қолжетімділігіне теріс әсер етеді.

Сонымен қатар, осы бөлімге жүргізілген мониторинг барысында жарияланған құжаттардың қолжетімділігіне қатысты сәйкессіздік анықталды. Атап айтқанда, сатып алу жоспары қазақ және орыс тілдерінде орналастырылғанымен, орыс тіліндегі нұсқа еш қиындықсыз ашылды, ал мемлекеттік тілде жарияланған құжат пайдаланушылар үшін қолжетімсіз болып, оның мазмұнын қарау мүмкіндігі шектелген. Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі ресми ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеп, интернет-ресурстың функционалдық сапасына кері әсер етеді.



Сонымен қатар ***«Жемқорлыққа қарсы комплаенс»*** бөліміне жүргізілген талдау барысында бөлім мазмұнының толықтай орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Мемлекеттік тілдегі нұсқада тиісті ақпараттың болмауы қазақ тіліндегі пайдаланушылардың қажетті мәліметтермен танысу мүмкіндігін шектейді және интернет-ресурстағы тілдік теңгерімнің сақталмағанын көрсетеді. Аталған жағдай мемлекеттік тілдегі контенттің толықтығы мен қолжетімділігіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейді.

«Хабарландырулар» бөліміне жүргізілген мониторинг барысында пайдаланушыларға қажетті ақпаратты іздеу мүмкіндігі қарастырылғаны анықталды. Бұл өз кезегінде интернет-ресурстың функционалдық қолайлылығын арттырып, қажетті мәліметтерге жедел қол жеткізуге мүмкіндік береді. Дегенмен бөлім мазмұнын талдау барысында мемлекеттік тілдегі ақпаратпен қатар ағылшын тіліндегі сөздер мен атаулардың аралас қолданылғаны байқалды. Нәтижесінде бөлімнің тілдік бірізділігі сақталмай,

мемлекеттік тілдегі контенттің тұтастығына нұқсан келтірілген. Мұндай аралас қолданыс пайдаланушылардың ақпаратты қабылдауына қолайсыздық туғызып, интернет-ресурстың тілдік рәсімделу сапасын төмендетеді. Сондықтан бөлім мазмұнын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестендіру және терминдерді бірізді қолдану қажеттілігі байқалады.

Жалпы алғанда, «Қазақ мемлекеттік циркі» интернет-ресурсы мемлекеттік тілдің қолжетімділігі тұрғысынан оң нәтиже көрсетеді. Сайттың қазақ тілінде ашылуы, негізгі ақпараттық бөлімдердің мемлекеттік тілде ұсынылуы және мәдени-көпшілік мазмұндағы ақпараттың жүйелі орналастырылуы ресурс жұмысының тиімді ұйымдастырылғанын көрсетеді. Сонымен бірге мониторинг барысында тілдік рәсімдеу, терминологиялық бірізділік және жекелеген бөлімдердегі ақпараттың қолжетімділігіне қатысты мәселелер анықталды.

Интернет-ресурстың сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік тілдегі контентке тұрақты лингвистикалық редакциялау жұмыстарын жүргізіп, барлық бөлімдердегі ақпараттың бірізді әрі толық ұсынылуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар сайттың қазақ тіліндегі нұсқасының техникалық жұмысын жетілдіріп, пайдаланушылар үшін ақпаратқа қолжетімділікті арттыру және мемлекеттік тілдің басымдығын барлық бөлімдерде сақтау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырған жөн.

Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры


https://puppet.kz/ сілтемесі бойынша интернет-ресурсқа жүргізілген мониторинг нәтижесінде Мемлекеттік академиялық қуыршақ театрының ресми сайтының әдепкі түрде қазақ тілінде ашылатыны және тілдерді таңдау қатарында мемлекеттік тілдің бірінші орында орналасқаны анықталды. Бұл мемлекеттік тілдің қолжетімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан оң көрсеткіш болып табылады. Сонымен қатар басты бетте театр тарихы, зал жобасы, серіктестер және байланыс құралдары туралы ақпараттың мемлекеттік тілде ұсынылуы сайттың қазақ тіліндегі контентті дамытуға назар аударғанын көрсетеді.

Дегенмен мониторинг барысында жекелеген бөлімдердің мазмұндық толықтығына қатысты мәселелер анықталды. Атап айтқанда, сайттағы бөлімдердің бос күйінде орналасқаны немесе ақпараттың толық берілмегені байқалады. Сондай-ақ жекелеген бөлімдерде ақпараттың орыс тілінде ұсынылуы мемлекеттік тілдегі нұсқаның тұтастығына әсер етеді. Мұндай жағдайлар пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа толық көлемде қол жеткізу мүмкіндігін шектеп, интернет-ресурстың ақпараттық толықтығы көрсеткішіне кері әсерін тигізеді.

«Ресми құжаттар» бөліміне жүргізілген мониторинг барысында мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық ұсынылмауына қатысты мәселе анықталды. Атап айтқанда, бөлімде орналастырылған құжаттардың ішінде тек *«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ереже»* мемлекеттік тілде жарияланған. Ал қалған жеті құжат толықтай орыс тілінде берілген.

Нәтижесінде ресми құжаттар бөлімі бойынша мемлекеттік тілдегі ақпараттың үлесі төмен деңгейде қалып отыр. Бұл пайдаланушылардың ресми

құжаттармен қазақ тілінде танысу мүмкіндігін шектейді және мемлекеттік тілдегі құқықтық әрі ресми ақпараттың қолжетімділігі көрсеткішіне әсер етеді. Сондықтан аталған бөлімдегі құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын толықтыру және олардың тең дәрежеде қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажеттілігі байқалады.



«AMANAT 111» бөліміне жүргізілген мониторинг барысында бөлімнің мазмұндық тұрғыдан толықтырылмағаны анықталды. Атап айтқанда, бөлім атауы көрсетілгенімен, оны ашқан кезде қандай да бір ақпарат, түсіндірме материал немесе пайдаланушыларға арналған деректер орналастырылмаған. Нәтижесінде бөлімнің мақсаты мен функционалдық маңызы түсініксіз болып қалады.

Мұндай жағдай интернет-ресурстың ақпараттық толықтығына және пайдаланушылардың қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігіне кері әсер етеді. Сонымен қатар бос бөлімдердің болуы сайт құрылымының тұтастығын төмендетіп, интернет-ресурстың мазмұндық сапасы жөнінде теріс пікір қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан бөлімнің мазмұнын толықтыру немесе оның қажеттілігіне қарай сайт құрылымын қайта қарастыру орынды болып табылады.

Сайт құрылымына жүргізілген мониторинг барысында ***«1 Almaty Puppet Festival 2023»*** бөлімі мазмұндық тұрғыдан толықтырылмағаны анықталды. Аталған бөлім ашылған кезде қандай да бір ақпарат немесе материалдар ұсынылмады. Ал ***«2 Almaty Puppet Festival 2024»*** және ***«3 Almaty Puppet Festival 2025»*** бөлімдері қалыпты жұмыс істеп, тиісті ақпаратты қамтып тұр. Нәтижесінде 2023 жылғы фестивальге арналған бөлімнің бос болуы сайттағы ақпараттың толықтығы мен жүйелілігіне әсер етеді. Бұл пайдаланушылардың өткен жылдардағы іс-шаралар туралы мәліметтермен танысу мүмкіндігін шектейді және интернет-ресурстың мұрағаттық ақпаратты сақтау деңгейін төмендетеді.

Сонымен қатар театрдың ресми құжаттарына жүргізілген мониторинг барысында құжаттардың басым бөлігінің орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Бұл мемлекеттік тілдегі ресми ақпараттың қолжетімділігіне кері әсер етіп, қазақ тіліндегі пайдаланушылардың қажетті құжаттармен толыққанды танысу мүмкіндігін шектейді. Осыған байланысты ресми құжаттардың мемлекеттік

тілдегі нұсқаларын толықтыру және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттілігі байқалады.

Мемлекеттік академиялық қуыршақ театрының интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың мемлекеттік тілдің қолжетімділігі бойынша оң көрсеткіштерге ие екені анықталды. Атап айтқанда, сайттың қазақ тілінде ашылуы, мемлекеттік тілдің бірінші орында орналасуы және театр тарихы, байланыс құралдары, зал жобасы секілді негізгі ақпараттың қазақ тілінде ұсынылуы интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасын дамытуға назар аударылғанын көрсетеді.

Сонымен қатар мониторинг барысында жекелеген бөлімдердің мазмұндық толықтығына, ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі қолжетімділігіне және ақпараттың жүйелі орналастырылуына қатысты кемшіліктер анықталды. Құжаттар бөлімдерінің бос күйінде орналасуы, фестивальге арналған жекелеген беттердің толықтырылмауы және ресми құжаттардың басым бөлігінің орыс тілінде берілуі интернет-ресурстың ақпараттық толықтығы мен мемлекеттік тілдегі контент сапасын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстың сапасын арттыру мақсатында барлық бөлімдердің мазмұндық толықтығын қамтамасыз етіп, бос тұрған беттерді қажетті ақпаратпен толықтыру немесе олардың құрылымдағы орнын қайта қарастыру ұсынылады. Сонымен қатар ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын толық орналастырып, қазақ тіліндегі пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастырған жөн.

Алматы хайуанаттар бағы

https://almatyzoo.kz/kk/ сілтемесі бойынша интернет-ресурсқа жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың әдепкі түрде орыс тілінде ашылатыны анықталды. Тілді таңдау батырмасында қазақ тілінің бірінші орында орналасуы оң көрсеткіш болғанымен, сайттың бастапқы бетінің орыс тілінде жүктелуі мемлекеттік тілдің басымдығын толық қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар сайттағы қазақ тіліндегі ақпарат көлемі орыс тіліндегі контентпен салыстырғанда ауқымдырақ берілген, бұл мемлекеттік тілдегі мазмұнды дамытуға көңіл бөлінгенін көрсетеді.

Сайттың басты бетінде Алматы хайуанаттар бағы туралы жалпы мәліметтер, мекенжай, навигациялық карта, көрме бөлімдері және әлеуметтік желілерге сілтемелер орналастырылған. Сонымен қатар зообақтың құрылу тарихы, қызметі мен танымалдылығы жөніндегі ақпарат жүйелі түрде ұсынылған. Алайда басты беттегі жануарлар дүниесіне қатысты сандық көрсеткіштер мен қысқаша статистикалық мәліметтердің орыс тілінде берілуі анықталды. Бұл мемлекеттік тілдегі интерфейс құрылымымен толық үйлеспейді және қазақ тіліндегі ақпараттың тұтастығына әсер етеді. Нәтижесінде пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың бір бөлігі өзге тілде беріліп, мемлекеттік тілдегі контенттің толыққанды ұсынылу қағидаты сақталмай отыр.

Сонымен қатар ***«Карта»*** бөліміне жүргізілген талдау барысында хайуанаттар бағына апаратын бағыт-бағдарды түсіндіретін фотосуреттің

толықтай орыс тілінде рәсімделгені анықталды. Нәтижесінде мемлекеттік тілдегі интерфейсте ұсынылған визуалды ақпараттың мазмұны қазақ тілді пайдаланушылар үшін толық көлемде қолжетімді болмай отыр. Бұл визуалды контент пен мемлекеттік тілдегі ақпараттың өзара үйлесімділігіне әсер етіп, сайттағы тілдік тұтастықтың сақталуына кедергі келтіреді.

Интернет-ресурстың ***«Жаңалықтар», «Келушілерге»*** және хайуанаттар дүниесіне қатысты бөлімдеріне жүргізілген мониторинг нәтижесінде мемлекеттік тілдегі ақпараттың сапалы әрі жүйелі түрде ұсынылғаны анықталды. Атап айтқанда, ***«Жаңалықтар»*** бөлімінде зообақ қызметіндегі өзгерістер мен өткізілетін іс-шаралар туралы өзекті ақпарат тұрақты жарияланып отырады. Ал ***«Келушілерге»*** бөлімінде билет құны, жеңілдік қарастырылған санаттар, тегін кіру мүмкіндіктері, сондай-ақ келушілерге қойылатын талаптар мен тәртіп ережелері жан-жақты түсіндірілген. Бұл ақпараттың мемлекеттік тілде толық берілуі пайдаланушылардың қажетті мәліметтерге оңай қол жеткізуіне мүмкіндік береді және контенттің мазмұндық сапасының жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Сонымен қатар зообақ аумағында сақталуы тиіс тыйым салу ережелерін қамтитын бөлімде жекелеген тілдік сәйкессіздіктердің бар екені байқалады. Бұл мемлекеттік тілдегі контенттің жалпы сапасына әсер ететіндіктен, аталған бөлімдегі мәтіндерді редакциялық және лингвистикалық тұрғыдан қайта қарау қажеттілігі туындайды.

«Келушілерге» бөліміндегі тыйым салу ережелеріне жүргізілген мониторинг барысында терминологиялық қолданысқа қатысты сәйкессіздік анықталды. Атап айтқанда, *«вольер»* ұғымы қазақ тіліндегі нұсқада *«қоршау»* сөзімен берілген. Алайда *«қоршау»* сөзі аталған ұғымның мазмұнын толық ашпайды және зообақтағы жануарларды ұстауға арналған арнайы орынның мәнін дәл жеткізе алмайды. Сондықтан бұл терминді салалық қолданысқа және қазақ тілінің нормаларына сәйкес қайта қарастыру қажеттілігі байқалады. Мұндай терминологиялық нақтылық ақпараттың түсініктілігін арттырып, мемлекеттік тілдегі контенттің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

«Зоомектеп» бөліміне жүргізілген мониторинг барысында мемлекеттік тілдегі терминдерді қолдануда бірқатар сәйкессіздіктер анықталды. Атап айтқанда, сабақтардың өткізілу тәртібін түсіндіретін бөлімде *«Теория және практика», «Каникул және жазғы мезгіл»* атаулары қолданылған. Бұл ретте қазақ тілінің қолданыс нормаларына сәйкес жекелеген терминдердің қазақша баламаларын пайдалану қажеттілігі байқалады. Мұндай тілдік бірізділіктің сақталмауы мемлекеттік тілдегі контенттің сапасына әсер етіп, ақпараттың ресми стильде берілу деңгейін төмендетеді.

Сонымен қатар хайуанаттар бағы мүшелік ететін ұйымдар туралы ақпарат орналастырылған бөлімде ұйымдардың атаулары орыс тілінде берілгені анықталды. Нәтижесінде мемлекеттік тілдегі нұсқада орналасқан ақпараттың тілдік тұтастығы бұзылып, пайдаланушыларға ұсынылатын контенттің қазақ тілінде берілу қағидаты сақталмай отыр.



«Мемсатып алу жоспары 2026» бөліміне жүргізілген мониторинг барысында ақпараттың тілдік сәйкестігіне қатысты мәселе анықталды. Атап айтқанда, бөлімде орналастырылған құжаттардың атаулары мен қысқаша сипаттамалары мемлекеттік тілде ұсынылған. Мысалы, ***«Шарттар тізілімі»*** бөлімінде 2026 жылы жасалған шарттар мен қосымша келісімдердің тізбесі, ал ***«Жарияланған сатып алулар тізілімі»*** бөлімінде 2026 жылы мемлекеттік сатып алуларды өткізу туралы өзекті хабарландырулар берілген. Алайда аталған құжаттардың мазмұнын ашып қараған кезде барлық ақпараттың орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Нәтижесінде мемлекеттік тілдегі нұсқа тек бөлім атаулары мен қысқаша түсіндірмелер деңгейінде ғана беріліп, пайдаланушылардың қазақ тілінде толыққанды ақпарат алу мүмкіндігі шектеледі. Бұл мемлекеттік тілдегі ресми ақпараттың қолжетімділігі мен мазмұндық толықтығын қамтамасыз ету талаптарына толық сәйкес келмейді.

Жалпы алғанда, Алматы хайуанаттар бағының интернет-ресурсы мазмұндық жағынан толықтырылған және пайдаланушыларға қажетті ақпараттың басым бөлігі мемлекеттік тілде ұсынылған. Әсіресе жаңалықтар, келушілерге арналған ақпарат, зообақтың қызметі мен тарихына қатысты материалдардың қазақ тілінде жүйелі жариялануы контенттің сапалы ұйымдастырылғанын көрсетеді. Сонымен қатар сайтта навигация элементтері, анықтамалық ақпарат пен байланыс құралдары қолжетімді түрде орналастырылған.

Алайда мониторинг барысында мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету, терминологиялық бірізділікті сақтау, визуалды материалдардағы мәтіндердің қазақ тілінде берілуі және ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі қолжетімділігіне қатысты жекелеген кемшіліктер анықталды. Бұл жағдайлар интернет-ресурстың тілдік сапасын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасын жетілдіру мақсатында барлық бөлімдерге кешенді лингвистикалық сараптама жүргізіп, терминологиялық және стилистикалық бірізділікті қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар мемлекеттік тілдегі интерфейс пен құжаттардың мазмұндық толықтығын сақтап, пайдаланушыларға ұсынылатын барлық мәтіндік және визуалды ақпараттың қазақ тіліндегі нұсқасының қолжетімді болуын тұрақты бақылауға алған жөн.

Алматы музейлер бірлестігі

https://almatymuseums.kz сілтемесі бойынша Алматы музейлер бірлестігінің интернет-ресурсын сараптау барысында әдепкі түрде орыс тілінде ашылатыны анықталды. Сонымен қатар тілді таңдау батырмасында мемлекеттік тілдің екінші орында орналасқаны байқалды. Мемлекеттік тілдің мәртебесі мен қолжетімділігі тұрғысынан алғанда, ресми интернет-ресурс ең алдымен қазақ тілінде ашылып, тілдерді таңдау мәзірінде мемлекеттік тіл бірінші орында тұруы қажет. Бұл пайдаланушылардың қазақ тіліндегі ақпаратқа тікелей қол жеткізуін қамтамасыз етіп, мемлекеттік тілдің басымдығын сақтауға мүмкіндік береді.

Интернет-ресурстың мазмұндық құрылымына жүргізілген сараптау нәтижесінде жаңалықтар, іс-шаралар, хабарландырулар, директор блогы, халықаралық ынтымақтастық және көрмелер бөлімдеріндегі ақпараттың мемлекеттік тілде толық әрі жүйелі түрде жарияланғаны анықталды. Бұл контенттің сапалы әзірленгенін және қазақ тіліндегі ақпараттық қамтудың жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Алайда ***«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет»*** бөлімінде тақырып атауларының орыс тілінде берілуі және құжаттарды жүктеу батырмаларында орыс тілінің бірінші кезекте орналасуы тілдік бірізділіктің сақталмағанын көрсетеді. Бөлімдегі құжаттардың қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді болуы оң тәжірибе болғанымен, интерфейс элементтерінің мемлекеттік тілге басымдық бермеуі интернет-ресурстың тілдік рәсімделу сапасына әсер етеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет» бөліміне жүргізілген мониторинг барысында бөлім құрамындағы жекелеген материалдардың мемлекеттік тілде толық ұсынылмағаны анықталды. Атап айтқанда, қарапайым жоспар құжаты орыс тілінде жарияланған. Бұл мемлекеттік тілдегі пайдаланушылардың ақпаратпен толыққанды танысу мүмкіндігін шектейді және бөлім ішіндегі тілдік теңгерімнің сақталмағанын көрсетеді.

Сонымен қатар басты беттегі ***«Біз туралы»*** бөлімде мекеменің қызметі жөніндегі жалпы ақпарат берілгенімен, жекелеген атаулар мен терминдердің мемлекеттік тілдегі баламалары толық қолданылмағаны байқалды. Атап айтқанда, *«Коллекция»* термині қазақ тіліндегі нұсқада өзгеріссіз берілген. Қазақ тілінде *«музей топтамасы», «музей жинағы»* немесе мазмұнына сәйкес өзге де баламалары қолданған дұрыс. Мұндай тәсіл интернет-ресурстың тілдік сапасын арттырып, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге ықпал етеді.

Интернет-ресурстың жекелеген бөлімдеріне жүргізілген мониторинг барысында терминологиялық қолданысқа қатысты сәйкессіздіктер анықталды. Атап айтқанда, музей қорына қатысты ақпаратта қолданылған атаулардың мемлекеттік тілдегі баламалары толық пайдаланылмаған. Мұндай жағдайлар қазақ тіліндегі контенттің сапасына әсер етіп, терминологиялық бірізділіктің сақталмауына алып келеді. Сондықтан салалық терминдерді қолдануда қазақ тілінің қолданыстағы нормалары мен бекітілген баламаларын басшылыққа алу қажеттілігі байқалады.

Сонымен қатар Алматы музейлер бірлестігі директорының блогы мемлекеттік тілде жұмыс істейтіні анықталды. ***«Басшы блогы»*** сервисі арқылы

пайдаланушылардың өтініштері мен сұрақтарын қазақ тілінде жолдау мүмкіндігі қарастырылған. Бұдан бөлек, ресми құжаттар мен сұрақ-жауап сервисінің мемлекеттік тілде ұсынылуы интернет-ресурстың пайдаланушылармен өзара байланыс орнату және қазақ тіліндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы оң тәжірибелерінің бірі болып табылады.

Интернет-ресурстың сапасын одан әрі жетілдіру мақсатында сайттың мемлекеттік тілдегі нұсқасына тұрақты түрде лингвистикалық және техникалық сараптама жүргізіп, қазақ тіліндегі терминдердің бірізді қолданылуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің басымдығын сақтау, интерфейс элементтерін біріздендіру және барлық ресми ақпарат пен құжаттардың қазақ тілінде толық қолжетімді болуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастырған жөн.

Сондай-ақ интернет-ресурсты бағалау барысында қолданылатын мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі, контенттің теңгерімділігі мен көлемі, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ашықтық пен ақпараттың толықтығы, ақпараттық белсенділік және жаңартылу деңгейі, пайдаланушымен өзара байланыс пен визуалды контент секілді өлшемшарттарға сәйкес сайт мазмұнын жүйелі түрде жетілдіру ұсынылады. Бұл интернет-ресурстың ақпараттық сапасын арттырып, пайдаланушылар үшін қолайлы әрі тиімді ресурс қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Almaty Museum of Arts

Ғаламтордағы https://www.almaty.art/ интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайт әдепкі түрде ағылшын тілінде ашылатыны және тілдерді таңдау қатарында мемлекеттік тілдің екінші орында орналасқаны анықталды. Мемлекеттік тілдің қолжетімділігі тұрғысынан алғанда, сайттың қазақ тілінде ашылып, тілдік қатарда мемлекеттік тілдің бірінші орында орналасуы қажет. Жалпы интернет-ресурс ***«Келушілерге», «Мұражай», «Коллекция», «Көрмелер мен іс-шаралар»*** атты негізгі бөлімдерден тұрады. ***«Келушілерге»*** бөлімінде билет құны, жұмыс уақыты, жету жолдары, экскурсия түрлері және мұражайға тегін кіру шарттары туралы мәліметтер ұсынылған. Ал ***«Көрмелер мен іс-шаралар»*** бөлімінде алдағы көрмелер мен жоспарланған мәдени іс-шаралар жөніндегі ақпараттар жарияланған. Сонымен қатар ***«Коллекция»*** бөлімінде мұражай қорындағы бейнелеу өнері туындылары, графика, мүсін және өзге де экспонаттар туралы мәліметтер берілген.

«Мұражай» бөліміне жүргізілген мониторинг барысында оның мұражайдың негізін қалаушы, мұражай командасы, ғылыми-әдістемелік бөлім, жаңалықтар және баспасөз қызметіне қатысты бірнеше ішкі бөлімдерден тұратыны анықталды. Алайда ***«Баспасөз үшін»*** бөлімінде мемлекеттік тілде ұсынылған ақпараттағы байланыс деректеріне бағыттайтын сілтемені ашқан кезде мазмұнның ағылшын тілінде көрсетілетіні байқалды. Нәтижесінде бөлім ішіндегі ақпарат пен оған тіркелген материалдар арасында тілдік сәйкессіздік қалыптасқан.

Ресми ақпарат бөліміне жүргізілген мониторинг барысында нормативтік құқықтық актілердің, бұйрықтардың және өзге де ресми құжаттардың мемлекеттік тілде ұсынылғаны анықталды. Бұл пайдаланушылардың құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы ақпаратпен қазақ тілінде танысуына мүмкіндік беретін оң көрсеткіш болып табылады.


Сонымен қатар мониторинг нәтижесінде мемлекеттік сатып алуларға қатысты ақпарат пен қызметтік сипаттағы материалдардың орыс тілінде жарияланғаны анықталды. Нәтижесінде ресми құжаттар мен ақпараттық материалдар арасында тілдік теңгерім сақталмай отыр. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығы мен қолжетімділігі көрсеткішіне әсер етіп, пайдаланушылардың жекелеген маңызды мәліметтерді қазақ тілінде алу мүмкіндігін шектейді. Сондықтан ресми сипаттағы барлық ақпаратты мемлекеттік тілде тең дәрежеде ұсыну қажеттілігі байқалады.

Жалпы ресми сайт ашқаннан бастап ағылшын тілімен байланыс тапқан. Интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасын жетілдіру мақсатында қазақ тілінің басымдығын қамтамасыз етіп, сайттың әдепкі тілін мемлекеттік тілге ауыстыру мүмкіндігін қарастырған жөн.

Сондай-ақ интернет-ресурсты мемлекеттік тілдегі нұсқасының қолжетімділігі, контенттің теңгерімділігі мен көлемі, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ашықтық пен ақпараттың толықтығы, ақпараттық белсенділік және жаңартылу деңгейі, пайдаланушымен өзара байланыс және визуалды контент секілді мониторинг өлшемшарттарына сәйкес жүйелі түрде жетілдіру ұсынылады. Бұл сайттың ақпараттық сапасын арттырып, пайдаланушылар үшін қолайлы әрі тиімді интернет-ресурс қалыптастыруға мүмкіндік береді.

М.Лермонтов атындағы ұлттық академиялық орыс драма театры

https://www.tl.kz/content/ сілтемесі бойынша интернет-ресурсты сараптау барысында М.Лермонтов атындағы ұлттық академиялық орыс драма театрының ресми интернет-ресурсы әдепкі түрде орыс тілінде ашылатыны анықталды. Сонымен қатар тілдерді таңдау мәзірінде орыс тілі бірінші орында орналасып, мемлекеттік тіл екінші кезекте берілген. Мемлекеттік мекеме интернет-ресурстары үшін мемлекеттік тілдің басымдығы сақталуы тиіс болғандықтан, сайттың ең алдымен қазақ тілінде ашылуы және тілдік қатарда қазақ тілінің бірінші орында орналасуы орынды болар еді.




Интернет-ресурстың басты бетінде театр афишалары, байланыс деректері және мекенжай туралы негізгі ақпараттар орналастырылған. Алайда мониторинг барысында қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен көлеміне қатысты бірқатар мәселелер анықталды. Атап айтқанда, ***«Жаңалықтар»*** бөлімінің атауы мемлекеттік тілде берілгенімен, бөлім ішіндегі барлық материалдар тек орыс тілінде жарияланған. Нәтижесінде қазақ тіліндегі нұсқа формалды сипатта ғана ұсынылып, пайдаланушылар жаңалықтар мазмұнымен мемлекеттік тілде таныса алмайды. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығы мен қолжетімділігі талаптарының сақталмағанын көрсетеді.

Сайт құрылымына жүргізілген мониторинг барысында ***«Антитеррор»*** атты бөлімнің мазмұндық және атаулық рәсімделуіне қатысты кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, бөлім атауы берілгенімен, оның ішінде пайдаланушылар үшін қандай да бір ақпарат немесе түсіндірме материалдар орналастырылмаған. Нәтижесінде бөлімнің мақсаты мен мазмұны түсініксіз күйінде қалып отыр.

«Өнерпаздар» бөліміне жүргізілген мониторинг барысында мемлекеттік тілдегі мәтіндердің сапасына қатысты орфографиялық және стилистикалық қателер анықталды. Атап айтқанда, бөлімде *«Қазақстанның халық әртістері»* деген дұрыс нұсқаның орнына *«Казахстаннын халык артистері»* түріндегі қате жазылым қолданылған. Бұл мемлекеттік тілдің орфографиялық нормаларына сәйкес келмейді және ресми интернет-ресурстың тілдік сапасына кері әсер етеді. Мұндай қателіктер пайдаланушылардың назарын бірден аударып, сайттағы қазақ тіліндегі контенттің сапасы жөнінде жағымсыз пікір қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан бөлімдегі мәтіндерге редакциялық және лингвистикалық сараптама жүргізу қажеттілігі байқалады.

Көрермендерге арналған ақпараттық бөлімдерді талдау барысында тілдік рәсімделуге қатысты сәйкессіздіктер анықталды. Атап айтқанда, көрермендер залының сызбасы бөлімінде жұмыс уақыты, төлем түрлері және негізгі ақпараттар мемлекеттік тілде берілгенімен, залдың ішкі орналасуын түсіндіретін визуалды материалдардағы жазбалар толықтай орыс тілінде көрсетілген. Бұл қазақ тіліндегі пайдаланушылар үшін ақпаратты қабылдауды қиындатып, мемлекеттік тілдегі интерфейс пен визуалды контент арасындағы үйлесімділіктің сақталмағанын көрсетеді.

Сонымен қатар сайттағы ресми құжаттар бөліміне жүргізілген мониторинг нәтижесінде жарияланған құжаттардың барлығы дерлік орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Атап айтқанда, сайтта орналастырылған тоғыз ресми құжаттың ешқайсысы мемлекеттік тілде қолжетімді емес. Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі ресми ақпараттың қолжетімділігі мен толықтығын қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейді және қазақ тіліндегі пайдаланушылардың қажетті құжаттармен танысу мүмкіндігін шектейді.


Утверждаю
Директор РГКП «Государственный академический русский театр драмы им. М. Лермонтова»
Ю.А. Яковлев

Антикоррупционные стандарты

Антикоррупционные стандарты РГКП «Государственный академический русский театр драмы им. М. Лермонтова»

1. Наименование сферы общественных отношений:

Сфера культуры и искусства

2. Наименование разработчика антикоррупционного стандарта:

Юрисконсульт РГКП «Государственный академический русский театр драмы им. М. Лермонтова» (далее - Театр).

Қойылымдарға арналған ақпараттық материалдарға жүргізілген мониторинг барысында мемлекеттік тілдегі мазмұнның сапасына қатысты елеулі кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, орыс тіліндегі қойылымдар жөніндегі ақпараттың қазақ тіліндегі нұсқалары толыққанды аударылмаған және мазмұндық тұрғыдан жүйесіз берілген. Қазақ тіліндегі мәтіндердің құрылымы бірізді сақталмай, жекелеген сөйлемдер арасында мағыналық байланыс әлсіз екені байқалады. Нәтижесінде ақпараттың мазмұны толық ашылмай, пайдаланушылардың қойылым туралы жан-жақты әрі түсінікті мәлімет алу мүмкіндігі шектеледі.

Мұндай жағдай мемлекеттік тілдегі контенттің сапасына кері әсер етіп қана қоймай, қазақ тіліндегі нұсқаның формалды сипатта әзірленгені жөнінде пікір қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан қойылымдарға қатысты барлық мәтіндерді мазмұндық, стилистикалық және лингвистикалық тұрғыдан қайта қарап, мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес сапалы редакциялау қажеттілігі байқалады.

М.Лермонтов атындағы ұлттық академиялық орыс драма театрының интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың негізгі ақпараттық қызмет атқару мүмкіндігі сақталғанымен, мемлекеттік тілдегі нұсқаның сапасы мен қолжетімділігіне қатысты бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, сайттың орыс тілінде ашылуы, тілдік қатарда мемлекеттік тілдің екінші орында орналасуы, жаңалықтар бөлімінің қазақ тілінде жүргізілмеуі, ресми құжаттардың мемлекеттік тілде ұсынылмауы және жекелеген бөлімдердегі орфографиялық, стилистикалық әрі терминологиялық қателіктер мемлекеттік тілдегі контенттің сапасына әсер етеді.

Сонымен қатар визуалды материалдардағы түсіндірме мәтіндердің, бөлім атауларының және қойылымдарға қатысты ақпараттың мемлекеттік тілде толыққанды әрі сапалы ұсынылмауы сайттың тілдік бірізділігінің сақталмағанын көрсетеді. Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі мен мазмұндық толықтығын арттыру бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажеттігін айқындайды.

Интернет-ресурстың сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз етіп, сайттың қазақ тіліндегі нұсқасын мазмұндық және техникалық тұрғыдан жетілдіру қажет. Сондай-ақ мемлекеттік тілдегі материалдарға тұрақты лингвистикалық редакциялау жүргізіп, барлық


бөлімдердегі ақпараттың, ресми құжаттардың және визуалды контенттің қазақ тілінде толық әрі сапалы ұсынылуын қамтамасыз еткен жөн.

Бұдан бөлек, интернет-ресурсты мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі, контенттің теңгерімділігі мен көлемі, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ашықтық пен ақпараттың толықтығы, ақпараттық белсенділік пен жаңартылу деңгейі, пайдаланушымен өзара байланыс және визуалды контент сияқты мониторинг өлшемшарттарына сәйкес жүйелі түрде жетілдіру ұсынылады. Бұл сайттың ақпараттық сапасын арттырып, пайдаланушылар үшін қолайлы әрі тиімді интернет-ресурс қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ARTиШОК театры

https://artishock.kz/ интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың толықтай орыс тілінде әзірленгені анықталды. Тілді таңдау мүмкіндігі қарастырылмаған, сәйкесінше мемлекеттік тілдегі нұсқа мүлде қолжетімді емес.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сонымен қатар мәдениет саласында қызмет көрсететін ұйымдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімді болуы қоғамның ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің маңызды талаптарының бірі болып саналады.



Осыған байланысты ARTиШОК театрының ресми сайтында мемлекеттік тілдегі толыққанды нұсқаны іске қосу ұсынылады. Сайттың қазақ тіліндегі нұсқасы тек жекелеген бөлім атауларымен шектелмей, театр туралы ақпаратты, репертуарды, жаңалықтарды, жобаларды, байланыс деректерін және өзге де материалдарды толық қамтуы қажет. Сондай-ақ интернет-ресурсты мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі, контенттің теңгерімділігі мен көлемі, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ашықтық пен ақпараттың толықтығы, ақпараттық белсенділік және жаңартылу деңгейі, пайдаланушымен өзара байланыс және визуалды контент секілді мониторинг өлшемшарттарына сәйкес қалыптастыру ұсынылады. Бұл мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп қана

қоймай, театр қызметі туралы ақпараттың барша пайдаланушылар үшін қолжетімді болуына мүмкіндік береді.

Ұсыныстар

1. Барлық мәдени ұйымдардың ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз етіп, сайттардың қазақ тілінде ашылуын және тілдік қатарда мемлекеттік тілдің бірінші орында орналасуын қамтамасыз ету.
2. Интернет-ресурстардағы барлық бөлімдерді ұсынылған 6 өлшемшартқа сәйкес жүйелі түрде жаңартып, мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық әрі сапалы берілуін бақылау.
3. Ресми құжаттар, мемлекеттік сатып алу материалдары, құқықтық және ұйымдастырушылық ақпараттың қазақ тіліндегі нұсқаларын толық қамтамасыз ету.
4. Қазақ тіліндегі контентке тұрақты редакциялық және тілдік сараптама жүргізіп, терминологиялық, орфографиялық және стилистикалық қателерді жою.
5. Бос тұрған немесе толық жұмыс істемейтін бөлімдерді қажетті ақпаратпен толықтыру немесе сайт құрылымынан алып тастау.
6. Мәдени ұйымдардың интернет-ресурстарын мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі, контенттің теңгерімділігі мен көлемі, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ашықтық пен ақпараттың толықтығы, ақпараттық белсенділік және жаңартылу деңгейі, пайдаланушымен өзара байланыс және визуалды контент өлшемшарттарына сәйкес тұрақты жетілдіріп отыру ұсынылады.

Ұлттық компаниялардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Ұлттық компаниялардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесінде **9** ұйымның веб-порталындағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі, ақпараттық мазмұнның толықтығы, ресми құжаттардың ұсынылу сапасы, ашықтық деңгейі және пайдаланушыларға ақпарат беру мүмкіндіктері бағаланды.

Бағалау **6** негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылды: мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі; контенттің теңгерімділігі мен көлемі; ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы; ашықтық және ақпараттың толықтығы; ақпараттық белсенділік және жаңартылу деңгейі; пайдаланушымен өзара байланыс және визуалды контент.

Мониторингке енгізілген компаниялардың ішінде «ҚазМұнайГаз», «QazaqGaz», «Қазақтелеком», «KTZ Express», «Қазпошта», «Самұрық-Энерго», «Қазақстан темір жолы» және «KAZAKH INVEST» компанияларының сайттары қазақ тіліндегі нұсқада жұмыс істейді.

Бұл ұйымдардың ресми ресурстарында компания туралы ақпарат, қызмет бағыттары, жаңалықтар, корпоративтік бөлімдер және негізгі ақпараттық материалдар мемлекеттік тілде ұсынылған.

Мониторинг барысында барлық дерлік компанияларда кездескен негізгі мәселе – ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі толық нұсқаларының жеткіліксіздігі.

Жалпы алғанда, **9** ұлттық компанияның интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі қалыптасқан және көптеген ұйымдар сайттарының қазақ тіліндегі нұсқасын қамтамасыз еткен. Негізгі интерфейс пен жалпы ақпараттық бөлімдердің мемлекеттік тілде болуы – оң көрсеткіш.

Сонымен бірге мемлекеттік тілдегі ақпараттың сапасы мен толықтығын арттыру қажет. Негізгі назар ресми құжаттардың толық қазақша нұсқасын орналастыруға, сатып алу және қаржылық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сайт бөлімдерін тұрақты жаңартуға және терминологиялық бірізділікті сақтауға бағытталуы тиіс.

Ұлттық компаниялардың интернет-ресурстары тек ақпараттық құрал ретінде емес, мемлекеттік тілдің заманауи цифрлық кеңістіктегі қолданылу деңгейін көрсететін маңызды алаң ретінде қарастырылуы қажет. Сондықтан мемлекеттік тілдегі контенттің сапасын арттыру, құжаттарды екі тілде тең ұсыну және пайдаланушыға бағытталған ақпараттық ортаны қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі.

Ұлттық компаниялардың 6 өлшемшартқа сәйкес жиынтық нәтижесі

№	Атауы	1-бағыт	2-бағыт	3-бағыт	4-бағыт	5-бағыт	6-бағыт	Жалпы балл
1.	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы	2	2	1	1	2	2	**10**
2.	QazaqGaz ұлттық компаниясы	2	2	0	1	2	1	**8**
3.	«Қазақтелеком» ұлттық телекоммуникациялық компаниясы	2	2	0	1	1	2	**8**
4.	«Самұрық-Энерго» компаниясы	2	2	0	0	2	1	**7**
5.	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы	1	2	0	1	2	1	**7**
6.	KAZAKH INVEST ұлттық компаниясы	2	2	0	0	1	2	**7**
7.	«Қазпошта» компаниясы	2	2	0	0	1	1	**6**
8.	«KTZ Express Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының еншілес кәсіпорны	2	2	0	0	1	1	**6**
9.	«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы	0	0	0	0	0	0	**0**

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕУ

Ұлттық компаниялардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг **6** негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылды. Әр бағыт **0**-ден **2** баллға дейін бағаланды. Жалпы ең жоғары көрсеткіш – **12 балл**.

Мониторинг қорытындысы бойынша **9** ұлттық компания үш тәуекел деңгейіне бөлінді.

Төмен тәуекел деңгейі (9–12 балл)

Бұл деңгейге мемлекеттік тілдегі ақпараттық орта қалыптасқан, сайт құрылымы тұрақты жұмыс істейтін, негізгі мазмұны қазақ тілінде ұсынылған және ресми ақпараттың қолжетімділігі жоғары ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы	**10**	төмен

Орташа тәуекел деңгейі (6–8 балл)

Бұл санатқа мемлекеттік тілдегі интерфейсі қалыптасқанымен, жекелеген бөлімдерінде ресми құжаттар, сатып алу материалдары, қаржылық есептер немесе арнайы ақпараттың қазақ тілінде толық ұсынылмауы байқалған ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	QazaqGaz ұлттық компаниясы	**8**	Орташа
2.	«Қазақтелеком» телекоммуникациялық компаниясы	**8**	Орташа
3.	«Самұрық-Энерго» компаниясы	**7**	Орташа
4.	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы	**7**	Орташа
5.	«KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы	**7**	Орташа
6.	«Қазпошта» компаниясы	**6**	Орташа
7.	KTZ Express АҚ	**6**	Орташа

Жоғары тәуекел деңгейі (0–5 балл)

Бұл деңгейге интернет-ресурстың қолжетімділігі, ақпараттың толықтығы немесе мемлекеттік тілдегі мазмұнды бағалау мүмкіндігі шектеулі ұйым енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы	0	Жоғары

Мониторинг нәтижесінде ұлттық компаниялардың көпшілігінде мемлекеттік тілдегі интернет-ресурстардың базалық деңгейде қалыптасқаны анықталды. **9** компанияның ішінде ең жоғары көрсеткіш «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясында байқалды.

Ұлттық компаниялардың ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейін арттыру үшін құжаттарды толық екі тілде ұсыну, ақпаратты тұрақты жаңарту, терминологиялық бірізділікті сақтау және пайдаланушыларға арналған барлық сервистерді қазақ тілінде қолжетімді ету қажет.

АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының интернет-ресурсы (https://www.kmg.kz/) пайдаланушыға әдепкі күйде мемлекеттік тілде ұсынылады. Интернет-ресурсы кірген сәттен бастап негізгі ақпарат қазақ тілінде көрсетілген. Тілдік интерфейсте қазақ, орыс және ағылшын тілдері арасында еркін ауысу мүмкіндігі қарастырылған.

Интернет-ресурстың құрылымдық бөлімдері мен навигациялық элементтері толықтай қазақ тілінде рәсімделген. Атап айтқанда, ***«Компания», «Инвесторларға», «Тұрақты даму», «Сатып алу», «Мұнай өнімдерін сату», «Тілдерді дамыту»*** және басқа да негізгі бөлімдер мемлекеттік тілде жүйеленіп, пайдаланушыларға қажетті ақпаратты ыңғайлы іздеуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, интернет-ресурста мемлекеттік тілдің басымдығы сақталған, қазақ тіліндегі контенттің көлемі мен қолжетімділік деңгейі жоғары. Бұл өз кезегінде пайдаланушылардың ақпаратқа мемлекеттік тілде толыққанды қол жеткізуіне жағдай жасайды.

Интернет-ресурста компанияның қызметіне қатысты негізгі ақпарат мемлекеттік тілде жүйелі түрде ұсынылған. Атап айтқанда, ұйымның даму тарихы, миссиясы мен құндылықтары, стратегиялық басымдықтары, корпоративтік басқару жүйесі және өзге де маңызды мәліметтер қазақ тілінде жарияланып, пайдаланушылардың ақпаратпен толыққанды танысуына мүмкіндік береді.

Алайда сайттағы ақпараттық материалдардың басым бөлігі бірнеше тілде қолжетімді болғанымен, жекелеген бөлімдерде тілдік теңгерімнің сақталмауы байқалады. Мәселен, ***«Инвесторларға»*** бөліміндегі ***«Облигациялар және кредиттік рейтингтер»*** кіші бөлімінде орналастырылған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ облигациялар бағдарламасының Гонконг қор биржасындағы листингіне қатысты құжаттар тек ағылшын тілінде ұсынылған.

Аталған жағдай мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығын қамтамасыз ету тұрғысынан белгілі бір шектеулер туғызады және қазақ тіліндегі пайдаланушылар үшін қаржылық құжаттармен танысу мүмкіндігін төмендетеді. Осыған байланысты халықаралық инвесторларға арналған материалдардың қазақ тіліндегі нұсқаларын немесе қысқаша түсіндірме ақпаратын орналастыру мәселесін қарастыру қажет.

Басты бетте орналастырылған негізгі бөлімдер мен ақпараттық материалдардың басым бөлігі мемлекеттік тілде ұсынылған. Дегенмен жекелеген құжаттар бойынша тілдік қолжетімділіктің біркелкі сақталмауы анықталды.

Атап айтқанда, ***«Тұрақты даму»*** бөлімінің ***«Экологиялық жауапкершілік»*** кіші бөлімінде жарияланған экологиялық саясат пен қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты бірқатар негізгі құжаттар тек орыс тілінде орналастырылған. Бұл материалдардың қазақ тіліндегі нұсқалары қолжетімсіз.

Аталған жағдай компанияның қоршаған ортаны қорғау бағытындағы қызметі туралы маңызды ақпаратпен мемлекеттік тілде танысу мүмкіндігін

шектейді. Сонымен қатар экологиялық жауапкершілікке қатысты құжаттардың қазақ тілінде ұсынылмауы контенттің тілдік теңгеріміне кері әсер етіп, интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемінің толық болуын қамтамасыз етпейді. Сондықтан аталған құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын орналастыру қажет.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі жоғары екені анықталды. Сайт пайдаланушыларға әдепкі түрде қазақ тілінде ашылады, негізгі бөлімдер мен навигациялық құрылым толықтай мемлекеттік тілде рәсімделген. Компанияның қызметіне қатысты маңызды ақпараттар, корпоративтік мәліметтер, стратегиялық құжаттар мен жаңалықтардың едәуір бөлігі қазақ тілінде ұсынылған.

Сонымен қатар жекелеген бөлімдерде тілдік теңгерімнің толық сақталмауы байқалады. Атап айтқанда, инвесторларға арналған халықаралық қаржылық құжаттар мен экологиялық бағыттағы материалдардың қазақ тіліндегі нұсқалары орналастырылмаған. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығына белгілі бір деңгейде әсер етеді.

Жалпы алғанда, интернет-ресурс мемлекеттік тіл саясатын іске асыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп отырғанын көрсетеді және қазақ тіліндегі контенттің үлесі жоғары деңгейде қамтамасыз етілген.

Интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі жетілдіру мақсатында ***«Инвесторларға»*** бөлімінде орналастырылған халықаралық қаржылық құжаттар мен ***«Тұрақты даму»*** бөліміндегі экологиялық бағыттағы негізгі материалдардың қазақ тіліндегі нұсқаларын әзірлеп жариялау ұсынылады. Сонымен қатар сайттың барлық бөлімдерінде тілдік теңгерімді тұрақты бақылап, мемлекеттік тілдегі контенттің толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ компания қызметіне қатысты ресми, қаржылық және салалық ақпараттың қазақ тіліндегі үлесін кезең-кезеңімен арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастырған жөн. Бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігін күшейтіп, интернет-ресурстың мазмұндық сапасы мен ашықтық деңгейін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

QazaqGaz ұлттық компаниясы

QazaqGaz ұлттық компаниясының https://qazaqgaz.kz/ сілтемесі бойынша интернет-ресурсында компания қызметіне қатысты ақпараттың едәуір бөлігі мемлекеттік тілде жарияланған. Порталдағы жаңалықтар, корпоративтік мәліметтер, есептік материалдар мен басқа да ақпараттық контент қазақ тілінде қолжетімді болып, пайдаланушылардың қажетті ақпаратты мемлекеттік тілде алуына мүмкіндік береді.


Дегенмен, жекелеген бөлімдерде тілдік мазмұнның толық сәйкестігі сақталмағаны анықталды. Атап айтқанда, ***«Корпоративтік басқару»*** бөлімінің ***«QazaqGaz» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқару»*** кіші бөлімінде орналастырылған бірқатар құжаттардың атауы қазақ тілінде берілгенімен, құжаттардың негізгі мәтіні орыс тілінде рәсімделген.

Аталған жағдай мемлекеттік тілде ұсынылатын ақпараттың толықтығына әсер етеді және пайдаланушылардың құжаттармен қазақ тілінде жан-жақты танысу мүмкіндігін шектейді. Осыған байланысты корпоративтік басқару саласына қатысты құжаттардың мемлекеттік тілдегі толыққанды нұсқаларын орналастыру және құжаттардың тілдік бірізділігін қамтамасыз ету ұсынылады.

Интернет-ресурста корпоративтік басқару жүйесіне қатысты негізгі ақпарат пен құжаттар орналастырылған. Дегенмен жекелеген бөлімдерде мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі толық қамтамасыз етілмеген.

Атап айтқанда, ***«Корпоративтік басқару»*** бөліміндегі ***«Комплаенс»*** кіші бөліміне бағыттайтын сілтеме арқылы ашылатын ақпарат тек орыс тілінде ұсынылған. Аталған бөлімнің қазақ тіліндегі нұсқасы қолжетімсіз болғандықтан, пайдаланушылар комплаенс қызметінің мақсаттары, міндеттері мен негізгі қағидаттары туралы мәліметтермен мемлекеттік тілде таныса алмайды.

Бұл жағдай интернет-ресурстағы тілдік теңгерімнің сақталуына кедергі келтіреді. Осыған байланысты аталған бөлімдегі барлық ақпаратты мемлекеттік тілде жариялап, қазақ тіліндегі нұсқасының толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.



Интернет-ресурстың басты бетіндегі ***«Тұрақты даму»*** бөлімінің ***«Экологиялық жауапкершілік»*** кіші бөлімінде орналастырылған *«Экологиялық саясат»* құжаты қазақ тіліндегі атаумен ұсынылған. Алайда құжат мәтіні орыс тілінде берілген.

Мұндай сәйкессіздік пайдаланушылардың құжат мазмұнымен қазақ тілінде танысу мүмкіндігін шектейді. Әсіресе қоршаған ортаны қорғау саласындағы компания ұстанымдары мен міндеттемелерін айқындайтын ресми құжаттардың мемлекеттік тілде қолжетімді болуы ақпараттың ашықтығы мен тілдік теңгерімді қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі. Осыған байланысты аталған құжаттың қазақ тіліндегі ресми нұсқасын интернет-ресурста орналастыру керек.

Интернет-ресурста сатып алу рәсімдеріне қатысты ақпараттар жарияланғанымен, жекелеген хабарландырулардың мемлекеттік тілдегі қолжетімділігі қамтамасыз етілмеген. Атап айтқанда, ***«Сатып алу»*** бөлімінің ***«Сатып алу туралы хабарландырулар»*** кіші бөлімінде орналастырылған бірқатар хабарландырулар тек орыс тілінде берілген. Олардың қатарында

аудиторлық ұйымды таңдау рәсіміне және еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге қатысты хабарламалар бар.

Мысалы: *Сатып алу бөліміндегі Сатып алу туралы хабарландыру кіші бөлімінде https://qazaqgaz.kz/obyavleniya-o-zakupkah/o-provedenii-procedury-vybora-auditorskoj-organizacii-dlya-too-aziyagaz-chundzha сілтемесі бойынша хабарландыру орыс тілінде орналастырылған. Сонымен қатар мына хабарландыру https://qazaqgaz.kz/obyavleniya-o-zakupkah/audit-finansovoj-otchetnosti-ao-kazmunajgaz-servis-ns* орыс тілінде енгізілген.

Жалпы алғанда, «QazaqGaz» ұлттық компаниясының интернет-ресурсында мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемі жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Дегенмен корпоративтік басқару, тұрақты даму және сатып алу бағыттарындағы жекелеген құжаттар мен хабарландырулардың қазақ тіліндегі нұсқаларының болмауы немесе мазмұнының өзге тілдерде ұсынылуы интернет-ресурста тілдік теңгерімнің толық сақталмағанын көрсетеді.

Интернет-ресурста мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында ***«Комплаенс», «Тұрақты даму» және «Сатып алу»*** бөлімдерінде орналастырылған құжаттар мен хабарландырулардың қазақ тіліндегі толыққанды нұсқаларын жариялау ұсынылады. Құжат атауы мен оның мазмұны арасындағы тілдік сәйкестікті қамтамасыз етіп, мемлекеттік тілде берілген материалдардың редакциялық және орфографиялық сапасына тұрақты бақылау жүргізу қажет. Сондай-ақ корпоративтік басқару, экологиялық саясат және сатып алу рәсімдеріне қатысты ресми ақпараттың қазақ тіліндегі үлесін арттыру арқылы пайдаланушылардың мемлекеттік тілде толық әрі сапалы ақпарат алу мүмкіндігін күшейткен жөн. Бұл интернет-ресурстағы тілдік теңгерімді жетілдіруге және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге ықпал етеді.

«Қазақтелеком» ұлттық телекоммуникациялық компаниясы

«Қазақтелеком» ұлттық компаниясының https://telecom.kz/kk/about/list интернет-ресурсы қазақ тіліндегі нұсқада ашылып, пайдаланушыларға мемлекеттік тілде ақпарат алуға толық мүмкіндік береді. Интернет-ресурстың интерфейсі мен негізгі навигациялық элементтері қазақ тілінде ұсынылған, ал ақпараттық материалдардың басым бөлігі мемлекеттік тілде жарияланған.

Интернет-ресурста қазақ тіліндегі контенттің жеткілікті деңгейде қамтылуы және тілдік нұсқаның тұрақты жұмыс істеуі мемлекеттік тілдің қолданысын қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесін көрсетеді. Жалпы алғанда, сайттың құрылымы мен мазмұны пайдаланушылардың ақпаратқа мемлекеттік тілде қол жеткізуіне қолайлы жағдай жасайды.

Ақпараттық контенттің толықтығы мен тақырыптық әртүрлілігі интернет-ресурстың мазмұндық сапасын арттырып, пайдаланушылардың қажетті деректерді тиімді алуына жағдай жасайды. Компания туралы негізгі мәліметтердің мемлекеттік тілде кеңінен қамтылуы контенттің теңгерімділігі мен қолжетімділік деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Интернет-ресурста ресми құжаттар мен сатып алу қызметіне қатысты ақпараттар орналастырылғанымен, олардың мемлекеттік тілде ұсынылу деңгейі біркелкі емес.

Атап айтқанда, ***«Сатып алулар»*** кіші бөлімінде жарияланған сатып алу жөніндегі хабарландырулардың соңғысы 2020 жылмен шектеледі. Сонымен қатар хабарландыру атаулары орыс тілінде берілген. Сол сияқты ***«Баға ұсыныстарына сұрау салу әдісі бойынша сатып алу»*** және ***«Бір көзден тәсілімен сатып алу»*** бөлімдеріндегі материалдар да 2019 жылдан кейін жаңартылмаған. Бұл бөлімдердегі ақпараттың өзектілігін төмендетіп, пайдаланушыларға ағымдағы мәліметтерді алу мүмкіндігін шектейді.

Бұдан бөлек, ***«Қаржылық есептілік және жылдық есептер»*** кіші бөлімінде орналастырылған *«Аудиттелген нығайтылған қаржылық есеп»* құжаттары тек орыс тілінде ұсынылған. Мемлекеттік тілдегі нұсқалардың болмауы қаржылық ақпараттың қазақ тіліндегі қолжетімділік деңгейіне әсер етеді.

Интернет-ресурстың ***«Бос орындар»*** кіші бөлімінде пайдаланушыларды сыртқы платформаға бағыттайтын сілтеме қазіргі уақытта орыс тіліндегі нұсқада ашылады. Алайда аталған ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасы да қолжетімді екені анықталды.

Осыған байланысты мемлекеттік тілдегі пайдаланушылар үшін ақпаратқа қолжетімділікті арттыру мақсатында бос жұмыс орындары туралы бөлімнің әдепкі түрде қазақ тіліндегі нұсқаға бағытталуын қамтамасыз ету орынды. Бұл мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп қана қоймай, пайдаланушылардың қажетті ақпаратпен ана тілінде танысуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар сатып алу және қаржылық есептілікке қатысты бөлімдердегі ақпараттың уақтылы жаңартылып отыруы интернет-ресурстың ашықтық деңгейін арттырып, оның ақпараттық құндылығын күшейтуге ықпал етеді.

Жекелеген бөлімдерде мемлекеттік тілдегі құжаттардың толық ұсынылмауы, ақпараттың ұзақ уақыт бойы жаңартылмауы және сыртқы ресурстардың қазақ тіліндегі нұсқаларының негізгі қолданысқа енгізілмеуі байқалады. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығы мен қолжетімділігіне әсер етіп, интернет-ресурстың жекелеген бағыттарын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстағы қаржылық есептілікке, сатып алу рәсімдеріне және өзге де ресми құжаттарға қатысты материалдардың мемлекеттік тілдегі толық нұсқаларын орналастыру ұсынылады. Сонымен бірге жаңартылмаған бөлімдерге тұрақты мониторинг жүргізіп, өзекті ақпаратты уақытылы жариялау қажет. Бос жұмыс орындарына қатысты сыртқы платформалардың қазақ тіліндегі нұсқаларын негізгі қолданысқа енгізу және мемлекеттік тілдегі пайдаланушылар үшін қолайлы навигацияны қамтамасыз ету орынды. Бұл шаралар интернет-ресурстың ақпараттық ашықтығын күшейтіп, мемлекеттік тілдің ресми коммуникациядағы қолданылу аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Самұрық-Энерго» компаниясы

«Самұрық-Энерго» компаниясының https://samruk-energy.kz/kz/ интернет-ресурсы қазақ тіліндегі нұсқада ашылып, пайдаланушыларға мемлекеттік тілді таңдау мүмкіндігін ұсынады. Сайттың негізгі бөлімдерінің едәуір бөлігі қазақ тілінде қолжетімді болғанымен, жекелеген навигациялық элементтер мен интерфейс компоненттерінде тілдік бірізділіктің толық сақталмағаны байқалады.

Атап айтқанда, интернет-ресурстың басты бетінде орналасқан ***«Группа компаний»*** бөлімі орыс тілінде берілген. Қазақ тіліндегі нұсқада мұндай атаудың өзге тілде сақталуы мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету қағидатына сәйкес келмейді және пайдаланушы интерфейсінің тұтастығына әсер етеді.

Осыған байланысты сайттың қазақ тіліндегі нұсқасындағы барлық бөлім атаулары мен навигациялық элементтерді мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес біріздендіріп, олардың толыққанды қазақ тілінде ұсынылуын қамтамасыз ету қажет. Бұл интернет-ресурстың тілдік сапасын арттырып, пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.



Интернет-ресурста компанияның стратегиялық даму бағыттарына қатысты маңызды ақпараттар мемлекеттік тілде ұсынылған. Дегенмен жекелеген құжаттардың мазмұнында тілдік бірізділіктің толық сақталмағаны байқалады.

Атап айтқанда, ***«Біз туралы»*** бөлімінің ***«Даму стратегиясы»*** кіші бөлімінде орналастырылған «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2024–2033 жылдарға арналған даму стратегиясының жария нұсқасындағы бірқатар диаграммалар мен кестелер орыс тілінде берілген. Нәтижесінде құжаттың негізгі мәтіні қазақ тілінде болғанымен, визуалды ақпараттың толық көлемде мемлекеттік тілде ұсынылмауы мазмұнның тұтастығына әсер етеді және ақпаратты қабылдауды қиындатады.

Интернет-ресурстың ***«Біз туралы»*** бөліміндегі ***«Корпоративтік басқару»*** кіші бөлімінде корпоративтік құжаттар, кодекстер, стратегиялар және басқа да нормативтік материалдар жүйелі түрде орналастырылған. Ақпараттың қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді болуы корпоративтік басқару қағидаттарының ашықтығын қамтамасыз етіп, пайдаланушылардың қажетті мәліметтермен еркін танысуына мүмкіндік береді.


Алайда, ***«Біз туралы»*** бөлімдегі ***«Бос орындар»*** кіші бөлімінде жарияланған бос жұмыс орындарына бағыттайтын сілтеме тек орыс тіліндегі


интерфейске өтеді. Бұл пайдаланушылар үшін ақпаратқа қолжетімділікті төмендетіп, қазақ тіліндегі нұсқаның толыққанды жұмыс істеуіне кері әсер етеді. Осыған байланысты бос жұмыс орындарына қатысты ақпарат пен оған бағыттайтын сілтемелердің мемлекеттік тілдегі нұсқасын қамтамасыз ету орынды болып табылады.

Интернет-ресурста сатып алу қызметіне қатысты бөлімдер қолжетімді болғанымен, ондағы ақпараттың едәуір бөлігі мемлекеттік тілде ұсынылмаған. Атап айтқанда, ***«Біз туралы»*** бөлімінің ***«Сатып алу»*** кіші бөліміндегі *«Сатып алу жоспары»* парақшасы қазақ тілінде ашылғанымен, тапсырыс берушілердің атаулары орыс тілінде көрсетілген және орналастырылған құжаттар толықтай орыс тілінде берілген.

Бұдан бөлек, ***«Сатып алу бойынша нормативтік құқықтық актілер»*** бөлімінде жарияланған регламенттер мен ішкі рәсімдерді реттейтін құжаттар мемлекеттік тілге аударылмаған. Сол сияқты ***«Сатып алулар бойынша жауапты тұлғалар»*** бөлімінде орналастырылған материалдар және *«Импорт алмастыру»* бағыты бойынша берілген шарттар мен тауарлық позициялар да орыс тілінде ұсынылған.

Аталған жайттар сатып алу саласына қатысты ресми ақпараттың қазақ тілінде толық көлемде қолжетімді болуына кедергі келтіріп, мемлекеттік тілдегі пайдаланушылардың қажетті мәліметтермен танысу мүмкіндігін шектейді.





Интернет-ресурста орнықты даму және еңбек қауіпсіздігі бағыттарына қатысты ақпараттар жарияланғанымен, жекелеген материалдардың мемлекеттік тілде ұсынылмауы ақпараттың толықтығына әсер етеді.

Мәселен, ***«Тұрақты даму»*** бөлімінің ***«Орнықты даму»*** кіші бөліміндегі *«Орнықты даму мақсаттары»* парақшасында орналастырылған көрнекі материалдар орыс тілінде берілген. Сондай-ақ ***«Еңбекті қорғау»*** бөлімінде жүктелген суреттердегі мәтіндер мемлекеттік тілде ұсынылмаған. Бұған қоса, осы бөлімде орналастырылған «Самұрық-Энерго» АҚ-тың орнықты даму саласындағы нұсқаулық құжаты да орыс тілінде жарияланған.

Нәтижесінде пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың белгілі бір бөлігі қазақ тілінде қамтылмай, интернет-ресурстың мазмұндық тұтастығы мен тілдік теңгеріміне әсер етеді. Мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығын қамтамасыз ету үшін визуалды материалдар мен ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын орналастыру қажет.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде «Самұрық-Энерго» компаниясының интернет-ресурсы пайдаланушыларға қажетті ақпараттың кең ауқымын ұсынатыны және компания қызметінің негізгі бағыттарын қамтитыны анықталды. Интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі контент қалыптастырылғанымен, оның жекелеген бөлімдер бойынша біркелкі ұсынылу деңгейі әртүрлі. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстағы барлық навигациялық элементтерді, визуалды материалдарды, кестелерді, диаграммаларды және ресми құжаттарды мемлекеттік тілде толыққанды ұсыну жұмыстарын күшейту ұсынылады. Әсіресе сатып алу қызметіне, орнықты даму бағыттарына және еңбек қауіпсіздігіне қатысты ақпараттың қазақ тіліндегі нұсқаларын жүйелі түрде жаңартып отыру, сыртқы платформаларға бағыттайтын сілтемелердің мемлекеттік тілдегі интерфейспен жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасына тұрақты тілдік аудит жүргізіп, жарияланатын материалдардың мазмұндық және тілдік сәйкестігін бақылау ұсынылады. Бұл мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, ақпараттың қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы


«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының интернет-ресурсы https://railways.kz/ru/ustojchivoe-razvitie/ пайдаланушыны бастапқыда орыс тіліндегі нұсқаға бағыттайды. Дегенмен сайт құрылымында қазақ тілін таңдау мүмкіндігі қарастырылған және мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді.


Интернет-ресурстың басты бетінде жарияланған жаңалықтар, ресми хабарламалар және компания қызметіне қатысты өзекті ақпарат қазақ тілінде тұрақты түрде орналастырылып отырады. Бұл компанияның мемлекеттік тілдегі ақпараттық жұмысты жүргізуге назар аударатынын көрсетеді.

Сонымен бірге сайттың әдепкі түрде орыс тілінде ашылуы мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету тұрғысынан қайта қарауды қажет етеді. Осыған байланысты интернет-ресурсты пайдаланушыға бірінші кезекте қазақ тіліндегі нұсқада ұсыну немесе тілдік теңгерімді күшейту бойынша қосымша шаралар қабылдау қажет.

Интернет-ресурстың ***«Тұрақты даму»*** бөліміндегі «Әлеуметтік жауапкершілік» кіші бөлімінде орналасқан ***«Бос орындар»*** сілтемесі мемлекеттік тілде ашылады. Алайда аталған бөлімде пайдаланушылар назарына ұсынылған көрнекі баннерлердегі мәтіндер орыс тілінде берілген. Бұл визуалды контенттің қазақ тіліндегі нұсқасының толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді және мемлекеттік тілдегі ақпараттың тұтастығына әсер етеді.

Сондай-ақ бөлімде қолданылған *«Вакансиялар»* атауы қазақ тіліндегі ресми қолданысқа сәйкес келмейді. Ақпараттық материалдардың тілдік сапасын арттыру мақсатында бұл атауды *«Бос жұмыс орындары»* деп атау орынды.





«Инвесторларға» бөлімінің ***«Рейтингтер»*** кіші бөлімінде орналастырылған материалдар толықтай ағылшын тілінде ұсынылған. Нәтижесінде рейтингтік бағалауға қатысты маңызды ақпарат пайдаланушылар үшін қолжетімсіз болып отыр.

Халықаралық қаржы институттары мен рейтингтік агенттіктердің құжаттары бастапқы тілде жариялануы түсінікті болғанымен, олардың қазақ тіліндегі қысқаша мазмұнын немесе түсіндірме ақпаратын орналастыру ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде инвесторлық ақпараттың мемлекеттік тілдегі қамтылу деңгейін жақсартуға ықпал етеді.

Дегенмен, ***«Инвесторларға»*** бөлімінде жарияланған жекелеген материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқалары орналастырылмаған. Бұл инвесторлық сипаттағы ақпаратпен қазақ тілінде танысу мүмкіндігін шектеп, ақпараттың тілдік қолжетімділік деңгейіне әсер етеді. Осыған байланысты халықаралық және қаржылық сипаттағы материалдардың қазақ тіліндегі баламаларын немесе қысқаша түсіндірме нұсқаларын әзірлеу мәселесін қарастырған жөн.

Бұдан бөлек, интернет-ресурстың ***«Инвесторларға»*** бөліміндегі ***«Инвесторларға арналған ақпарат»*** кіші бөліміне өту кезінде қажетті парақша серверден табылмайтыны анықталды. Аталған техникалық ақау пайдаланушылардың маңызды ақпаратқа қол жеткізуіне кедергі келтіріп, интернет-ресурстың функционалдық қолжетімділігіне кері әсер етеді.

Осыған байланысты бөлімнің жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіріп, онда орналастырылатын ақпараттың тұрақты әрі үздіксіз қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет. Бұл интернет-ресурстың ашықтық деңгейін арттырып, пайдаланушылардың қажетті мәліметтерді уақытылы алуына мүмкіндік береді.

Сайтта жаңалықтар, ресми хабарламалар және компания қызметіне қатысты негізгі мәліметтер қазақ тілінде жарияланып, пайдаланушылардың ақпаратқа қол жеткізуіне жағдай жасалған. Сонымен қатар интернет-ресурс құрылымында мемлекеттік тілдің қолданылуын кеңейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп отырғаны байқалады.

Дегенмен ***«Құжаттар»*** бөлімінде тілдік бірізділікті сақтау, ақпараттың толық қолжетімділігін қамтамасыз ету және техникалық ақауларды жою

бағытында қосымша жетілдіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі байқалады. Бұл интернет-ресурстың сапасын арттырып, мемлекеттік тілдегі контенттің қолжетімділігін одан әрі жақсартуға мүмкіндік береді.

Интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасын негізгі қолданыс тілі ретінде дамыту жұмыстарын жалғастырып, визуалды материалдардағы мәтіндердің, инвесторларға арналған құжаттардың және өзге де ақпараттық ресурстардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын толықтыру ұсынылады. Сондай-ақ сайттағы бөлім атауларын қазақ тілінің ресми нормаларына сәйкестендіріп, ақпараттық мазмұнның тілдік тұтастығын қамтамасыз ету қажет. Бұдан бөлек, жұмыс істемейтін сілтемелер мен серверлік қателерге тұрақты мониторинг жүргізіп, пайдаланушылар үшін барлық бөлімдердің үздіксіз қолжетімділігін қамтамасыз ету орынды. Бұл шаралар интернет-ресурстың ашықтығын арттырып, мемлекеттік тілдегі ақпарат сапасын одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

KAZAKH INVEST ұлттық компаниясы


KAZAKH INVEST ұлттық компаниясының https://invest.gov.kz/kz/about-us/kazakh-invest/ интернет-ресурсы қазақ тіліндегі нұсқада ашылып, пайдаланушыларға мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігін ұсынады. Сайт құрылымында қазақ тіліндегі интерфейс қарастырылған және негізгі бөлімдерге қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Интернет-ресурста компания туралы негізгі ақпараттар орналастырылғанымен, олардың мазмұны шектеулі көлемде ұсынылған. Атап айтқанда, ұйымның қалыптасу тарихы, даму кезеңдері, стратегиялық міндеттері мен қызметінің негізгі бағыттарына қатысты мәліметтер жеткілікті деңгейде қамтылмаған.

Осыған байланысты компанияның миссиясы, даму басымдықтары, іске асырылған жобалары және институционалдық қызметі жөніндегі материалдарды кеңейтіп, ақпараттық мазмұнды толықтыру орынды.

Интернет-ресурстың ***«Біз туралы»*** бөліміндегі ***«Омбудсмен»*** кіші бөлімінде орналастырылған құжаттардың басым бөлігі орыс тілінде ұсынылған. Бұл қазақ тіліндегі ақпараттың қолжетімділігіне кері әсер етеді.

Осыған байланысты аталған бөлімде жарияланған нормативтік және түсіндірме сипатындағы материалдардың қазақ тіліндегі нұсқаларын толық көлемде орналастыру ұсынылады. Бұл ресми ақпараттың ашықтығын арттырып, мемлекеттік тілдің құжат жүргізуде қолданылуын күшейтуге мүмкіндік береді.




Интернет-ресурстың ***«Біз туралы»*** бөліміндегі ***«Сатып алулар»*** кіші бөлімінде жарияланған материалдарда тілдік рәсімдеудің бірізділігі толық сақталмаған. Атап айтқанда, ***«Кәдесыйлар дайындау бойынша қызметтерді сатып алу»*** бөліміне орналастырылған құжаттар алдымен орыс тілінде, кейін қазақ тілінде берілген.


Мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету қағидатына сәйкес қазақ тіліндегі нұсқалардың бірінші кезекте ұсынылуы маңызды. Осыған байланысты құжаттарды орналастыру тәртібін қайта қарап, мемлекеттік тілдегі материалдарды негізгі нұсқа ретінде ұсыну ұсынылады. Бұл тілдік теңгерімді сақтауға және ресми ақпараттың қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Интернет-ресурстың ***«Медиа орталық»*** бөліміндегі ***«Жарияланымдар мен презентациялар»*** кіші бөлімінде орналастырылған материалдардың басым бөлігі ағылшын және орыс тілдерінде ұсынылған. Қазақ тіліндегі нұсқалардың болмауы мемлекеттік тілдегі контент көлемінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Аталған бөлім инвестициялық ахуал, компания қызметі және елдің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпаратты кең аудиторияға жеткізетін маңызды ақпараттық алаңдардың бірі болып табылады. Сондықтан жарияланымдар мен презентациялық материалдардың қазақ тіліндегі нұсқаларын әзірлеп орналастыру, сондай-ақ жаңа материалдарды жариялау кезінде тілдік теңгерімді сақтау қажет.

Бұл шаралар мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттырып, интернет-ресурстың мазмұндық толықтығы мен қолжетімділік деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді.





Жүргізілген мониторинг нәтижесінде KAZAKH INVEST ұлттық компаниясының интернет-ресурсы мемлекеттік тілде қолжетімді екені және негізгі бөлімдер бойынша қазақ тіліндегі интерфейс қарастырылғаны анықталды. Сайтта инвестициялық қызметке қатысты негізгі ақпараттар орналастырылып, пайдаланушылардың қажетті мәліметтермен танысуына мүмкіндік жасалған.

Сонымен қатар интернет-ресурстың жекелеген бөлімдерінде мемлекеттік тілдегі контент көлемінің жеткіліксіздігі, ресми құжаттардың қазақ тілінде толық ұсынылмауы және тілдік теңгерімнің сақталмауы байқалады. Әсіресе ақпараттық материалдар мен презентациялық контенттің басым бөлігінің өзге тілдерде берілуі мемлекеттік тілдің қолданылу аясын шектейді. Бұл интернет-ресурстың мазмұндық толықтығы мен тілдік сапасын одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурста компанияның қызметі, даму бағыттары және іске асырылып жатқан жобалары туралы ақпаратты кеңейтіп, мемлекеттік тілдегі контент көлемін арттыру ұсынылады. Ресми құжаттар мен сатып алуға қатысты материалдарды орналастыру кезінде қазақ тіліндегі нұсқаларды бірінші кезекте ұсыну тәжірибесін қалыптастыру қажет. Сонымен қатар ***«Медиа орталық»*** бөліміндегі жарияланымдар мен презентациялардың қазақ тіліндегі нұсқаларын әзірлеп, ақпараттық материалдарда тілдік теңгерімді сақтау жөніндегі жұмыстарды күшейткен жөн. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігін арттырып, интернет-ресурстың ашықтығы мен сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

«Қазпошта» ұлттық компаниясы

«Қазпошта» ұлттық компаниясының https://qazpost.kz/about/vacancies интернет-ресурсы мемлекеттік тілде ашылып, пайдаланушыларға қазақ тіліндегі интерфейспен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Интернет-ресурста орналастырылған ақпараттық материалдардың басым бөлігі қазақ тілінде ұсынылған, бұл мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейінің жеткілікті екенін көрсетеді.

Интернет-ресурстың ***«Біз туралы»*** бөліміндегі ***«Компания туралы»*** кіші бөлімінде ұйымның қалыптасу тарихы, негізгі міндеттері, миссиясы мен қызметі бағыттарына қатысты мәліметтер толық көлемде қамтылмаған. Бұл пайдаланушылардың компания туралы жан-жақты ақпарат алу мүмкіндігін шектейді.

Сондай-ақ аталған бөлімдегі ***«Табыс туралы декларация»*** кіші бөлімінде ақпарат орналастырылмағаны анықталды. Бөлімнің бос болуы интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне әсер етеді. Осыған байланысты бөлімдердің мазмұнын толықтырып, пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтердің тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.

Интернет-ресурстың ***«Біз туралы»*** бөліміндегі ***«Корпоративтік басқару»*** кіші бөлімінде орналастырылған ***«Үлестес тұлғалар»*** бөліміне қатысты құжаттар тек орыс тілінде ұсынылған. Мемлекеттік тілдегі нұсқалардың болмауы пайдаланушылардың корпоративтік басқару жүйесіне қатысты маңызды мәліметтермен қазақ тілінде танысу мүмкіндігін шектейді. Осыған байланысты аталған құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын әзірлеп орналастыру қажет.

«Біз туралы» бөліміндегі ***«Сатып алулар»*** бағыты бойынша жарияланған ақпараттың толықтығы жеткіліксіз деңгейде. Атап айтқанда, ***«Сатып алу жоспары»*** бөлімінде қандай да бір мәліметтер орналастырылмаған. Сондай-ақ «Қазпошта» АҚ жеткізушілерін басқару жөніндегі нұсқаулық бөлімі де мазмұнмен толықтырылмаған.

Бұған қоса, ***«Қарапайым заттар экономикасы»*** бөлімінде жарияланған сатып алу жоспарының соңғы жаңартылуы 2020 жылмен шектеледі. Кейінгі кезеңдерге қатысты ақпараттың болмауы бөлімнің өзектілігіне әсер етіп, пайдаланушылардың ағымдағы деректермен танысу мүмкіндігін төмендетеді.


Аталған жағдайлар интернет-ресурстағы ашықтық қағидаттарын іске асыру деңгейіне ықпал етеді. Сондықтан бос бөлімдерді қажетті ақпаратпен толықтыру, сатып алу жоспарларын тұрақты негізде жаңартып отыру және өзекті құжаттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету ұсынылады.


Интернет-ресурстың ***«Сатып алулар»*** бөліміндегі *«Нормативтік құжаттар»* парақшасында орналастырылған сілтемелердің бірі *(https://sk.kz/purchases/?temp=full&id= 456&iblock=89 сілтемесі)* компанияның өз ресурсына емес, өзге ұйымның сатып алу жүйесіне бағыттайтыны анықталды. Мұндай сәйкессіздік пайдаланушыларды жаңылыстырып, қажетті нормативтік ақпаратқа қол жеткізуді қиындатады. Осыған байланысты сілтемелердің өзектілігі мен мазмұндық сәйкестігіне тұрақты тексеру жүргізу қажет.

Сондай-ақ ***«ССС бойынша хабарландыру»*** бөлімінде ***«Сатып алу құжаттамасы»*** мемлекеттік тілдегі атаумен берілгенімен, құжаттың негізгі мазмұны толықтай орыс тілінде ұсынылған. Қазақ тіліндегі нұсқасының болмауы мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігін шектеп, құжат атауы мен мазмұны арасындағы тілдік сәйкестікті бұзады.

Бұдан бөлек, ***«Біз туралы»*** бөлімінде орналастырылған ***«Сәйкестік сертификаты»*** тек орыс тілінде қолжетімді. Сертификаттың мемлекеттік тілдегі нұсқасының ұсынылмауы ресми құжаттардың қазақ тілінде қолжетімді болуын қамтамасыз ету талаптарына толық сәйкес келмейді. Сондықтан аталған құжаттарды мемлекеттік тілге аударып, қазақ тіліндегі нұсқаларын интернет-ресурста орналастыру орынды болып табылады.

Интернет-ресурстың ***«Бизнеске»*** бөлімінде мемлекеттік тілдегі контенттің толық қамтылмауы байқалады. Атап айтқанда, ***«QazPost Partners»*** кіші бөлімінің атауы ағылшын тілінде берілген. Бұған қоса, аталған бөлімде орналастырылған көрнекі баннерлердегі ақпараттар орыс тілінде ұсынылып, олардың қазақ тіліндегі нұсқалары қолжетімсіз.






Сондай-ақ ***«QazPost пен серіктестік»*** және ***«Фулфилмент»*** кіші бөлімдеріне өту кезінде пайдаланушы тек орыс тіліндегі парақшаларға бағытталады. Бұл бөлімдерде мемлекеттік тілдегі интерфейс пен мазмұн қарастырылмағандықтан, қазақ тіліндегі пайдаланушылар үшін ақпаратқа толыққанды қол жеткізу мүмкіндігі шектеледі.

Аталған жағдайлар интернет-ресурстың жекелеген бағыттарында тілдік теңгерімнің сақталмағанын көрсетеді. Осыған байланысты бизнеске арналған бөлімдердің атауларын, визуалды материалдарын және мазмұндық бөліктерін

мемлекеттік тілде толыққанды ұсыну, сондай-ақ қазақ тіліндегі нұсқалардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.



Интернет-ресурстың ***«Клиенттерге»*** бөліміндегі ***«Сәлемдемелер мен хаттарды жеткізу»*** кіші бөлімінде техникалық сәйкессіздік анықталды. Аталған бөлімді таңдаған кезде пайдаланушыны мазмұнына сәйкес ақпаратқа емес, ***«Калькулятор»*** бөліміне бағыттау орын алады. Бұл навигацияның дұрыс жұмыс істемеуіне әкеліп, қажетті ақпаратқа қол жеткізуді қиындатады.

Сонымен қатар осы бөлімде орналастырылған *«Сәлемдеме түрлері»* және *«Жөнелтуге тыйым салынған заттар»* құжаттары тек орыс тілінде қолжетімді. Мемлекеттік тілдегі нұсқаларының болмауы қазақ тіліндегі пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділік деңгейін төмендетеді.

Аталған кемшіліктер пайдаланушылардың сервистік ақпаратпен толық әрі ыңғайлы танысуына кедергі келтіреді. Осыған байланысты бөлімнің навигациялық құрылымын түзетіп, құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын орналастыру, сондай-ақ сілтемелердің жұмыс қабілеттілігіне тұрақты мониторинг жүргізу ұсынылады.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде «Қазпошта» ұлтық компаниясының интернет-ресурсында мемлекеттік тілдегі интерфейс қалыптастырылғаны және негізгі ақпараттық бөлімдердің қазақ тілінде қолжетімді екені анықталды. Сайт құрылымы пайдаланушыларға қажетті қызметтер мен мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша ақпараттар орналастырылған.

Сонымен қатар интернет-ресурстың ***«Қаржылық»*** және ***«Құжаттық»*** бөлімінде мемлекеттік тілдегі контенттің толық қамтылмауы, құжаттардың тек өзге тілдерде ұсынылуы, ақпараттың өзектілігі мен толықтығына қатысты кемшіліктердің болуы байқалады. Бұдан бөлек, бірқатар бөлімдерде техникалық және навигациялық сәйкессіздіктер кездеседі. Аталған жайттар интернет-ресурстың ақпараттық сапасы мен мемлекеттік тілдегі қолжетімділік деңгейін одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстағы барлық бөлімдер бойынша мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығын қамтамасыз етіп, тек орыс немесе ағылшын тілдерінде орналастырылған құжаттар мен материалдардың қазақ тіліндегі нұсқаларын кезең-кезеңімен енгізу ұсынылады. Бос немесе жаңартылмаған бөлімдерді өзекті ақпаратпен толықтыру, қате бағыттайтын сілтемелер мен техникалық ақауларды жою, сондай-ақ сыртқы ресурстарға өтетін парақшалардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын қолжетімді ету қажет. Сонымен бірге интерфейсте, бөлім

атауларында және ақпараттық материалдарда қолданылатын терминдерді қазақ тілінің қолданыстағы нормаларына сәйкестендіріп, көрнекі материалдардың мемлекеттік тілдегі үлесін арттыру жөніндегі жұмыстарды күшейткен жөн. Бұл интернет-ресурстың тілдік сапасын жақсартып, пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігі мен түсініктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

«KTZ Express АҚ – Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы

«KTZ Express» АҚ https://www.ktze.kz/kz интернет-ресурсы қазақ тілінде ашылып, пайдаланушыларға мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігін ұсынады. Интернет-ресурстың интерфейсі мен негізгі навигациялық элементтері қазақ тілінде қолжетімді, ал жарияланған материалдардың басым бөлігі мемлекеттік тілде ұсынылған.

Интернет-ресурстың ***«Компания»*** бөлімінде ұйым қызметіне қатысты негізгі ақпарат орналастырылғанымен, олардың мазмұны қысқаша сипатта берілген. Бұл пайдаланушылардың компанияның қызмет бағыттары, даму тарихы мен корпоративтік құрылымы туралы кеңірек мәлімет алу мүмкіндігін шектейді.


Бұдан бөлек, ***«Корпоративтік құжаттар»*** бөлімінде жарияланған материалдардың атаулары қазақ тілінде көрсетілгенімен, құжаттардың негізгі мазмұны толықтай орыс тілінде ұсынылған. Мұндай жағдай құжаттың мемлекеттік тілде қолжетімді екендігі туралы түсінік қалыптастырғанымен, іс жүзінде ақпаратпен қазақ тілінде толық танысуға мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты корпоративтік құжаттардың мемлекеттік тілдегі толық нұсқаларын орналастыру және компания туралы ақпараттық материалдардың мазмұнын кеңейту интернет-ресурстың тілдік сапасы мен ақпараттық құндылығын арттыруға ықпал етеді.


Интернет-ресурстың ***«Қызметтер мен тарифтер»*** бөліміндегі ***«Тарифтер»*** кіші бөлімінде орналастырылған құжаттардың мемлекеттік тілдегі қолжетімділігі қамтамасыз етілмеген. Аталған бөлімде жарияланған тарифтік материалдар толықтай орыс тілінде ұсынылған.

Тарифтік ақпарат компания қызметін пайдаланушылар үшін маңызды мәліметтердің бірі болғандықтан, оның мемлекеттік тілде қолжетімді болуы ақпараттың ашықтығы мен тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады. Құжаттардың тек бір тілде берілуі қазақ тіліндегі пайдаланушылардың қажетті ақпаратпен толық танысу мүмкіндігін шектейді.

Осыған байланысты тарифтерге қатысты барлық ресми құжаттарды мемлекеттік тілге аударып, қазақ тіліндегі нұсқаларын интернет-ресурста орналастыру ұсынылады. Бұл пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігін арттырып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге ықпал етеді.









Интернет-ресурстың ***«Ынтымақтастық»*** бөліміндегі ***«Клиенттерге»*** кіші бөлімінде қолданылған жекелеген атаулардың мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес келмейтіні анықталды. Атап айтқанда, *«Улги бойынша келисимдер»* атауында орфографиялық қателер жіберілген, бұл бөлімнің тілдік сапасына әсер етеді және ресми құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмейді.

Аталған бөлімде орналастырылған құжаттардың атаулары негізінен орыс тілінде ұсынылған. Бұдан бөлек, тұтынушыларға арналған ережелер, талаптар және өзге де материалдардың мазмұны толықтай орыс тілінде берілген. Мемлекеттік тілдегі нұсқалардың болмауы қазақ тіліндегі пайдаланушылардың ақпаратпен толық танысу мүмкіндігін шектейді.

Аталған жағдайлар интернет-ресурстағы контенттің тілдік теңгеріміне әсер етіп, мемлекеттік тілдің ресми коммуникациядағы қолданылу аясын тарылтады. Осыған байланысты бөлім атауларын қазақ тілінің қолданыстағы емле ережелеріне сәйкестендіріп, құжаттардың атаулары мен мазмұнын мемлекеттік тілде толық көлемде ұсыну қажет.





Жүргізілген мониторинг нәтижесінде «KTZ Express» АҚ интернет-ресурсының мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді екені және негізгі ақпараттық бөлімдердің қазақ тілінде ұсынылғаны анықталды. Сайт құрылымы пайдаланушыларға компания қызметі, көрсетілетін қызметтер және ынтымақтастық бағыттары бойынша қажетті мәліметтермен танысуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге интернет-ресурстағы құжаттық бөлімде мемлекеттік тілдің қолданылуы толық деңгейде қамтамасыз етілмегені байқалды. Атап айтқанда, ресми құжаттардың едәуір бөлігі қазақ тіліндегі атаумен берілгенімен, олардың мазмұны өзге тілде ұсынылған. Сондай-ақ, жекелеген атаулардағы тілдік және

орфографиялық кемшіліктер, тарифтік және тұтынушыларға қатысты материалдардың мемлекеттік тілде қолжетімсіз болуы интернет-ресурстың тілдік сапасын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурста орналастырылған корпоративтік, тарифтік және тұтынушыларға арналған барлық құжаттардың мемлекеттік тілдегі толыққанды нұсқаларын әзірлеп жариялау ұсынылады. Сонымен қатар компания қызметіне қатысты ақпараттық материалдардың мазмұнын кеңейтіп, қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен көлемін арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастырған жөн. Бұл мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, пайдаланушылардың ақпаратқа қолжетімділігін жақсартуға және интернет-ресурстың жалпы сапасын арттыруға ықпал етеді.

«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы

Мониторинг барысында «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясының интернет-ресурс https://portaktau.kz/ сілтемесі қолжетімсіз, сайтқа кіру мүмкіндігі жоқ.

Аталған жағдай интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың қолжетімділігіне баға беруге, мемлекеттік тілдегі контенттің көлемі мен сапасын талдауға, сондай-ақ сайт құрылымы мен мазмұнының қолданыстағы талаптарға сәйкестігін анықтауға мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты интернет-ресурстың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, техникалық ақауларды жою және пайдаланушылардың ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуіне жағдай жасау қажет. Сайттың тұрақты қолжетімді болуы ұйым қызметінің ашықтығын қамтамасыз етудің және мемлекеттік тілдегі ақпаратты тиімді таратудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Ұсыныстар

Жүргізілген мониторинг нәтижелері негізінде ұлттық компаниялардың ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдің қолданылу сапасын арттыру мақсатында төмендегі шараларды іске асыру ұсынылады:

1. Ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі толық нұсқасын қамтамасыз ету.

Корпоративтік басқару құжаттары, сатып алу материалдары, қаржылық есептер, тұрақты даму бағытындағы құжаттар және өзге де ресми ақпараттар тек атау деңгейінде емес, толық мазмұнымен мемлекеттік тілде ұсынылуы қажет.

2. Сайт бөлімдеріндегі тілдік теңгерімді сақтау.

Қазақ тіліндегі нұсқа сайттың барлық негізгі бөлімдерінде бірдей деңгейде жұмыс істеуі тиіс. Әсіресе сатып алу, инвесторлармен байланыс, бос жұмыс орындары, медиа орталық және қызмет көрсету бағыттарындағы бөлімдердің мемлекеттік тілдегі мазмұнын толықтыру қажет.

3. Ақпаратты мемлекеттік тілде бірінші кезекте ұсыну.

Құжаттар мен материалдарды орналастыру кезінде қазақ тіліндегі нұсқаларды басым тәртіппен көрсету ұсынылады. Бұл мемлекеттік тілдің ресми ақпараттық кеңістіктегі рөлін күшейтеді.

4. Ақпараттық мазмұнды тұрақты жаңарту.

Бірнеше жыл бұрын жарияланған немесе өзектілігін жоғалтқан бөлімдерді қайта қарап, сатып алу хабарландырулары, есептер, жаңалықтар және өзге де материалдарды тұрақты негізде жаңартып отыру қажет.

5. Терминологиялық және редакциялық сапаны арттыру.

Сайттағы бөлім атаулары, баннерлер, хабарландырулар және сервистік атаулар қазақ тілінің әдеби нормалары мен ресми стиль талаптарына сәйкестендірілуі тиіс. Қолданылатын терминдердің бірыңғай үлгісін қалыптастыру қажет.

6. Техникалық қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Жұмыс істемейтін сілтемелерді, қате бағыттайтын бөлімдерді және қолжетімсіз ресурстарды тұрақты тексеру қажет. Пайдаланушы қажетті ақпаратқа барлық тілдік нұсқаларда кедергісіз қол жеткізе алуы тиіс.

7. Визуалды контентті мемлекеттік тілде дамыту.

Баннерлер, презентациялар, инфографикалар, кестелер және басқа да көрнекі материалдар қазақ тілінде толық ұсынылуы қажет. Мемлекеттік тілдегі визуалды ақпарат көлемін арттыру ұсынылады.

8. Сыртқы платформалар мен сервистердің қазақ тіліндегі нұсқаларын қамтамасыз ету.

Бос жұмыс орындары, сатып алу жүйелері және басқа да сыртқы ресурстарға бағыттайтын сілтемелер пайдаланушыны мүмкіндігінше мемлекеттік тілдегі нұсқаға бағыттауы қажет.

9. Интернет-ресурстарға жүйелі тілдік мониторинг жүргізу.

Ұлттық компаниялар сайттарының мемлекеттік тілдегі мазмұнына тұрақты ішкі бақылау жүргізіп, анықталған кемшіліктерді жедел түзету тетігін қалыптастыру ұсынылады.

Аталған шараларды іске асыру ұлттық компаниялардың ақпараттық ашықтығын арттырып, мемлекеттік тілдің цифрлық ортада толыққанды қолданылуына және пайдаланушылар үшін сапалы ақпараттық кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі
САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг барысында ұйымдардың сайттары мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі, ақпараттық контенттің толықтығы, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ақпараттың ашықтығы, жаңартылу деңгейі, пайдаланушымен өзара байланыс мүмкіндіктері және визуалды контент бағыттары бойынша бағаланды.

Мониторинг нәтижесінде жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі әртүрлі екені анықталды.

Жалпы алғанда, жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі әркелкі екенін байқауға болады. Бірқатар университеттерде мемлекеттік тілдегі ақпараттық орта қалыптасқанымен, ұйымдарда қазақ тіліндегі контенттің толықтығы, ресми құжаттардың ұсынылуы және тілдік бірізділік мәселелері әлі де өзекті болып отыр.

Мониторинг нәтижелері көрсеткендей, негізгі назар аударатын бағыттар: мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттыру, білім беру бағдарламалары мен ресми құжаттарды қазақ тілінде толық ұсыну, аударма сапасын жетілдіру, сайт бөлімдерінің тілдік сәйкестігін сақтау және пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Осы бағыттар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарындағы мемлекеттік тілдің қолданыс сапасын арттыруға және ақпараттық ашықтық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарының 6 өлшемшартқа сәйкес жиынтық нәтижесі

№	Атауы	1-бағыт	2-бағыт	3-бағыт	4-бағыт	5-бағыт	6-бағыт	Жалпы балл
1.	Халықаралық туризм және меймандостық университеті	2	2	2	1	2	1	**10**
2.	Назарбаев Университеті	1	2	0	2	1	1	**7**
3.	Нархоз Университеті	2	2	0	1	1	0	**7**
4.	«Кайнар» университеті	2	1	2	0	1	1	**7**
5.	КИМЭП Университеті	1	1	0	1	2	0	**6**
6.	С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	-	-	-	-	-	-	-

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕУ

Жоғары оқу орындарының ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг **6** негізгі бағыттан тұратын бағалау жүйесі негізінде жүзеге асырылды.

Төмен тәуекел деңгейі (9–12 балл)

Төмен тәуекел деңгейіне интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі ақпараттың жоғары деңгейде ұсынылған, негізгі бөлімдері қалыптасқан және пайдаланушылар үшін қажетті ақпараттық ресурстары қолжетімді ұйымдар енгізілді.

Реті	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Халықаралық туризм және меймандостық университеті	**10**	Төмен

Жалпы алғанда аталған университеттің интернет-ресурсы мемлекеттік тілдегі ақпараттық қамту деңгейі жоғары ұйымдардың қатарына жатады.

Орташа тәуекел деңгейі (6–8)

Орташа тәуекел деңгейіне кіретін ұйымдардың интернет-ресурстары жалпы құрылымдық жағынан қалыптасқанымен, жекелеген бағыттар бойынша мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығы, ресми құжаттардың ұсынылуы, ақпараттың тілдік бірізділігі және бөлімдердің мазмұндық сапасы бойынша кемшіліктер байқалды.

Реті	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Назарбаев Университеті	**7**	Орташа
2.	Нархоз Университеті	**7**	Орташа
3.	«Кайнар» университеті	**7**	Орташа
4.	КИМЭП Университеті	**6**	Орташа

Жоғары тәуекел деңгейі (0–4 балл)

Жоғары тәуекел деңгейі – интернет-ресурстың негізгі талаптарға сәйкес келмеуі, ақпараттың қолжетімсіздігі, мемлекеттік тілдегі контенттің жеткіліксіздігі немесе сайттың жұмыс істемеуі сияқты факторлармен сипатталады.

Реті	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	-	Жоғары

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің ресми интернет-ресурсына мониторинг жүргізу барысында сайттың ашылмайтыны анықталды. Осыған байланысты интернет-ресурста орналастырылған ақпараттық материалдарды, ресми құжаттарды, қаржылық есептерді, білім беру бағыттарына қатысты мәліметтерді және басқа да бөлімдерді бағалау мүмкін болмады.

АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Халықаралық туризм және меймандостық университеті

Ғаламтордағы ресми интернет-ресурс https://iuth.edu.kz/ мемлекеттік тілде ашылады. Сонымен қатар тіл ауыстыру жүйесінде қазақ тілі бірінші орында орналасқан, бұл мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету қағидатына сәйкес келеді.

Басты беттегі ***«Біз туралы»*** бөлімінің ішіндегі құқықтық негізді құрайтын құжаттар тізімінде жалпы саны **34 ресми құжат** ұсынылған. Жүргізілген талдау нәтижесінде олардың **21-і** мемлекеттік тілде рәсімделіп, қазақ тіліндегі нұсқада берілгені анықталды. Қалған құжаттар өзге тілдерде ұсынылған.

Аталған жағдай сайттағы құқықтық-нормативтік құжаттардың бір бөлігі мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес қамтылғанын көрсеткенімен, барлық материалдар бойынша толық тілдік бірізділіктің сақталмағанын аңғартады. Бұл өз кезегінде пайдаланушылар үшін құжаттарды мемлекеттік тілде толық көлемде қарау мүмкіндігін шектейді және ақпараттық қамтудың біркелкі деңгейде еместігін көрсетеді.

Университеттің құрылымдық сызбасы мемлекеттік тілде ұсынылмаған. Аталған ақпараттық материал тек орыс тілінде берілген. Соның нәтижесінде университеттің ұйымдастырушылық құрылымын мемлекеттік тілде танысу

мүмкіндігі шектеледі және ақпараттың тілдік рәсімделуінде бірізділік сақталмағаны байқалады.

«Есептер» бөлімінде ұсынылған деректердің орыс тілінде жарияланғаны анықталды. Аталған материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қарастырылмаған.

Нәтижесінде пайдаланушылар үшін есептік құжаттармен қазақ тілінде танысу мүмкіндігі шектеледі. Сонымен қатар бөлімдегі ақпараттың тек бір тілде берілуі тілдік рәсімделудің бірізділігіне әсер етіп, интернет-ресурстағы көптілді контентті ұсыну қағидатының толық сақталмағанын көрсетеді.

Құрылымдық талдау нәтижесі бойынша сайтта сұрақ-жауап бөлімі қарастырылған. Сонымен қатар мемлекеттік сатып алуларға қатысты құжаттар да орналастырылған және олар мемлекеттік тілде толық көлемде ұсынылған. Сайттағы қазақ тіліндегі контент көлемі орыс тіліндегі ақпаратпен салыстырғанда жеткілікті деңгейде қамтылған, бөлімдерде мазмұн көлемі бірдей деңгейде сақталған. Бұл ақпараттың тілдік теңгерімділігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, сайтта ақпаратты жариялау жүйесі реттелген, негізгі мәліметтер құрылымдық түрде орналастырылған және пайдаланушыларға қолжетімді. Сұрақ-жауап бөлімі мен мемлекеттік сатып алуларға қатысты құжаттардың мемлекеттік тілде толық берілуі сайттың ақпараттық ашықтығын арттырады.

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша сайттың ақпараттық мазмұны мен құрылымдық ұйымдастырылуы жалпы алғанда жоғары деңгейде екені анықталды. Бұл көрсеткіш интернет-ресурстың негізгі ақпараттық блоктарының қолжетімділігі мен мазмұн сапасының талаптарға сәйкес келетінін білдіреді.

Сонымен қатар мониторинг барысында жекелеген ұсақ кемшіліктердің бар екені де байқалды. Атап айтқанда, қаржылық бөлімдерде ақпаратты рәсімдеу мен тілдік бірізділікке қатысты жетілдіруді қажет ететін тұстар анықталды. Бұл жағдай сайттың жалпы деңгейіне айтарлықтай әсер етпегенімен, ақпаратты ұсыну сапасын одан әрі арттыру қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстың ақпараттық сапасын одан әрі жетілдіру мақсатында жекелеген бөлімдердегі тілдік рәсімдеуді біріздендіру, материалдарды мемлекеттік тілде толық әрі жүйелі түрде ұсыну және мазмұнның көптілді нұсқалары арасындағы сәйкестікті сақтау ұсынылады. Сонымен қатар анықталған ұсақ кемшіліктерді жою, сайттағы ақпаратты жаңарту және редакциялық бақылауды күшейту арқылы интернет-ресурстың жалпы сапалық деңгейін одан әрі арттыру орынды болып табылады.

Назарбаев университеті

Ғаламтордағы ресми интернет-ресурс https://www.nu.edu.kz/ әдепкі баптауда ағылшын тілінде ашылады. Сонымен қатар тіл таңдау панелінде мемлекеттік тілдегі нұсқа екінші орында орналасқан, бұл мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету қағидатына сәйкес келмейді. Интернет-ресурстың

құрылымында бес негізгі бөлім қарастырылған. Алайда жекелеген бөлімдердегі ақпараттың тілдік теңгерімі сақталмаған.

Атап айтқанда, ***«Сапа тұжырымдамасы»*** бөлімінде білім беру бағдарламаларын бекітуге қатысты материалдар орналастырылған. Аталған құжаттар мен ақпараттар тек ағылшын тілінде ұсынылған. Бұл мемлекеттік тілде ақпарат алуға мүдделі пайдаланушылардың ресми құжаттармен танысу мүмкіндігін шектейді және интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдегі контенттің толықтығын қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді.



Интернет-ресурста студенттерге арналған маңызды академиялық ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қамтамасыз етілмеген. Атап айтқанда, академиялық күнтізбе, пәндердің (курстардың) сипаттамалары және оқытушылардың профильдері қазақ тілінде ұсынылмаған.

Сонымен қатар сайттағы ақпараттың басым бөлігі ағылшын тілінде жарияланған. Бұл мемлекеттік тілде білім алушылардың қажетті ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін шектейді. Аталған жағдай интернет-ресурстағы тілдік теңгерімді сақтау және мемлекеттік тілдегі контент көлемін арттыру бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстың ***«Кітапхана»*** бөлімінде орналастырылған жұмыс кестесі мемлекеттік тілде ұсынылмаған және тек ағылшын тілінде берілген. Нәтижесінде қазақ тіліндегі пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігі төмендеп, мемлекеттік тілдегі ақпараттың толықтығы қамтамасыз етілмей отыр. Аталған бөлімдегі қызметтік және анықтамалық ақпаратты мемлекеттік тілде де ұсыну керек.

Интернет-ресурстың ***«Академиялық кеңес беру»*** офисіне арналған бөлімінде орналастырылған ақпарат пен түсіндірме материалдардың басым бөлігі ағылшын тілінде ұсынылған. Бұл мемлекеттік тілді пайдаланатын азаматтардың қажетті ақпаратпен толыққанды танысуына және оны тиімді пайдалануына кедергі келтіруі мүмкін.

Аталған жағдай интернет-ресурстағы тілдік теңгерімді қамтамасыз ету және пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігін арттыру мақсатында бөлім мазмұнын мемлекеттік тілде толықтыру қажеттігін көрсетеді.

Интернет-ресурстың басты бетінде орналасқан мәтіндік материалдар мен ***«Сұрақ-жауап»*** бөлімінің мазмұны негізінен ағылшын тілінде ұсынылған. Аталған ақпараттың мемлекеттік тілдегі баламасының болмауы немесе толық

көлемде ұсынылмауы қазақ тілді пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін шектейді.


Бұл жағдай интернет-ресурста мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейді. Осыған байланысты аталған бөлімдердің мазмұнын мемлекеттік тілде толық әрі сапалы ұсыну қажет.

Интернет-ресурстың ***«Коммерциялық қызметтер»*** бөлімінде барлығы **25 ақпараттық** материал орналастырылған. Алайда олардың тек **12-сі** ғана мемлекеттік тілде ұсынылған. Атап айтқанда, *«Блок 22 асхана үй-жайын жалға беру конкурсын өткізу туралы хабарлама»* секілді жекелеген материалдар қазақ тілінде жарияланған болса, қалған құжаттар мен хабарландырулардың басым бөлігі мемлекеттік тілде қолжетімсіз.

Бұл жағдай бөлімдегі ақпараттың тілдік теңгерімінің сақталмағанын көрсетеді және мемлекеттік тілде ақпарат алуға мүдделі пайдаланушылардың ресми құжаттар мен хабарландыруларға толыққанды қол жеткізу мүмкіндігін шектейді. Мемлекеттік тілдегі контенттің үлесін арттыру және барлық материалдардың қазақ тіліндегі нұсқаларын қамтамасыз ету ұсынылады.

Интернет-ресурстың басты бетінде ***«Инновациялар»*** бөлімі қарастырылған. Алайда аталған бөлімге өту барысында ақпараттың жүктелмейтіні және ақпарат көзіне қол жеткізу мүмкін еместігі анықталды.

Бұл жағдай пайдаланушылардың қажетті ақпаратты алу мүмкіндігін шектеп, интернет-ресурстың функционалдық қолжетімділігі мен ақпараттық толықтығына кері әсер етеді. Сондықтан аталған бөлімнің техникалық тұрғыдан дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, онда орналастырылатын ақпаратты тұрақты қолжетімді ету қажет.



Интернет-ресурстың ***«Ұйымдық репозиторий»*** бөлімінде орналастырылған материалдар негізінен орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған. Алайда бөлімде мемлекеттік тілдегі нұсқаның болмауы қазақ тілді пайдаланушылардың ғылыми және ақпараттық ресурстармен толыққанды танысу мүмкіндігін шектейді.

Сонымен қатар аталған бөлімдегі ақпараттың тек орыс және ағылшын тілдерінде берілуі интернет-ресурстағы тілдік теңгерімнің сақталмауына әсер етеді. Осыған байланысты бөлім мазмұнын мемлекеттік тілде де ұсыну қажет.

Интернет-ресурстағы ***«Барлық бағдарламалар»*** бөлімін талдау барысында бағдарламалар тізіміндегі алғашқы жазбаның мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Сонымен қатар аталған бағдарлама туралы

толық ақпарат алу үшін *«Толығырақ»* батырмасы арқылы ашылатын бетте негізгі сипаттамалар мен мазмұнның ағылшын тілінде берілгені байқалды.

Аталған жағдай бір ақпараттық блок шеңберінде бірнеше тілдің жүйесіз қолданылып отырғанын және мемлекеттік тілдегі нұсқаның толық көлемде қамтамасыз етілмегенін көрсетеді. Нәтижесінде қазақ тілді пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігі төмендеп, білім беру бағдарламалары туралы мәліметтермен толыққанды танысу мүмкіндігі шектеледі.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде Назарбаев Университетінің ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі мен толықтығына қатысты бірқатар кемшіліктер анықталды. Сайт әдепкі баптауда ағылшын тілінде ашылады және тіл таңдау мәзірінде мемлекеттік тіл бірінші орында орналастырылмаған. Сонымен қатар көптеген маңызды бөлімдерде, оның ішінде білім беру бағдарламалары, академиялық күнтізбе, курс сипаттамалары, оқытушылар профильдері, кітапхана қызметі, академиялық кеңес беру, ұйымдық репозиторий және өзге де ақпараттық ресурстар бойынша материалдардың басым бөлігі ағылшын немесе орыс тілдерінде ұсынылған.

Мониторинг барысында жекелеген бөлімдерде мемлекеттік тілдегі нұсқалардың мүлде болмауы, ақпараттың әртүрлі тілдерде жүйесіз берілуі, сондай-ақ бөлімдердің техникалық тұрғыдан қолжетімсіз екендігі анықталды. Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі контенттің жеткіліксіздігін көрсетіп, қазақ тілді пайдаланушылардың ақпаратқа тең дәрежеде қол жеткізу мүмкіндігін шектейді.

Интернет-ресурста мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында сайттың негізгі және қосымша бөлімдеріндегі барлық ақпараттық материалдардың, құжаттардың, білім беру бағдарламаларына қатысты мәліметтердің, академиялық және әкімшілік ақпараттың мемлекеттік тілдегі толыққанды нұсқаларын орналастыру қажет. Сонымен қатар тілдік нұсқалар арасындағы мазмұндық теңгерімді қамтамасыз етіп, мемлекеттік тілді сайттың басым тілі ретінде орналастыру, мемлекеттік тілде ұсынылмаған бөлімдерді толықтыру, техникалық ақаулары бар беттердің жұмысын қалпына келтіру және ақпаратты жариялау барысында қазақ тіліндегі нұсқаның уақтылы әрі толық берілуін тұрақты бақылауға алу ұсынылады. Бұл пайдаланушылардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырып қана қоймай, интернет-ресурстың тіл заңнамасы талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Нархоз университеті

Ғаламтордағы ресми интернет-ресурс https://narxoz.edu.kz/ мемлекеттік тілде ашылады. Сонымен қатар тіл таңдау жүйесінде мемлекеттік тіл бірінші орында орналасқан, бұл мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету қағидатына сәйкес келеді.

Алайда мониторинг барысында сайттың басты бетіндегі ***«Мектептер»*** бөліміне кіру әрекеті жасалғанымен, аталған бөлімнің ашылмайтыны анықталды. Нәтижесінде бөлімде орналастырылған ақпаратпен танысу және оның мазмұнын талдау мүмкін болмады. Бұл жағдай пайдаланушылардың қажетті ақпаратқа қол жеткізуін шектеп, интернет-ресурстың функционалдық


қолжетімділігі мен ақпараттық толықтығына кері әсер етеді. Сондықтан аталған бөлімнің техникалық тұрғыдан дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

«Мектептер» бөлімінде орналастырылған ***«Қос диплом»*** бағдарламасына қатысты ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы ұсынылмағаны анықталды. Аталған материалдардың мазмұны өзге тілдерде берілгендіктен, қазақ тілді пайдаланушылар үшін бағдарлама туралы қажетті ақпаратпен толыққанды танысу мүмкіндігі шектеледі.

Бұл жағдай интернет-ресурстағы тілдік теңгерімнің сақталмауына әсер етіп, мемлекеттік тілде ақпарат алуға мүдделі азаматтардың ақпаратқа қолжетімділік деңгейін төмендетеді. Осыған байланысты *«Қос диплом»* бағдарламасына қатысты барлық ақпаратты мемлекеттік тілде де толық көлемде ұсыну қажет.

«Бакалавриат» білім беру бағдарламаларына қатысты бөлімді талдау барысында ақпараттың қазақ және орыс тілдерінде аралас түрде ұсынылғаны анықталды. Нәтижесінде бөлім мазмұнында тілдік бірізділік сақталмай, мемлекеттік тілдегі ақпарат толық әрі жүйелі түрде берілмеген.

Аталған жағдай пайдаланушылардың ақпаратты қабылдауына қолайсыздық туғызып, интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдегі контенттің сапасы мен тұтастығына кері әсер етеді. Осыған байланысты білім беру бағдарламалары жөніндегі ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын толықтыру және тілдік рәсімдеудің бірізділігін қамтамасыз ету қажет.



Интернет-ресурста оқу ақысы, білім беру бағыттары және талапкерлер үшін белгіленген өту ұпайлары туралы мәліметтердің орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Аталған ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы берілмегендіктен, қазақ тілді пайдаланушылар үшін маңызды ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі шектеледі.

Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі контенттің толықтығын қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейді және талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін қажетті мәліметтердің қолжетімділігіне әсер етеді. Осыған байланысты аталған ақпаратты мемлекеттік тілде де толық ұсыну қажет.

Интернет-ресурстың ***«Басшылар»*** бөлімінде көрсетілген қызмет атауларының мемлекеттік тілде ұсынылмағаны анықталды. Барлық лауазымдар орыс тілінде берілген.

Аталған жағдай пайдаланушылар үшін басшылық құрам туралы ақпаратты мемлекеттік тілде алу мүмкіндігін шектеп, интернет-ресурстағы тілдік теңгерімнің сақталуына кері әсер етеді. Осыған байланысты ***«Басшылар»***

бөліміндегі лауазым атаулары мен сипаттамаларын мемлекеттік тілде толықтыру қажет.

Білім беру бағдарламасының түсіндірмесіне қатысты ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы ұсынылмағаны анықталды. Аталған бөлімнің мазмұны толықтай орыс тілінде берілгендіктен, қазақ тілді пайдаланушылар үшін бағдарлама туралы ақпаратпен танысу және оны пайдалану мүмкіндігі шектеледі.

Бұл жағдай интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдегі контент көлемінің жеткіліксіз екенін көрсетеді және ақпараттың қолжетімділігі мен тілдік теңгеріміне теріс әсер етеді. Сонымен қатар білім беру бағдарламалары туралы мәліметтердің мемлекеттік тілде толық әрі жүйелі түрде ұсынылу деңгейінің жеткіліксіздігін аңғартады. Осыған байланысты бөлім мазмұнын мемлекеттік тілде толықтыру және негізгі ақпаратты қазақ тілінде орналастыру қажет.

Интернет-ресурстың ***«HR»*** және ***«Бос орындар»*** бөлімдерінде орналастырылған ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы ұсынылмағаны анықталды. Аталған бөлімдердегі материалдар толықтай өзге тілде берілгендіктен, қазақ тілді пайдаланушылар үшін ақпаратпен толыққанды танысу мүмкіндігі шектеледі.

Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі контенттің жеткіліксіздігін көрсетіп, пайдаланушылардың ақпаратқа тең дәрежеде қол жеткізу қағидатына кері әсер етеді. Сонымен қатар аталған бөлімдерде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және ақпараттың тілдік қолжетімділігін арттыру бағытында жұмыстар жүргізу қажеттігін көрсетеді.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде Нархоз Университетінің ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты оң тәжірибелермен қатар бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, сайт мемлекеттік тілде ашылады және тіл таңдау жүйесінде қазақ тілі бірінші орында орналасқан. Бұл мемлекеттік тілдің басымдығын сақтау талаптарына сәйкес келеді.

Сонымен бірге интернет-ресурстың жекелеген бөлімдерінде мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық қамтылмағаны байқалды. *«Қос диплом»* бағдарламасы, білім беру бағдарламаларының түсіндірмелері, оқу ақысы, білім беру бағыттары, талапкерлерге арналған өту ұпайлары, басшылық құрамның лауазым атаулары, сондай-ақ ***«HR»*** және ***«Бос орындар»*** бөлімдеріндегі ақпараттар мемлекеттік тілде ұсынылмаған немесе ішінара ғана қамтылған. Бұдан бөлек, бөлімдерде қазақ және орыс тілдерінің аралас қолданылуы тілдік бірізділіктің сақталмауына алып келген. Сонымен қатар ***«Мектептер»*** бөлімінің жүктелмеуі пайдаланушылардың ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін шектейді.

Интернет-ресурстың мазмұнын мемлекеттік тілде толықтыру бағытындағы жұмыстарды жалғастырып, білім беру бағдарламаларына, талапкерлерге, студенттерге және жұмысқа орналасуға қатысты барлық негізгі ақпараттың қазақ тіліндегі нұсқаларын орналастыру ұсынылады. Сонымен қатар бөлімдердегі тілдік бірізділікті сақтап, қазақ және орыс тілдерінің аралас қолданылуын реттеу, басшылық құрамға қатысты мәліметтер мен лауазым

атауларын мемлекеттік тілде ұсыну, сондай-ақ техникалық ақауы бар бөлімдердің жұмысын қалпына келтіру орынды болып табылады. Бұл өз кезегінде ақпараттың қолжетімділігін арттырып, интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдің үлесін күшейтуге және пайдаланушылар үшін қолайлы ақпараттық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«КАЙНАР» университеті

Ғаламтордағы ресми интернет-ресурс https://q-university.edu.kz/ мемлекеттік тілде ашылады. Алайда тіл ауыстыру жүйесінде мемлекеттік тіл үшінші орында орналасқан. Бұл пайдаланушыларға тілдік нұсқаларды таңдауда мемлекеттік тілдің көрнекілігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Сонымен қатар сайттың басты бетіндегі ***«Басшы блогы»*** бөлімінде орфографиялық қате орын алғаны анықталды. Ресми интернет-ресурста орналастырылатын ақпараттың сауатты және тіл нормаларына сәйкес берілуі маңызды. Аталған қате сайт мазмұнындағы тілдік сапаның төмендеуіне және пайдаланушылар үшін ұсынылатын ақпараттың сапасына әсер етеді.

Интернет-ресурста ***«Корпоративтік кодекс»*** атты ақпараттық дереккөз көрсетілгенімен, аталған құжатқа қол жеткізу мүмкін болмады. Сілтемені ашу барысында құжат мазмұны жүктелмейді, нәтижесінде пайдаланушылар көрсетілген материалмен таныса алмайды.

Бұл жағдай ресми құжаттарға қолжетімділікті шектеп, сайттағы ақпараттың толықтығына әсер етеді. Аталған сілтеменің жұмысын тексеріп, құжаттың пайдаланушылар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Интернет-ресурста орналастырылған ресми құжаттар мен лицензияның мемлекеттік тілдегі нұсқасы ұсынылғаны байқалды. Бұл бөлім бойынша мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігі сақталған.


Алайда есептерге қатысты ресми құжаттардың орыс тілінде жарияланғаны анықталды. Аталған материалдардағы ақпарат мемлекеттік тілде ұсынылмай, тек орыс тіліндегі нұсқада берілген. Нәтижесінде қазақ тілді пайдаланушылар үшін есептік құжаттардың мазмұнымен мемлекеттік тілде танысу мүмкіндігі шектеледі.

«Саясаттар және басқару» бөліміне жүргізілген талдау барысында тұрақты даму мақсаттарына қатысты ақпараттық дереккөздің орналастырылғаны анықталды. Алайда аталған бөлімде ұсынылған материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қарастырылмаған. Ақпарат толықтай ағылшын тілінде жарияланғандықтан, қазақ тілді пайдаланушылар үшін бөлім мазмұнымен танысу және қажетті мәліметтерді пайдалану мүмкіндігі шектеледі.

Аталған бөлім университеттің стратегиялық бағыттары мен басқару саясатына қатысты маңызды ақпараттық ресурс болып табылады. Сондықтан мұндай мазмұндағы материалдардың тек бір тілде ұсынылуы сайттағы көптілді ақпараттық қамтудың толық жүзеге асырылмағанын көрсетеді. Мемлекеттік тілдегі баламаның болмауы ресми ақпараттың қолжетімділік деңгейіне әсер етеді.

Сонымен қатар интернет-ресурстағы бөлімдер бойынша тілдік теңгерімнің сақталуы пайдаланушылардың әртүрлі санаты үшін ақпаратты еркін қабылдауына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, тұрақты даму мақсаттарына қатысты материалдардың мемлекеттік тілде ұсынылмауы қазақ тілді аудиторияның ақпаратқа тең дәрежеде қол жеткізу мүмкіндігін төмендетеді.

Осыған байланысты аталған бөлімдегі ақпаратты мемлекеттік тілге мазмұндық сәйкестігін сақтай отырып орналастыру, сондай-ақ сайттағы негізгі ақпараттық бөлімдерде қазақ тіліндегі нұсқалардың толық ұсынылуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды күшейту қажет.



Аталған бөлімді зерделеу барысында жалпы саны **8 дереккөз** орналастырылғаны анықталды. Алайда олардың ішінен тек **3 файл** ғана ашылады, ал қалған **5 дереккөзге** қол жеткізу мүмкін болмады. Ашылмайтын сілтемелер пайдаланушылардың бөлімде ұсынылған материалдармен толық танысуына мүмкіндік бермейді және ақпараттық ресурстың қолжетімділігіне әсер етеді.

Сонымен қатар қолжетімді болып тұрған файлдардың мазмұны толықтай ағылшын тілінде ұсынылған. Мемлекеттік тілдегі нұсқаның болмауы қазақ тілді пайдаланушылар үшін аталған материалдарды түсіну және пайдалану мүмкіндігін шектейді. Әсіресе стратегиялық және басқару бағыттарына қатысты ақпараттың бір ғана тілде берілуі интернет-ресурстағы тілдік теңгерімнің сақталуына кері әсер етеді.

Аталған жағдай бөлімдегі ақпараттың техникалық және тілдік тұрғыдан толық бейімделмегенін көрсетеді. Бір жағынан, дереккөздердің ашылмауы ақпаратқа қолжетімділік мәселесін туындатса, екінші жағынан, қолжетімді материалдардың мемлекеттік тілде ұсынылмауы пайдаланушылардың ақпарат алу мүмкіндігін шектейді.

Осыған байланысты қолжетімсіз дереккөздердің жұмысын қалпына келтіру, орналастырылған материалдардың өзектілігін тексеру және бөлімдегі ақпаратты мемлекеттік тілде де ұсыну бағытында тиісті жұмыстар жүргізу қажет.

«Экологиялық басқару» бөлімінде орналастырылған құжаттар ресми интернет-ресурста көрсетілгенімен, аталған материалдарды ашу және мазмұнымен танысу мүмкіндігі қарастырылмаған. Нәтижесінде бөлімде ұсынылған ақпарат пайдаланушылар үшін қолжетімсіз болып, құжаттардың мазмұнын қарау және қажетті мәліметтерді алу мүмкіндігі шектеледі.

Бұл жағдай интернет-ресурстағы ақпараттық материалдардың толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді. Құжаттарға берілген сілтемелердің жұмыс істеуін тексеріп, пайдаланушылардың ұсынылған ақпаратпен еркін танысуына мүмкіндік жасау қажет.

Ресми сайттағы ***«Серіктестер»*** бөлімінде ұсынылған ақпарат құралдары сыртқы интерфейсте мемлекеттік тілде көрсетілгенімен, оларды ашқан кезде мазмұны орыс тілінде берілетіні байқалады. Бұл жағдай тілдік сәйкессіздікті тудырып, пайдаланушыға ақпаратты мемлекеттік тілде толық әрі бірізді түрде қабылдауға мүмкіндік бермейді. Соған байланысты бөлімдегі материалдарды тілдік тұрғыдан үйлестіру және ашылған құжаттардың да мемлекеттік тілдегі нұсқасын қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар Шымкент *«Q» University* сайтына өтуге арналған батырманы басқан кезде тиісті бет мүлде ашылмайды, сілтеме жұмыс істемейді. Ал инклюзивті даму қорының сайтына қатысты көрсетілген сілтеме де қолжетімсіз болып, мұндай веб-ресурсқа өту мүмкіндігі қарастырылмаған. Бұл жағдай сыртқы ресурстармен байланыс орнату деңгейінің төмен екенін және сілтемелердің өзектілігі мен жұмыс істеу қабілеті қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.

«Кітапхана» бөлімінде жалпы **3 негізгі дереккөз** орналастырылған. Алайда олардың ішінде тек біреуі ғана мемлекеттік тілде ұсынылған. Атап айтқанда, *«Цифровая библиотека E-UNI.KZ»* ресурсы ғана қазақ тілінде берілген, ал қалған дереккөздер басқа тілде көрсетілген. Мұндай жағдай бөлімдегі ақпараттың тілдік бірізділігінің сақталмауына әкеліп, мемлекеттік тілдегі контенттің жеткіліксіздігін көрсетеді.

«Байланыс» бөлімінде ұсынылған ақпараттар мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде берілген. Аталған бөлімдегі мекенжай, байланыс нөмірлері және өзге де қажетті мәліметтер тек орыс тіліндегі нұсқада көрсетілген. Соның нәтижесінде мемлекеттік тілде ақпарат алғысы келетін пайдаланушылар үшін қажетті деректермен танысу мүмкіндігі шектеледі. Бұл жағдай сайттағы байланыс ақпаратының тілдік рәсімделуінде бірізділіктің сақталмағанын және мемлекеттік тілдегі мазмұнның жеткілікті деңгейде қамтылмағанын көрсетеді**.**

«Басшылық» жөніндегі бөлімде ***«Педагогикалық стажы»*** деген тіркес қолданылған. Алайда мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес бұл ұғым ***«Еңбек өтілі»*** ретінде берілуі тиіс. Осыған байланысты бөлімдегі терминнің дұрыс аударылмауы немесе бірізді қолданылмауы байқалады. Мұндай сәйкессіздік ақпараттың тілдік сапасына әсер етіп, ресми терминологияның дұрыс қолданылмауына әкеледі.

Аталған бөлімде құжаттар көрсетілгенімен, оларды ашып қарау мүмкіндігі қарастырылмаған. Соның салдарынан пайдаланушылар үшін құжаттардың

мазмұнымен танысу және қажетті ақпаратты толық алу процесі шектеледі. Бұл жағдай бөлімдегі материалдардың қолжетімділік деңгейінің төмен екенін көрсетеді.

«Басшы блогында» көрсетілген мәліметтерде еңбек өтілі мен лауазым атаулары мемлекеттік тілде берілмеген, олар орыс тілінде рәсімделген. Осыған байланысты бөлімдегі ақпарат қазақ тілінде ұсынылмай, тілдік бірізділік сақталмағаны байқалады.

Сонымен қатар аталған бөлімде білім беру бағдарламаларына қатысты ақпараттар орыс тілінде жарияланған. Мұндай жағдай бөлімдегі ақпараттың тілдік рәсімделуінде бірізділіктің сақталмауын көрсетеді.

«Конференциялар» бөлімінде ұсынылған ақпараттың құрылымында тілдік сәйкессіздік байқалады: мазмұнның бастапқы бөлігі мемлекеттік қазақ тілінде берілгенімен, одан кейінгі жалғасы орыс тілінде ұсынылған. Мұндай аралас тілдік формат ақпараттың бірізділігін бұзып, пайдаланушылар үшін мәтінді толық әрі жүйелі түрде қабылдауды қиындатады. Сонымен қатар, бөлімдегі материалдарды мемлекеттік тілде тұтас ұсыну талаптарының сақталмауы байқалады.

Келесі ***«Академиялық күнтізбе»*** бөлімінде деректер файл түрінде жүктеуге ұсынылғанымен, аталған дереккөзді ашу немесе жүктеп алу мүмкіндігі жоқ. Соның салдарынан бөлімде көрсетілген ақпаратпен толық танысу жүзеге аспай, пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтерге қолжетімділік шектеледі.

Интернет-ресурста жарияланған барлық құжаттарға техникалық тексеріс жүргізіп, сілтемелердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ бұзылған немесе жүктелмейтін файлдарды қалпына келтіру ұсынылады. Сонымен қатар бөлімдегі құжаттардың мазмұнын мемлекеттік тілде де ұсыну, ақпаратты екі тілде бірізді форматта орналастыру және жарияланатын материалдардың қолжетімділік сапасын тұрақты бақылауға алу қажет. Бұл өз кезегінде пайдаланушылар үшін ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз етіп, интернет-ресурстың мазмұндық сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

КИМЭП университеті


Ғаламтордағы ресми интернет-ресурс https://www.kimep.kz/en/ әдепкі баптауда ағылшын тілінде ашылады. Сонымен қатар тіл таңдау жүйесінде мемлекеттік тілдің бірінші орында орналасқаны байқалады.

Мониторинг барысында сайттың басты бетіндегі *«Қос диплом»* бағдарламасына қатысты ақпараттың мемлекеттік тілде ұсынылмағаны анықталды. Аталған материалдардың мазмұны өзге тілде берілгендіктен, қазақ тілді пайдаланушылар үшін бағдарлама туралы ақпаратпен толыққанды танысу мүмкіндігі шектеледі. Бұл жағдай интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдегі контент көлемінің жеткіліксіздігін көрсетеді және ақпараттың тілдік қолжетімділігін арттыру бағытында қосымша жұмыстар жүргізуді талап етеді.

Интернет-ресурстың оқытушылар мен қызметкерлерге арналған мобильдік бөлімін талдау барысында аталған бөлімдегі ақпараттың тек ағылшын және орыс тілдерінде ұсынылғаны анықталды. Мемлекеттік тілдегі нұсқаның

болмауы қазақ тілді пайдаланушылардың қажетті ақпаратпен толыққанды танысу мүмкіндігін шектейді.

Бұл жағдай бөлімдегі ақпараттың тілдік қолжетімділік деңгейін төмендетіп, мемлекеттік тілдегі контенттің жеткіліксіздігін көрсетеді. Сонымен қатар оқытушылар мен қызметкерлерге арналған ақпараттық материалдарды мемлекеттік тілде де ұсыну қажет.



Интернет-ресурстың ***«Жаңалықтар»*** бөлімінде орналастырылған материалдардың атаулары мен мазмұны тек ағылшын тілінде ұсынылғаны анықталды. Нәтижесінде бөлімдегі ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы берілмеген және қазақ тілді пайдаланушылар үшін қолжетімді ақпараттық орта қалыптастырылмаған.

Аталған жағдай мемлекеттік тілдегі контент көлемінің жеткіліксіздігін көрсетіп, пайдаланушылардың жаңалықтармен толыққанды танысу мүмкіндігін шектейді. Сонымен қатар ресми ақпараттың мемлекеттік тілде жариялану деңгейін арттыру қажеттігін көрсетеді.

«Шетел студенттері мен қызметкерлеріне арналған визалар» бөлімін зерделеу барысында ақпараттың тек ағылшын тілінде орналастырылғаны байқалды. Бөлім мазмұнында мемлекеттік тілдегі балама нұсқа ұсынылмағандықтан, қазақ тілді пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтермен танысу мүмкіндігі шектеулі болып отыр. Әсіресе визалық рәсімдерге қатысты ақпараттың мемлекеттік тілде берілмеуі бөлімнің тілдік қолжетімділік деңгейін төмендетеді және көптілді ақпарат ұсыну қағидатының толық сақталмағанын аңғартады.

«Чек-лист» бөліміндегі ақпаратқа жүргізілген талдау барысында материалдардың аралас тілдік форматта ұсынылғаны анықталды. Атап айтқанда, деректердің бір бөлігі мемлекеттік тілде берілсе, қалған бөлігі ағылшын тілінде жарияланған.

Мұндай тілдік әркелкілік бөлім мазмұнының бірізді құрылымын бұзып, ақпаратты қабылдауда жүйеліліктің сақталмауына әсер етеді. Нәтижесінде пайдаланушылар үшін қажетті мәліметтерді тұтас әрі реттелген түрде түсіну процесі күрделене түседі. Сонымен қатар мемлекеттік тілдегі мазмұнның толық қамтылмауы ақпараттың қолжетімділік деңгейін төмендетіп, тілдік теңгерім қағидатының сақталмағанын көрсетеді.

Сайттың қазақ тілінде ашылу режимінде де басты бетте көрсетілген аталған деректердің ағылшын тілінде өзгеріссіз сақталатыны байқалды. Яғни интерфейстің тілдік параметрлері өзгергенімен, жекелеген ақпараттық блоктар автоматты түрде мемлекеттік тілге бейімделмей, бір тілде ғана ұсынылады.

Мұндай жағдай пайдаланушы таңдаған тілдік режим мен нақты көрсетілетін контент арасындағы сәйкестіктің толық қамтамасыз етілмеуіне әкеледі. Нәтижесінде сайттағы ақпараттың тілдік бейімделу деңгейі төмендегені байқалады.

«Ресми құжаттар» тізіміне жүргізілген талдау барысында ондағы материалдардың орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Аталған деректердің мемлекеттік тілдегі нұсқасының болмауы құжаттар тізіміндегі ақпараттың тілдік рәсімделуінде бірізділіктің сақталмағанын көрсетеді.

Нәтижесінде қазақ тілді пайдаланушылар үшін ресми құжаттармен танысу мүмкіндігі шектеліп, ақпараттың қолжетімділік деңгейі төмендейді. Сонымен қатар бөлім мазмұнында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту қажеттігі байқалады.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде КИМЭП Университетінің ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдегі контенттің деңгейі жеткіліксіз екені анықталды. Сайттағы ақпараттың басым бөлігі ағылшын тілінде ұсынылған, ал құжаттық бөлімдерде орыс тіліндегі материалдар да кездеседі. Сонымен қатар сұрақ-жауап бөлімі мен бюджет қаражаты туралы есептердің болмауы ақпараттық ашықтық деңгейінің толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді. Ресми құжаттардың мемлекеттік тілде ұсынылмауы интернет-ресурстағы тілдік теңгерімнің сақталмауына әсер етіп, қазақ тілді пайдаланушылар үшін ақпаратқа қолжетімділікті шектейді.

Интернет-ресурстың мазмұнын мемлекеттік тілде толықтыру бағытындағы жұмыстарды күшейту ұсынылады. Атап айтқанда, ресми құжаттар мен негізгі ақпараттық бөлімдердің қазақ тіліндегі нұсқаларын жүйелі түрде орналастыру, сұрақ-жауап және ашық деректер (соның ішінде бюджетке қатысты ақпарат) бөлімдерін енгізу немесе толықтыру, сондай-ақ барлық негізгі контент бойынша тілдік теңгерімді қамтамасыз ету қажет. Бұдан бөлек, сайттағы ақпаратты көптілді форматта ұсыну кезінде мемлекеттік тілдің басым қолданылуын сақтау және барлық бөлімдерде мазмұнның толық сәйкестігін қамтамасыз ету ұсынылады.

С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті

Ғаламтордағы ресми интернет-ресурс https://kaznmu.edu.kz/ ашылмайтыны анықталды. Бұл жағдай сайттың техникалық қолжетімділігінде ақау бар екенін көрсетіп, пайдаланушылардың ақпаратпен танысу мүмкіндігін толық шектейді.

Осыған байланысты интернет-ресурстың жұмысын қалпына келтіру, оның тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету және сайтта жарияланатын ақпаратты, соның ішінде ресми құжаттар мен қаржылық есептерді белгіленген өлшемшарттарға сәйкес рәсімдеу қажеттігі атап өтіледі. Сонымен қатар

ақпараттың өзектілігін, толықтығын және қолжетімділігін тұрақты бақылауға алу ұсынылады.

Ұсыныстар

1. Интернет-ресурстардағы барлық негізгі бөлімдерді мемлекеттік тілде толыққанды ұсыну.
2. Білім беру бағдарламалары, академиялық ақпараттар, ресми құжаттар және есептік материалдардың қазақ тіліндегі нұсқасын орналастыру.
3. Қазақ және басқа тілдердегі нұсқалардың мазмұндық сәйкестігін сақтау.
4. Тілдік қателер мен сапасыз аудармаларды редакциялық бақылаудан өткізу.
5. Ашылмайтын бөлімдер мен құжаттарға техникалық тексеру жүргізу.
6. Сайттағы ақпараттың өзектілігі мен толықтығын тұрақты бақылауға алу.

Жалпы бағалау нәтижесі бойынша жоғары оқу орындарының бір бөлігінде мемлекеттік тілдегі ақпараттық орта қалыптасқанымен, кейбір ұйымдарда мемлекеттік тілдегі контентті толықтыру және ақпараттың тілдік сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу қажет.

Ғылыми мекемелердің ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі
САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Ғылыми ұйымдардың ресми интернет-ресурстары ғылыми қызметтің ашықтығын қамтамасыз ететін, зерттеу нәтижелерін, ғылыми жетістіктерді, инновациялық жобаларды және мекеме қызметі туралы ресми ақпаратты жұртшылыққа ұсынатын негізгі цифрлық ақпараттық алаңдардың бірі болып табылады. Осыған байланысты ғылыми мекемелердің интернет-ресурстарының мемлекеттік тілде сапалы жүргізілуі, ақпараттың толықтығы, қолжетімділігі және тұрақты жаңартылып отыруы ерекше маңызға ие. Осы талаптардың сақталу деңгейін айқындау мақсатында **25** ғылыми мекеменің ресми интернет-ресурсына **6** өлшемшарт бойынша кешенді мониторинг жүргізілді.

Мониторинг қорытындысы ғылыми мекемелердің басым бөлігінде мемлекеттік тілдегі ақпараттық қамтамасыз ету деңгейі талаптарға толық сәйкес келмейтінін көрсетті. Зерттелген **25** интернет-ресурстың ішінде тек **3** мекеме **9–10** балл аралығында нәтиже көрсетсе, **12** мекеме **6–8** балл, **5** мекеме **4–5** балл жинаған. Сонымен қатар, **1** мекеме барлық бағыт бойынша **0** балл алып, мемлекеттік тілдегі нұсқаны мүлде ұсынбаған болса, **4** мекеменің интернет-ресурсы мониторинг жүргізу барысында ашылмағандықтан бағалау жүргізу мүмкін болмады.

Мониторингтің маңызды нәтижелерінің бірі – жекелеген ғылыми мекемелердің интернет-ресурстарының техникалық қолжетімсіздігі. Төрт ұйымның ресми сайты мониторинг кезеңінде мүлдем ашылмағандықтан бағалау жүргізу мүмкін болмады. Ал бір ғылыми мекеменің интернет-ресурсы толықтай орыс тілінде жұмыс істеп, мемлекеттік тілдегі нұсқасы мүлде

ұсынылмағандықтан барлық өлшемшарт бойынша **0** балл алды. Бұл мемлекеттік тіл туралы заңнама талаптарының орындалуына және азаматтардың мемлекеттік тілде ақпарат алу құқығына тікелей әсер ететін маңызды мәселе болып табылады.

Жалпы алғанда, жүргізілген мониторинг ғылыми мекемелердің ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі әлі де жетілдіруді қажет ететінін көрсетті. Көптеген сайттарда қазақ тіліндегі нұсқа болғанымен, оның мазмұндық толықтығы, техникалық тұрақтылығы және ақпараттық сапасы орыс тіліндегі нұсқамен салыстырғанда төмен деңгейде қалыптасқан.

Ғылыми мекемелердің 6 өлшемшартқа сәйкес жиынтық нәтижесі

№	Атауы	1-бағыт	2-бағыт	3-бағыт	4-бағыт	5-бағыт	6-бағыт	Жалпы балл
1.	Радиациялық қауіпсіздік және экология институты	2	2	1	1	2	2	**10**
2.	Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты	1	2	1	2	2	2	**10**
3.	Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты	2	2	1	1	2	1	**9**
4.	Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығы	2	2	0	1	2	1	**8**
5.	Алтай ботаникалық бағы	2	2	0	1	1	1	**7**
6.	Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	1	2	0	1	2	1	**7**
7.	Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы	2	2	1	1	1	0	**7**
8.	Геральдикалық зерттеулер орталығы	2	2	0	1	1	1	**7**
9.	Маңғышлақ эксперименталдық ботаникалық бағы	2	2	0	0	1	1	**6**
10.	Қазақ мұнай геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институты	1	2	0	1	2	0	**6**
11.	Д.В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты	1	1	0	1	1	2	**6**
12.	Көмір химиясы және технология институты	2	2	0	0	1	1	**6**
13.	Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты	2	1	0	1	1	1	**6**
14.	Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты	2	1	0	1	1	1	**6**

15.	Курортология және медициналық оңалту ғылыми-зерттеу институты	2	1	0	1	1	1	**6**
16.	В.Г.Фесенков атындағы Астрофизикалық институт	2	1	0	1	1	0	**5**
17.	Ионосфера институты	1	1	0	1	1	1	**5**
18.	Еуразиялық интеграция институты	1	1	0	1	1	1	**5**
19.	Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы	1	1	0	0	1	1	**4**
20.	Сейсмологиялық байқау және зерттеу ұлттық ғылыми орталығы	2	1	0	1	0	0	**4**
21.	Академик Ш.Ш.Шокин атындағы КазҒЗ Энергетика институты	0	0	0	0	0	0	**0**
22.	Математика және математикалық моделдеу институты	-	-	-	-	-	-	-
23.	Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты	-	-	-	-	-	-	-
24.	Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	-	-	-	-	-	-	-
25.	У.М.Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты	-	-	-	-	-	-	-

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕУ

Бағалау нәтижелерін жүйелеу мақсатында ғылыми мекемелер интернет-ресурстары жинаған жиынтық балл негізінде тәуекел деңгейлері бойынша үш санатқа бөлінді. Мұндай жіктеу мемлекеттік тілдегі интернет-ресурстардың қазіргі жай-күйін бағалауға, кемшіліктердің сипатын анықтауға және оларды жою бойынша басым бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді.

Төмен тәуекел деңгейі (9–12 балл)

Бұл санаттағы интернет-ресурстардың басым бөлігінде мемлекеттік тілдегі нұсқа қолжетімді, негізгі ақпараттық бөлімдер қалыптастырылған және сайттың функционалдық мүмкіндіктері салыстырмалы түрде жақсы деңгейде. Дегенмен жекелеген бөлімдерде мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттыру және ресми құжаттарды толық қазақ тілінде ұсыну қажеттілігі сақталған.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Радиациялық қауіпсіздік және экология институты	**10**	Төмен
2.	Өркен балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты	**10**	Төмен
3.	Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты	**9**	Төмен

Аталған ғылыми мекемелердің ресми интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі негізгі ақпараттар орналастырылған және сайт құрылымының басым бөлігі белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келеді. Сонымен қатар, ақпараттың ашықтығы мен пайдаланушыларға қолжетімділігі жағынан оң нәтижелер байқалады.

Соған қарамастан, бұл топтағы ұйымдарда да толық шешімін таппаған мәселелер бар. Атап айтқанда, жекелеген ресми құжаттардың, жаңалықтардың немесе қосымша материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасы жеткіліксіз, бөлімдерде ақпарат көлемінің теңгерімі сақталмаған. Сондықтан бұл интернет-ресурстарға мемлекеттік тілдегі контенттің сапасы мен көлемін одан әрі жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Орташа тәуекел деңгейі (6–8 балл)

Бұл санаттағы интернет-ресурстарда мемлекеттік тілдегі нұсқа болғанымен, өлшемшарттардың барлығы бірдей сақталмаған. Негізінен мемлекеттік тілдегі контент көлемінің жеткіліксіздігі, ақпараттың орыс тілінде берілуі, ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқасының болмауы, жаңалықтар мен кері байланыс сервистерінің жеткіліксіздігі сияқты ортақ мәселелер анықталды.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығы	**8**	Орташа
2.	Алтай ботаникалық бағы	**7**	Орташа
3.	Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	**7**	Орташа
4.	Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы	**7**	Орташа
5.	Геральдикалық зерттеулер орталығы	**7**	Орташа
6.	Маңғышлақ эксперименталдық ботаникалық бағы	**6**	Орташа
7.	Қазақ мұнай геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институты	**6**	Орташа
8.	Д.В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты	**6**	Орташа
9.	Көмір химиясы және технология институты	**6**	Орташа
10.	Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты	**6**	Орташа
11.	Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты	**6**	Орташа
12.	Курортология және медициналық оңалту ғылыми-зерттеу институты	**6**	Орташа

Мониторинг нәтижесінде ғылыми мекемелердің басым бөлігі осы тәуекел деңгейіне жатқызылды. Бұл аталған ұйымдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі нұсқа болғанымен, өлшемшарттардың толық сақталмағанын көрсетеді.

Ортақ кемшіліктер ретінде мемлекеттік тілдегі контент көлемінің орыс тіліндегі ақпараттан аз болуы, бөлімдердің толық қазақ тіліне бейімделмеуі, ресми құжаттардың, бейнематериалдардың және қосымша ақпараттың орыс тілінде берілуі анықталды. Сонымен қатар, бірқатар сайттарда ұйым тарихы, ресми жаңалықтар, сұрақ–жауап сервисі және пайдаланушыларға арналған өзге де ақпараттық бөлімдер жеткіліксіз қамтылған.

Бұл интернет-ресурстар мемлекеттік тілдегі өлшемшарттардың негізгі талаптарын ішінара орындағанымен, қазақ тіліндегі ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін арттыру бағытында кешенді жұмыстарды қажет етеді.

Жоғары тәуекел деңгейі (0–5 балл)

Бұл санаттағы интернет-ресурстар мемлекеттік тілдегі интернет-ресурстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келмейді. Сараптама барысында мемлекеттік тілдегі нұсқаның болмауы, ақпараттың негізінен орыс тілінде берілуі, ресми ақпараттың жеткіліксіздігі, пайдаланушыларға арналған сервистердің болмауы, сондай-ақ интернет-ресурстардың техникалық қолжетімсіздігі сияқты елеулі кемшіліктер анықталды. Аталған ұйымдардың интернет-ресурстарын қайта қарап, мемлекеттік тілдегі өлшемшарттарға толық сәйкестендіру қажет.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	В.Г.Фесенков атындағы Астрофизикалық институт	**5**	Жоғары
2.	Ионосфера институты	**5**	Жоғары
3.	Еуразиялық интеграция институты	**5**	Жоғары
4.	Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы	**4**	Жоғары
5.	Сейсмологиялық байқау және зерттеу ұлттық ғылыми орталығы	**4**	Жоғары
6.	Академик Ш.Ш.Шокин атындағы КазҒЗ Энергетика институты	**0**	Жоғары

Жоғары тәуекел деңгейіне енгізілген интернет-ресурстарда мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі өте төмен екені анықталды. Сараптама барысында сайттарда мемлекеттік тілдегі нұсқаның мүлде болмауы, ақпараттың толықтай немесе басым бөлігінің орыс тілінде ұсынылуы, ресми құжаттардың қазақ тілінде жарияланбауы және пайдаланушыларға арналған ақпараттық сервистердің жеткіліксіздігі анықталды.

Сонымен қатар жекелеген интернет-ресурстардың техникалық тұрғыдан қолжетімсіз болуы мониторинг жүргізуге мүмкіндік бермеді. Мұндай жағдайлар мемлекеттік тілде ақпарат алу құқығын шектеп қана қоймай, ресми интернет-ресурстардың ашықтығы мен қолжетімділігіне қойылатын талаптардың сақталмағанын көрсетеді.

Осы санаттағы ғылыми мекемелердің интернет-ресурстарын мемлекеттік тілдегі ақпараттық өлшемшарттарға толық сәйкестендіру, мемлекеттік тілдегі толыққанды нұсқасын қамтамасыз ету, техникалық ақауларды жою және ақпараттық құрылымды қайта жетілдіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізу қажет.

Мониторинг жүргізу мүмкін болмаған ұйымдар

Төмендегі ғылыми мекемелердің ресми интернет-ресурстары мониторинг жүргізу барысында ашылмағандықтан бағалау жүргізу мүмкін болмады:

№	Ұйым атауы	Ескерту
1.	Математика және математикалық моделдеу институты	Интернет-ресурс ашылмады
2.	Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты	Интернет-ресурс ашылмады

3.	Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты	Интернет-ресурс ашылмады
4.	У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты	Интернет-ресурс ашылмады

Интернет-ресурстардың тұрақты әрі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, техникалық ақауларды жедел жою және ресми сайттардың қолжетімділігіне тұрақты бақылау жүргізу қажет. Сонымен қатар, интернет-ресурстар толық қалпына келтірілгеннен кейін оларды мемлекеттік тілдегі интернет-ресурстарға қойылатын өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан қайта мониторингтен өткізу ұсынылады.

АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Радиациялық қауіпсіздік және экология институты

Радиациялық қауіпсіздік және экология институты ресми интернет-ресурсы https://irse.nnc.kz/?lang=kz сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Сайттағы ақпараттық материалдар, оның ішінде институттың даму тарихы, құрылымдық жүйесі және негізгі қызмет бағыттарына қатысты мәліметтер кең көлемде қамтылып, жүйеленген түрде ұсынылған. Барлық ақпарат пайдаланушылар үшін түсінікті, қолжетімді әрі ыңғайлы форматта орналастырылған. Сонымен қатар, сайт мазмұны тұрақты түрде жаңартылып, ақпараттың өзектілігі мен сапасы қамтамасыз етілген.

Жүргізілген мониторинг барысында интернет-ресурстың құрылымдық ұйымдастырылуы мен ақпараттық толықтығы талаптарға сәйкес келетіні байқалды. Дегенмен, бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, басты беттегі ***«Құрылым»*** бөлімінде орналасқан ***«Радиохимиялық және спектрометриялық зерттеулер»*** кіші бөліміндегі құжаттар тек орыс тілінде ұсынылған, мемлекеттік тілдегі баламалы нұсқалары орналастырылмаған.

Бұл мемлекеттік тілдегі ресми ақпараттың тең дәрежеде қолжетімді болуына кері әсерін тигізеді және контенттің тілдік теңгерімділігіне қатысты өлшемшарттардың толық сақталмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты аталған бөлімдегі құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқасын толық орналастыру және барлық құрылымдық бөлімдерде мемлекеттік тілдегі ақпараттың бірізді берілуін қамтамасыз ету ұсынылады.

Сонымен қатар басты беттегі ***«Хабарландырулар»*** бөлімінде орналастырылған Н.Ж. Қадыроваңың еңбектерінің тізімі мен анықтамалық материалының орыс тілінде жүктелгені анықталды. Аталған материалдардың қазақ тіліндегі нұсқасының болмауы пайдаланушылар үшін ақпаратты толық әрі ыңғайлы түрде қабылдауға кедергі келтіреді.

Осыған байланысты хабарландыру бөліміндегі материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын орналастыру және барлық жүктелетін құжаттардың қазақ тіліндегі баламасын қатар ұсыну ұсынылады.

Қорытындылай келе, Радиациялық қауіпсіздік және экология институты ресми интернет-ресурсы мемлекеттік тілде ашылады және сайт құрылымы жүйелі әрі пайдаланушыларға қолайлы форматта ұйымдастырылған. Интернет-

ресурста институттың даму тарихы, құрылымдық жүйесі, ғылыми қызметі мен негізгі бағыттарына қатысты мәліметтер кең көлемде қамтылып, мазмұнды түрде ұсынылған. Сонымен қатар, сайттағы ақпараттың тұрақты жаңартылып отыруы ақпараттық белсенділіктің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

Дегенмен, мониторинг барысында жекелеген бөлімдерде мемлекеттік тілдегі контенттің толық қамтылмағаны анықталды. Атап айтқанда, ***«Құрылым»*** бөліміндегі ***«Радиохимиялық және спектрометриялық зерттеулер»*** кіші бөлімінде жарияланған құжаттардың тек орыс тілінде берілуі, сондай-ақ ***«Хабарландырулар»*** бөліміндегі *Н.Ж. Қадыроваңың еңбектер тізімі* мен анықтамалық материалының қазақ тіліндегі нұсқасының болмауы байқалды.

Аталған кемшіліктер мемлекеттік тілдегі ақпараттың тең дәрежеде қолжетімді болуына әсер етеді және контенттің тілдік бірізділігін толық қамтамасыз етпейді.

Осыған байланысты, сайттағы жүктелетін құжаттардың, ғылыми материалдардың және хабарландырулардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын толық орналастыру, сондай-ақ барлық бөлімдерде қазақ тіліндегі ақпараттың бірізді берілуін қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар жүргізу ұсынылады.

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты ресми интернет-ресурсы https://orken-instituty.kz/kz сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Сайт құрылымы жүйелі ұйымдастырылған және ақпараттық материалдар пайдаланушылар үшін қолжетімді форматта ұсынылған. Негізгі бөлімдер мазмұндық жағынан жеткілікті деңгейде қамтылып, қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар, ата-аналарға, балаларға және педагогтарға арналған бөлімдер жеке қарастырылып, мазмұны жүйеленген түрде берілген.

Алайда, тіл таңдау батырмасында қазақ тілінің орыс тілінен кейін екінші қатарда орналасқаны байқалады. Осыған байланысты, мемлекеттік тілді бірінші орынға орналастыру ұсынылады. Мониторинг барысында сайттағы сілтемелердің жұмыс істеуі мен бөлімдердің өзара байланысы жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны анықталды. Дегенмен, жекелеген бөлімдерде мемлекеттік тілдегі ресми құжаттардың толық қамтылмағаны байқалады. Атап айтқанда, ***«Біз туралы»*** бөліміндегі ***«Қаржылық-экономикалық қызметі»*** кіші бөлімінде қаржылық есептілік пен даму жоспарына қатысты құжаттар орыс тілінде жүктелген. Бұл мемлекеттік тілдегі ресми ақпараттың тең дәрежеде ұсынылуына әсер етеді.

Сонымен қатар сайттың төменгі бөлігіндегі педагогтерге арналған ***«Семинар», «Конкурстар», «Конкурстарға арналған сертификаттар»*** және өзге де бөлімдерде ресми құжаттардың орыс тілінде жарияланғаны анықталды.

Осыған байланысты қаржылық есептерді, даму жоспарларын, сертификаттарды және өзге де ресми материалдарды мемлекеттік тілде толық орналастыру, сондай-ақ барлық бөлімдерде тілдік бірізділікті сақтау ұсынылады.

Қорытындылай келе, сайттағы материалдардың басым бөлігі мазмұнды әрі түсінікті түрде берілген. Алайда, жекелеген бөлімдерде ресми құжаттардың орыс тілінде жариялануы мемлекеттік тілдегі контенттің толық қамтылуына әсер етеді. Атап айтқанда, қаржылық есептілікке, даму жоспарына және педагогтерге арналған материалдарға қатысты құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқалары толық ұсынылмаған.

Бұдан бөлек, тіл таңдау батырмасында қазақ тілінің бірінші қатарда орналастырылмауы мемлекеттік тілдің басым қолданысын көрсету талаптарына толық сәйкес келмейді.

Осыған байланысты, ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын толықтыру, барлық бөлімдерде тілдік бірізділікті қамтамасыз ету және қазақ тілінің интерфейстегі басымдылығын күшейту бойынша тиісті жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты

Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты ресми интернет-ресурсына https://biosafety.kz/KK/ сілтемесі бойынша жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың әдепкі режимде мемлекеттік тілде ашылады. Сонымен қатар, басты бетте қазақ, орыс және ағылшын тілдерін таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Бұл мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі бойынша оң көрсеткіш ретінде бағаланады.

Сайтта ресми жаңалықтар тұрақты түрде жарияланып отырады және институт қызметіне қатысты ақпараттар жүйелі түрде орналастырылған. Бұл интернет-ресурстың ақпараттық белсенділігі мен жаңартылу деңгейінің жеткілікті екенін көрсетеді.

Сонымен қатар басты бетте орналастырылған үш бейнежазбаның орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Осыған байланысты, бейнематериалдарды мемлекеттік тілде жариялау немесе қазақ тіліндегі нұсқасын қатар орналастыру ұсынылады. Бұл пайдаланушылар үшін қазақ тіліндегі контенттің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Басты беттегі ***«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс»*** бөлімінде құжаттардың мазмұны мемлекеттік тілде ұсынылғаны анықталды.

Дегенмен, аталған бөлімдегі құжат атауларының орыс тілінде берілгені байқалады. Осыған байланысты, құжат атауларын да мемлекеттік тілде ұсыну ұсынылады. Бұл сайттағы қазақ тіліндегі контенттің бірізділігі мен сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу институтының ***«Біз туралы»*** бөлімі бірнеше мазмұнды ішкі бөлімдерден тұрады. Мұнда институттың құрылу тарихы, ғылыми қызметінің негізгі бағыттары, стратегиялық мақсаты мен міндеттері жан-жақты сипатталған. Сонымен қатар, ресми құжаттар, жүргізіліп жатқан зерттеулер, маңызды жетістіктер мен даму кезеңдері туралы толық әрі нақты ақпарат берілген. Әр жеке бетте көрсетілген мына сөздерді қазақ тілінде жазу ұсынылады. Бұл сайт өте мазмұнды әрі пайдалы ақпарат көзі болып табылады. Биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары, жаңалықтар,

конференциялар және *COVID-19 туралы өзекті мәліметтер* жүйелі түрде ұсынылған. Құрылымы түсінікті, бөлімдері ыңғайлы орналасқан, сондықтан қажетті ақпаратты тез табуға болады. Сонымен қатар, коммерциялandыру, өндіріс және бос жұмыс орындары сияқты маңызды бағыттардың қамтылуы сайттың жан-жақтылығын көрсетеді. Жалпы алғанда, сайт кәсіби деңгейде жасалған және қолданушыларға өте қолайлы.

«Сатып алулар» бөлімінде бірнеше құжаттар көрсетілген. Ол ақпарат тек орыс тілінде ұсынылған.

«Біз туралы» бөлімі бірнеше мазмұнды ішкі бөлімдерден тұрады. Аталған бөлімде институттың құрылу тарихы, ғылыми қызметінің негізгі бағыттары, стратегиялық мақсаты мен міндеттері жан-жақты сипатталған. Сонымен қатар, ресми құжаттар, жүргізіліп жатқан зерттеулер, маңызды жетістіктер мен даму кезеңдері туралы толық әрі нақты ақпарат берілген. Бұл интернет-ресурстың мазмұндық толықтығы мен ақпараттық ашықтығының жеткілікті деңгейде ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Сонымен қатар әр жеке бетте орналастырылған жекелеген сөздер мен интерфейс элементтерінің орыс тілінде берілгені байқалады. Осыған байланысты, аталған атаулар мен бөлім элементтерін мемлекеттік тілде жариялау ұсынылады.

Бұдан бөлек, сайттың әр бетінде орналастырылған бейнежазбалардың тек орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Осыған байланысты, бейнематериалдардың қазақ тіліндегі нұсқасын әзірлеу немесе мемлекеттік тілдегі субтитрлермен толықтыру ұсынылады.

Сондай-ақ, ***«Сатып алулар»*** бөлімінде жарияланған бірнеше құжаттың тек орыс тілінде орналастырылғаны байқалады. Осыған байланысты, аталған құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын толық орналастыру ұсынылады.

Қорытындылай келе, ресми интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі нұсқа толық қарастырылған және сайттың негізгі ақпараттық құрылымы жүйелі ұйымдастырылған. Бөлімдер мен ішкі тарауларда институт қызметіне қатысты маңызды мәліметтер, ғылыми бағыттар, ресми құжаттар мен зерттеу жұмыстары мазмұнды әрі қолжетімді түрде ұсынылған. Сонымен қатар, ресми жаңалықтардың тұрақты жарияланып отыруы ақпараттық белсенділік деңгейінің жеткілікті екенін көрсетеді.

Дегенмен, мониторинг барысында бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, жекелеген интерфейс элементтері мен құжат атауларының орыс тілінде берілуі, бейнежазбалардың тек орыс тілінде ұсынылуы, сондай-ақ ***«Сатып алулар»*** бөліміндегі кей құжаттардың мемлекеттік тілде орналастырылмауы байқалады. Бұл мемлекеттік тілдегі контенттің бірізділігі мен толық қамтылу деңгейін төмендетеді.

Осыған байланысты, сайттағы интерфейс элементтерін, құжат атауларын және мультимедиялық материалдарды толық мемлекеттік тілге бейімдеу, сондай-ақ ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқасын жүйелі түрде толықтыру ұсынылады.

Микробиология және вирусология институты

Интернет - ресурс https://imv-kaz.kz/ сілтемесі қазақ тілінде ашылады. Үш тілді таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Басты беттегі ***«Біз жайлы»*** бөлімінде тек басшылық құрамының аты-жөні мен лауазымы ғана көрсетілген. Алайда мекеменің қызмет бағыты, негізгі мақсат-міндеттері, құрылу тарихы, стратегиялық даму бағыттары және ұйымның жалпы қызметі туралы толыққанды ақпарат орналастырылмаған. Бұл пайдаланушылардың орталық туралы жан-жақты мәлімет алу мүмкіндігін шектейді.

Негізгі басты беттегі ***«Микроорганизмдер жиынтығы»*** кіші бөлімінде ақпараттың бір бөлігі орыс тілінде берілген. Бұл мемлекеттік тілдегі нұсқаның толық сақталмағанын және тілдік бірізділіктің қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.

«Подробнее» батырмасын басқан кезде ешқандай өзгеріс орын алмайды. Нәтижесінде пайдаланушылар қосымша немесе толық ақпаратпен таныса алмайды. Бұл сайттың функционалдық мүмкіндіктерінің толық іске қосылмағанын көрсетеді. *«Подробнее»* батырмасының астында орналасқан кеңес бөлімі орыс тілінде ұсынылған. Мемлекеттік тілдегі нұсқасының болмауы ақпараттың қолжетімділігі мен тілдік теңгерімділік талаптарының толық сақталмағанын білдіреді.

Сайттағы барлық жеке бөлімдердегі ақпарат құрылымы мен мазмұны жағынан бірдей форматта ұсынылған. Бөлімдерде мазмұндық толықтырулар, кеңейтілген түсіндірмелер және пайдаланушыларға арналған қосымша ақпарат жеткіліксіз

«Орталықтың тарихы» бөлімінде орталықтың құрылу тарихы, негізін қалаушылар мен директорлар туралы мәліметтер, сондай-ақ ғылыми жаңалықтардың ашылу кезеңдері жөніндегі ақпарат мемлекеттік тілде ұсынылған. Аталған бөлімнің мазмұны тарихи және танымдық ақпаратты қамтып, пайдаланушыларға ұйымның қалыптасу жолы туралы жалпы түсінік береді.

Басты беттің төменгі жағында орналасқан ***«Өңдеулер»*** жеке бөліміндегі *«Толығырақ»* батырмасын басқан кезде ақпарат орыс тілінде ашылады. Мемлекеттік тілдегі нұсқасының ұсынылмауы сайттағы тілдік бірізділіктің сақталмағанын және қазақ тіліндегі ақпараттың толық қолжетімді еместігін көрсетеді.

Аталған бөлімдер қайта тексерілгенімен, оларға кіру мүмкін болмады. Бұл интернет-ресурстың техникалық және функционалдық тұрақтылығының жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Микробиология және вирусология институты ресми интернет-ресурсының қазақ тіліндегі нұсқасы ашылғанымен, сайт ішіндегі ақпарат көлемі толықтай мемлекеттік тілде ұсынылмаған.

Атап айтқанда:

- мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемі орыс тіліндегі көлемнен аз;
- ресми жаңалықтар бөлімі жеткіліксіз деңгейде ұсынылған;
- баспасөз қызметіне қатысты ақпараттар орналастырылмаған;

- алдағы іс-шаралар күнтізбесі қарастырылмаған;
- сұрақ-жауап сервисі немесе кері байланыс алаңы жоқ.

Сонымен қатар бөлімдердегі ақпараттар орыс тілінде берілген және жекелеген батырмалар мен сілтемелер жұмыс істемейді. Бұл пайдаланушылар үшін ақпаратқа қолжетімділікті төмендетеді және мемлекеттік тілдегі контенттің толыққанды ұсынылуына кері әсер етеді.

Осыған байланысты сайттағы тілдік теңгерімді сақтау, функционалдық ақауларды түзету, мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттыру және пайдаланушыларға арналған қосымша сервистерді енгізу қажет.

Алтай ботаникалық бағы

Интернет-ресурс https://altaibotsad.kz/ сілтемесі бойынша қазақ тілінде ашылады. Екі тілді таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Аталған интернет-ресурстың Алтай ботаникалық бағының жалпы тарихы, қызметі мен мақсаты, негізгі ғылыми бағыттар жайында ақпарат берілген. Ұсынылған ақпарат мемлекеттік тілде сауатты жазылған.

Әр көрсетілген бөлімдердің тарауларындағы ақпарат толық әрі түсінікті. Берілген ресми сайт мемлекеттік тілді қолдануға бағытталған нақты негіздерге ие, қазақ тіліндегі ақпарат көлемі кем емес.

Алайда *«Бөлімдер»* деген айдардың *«Өсімдіктерді табиғи флора экспозициясына жерсіндіру»* атты тарауындағы дәл осы ақпарат орыс тілінде ұсынылған. Мемлекеттік тілге аудару ұсынылады.

Жалпы алғанда, ботаникалық бақтың ресми интернет – ресурсының мемлекеттік тілді қолданылуына оң баға беруге болады. Сайттағы жоғарыда көрсетілген кемшіліктерге қарамастан сайтқа жүктелген ақпараттың қазақ тіліндегі үлесі басым. Алдағы уақытта да сайттың мемлекеттік тілде толыққанды, сапалы әрі сауатты мәтіндермен толықтыру, ғылыми орталық туралы ақпараттың, байланыс деректерінің, ресми құжаттардың, қаулылардың, бұйрықтардың, инфографикалардың, жарнамалық банерлердің, басқа да мәліметтердің бекітілген өлшемшарттарға сай жариялануы ұсынылады.

Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты

Интернет – ресурс http://kazniizr.kz сілтемесі бойынша әдепкі режимде орыс тілінде ашылады. Сайтта үш тілде пайдалану мүмкіндігі қарастырылғанымен, мемлекеттік тіл екінші таңдау қатарында орналастырылған.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының талаптарын және мемлекеттік тілдің мәртебесін ескере отырып, ресми интернет-ресурстың бірінші кезекте мемлекеттік тілде ашылуын, сондай-ақ тіл таңдау бөлігінде қазақ тілінің бірінші қатарда орналастырылуын қамтамасыз ету қажет деп санаймыз.


Басты беттің ***«Институт туралы»*** бөлімі бірнеше тараулардан тұрады. Аталған бөлімдегі ***«Институт басшылығы»*** тарауында орналастырылған соңғы жаңалықтардың бірқатары орыс тілінде жарияланған.

Осыған байланысты ресми интернет-ресурста орналастырылатын ақпараттың мемлекеттік тілде толық әрі сапалы ұсынылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қазақ тіліндегі контенттің қолжетімділігі мен басымдығын сақтау мақсатында аталған материалдарды мемлекеттік тілде жариялау қажет деп есептейміз.

Аталған бөлімнің төменгі жағында орналасқан ***«Свежие новости»*** айдарындағы ақпараттар орыс тілінде ұсынылған, ал қазақ тіліндегі жаңалықтар бөліміне өткен кезде тиісті ақпараттар көрсетілмейді.

Осыған байланысты сайттағы ақпараттың мемлекеттік тілде толық әрі тең дәрежеде қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, *«Свежие новости»* атауын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес *«Соңғы жаңалықтар»* деп өзгерту ұсынылады.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 21-бабына сәйкес интернет-ресурстарда орналастырылатын ақпарат мемлекеттік тілде ұсынылуға тиіс. Осыған байланысты, сайттағы ақпараттың мемлекеттік тілде толық әрі тең дәрежеде қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет. Мысалы, ***«Каталог новых сортов и гибридов»*** жаңалық бөліміндегі ақпарат орыс тілінде берілген. Ал *«Ауыл шаруашылығы дақылдарының гендік қоры зертханасы»* жаңалық бөлімінде ешқандай ақпарат көрсетілмеген.



Осыған байланысты жаңалықтар бөліміндегі ақпараттың мемлекеттік тілде толық әрі сапалы орналастырылуын қамтамасыз ету қажет деп санаймыз. ***«Институт туралы»*** бөліміндегі ақпараттар жоғарыда көрсетілген кемшіліктерге сәйкес ұсынылған. Атап айтқанда бөлімдегі жекелеген ақпараттың орыс тілінде жариялануы, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі нұсқада ақпараттың толық ұсынылмауы анықталды. Бұл өз кезегінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 4 және 21-баптарының талаптарына толық сәйкес келмейді.

Осыған байланысты, аталған бөлімдегі ақпаратты мемлекеттік тілде толық әрі тең дәрежеде орналастыруды қамтамасыз ету ұсынылады. Аталған сайтта институт басшылығы, қызметінің бағыттары, институттың жетістіктері туралы ақпараттар көрсетілген. Мемлекеттік тілде берілген. Көрсетілген сурет бойынша тиісті ақпарат ұсынылмаған. Осыған байланысты, тарау ішіндегі ақпаратты толықтыру қажет деп санаймыз.

Себебі интернет-ресурста бөлімдердің тек атаулық түрде орналастырылуы жеткіліксіз, онда пайдаланушылар үшін мазмұнды, толық әрі қолжетімді ақпарат

ұсынылуы маңызды. Бұл «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көзделген ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Қорыта айтқанда, «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ресми интернет-ресурсында орналастырылған ақпараттық материалдардың басым бөлігі орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі бөлім атаулары көрсетілгенімен, олардың ішкі мазмұны толық қамтылмаған немесе ақпарат көлемі жеткіліксіз деңгейде берілген.

Атап айтқанда институттың жалпы тарихына, ресми құжаттарына және қызметіне қатысты бірқатар маңызды ақпараттар мемлекеттік тілде ұсынылмаған. Бұл өз кезегінде заңда көзделген ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаттарының талаптарына толық сәйкес келмейді. Осыған байланысты ресми интернет-ресурста жарияланатын ресми құжаттардың, қаржылық есептіліктің, бюджет қаражатына қатысты мәліметтердің және мекеме қызметіне байланысты өзге де ақпараттың мемлекеттік тілде толыққанды, сапалы әрі мазмұнды түрде орналастырылуын қамтамасыз ету қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар мекеме қызметіне қатысты ақпараттың, ресми құжаттардың, қаулылардың, бұйрықтардың және өзге де мәліметтердің бекітілген талаптар мен мониторинг өлшемшарттарына сәйкес жүйелі түрде жариялануын қамтамасыз ету ұсынылады.

Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы

«Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» ресми интернет-ресурсы https://www.nnc.kz/ сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Сонымен қатар, сайтта қазақ, орыс және ағылшын тілдерін таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Бұл мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі бойынша оң көрсеткіш ретінде бағаланады.

Мониторинг барысында сайт құрылымының жүйелі ұйымдастырылғаны және негізгі бөлімдердің пайдаланушыларға қолайлы форматта орналастырылғаны байқалды. Алайда, ***«Эксперименттік кешендер»*** бөліміндегі ***«Токамак КТМ»*** кіші бөлімінде ақпараттың орыс тілінде берілгені анықталды.

Бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдегі контенттің теңгерімділігі мен толық қамтылуына қатысты өлшемшарттардың толық сақталмағанын көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі нұсқада жекелеген бөлімдердегі ақпараттың орыс тілінде берілуі пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігіне кері әсерін тигізеді.

Осыған байланысты, ***«Токамак КТМ»*** бөліміндегі ақпаратты мемлекеттік тілде толық орналастыру және қазақ тіліндегі контенттің бірізділігін қамтамасыз ету ұсынылады. ***«Ынтымақтастық»*** бөлімінің ***«Форум»*** атты жеке бөлімінде орналастырылған суреттегі ақпарат тек ағылшын тілінде берілген.

Осыған байланысты, суреттегі мәтіндерді қазақ тілінде ұсыну немесе мемлекеттік тілдегі нұсқасымен толықтыру ұсынылады. Сонымен қатар басты

бетте орналастырылған бейнематериалдардың ішінде ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдарды қоспағанда, бейнежазбалардың мемлекеттік тілдегі нұсқасы ұсынылмағаны анықталды. Атап айтқанда, ***«Медиа-галерея»*** бөлімінде орналастырылған ***«Министерство водных ресурсов»*** атты бейнеролик орыс тілінде берілген.

Бұл өз кезегінде визуалды контенттің мемлекеттік тілде толық қамтылуына қатысты өлшемшарттардың жеткілікті деңгейде сақталмағанын көрсетеді. Осыған байланысты, аталған бейнематериалдың қазақ тіліндегі нұсқасын орналастыру немесе мемлекеттік тілдегі субтитрлермен толықтыру ұсынылады.

Жалпы алғанда интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі нұсқа қолжетімді, сайт құрылымы жүйелі ұйымдастырылған және ақпараттың басым бөлігі мазмұнды түрде берілген. Жаңалықтар мен медиа материалдардың тұрақты жариялануы ақпараттық белсенділіктің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

Сонымен қатар жекелеген бөлімдердегі орыс тіліндегі материалдар, кей бейнематериалдар мен визуалды контенттің қазақ тілінде ұсынылмауы мемлекеттік тілдегі контенттің толық қамтылуына әсер етеді. Осыған байланысты, барлық бөлімдерде тілдік бірізділікті сақтау, мультимедиялық материалдарды мемлекеттік тілге бейімдеу және қазақ тіліндегі ақпарат көлемін ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Геральдикалық зерттеулер орталығы

Геральдикалық зерттеулер орталығы ресми интернет-ресурсы https://qazgeraldika.kz/ сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Сайттың құрылымдық жүйесі пайдаланушыларға ыңғайлы форматта ұйымдастырылған және бөлімдер арасындағы сілтемелердің жұмыс істеуі талапқа сай жүзеге асырылған. Интернет-ресурстағы ақпараттың басым бөлігі қазақ тілінде орналастырылып, мемлекеттік тілдегі контент жеткілікті деңгейде қамтылған.

Мониторинг барысында басты беттегі *«Наградалар»* атауының орыс тілінде берілгені анықталды. Осыған байланысты, аталған бөлім атауын мемлекеттік тіл нормасына сәйкес *«Марапаттар»* деп өзгерту ұсынылады. Бұл сайттағы тілдік бірізділікті сақтауға және мемлекеттік тілдегі ақпарат сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде сайтта қаржылық есептілікке, бюджет қаражатының жұмсалуына, мемлекеттік сатып алуларға, ресми құқықтық құжаттарға, бұйрықтарға және есептік материалдарға қатысты ақпараттың орналастырылмағаны анықталды. Бұл интернет-ресурстың ашықтық және ақпараттық толықтық өлшемшарттарының толық деңгейде сақталмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты, сайтты ресми және құқықтық сипаттағы материалдармен толықтыру, мемлекеттік сатып алулар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті, бұйрықтарды, есептік құжаттарды және өзге де ресми мәліметтерді мемлекеттік тілде жүйелі түрде жариялау ұсынылады.

Маңғышлақ эксперименталдық ботаникалық бағы

Интернет – ресурс https://mebs.kz/kazakh сілтемесі бойынша қазақ тілінде ашылады. Үш тілді таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Сайттың басты бетіндегі «Негізгі» бөлміндегі (төменгі суретке қараңыз) ақпарат қазақша берілгенімен, толығырақ батырмасын басқан кезде сайттағы ақпарат орыс тіліне ауысады.

«Негізгі» бөлімінің *« толығырақ оқу»* батырмасын басқан кезде осында жүктелген видеоролик тек орыс тілінде ұсынылған.

«Біз жөнінде» бөлімінде бақтың шығу тарихы, негізгі ғылыми бағыттары туралы ақпарат мемлекеттік тілде берілген. ***«Ғылыми қызметтер»*** бөліміндегі ақпаратта, «толығырақ» батырмасын басқан кезде орыс тіліне аусып кетеді. Осындағы материалдарды толығымен мемлекеттік тілде жариялау ұсынылады. Сонымен қатар осы бөлімде жүктелген файлдардың ешқайсы ашылмайды. Техникалық кемшіліктерді дұрыстап, ақпаратты мемлекеттік тілде сапалы жариялау ұсынылады.

Сайттағы басты назар аударатын жайт – әр өсімдік туралы ақпараттың суретімен бірге ұсынылуы. Бұл сайтты қолданушыға түсінікті әрі нақты ақпарат алуға қолайлы етеді. Мұны ***«Өсімдіктер коллекциясы»*** бөлімінен көруге болады.

Ұсынылған ақпараттың басым бөлігі қазақ тіліндегі интерфейсте берілген. Сонымен қатар, баққа келушілерге арналған қызмет түрлері жеке бөлім ретінде ұсынылып, онда қысқа әрі нақты мәліметтер қамтылған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл» бөлімінде ешқандай ақпарат ұсынылмаған.

Жалпы алғанда, сайттағы ақпараттың басым бөлігі қазақ тілінде ұсынылған. Жоғарыда аталған кемшіліктерге қарамастан, жарияланған мәліметтер мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес сауатты жазылған.

Сонымен қатар ресми сайтта ресми құжаттардың, қаржылық есептіліктің және бюджет қаражатына қатысты ақпараттың мемлекеттік тілде толыққанды, сапалы әрі мазмұнды мәтіндермен ұсынылуы маңызды. Бұдан бөлек, мекеме қызметіне қатысты ақпараттың, ресми құжаттардың, қаулылардың, бұйрықтардың және өзге де мәліметтердің бекітілген талаптар мен өлшемшарттарға сәйкес жүйелі түрде жариялануы ұсынылады.

Қазақ мұнай геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институты

Интернет – ресурс https://kaznigri.kz/ сілтемесі бойынша жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың әдепкі режимде орыс тілінде ашылатыны анықталды. Сайтта үш тілді таңдау мүмкіндігі қарастырылғанымен, қазақ тілі екінші таңдау қатарында орналастырылған.



Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету мақсатында ресми интернет-ресурстың бірінші кезекте қазақ тілінде ашылуын және тіл таңдау бөлігінде мемлекеттік тілдің бірінші қатарда орналасуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Сонымен қатар интернет-ресурста ***«Баспасөз орталығы»*** бөлімі орналастырылғанымен, жаңалықтар легінің жүйелі жаңартылмайтыны анықталды. Мемлекеттік тілдегі ресми жаңалықтардың соңғы рет 2021 жылы жариялануы ақпараттық белсенділік пен жаңартылу деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде интернет-ресурстағы ақпараттың өзектілігі мен тұрақты жаңартылуына қатысты мониторинг өлшемшарттарына толық сәйкес келмейді.

Осыған байланысты интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдегі контент көлемін ұлғайту, жаңалықтар мен ресми ақпаратты тұрақты түрде жаңартып отыру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу, жоспарланған іс-шаралар және мекеме қызметіне қатысты өзге де мәліметтердің қазақ тіліндегі нұсқасын толық әрі жүйелі түрде орналастыру ұсынылады.

Институттың ресми интернет-ресурсында қазақ тіліндегі нұсқа қарастырылған және бірқатар негізгі ақпараттар мемлекеттік тілде сапалы ұсынылған. Алайда, сайттың әдепкі режимде орыс тілінде ашылуы, жаңалықтар бөлімінің ұзақ уақыт жаңартылмауы, мемлекеттік сатып алу мен ресми ақпараттың толық қамтылмауы, сондай-ақ қазақ тіліндегі контент көлемінің жеткіліксіздігі мониторинг өлшемшарттарының толық деңгейде сақталмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты, ресми интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тіліндегі контентті жүйелі түрде толықтыру және ақпаратты тұрақты жаңартып отыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Д.В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты


Д.В. Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электрохимия институты интернет-ресурсы https://www.ifce.kz/index.php/ru/glavnaya-ru/ сілтемесі бойынша орыс тілінде ашылады. Сайт құрылымында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін таңдау мүмкіндігі қарастырылған.

Басты бетте бірнеше ақпараттық бөлімдер орналастырылған. Соның ішінде ***«Біз тұралы»*** бөлімі атауында орфографиялық қате кездеседі. Аталған бөлім атауын ***«Біз туралы»*** нұсқасында рәсімдеу ұсынылады.

Негізгі бетте және ***«Біз туралы»*** бөлімінде институттың құрылған жылы, қызметкерлер құрамы, зертханалар саны, ғылыми жетістіктері мен зерттеу бағыттарына қатысты мәліметтер жеткілікті деңгейде қамтылған. Бұл бөлімдер арқылы мекеменің ғылыми әлеуеті мен қызметінің негізгі бағыттары жөнінде кеңінен ақпарат алуға мүмкіндік берілген.

Сонымен қатар бөлім ішінде үш бейнематериал орналастырылған. Алайда олардың екеуі орыс тілінде жарияланған. Мемлекеттік тілдегі контенттің үлесін арттыру мақсатында бейнематериалдарды қазақ тілінде ұсыну немесе қазақ тіліндегі нұсқаларын қосымша енгізу ұсынылады.

«Қызметтер» бөлімі ақпараттық мазмұнмен толық қамтылмаған. Аталған бөлімге институт ұсынатын ғылыми, зертханалық және сараптамалық қызмет түрлері жөніндегі нақты мәліметтерді орналастыру қажет.



ҚЫЗМЕТТЕР

Сонымен қатар, сайт құрылымына жүргізілген талдау барысында ***«Негізгі», «Біз туралы», «Қызметтер», «Жаңалықтар», «ЖҒК», «Байланыс»*** бөлімдеріндегі ақпараттың мазмұны бірдей екендігі анықталды. Әр бөлім жеке атаумен ұсынылғанымен, олардың ішінде қайталанатын мәліметтер орналастырылған.

Мысалы, негізгі бөлімде берілген байланыс нөмірлері мен мекеме туралы ақпарат ***«Байланыс»*** бөлімінде де өзгеріссіз қайталанады. Сол сияқты өзге бөлімдерде де дербес мазмұн қалыптастырылмаған. Бұл сайт құрылымының ақпараттық жүйелену деңгейін төмендетіп, пайдаланушыға қажетті мәліметті нақты бөлім арқылы жылдам табуға кедергі келтіреді.

Осыған байланысты әр бөлімнің атауына сәйкес жеке мазмұндық ақпаратты орналастыру, бөлімдердің функционалдық ерекшелігін айқындау және қайталанатын ақпарат көлемін қысқарту ұсынылады.

«Қаржылық есеп» бөлімінде *2023–2024 жылдарға қатысты құжаттар* орналастырылған. Алайда аталған материалдар орыс тілінде ұсынылған. Мемлекеттік тілдегі нұсқасының болмауы қаржылық ақпараттың қазақ тілінде толық қолжетімді еместігін көрсетеді. Осыған байланысты қаржылық есептерді мемлекеттік тілде жариялау және құжаттардың қазақ тіліндегі баламаларын орналастыру ұсынылады.

Ресми интернет-ресурс интернет-ресурсына жүргізілген талдау нәтижесінде сайтта мекеменің ғылыми қызметі мен құрылымы жөніндегі негізгі мәліметтер орналастырылғаны анықталды. Интернет-ресурста көптілді формат қарастырылғанымен, мемлекеттік тілдегі ақпараттың үлесі мен мазмұндық толықтығы жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеген.

Сараптама барысында мемлекеттік тіл нормаларының толық сақталмауы, орыс тіліндегі материалдардың басымдығы және қазақ тіліндегі жекелеген бөлімдердің жеткіліксіз қамтылуы байқалды. Бұл мемлекеттік тілдегі интернет-ресурстарға қойылатын тілдік теңгерім талаптарының толық орындалмағанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, интернет-ресурстың ақпараттық базасы қалыптасқанымен, сайт құрылымын жетілдіру, бөлімдердің мазмұндық даралығын арттыру, мемлекеттік тілдегі контент сапасы мен көлемін көбейту бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажет.

Көмір химиясы және технология институты

Интернет-ресурс https://coaltech.kz/ сілтемесі бойынша қазақ тілінде ашылады. Басты бет құрылымында бірнеше жеке бөлімдер орналастырылған. Алайда жекелеген бөлім атаулары толық мемлекеттік тілге аударылмаған. Осыған байланысты сайт навигациясындағы бөлім атауларын қазақ тілінің нормаларына сәйкес толық рәсімдеу ұсынылады.

Сайттың ***«Біз туралы»*** бөлімінде мекеменің қызмет бағыты, негізгі мақсаты және қызметкерлер құрамы жөніндегі мәліметтер ұсынылған. Дегенмен институттың құрылу кезеңі, қалыптасу тарихы және даму жолына қатысты ақпараттар қамтылмаған. Осыған байланысты ұйымның тарихына арналған қосымша ақпарат енгізу ұсынылады.

Сонымен қатар аталған бөлімнің төменгі жағында жекелеген сөздер мен жазбалар мемлекеттік тілде берілмеген. Сайттағы тілдік бірізділікті сақтау мақсатында оларды қазақ тілінде рәсімдеу қажет. Төменде сәйкес дәлелдемелер ұсынылған.

Басты беттің ***«Продукция»*** бөліміндегі *«Толығырақ оқыңыз»* батырмасын басқан кезде ақпарат орыс тілінде ашылады. Бұл мемлекеттік тілдегі нұсқаның толық сақталмағанын көрсетеді.Сонымен қатар, ***«Органоминералды тыңайтқыш (гуминді) «Kazuglegumus», «Фульво қышқылы», «Белсендірілген көмір», «Карболин», «Биогаз және органоминералды тыңайтқыш»*** бөлімдеріндегі *«Толығырақ оқыңыз»* батырмалары арқылы берілетін мәліметтер де орыс тілінде ұсынылған. Тек ***«Жоба»*** бөліміндегі ақпарат қана қазақ тілінде жарияланған.

Аталған жағдай сайттағы мемлекеттік тілдегі контенттің бірізді әрі толық ұсынылмағанын көрсетеді. Осыған байланысты барлық бөлімдердегі қосымша ақпаратты мемлекеттік тілде орналастыру және қазақ тіліндегі нұсқалардың толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету ұсынылады.

Басты бетте мекеме қызметкерлері туралы жеткілікті деңгейде ақпарат берілген. Дегенмен жекелеген бөлімдерде мәліметтер ішінара орыс тілінде жарияланған. Бұл сайттағы тілдік бірізділіктің толық сақталмағанын көрсетеді.

Интернет-ресурста жарияланған екі бейнематериал да орыс тілінде ұсынылған. Мемлекеттік тілдегі контент үлесін арттыру мақсатында бейнежазбалардың қазақ тіліндегі нұсқаларын енгізу ұсынылады.

Сонымен қатар сайттағы ақпарат көлемінде орыс тіліндегі контент басым екендігі байқалады. Құжаттық бөлімдер мен қосымша материалдар мемлекеттік тілге толық аударылмаған. Бұдан бөлек, институттың құрылу және қалыптасу тарихына арналған ақпарат, ресми жаңалықтар бөлімі және пайдаланушыларға арналған сұрақ-жауап сервисі қарастырылмаған.

Интернет-ресурста мемлекеттік тілдің қолданылу үлесі жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан. Осыған байланысты сайттағы барлық ақпаратты қазақ тіліне толық көшіру, мультимедиалық материалдарды мемлекеттік тілде ұсыну, бөлімдердегі тілдік бірізділікті сақтау және мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін арттыру бағытында қосымша жұмыстар жүргізу қажет.

Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты

Интернет – ресурс https://www.kazniizhik.kz/kk/ сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты интернет-ресурсының ***«Институт туралы»*** бөлімінде мекеменің қалыптасу кезеңі мен жалпы даму тарихына қатысты мәліметтер орналастырылған. Дегенмен институт басшылары туралы ақпарат тек орыс тілінде ұсынылған. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық қамтылмағанын көрсетеді.

Сонымен қатар сайт құрылымындағы көрсетілген бірнеше бөлімдердегі мәліметтер толықтай орыс тілінде жарияланған. Аталған бөлімдерде қазақ тіліндегі нұсқалардың болмауы мемлекеттік тілдегі контенттің жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын аңғартады.

Сараптама барысында интернет-ресурстағы ақпарат көлемінің басым бөлігі орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Қазақ тіліндегі бөлімдер болғанымен, көптеген материалдар мен қосымша ақпараттар мемлекеттік тілге толық аударылмаған.

Бұдан бөлек, жекелеген бөлімдердегі мазмұндар да орыс тілінде берілген. Бұл сайттағы тілдік бірізділіктің сақталмағанын және мемлекеттік тілдің барлық бөлімде бірдей қолданылмай отырғанын көрсетеді.

«Материалдар» бөліміндегі ақпараттар ішінара қазақ тілінде орналастырылған. Алайда бөлім мазмұны толық көлемде мемлекеттік тілде жүргізілмегендіктен, ақпараттың қазақ тіліндегі үлесін арттыру және барлық материалдарды бірыңғай тілдік форматқа келтіру қажет.

Сараптама барысында интернет-ресурста жарияланған ақпараттың басым бөлігі орыс тілінде ұсынылғаны анықталды. Мемлекеттік тілдегі жекелеген бөлімдер болғанымен, көптеген материалдар мен ақпараттық мазмұндар қазақ

тіліне толық бейімделмеген. Бұл мемлекеттік тілдегі контент көлемінің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Сонымен қатар сайт құрылымында пайдаланушылармен өзара байланыс орнатуға арналған сұрақ–жауап сервисі қарастырылмаған. Интернет-ресурста тек байланыс нөмірлері мен жұмыс кестесіне қатысты мәліметтер орналастырылған. Алайда пайдаланушылардың өтініш жолдауына, сұрақ қоюына немесе кері байланыс алуына мүмкіндік беретін арнайы электрондық сервис енгізілмеген.

Жалпы алғанда, интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі контент көлемі жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан және ақпараттық өлшемшарттарға сәйкес келетін бірқатар бөлімдер толық қамтылмаған. Осыған байланысты сайт құрылымын мемлекеттік тілдегі интернет-ресурстарға қойылатын өлшемшарттарға сәйкес қайта жетілдіру, барлық ақпаратты қазақ тіліне толық бейімдеу, тілдік бірізділікті сақтау және пайдаланушыларға арналған қосымша ақпараттық сервистерді енгізу қажет.

Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты

Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты интернет-ресурсы https://rpf.kz/?page_id=415&lang=kk сілтемесі бойынша қазақ тілінде ашылады. Дегенмен басты бетте орналастырылған жарияланымдар орыс тілінде берілген.

Сараптама барысында сайттағы жекелеген ақпараттық материалдардың мемлекеттік тілде толық ұсынылмағаны анықталды. Бұл интернет-ресурста тілдік бірізділіктің сақталмағанын және қазақ тіліндегі контент көлемінің жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

Осыған байланысты сайттағы барлық жарияланымдар мен ақпараттық материалдарды мемлекеттік тілге толық бейімдеу және интернет-ресурсты мемлекеттік тілдегі өлшемшарттарға сәйкес жетілдіру қажет.

Сонымен қатар, сайттың басты бетіндегі барлық бөлім атаулары орыс тілінде рәсімделген. Бұл интернет-ресурстың қазақ тілінде ашылғанына қарамастан, навигациялық құрылымның мемлекеттік тіл талаптарына толық сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Бөлім атауларының орыс тілінде берілуі пайдаланушылар үшін тілдік бірізділікті бұзады және мемлекеттік тілдегі интерфейстің толық қалыптаспағанын аңғартады. Осыған байланысты сайттағы барлық бөлім атауларын қазақ тіліне толық аударып, интернет-ресурстың навигациялық құрылымын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестендіру қажет.

Ресми интернет-ресурс интернет-ресурсына жүргізілген сараптама барысында сайттың қазақ тіліндегі нұсқасы болғанымен, мемлекеттік тілдің қолданылуына жеткілікті деңгейде мән берілмегені анықталды.

Атап айтқанда сайт қазақ тілінде ашылғанымен, басты беттегі бөлім атаулары толықтай орыс тілінде рәсімделген. Сонымен қатар, жекелеген жарияланымдар мен ақпараттық материалдар да орыс тілінде берілген. Сайттағы

кез келген бөлімді ашқан кезде жүйенің автоматты түрде орыс тіліндегі нұсқаға ауысуы пайдаланушылар үшін қолайсыздық туғызады. Мемлекеттік тілдегі ақпаратқа қол жеткізу үшін қазақ тілі батырмасын үнемі қайта таңдау қажет болады.

Сараптама барысында қазақ тіліндегі нұсқаның өзінде ақпараттың ішінара орыс тілінде орналастырылғаны анықталды. Бұл интернет-ресурста тілдік бірізділіктің сақталмағанын және мемлекеттік тілдегі контенттің толық қалыптастырылмағанын көрсетеді.

Жалпы алғанда интернет-ресурста ақпарат көлемі жеткілікті болғанымен, мемлекеттік тілдің басымдығы қамтамасыз етілмеген. Сайт құрылымы мен ақпараттық мазмұнында орыс тілінің үлесі басым сақталған. Осыған байланысты интернет-ресурсты мемлекеттік тілдегі интернет-ресурстарға қойылатын өлшемшарттарға сәйкес қайта жетілдіру, қазақ тіліндегі нұсқаның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, барлық бөлім атаулары мен ақпараттық материалдарды мемлекеттік тілге толық көшіру қажет.

Курортология және медициналық оңалту ғылыми-зерттеу институты

Курортология және медициналық оңалту ғылыми-зерттеу институты» ресми интернет-ресурсы https://www.burabay-mzrk.kz/kk/organization-structure/ сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Сайттың негізгі құрылымы жүйелі түрде ұйымдастырылған және бөлімдер арасында навигация жасауға қолайлы жағдай қарастырылған.

Дегенмен, мониторинг барысында институт туралы және оның қалыптасу тарихына қатысты ақпараттың толық көлемде ұсынылмағаны байқалды. Атап айтқанда, ұйымның даму кезеңдері, негізгі қызмет бағыттары, ғылыми жетістіктері мен стратегиялық маңызы жөніндегі мәліметтер жеткіліксіз қамтылған. Бұл пайдаланушылардың мекеме қызметі туралы жан-жақты ақпарат алу мүмкіндігін шектейді.

Сонымен қатар басты беттегі ***«Институт туралы»*** бөлімінің ***«Құрылымы»*** кіші бөлімінде орналастырылған көрнекілік баннерінің орыс тілінде берілгені анықталды. Бұдан бөлек, ***«Стратегиялық даму», «Мемлекеттік сатып алу», «Сәйкестік қызметі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Аккредиттеу»*** бөлімдеріндегі құжаттар қазақ тіліндегі атаумен орналастырылғанымен, олардың мазмұны орыс тілінде ұсынылған. Аталған жағдайлар мемлекеттік тілдегі ресми ақпараттың толық әрі сапалы ұсынылуына кері әсерін тигізеді және контенттің тілдік бірізділігінің сақталмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты институттың тарихы мен қызметіне қатысты бөлімдерді мазмұндық тұрғыдан кеңейту, визуалды материалдарды мемлекеттік тілге бейімдеу, сондай-ақ ресми құжаттардың қазақ тіліндегі толыққанды нұсқаларын орналастыру ұсынылады.

Сонымен қатар басты беттегі ***«Ғылым және жетістіктер»*** бөліміндегі ***«Жергілікті биоэтика комиссиясы»*** және ***«Ғылыми-техникалық кеңес»*** кіші бөлімдерінде орналастырылған құжаттардың орыс тілінде берілгені анықталды.

Аталған бөлімдерде мемлекеттік тілдегі нұсқалардың толық ұсынылмауы ресми ақпараттың қолжетімділігі мен тілдік теңгерімнің сақталуына әсер етеді.

Осыған байланысты көрсетілген бөлімдердегі құжаттарды қазақ тілінде толық орналастыру және мемлекеттік тілдегі ақпараттың мазмұндық сапасын қамтамасыз ету ұсынылады.

Бұдан бөлек басты беттегі ***«Науқастарға»*** бөлімінің ***«ТМККК бойынша жолдамалар***» кіші бөлімінде бастапқы ақпараттың ағылшын тілінде берілгені байқалды. Бұл пайдаланушылардың ақпаратты қабылдауына қолайсыздық тудырады және мемлекеттік тілдегі нұсқаның толық қамтылмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты, аталған бөлімдегі ақпаратты толықтай қазақ тіліне бейімдеу және барлық пайдаланушылар үшін түсінікті әрі қолжетімді форматта ұсыну ұсынылады.

Мониторинг нәтижесінде интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі нұсқа қарастырылғанымен, мазмұндық және тілдік сипаттағы бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, институттың тарихы, ғылыми жетістіктері мен негізгі қызмет бағыттарына қатысты мәліметтер толық көлемде ұсынылмаған.

«Институт туралы» бөлімінің ***«Құрылымы»*** кіші бөліміндегі көрнекілік баннері орыс тілінде берілген. Сонымен қатар ***«Стратегиялық даму», «Мемлекеттік сатып алу», «Сәйкестік қызметі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Аккредиттеу», «Жергілікті биоэтика комиссиясы»*** және ***«Ғылыми-техникалық кеңес»*** бөлімдеріндегі құжаттардың мазмұны орыс тілінде орналастырылған.

Бұдан бөлек, ***«Науқастарға»*** бөліміндегі ***«ТМККК бойынша жолдамалар»*** кіші бөлімінде бастапқы ақпарат ағылшын тілінде көрсетілген. Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық әрі түсінікті ұсынылуына кері әсер етеді.

Сондай-ақ, ***«Баспасөз орталығы»*** бөліміндегі ***«Медиа галерея»*** кіші бөлімінде фото және бейнематериалдар орналастырылмаған. Аталған бөлімнің бос болуы сайттың ақпараттық және визуалды мазмұнының жеткіліксіздігін көрсетеді.

Осыған байланысты, ресми құжаттардың қазақ тіліндегі толық нұсқаларын енгізу, ағылшын және орыс тілдеріндегі материалдарды мемлекеттік тілге бейімдеу, институт қызметіне қатысты ақпаратты кеңейту және визуалды контентті толықтыру бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады.

В.Г. Фесенков атындағы Астрофизикалық институт

В.Г. Фесенков атындағы Астрофизикалық институт ресми интернет-ресурсы https://fai.kz/kz/about сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Сайтта институттың ғылыми қызметі, құрылымы, байланыс деректері және негізгі бағыттарына қатысты ақпараттар жүйелі түрде орналастырылған.

Дегенмен, мониторинг барысында басты беттегі жекелеген интерфейс элементтерінің мемлекеттік тіл нормаларына толық сәйкестендірілмегені байқалды. Атап айтқанда, *«Инструменты»* сөзі орыс тілінде берілген. Осыған байланысты, аталған сөзді *«Құралдар»* деп өзгерту ұсынылады. Сонымен қатар,

«Адрес» атауын мемлекеттік тіл нормасына сәйкес *«Мекенжай»* деп түзету ұсынылады.

Сонымен қатар, басты беттегі ***«Институт»*** бөліміндегі ***«Тарих»*** кіші бөліміндегі ақпараттың орыс тілінде берілгені анықталды.

Бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық әрі тең дәрежеде ұсынылуына сәйкес келмейді және пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділік деңгейіне кері әсерін тигізеді.

Осыған байланысты, аталған бөлімдегі ақпаратты қазақ тілінде толық орналастыру және барлық құрылымдық бөлімдерде мемлекеттік тілдің бірізді қолданылуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Бұдан бөлек ***«Оқиғалар»*** бөліміндегі ***«Семинарлар»*** және ***«Конференциялар»*** кіші бөлімдерінде *2024-2025 жылдары жарияланған материалдар* ағылшын тілінде берілген. Сонымен қатар, ***«Қызметкерлер»*** бөліміндегі мамандарға қатысты мәліметтер де ағылшын тілінде орналастырылған.

Бұл мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Осыған байланысты, аталған бөлімдердегі материалдарды қазақ тіліне бейімдеп, пайдаланушыларға мемлекеттік тілде қолжетімді ету ұсынылады.

Анықталған тағы бір кемшілік – ***«Зертханалар»*** бөліміндегі *«Жұлдыздар мен тұмандықтар физикасы»* зертханасына қатысты ақпараттың ағылшын тілінде ұсынылуы, ал *«Ай мен ғаламшарлар физикасы»* зертханасы бойынша мәліметтердің мүлде орналастырылмауы.

Сонымен қатар ***«Мақалалар»*** бөліміндегі жарияланымдар ағылшын тілінде берілген. Бұл ғылыми материалдардың мемлекеттік тілдегі қолжетімділігін шектейді. Бұдан бөлек, ***«Ағарту»*** бөліміндегі ***«Астрономнан сұра»*** кіші бөлімінде жарияланған сұрақ-жауаптардың басым бөлігі орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылған, ал қазақ тіліндегі материалдардың үлесі жеткіліксіз.

Осыған байланысты ғылыми және танымдық бағыттағы бөлімдердегі ақпаратты мемлекеттік тілде толықтыру, сондай-ақ қазақ тіліндегі контент көлемін арттыру ұсынылады.

Жалпы алғанда, интернет-ресурс мемлекеттік тілде ашылады және сайт құрылымы жүйелі ұйымдастырылған. Институттың ғылыми қызметі мен негізгі бағыттарына қатысты мәліметтер орналастырылғанымен, бірқатар бөлімдерде ақпараттың орыс және ағылшын тілдерінде берілуі мемлекеттік тілдегі контенттің теңгерімділігіне әсер етеді. Сонымен қатар, жекелеген бөлімдерде ақпараттың толық ұсынылмауы байқалады.

Осыған байланысты, сайттағы ғылыми, танымдық және ресми материалдардың қазақ тіліндегі нұсқаларын толықтыру, интерфейс элементтерін мемлекеттік тіл талаптарына сәйкестендіру және барлық бөлімдерде тілдік бірізділікті қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Ионосфера институты

Интернет-ресурс https://ionos.kz/ орыс тілінде ашылады, мемлекеттік тілге ауыстыру нұсқасы қарастырылған. Интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі нұсқа қарастырылғанымен, қазақ тіліндегі контент көлемі орыс тіліндегі нұсқамен салыстырғанда едәуір аз. Сонымен қатар, ресми құжаттардың басым бөлігінің орыс тілінде орналастырылуы мемлекеттік тілдің тең дәрежеде қолданылуын толық қамтамасыз етпейді.

Осыған байланысты сайтты мемлекеттік тілдегі сапалы әрі сауатты мәтіндермен толықтыру, ғылыми орталық туралы ақпаратты кеңейту, байланыс деректерін, ресми құжаттарды, қаулыларды, бұйрықтарды, инфографикаларды, баннерлерді және өзге де материалдарды бекітілген өлшемшарттарға сәйкес жүйелі түрде қазақ тілінде жариялау ұсынылады.

Еуразиялық интеграция институты

«Еуразиялық интеграция институты» ресми интернет-ресурсы https://iei.kz/ сілтемесі бойынша бастапқы режимде орыс тілінде ашылады. Сонымен қатар, сайтта мемлекеттік тілге ауысу мүмкіндігі қарастырылған. Алайда, интернет-ресурстың бірінші кезекте қазақ тілінде ашылмауы мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігіне қатысты талаптардың толық сақталмағанын көрсетеді.

Мониторинг барысында басты беттегі ***«Институт туралы»*** бөлімінің мазмұндық жағынан толық қамтылмағаны байқалды. Атап айтқанда, мекеменің құрылу тарихы, негізгі қызмет бағыттары, ұйымдық құрылымы, стратегиялық мақсаты мен атқаратын функциялары туралы ақпараттар жеткіліксіз берілген. Бұл интернет-ресурстың ақпараттық толықтығы мен ашықтығына қатысты өлшемшарттардың жеткілікті деңгейде орындалмағанын көрсетеді.

Сайтқа жүктелген құжаттардың басым бөлігі орыс тілінде орналастырылған. Құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасы толық ұсынылмағандықтан, пайдаланушылардың қазақ тілінде қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі шектеледі. Бұл ресми ақпараттың мемлекеттік тілде тең дәрежеде қолжетімді болуына кері әсерін тигізеді.

Осыған байланысты, интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасын мазмұндық тұрғыдан толықтыру, «Институт туралы» бөліміндегі ақпарат көлемін кеңейту, сондай-ақ ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқаларын жүйелі түрде орналастыру ұсынылады. Сонымен қатар басты беттегі «Жарияланымдар» және «Аналитика/Зерттеулер» бөлімдерінің бос күйінде орналастырылғаны анықталды. Аталған бөлімдерде ғылыми материалдар, сараптамалық мақалалар, зерттеу нәтижелері немесе өзге де ақпараттық жарияланымдар берілмеген.


Бұл интернет-ресурстың мазмұндық толықтығы мен ақпараттық белсенділігіне қатысты өлшемшарттардың жеткілікті деңгейде сақталмағанын көрсетеді. Сонымен қатар, пайдаланушылар үшін ғылыми және талдамалық материалдарға қол жеткізу мүмкіндігін шектейді.

Осыған байланысты, сайттың құрылымдық бөлімдерін мазмұндық тұрғыдан толықтыру, ғылыми жарияланымдар мен зерттеу материалдарын жүйелі түрде орналастыру, барлық ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын енгізу және бос бөлімдерді тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету ұсынылады.

Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы

Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде https://www.niizkr.kz/kk/ob-institute/ сілтемесі бойынша әдепкі режимде орыс тілінде ашылатыны анықталды. Сайтта үш тілді таңдау мүмкіндігі қарастырылғанымен, мемлекеттік тіл бірінші таңдау қатарында орналастырылмаған.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету мақсатында ресми интернет-ресурстың бірінші кезекте қазақ тілінде ашылуын және мемлекеттік тілдің тіл таңдау бөлігінде бірінші қатарда орналасуын қамтамасыз ету ұсынылады.



Сонымен қатар, мониторинг барысында сайттың басты бетіндегі тіл таңдау батырмасында қазақ тілін белгілеу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының орнына соған ұқсас өзге жалаудың қолданылғаны анықталды. Аталған жағдай еліміздің мемлекеттік рәміздерін пайдалану талаптарына қайшы келеді.

Бұл ретте «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңының 4 және 5-баптарына сәйкес Мемлекеттік Ту белгіленген стандартқа сәйкес пайдаланылуға тиіс. Осыған байланысты, сайттағы тіл таңдау батырмасындағы мемлекеттік рәміз бейнесін заңнама талаптарына сәйкес келтіріп, Қазақстан Республикасының ресми Мемлекеттік Туымен ауыстыру қажет деп санаймыз.

Сондай-ақ, сайттың қазақ тіліндегі нұсқасына ауысқан кезде басты бетте орналасқан бос жұмыс орындары бөлімі *«Вакансиялар»* атауымен берілгені анықталды. Бұл мемлекеттік тіл нормалары мен ресми интернет-ресурстардағы қазақ тіліндегі контенттің сапасына қойылатын талаптарға толық сәйкес келмейді.

Осыған байланысты, аталған бөлім атауын мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес *«Бос жұмыс орындары»* деп өзгерту ұсынылады. Сонымен қатар,

жаңалықтар бөліміндегі жекелеген бөлім атаулары орыс тілінде берілген. Осыған байланысты, аталған бөлім атауларын қазақ тіліне аудару ұсынылады.

Жалпы интернет-ресурс құрылымы ақпаратты толық қамтуға бағытталған және бөлімдердің жүйелі орналасуы пайдаланушыларға ыңғайлы навигация жасауға мүмкіндік береді. Әр бөлім ішінде жеке кіші бөлімдердің қарастырылуы интернет-ресурстың мазмұндық құрылымының тиімді ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Алайда, ***«Өнімдер мен қызметтер»*** бөліміндегі ***«Жылжымалы зертхана»*** кіші бөлімінде негізгі биоагент түрлеріне қатысты түсіндірме ақпараттар қазақ тілінде берілгенімен, олардың атаулары ағылшын тілінде жазылғаны анықталды. Осыған байланысты, биоагент атауларын мемлекеттік тілдегі баламаларымен беру ұсынылады.

Сондай-ақ, суретте көрсетілгендей сайттағы *«Заказать»* атауы қазақ тіліндегі нұсқада орыс тілінде берілген. Осыған байланысты, аталған сөзді мемлекеттік тіл нормасына сәйкес *«Тапсырыс беру»* деп өзгерту ұсынылады.

Қорытындылай келе, Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайтта мемлекеттік тілдегі нұсқа қарастырылғаны және ақпараттың едәуір бөлігі қазақ тілінде ұсынылғаны анықталды. Сайт құрылымы жүйелі ұйымдастырылып, бөлімдер мен кіші бөлімдердің пайдаланушыларға ыңғайлы форматта орналастырылғаны байқалады. Сонымен қатар, институт туралы мәліметтер, жобалар, өнімдер мен қызметтерге қатысты бірқатар ақпараттар мемлекеттік тілде мазмұнды әрі сапалы берілген. Дегенмен, мониторинг барысында бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, интернет-ресурстың әдепкі режимде орыс тілінде ашылуы, тіл таңдау батырмасындағы мемлекеттік рәміз бейнесінің талапқа сәйкес қолданылмауы, кей бөлім атауларының орыс тілінде берілуі және жекелеген терминдердің ағылшын тілінде ұсынылуы мемлекеттік тілдің ресми интернет-ресурстағы қолданыс аясын толық қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі нұсқада кей ақпараттың терминологиялық бірізділігі сақталмағаны байқалады.

Сондай-ақ, суретте көрсетілгендей сайттағы *«Заказать»* атауы қазақ тіліндегі нұсқада орыс тілінде берілген. Осыған байланысты, аталған сөзді мемлекеттік тіл нормасына сәйкес *«Тапсырыс беру»* деп өзгерту ұсынылады.

Осыған байланысты, сайттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын жетілдіру, бөлім атаулары мен терминдерді толық қазақ тіліне бейімдеу, мемлекеттік рәміздерді талапқа сәйкес пайдалану және қазақ тіліндегі контенттің сапасы мен бірізділігін одан әрі арттыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Сейсмологиялық байқау және зерттеу ұлттық ғылыми орталығы

Сейсмология ғылыми-зерттеу орталығы ресми интернет-ресурсы https://seismology.kz/?page_id=240 сілтемесі бойынша мемлекеттік тілде ашылады. Сайтта ғылыми орталықтың тарихы, құрылымдық бөлімдері және қызмет бағыттарына қатысты қысқаша ақпараттар орналастырылған.

Дегенмен, жүргізілген мониторинг барысында интернет-ресурста ақпараттық материалдардың жеткіліксіз екені байқалды. Атап айтқанда, басты беттегі ***«Ақпарат»*** бөлімінде материалдар жарияланбаған. Сонымен қатар, сайттағы контент көлемі шектеулі болып, ресми ақпарат пен қосымша материалдар толық қамтылмаған.


Бұл өз кезегінде интернет-ресурстың ақпараттық толықтығы, ашықтығы және мемлекеттік тілдегі контенттің көлеміне қатысты өлшемшарттардың жеткілікті деңгейде сақталмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты, сайтты бекітілген өлшемшарттарға сәйкес мазмұндық тұрғыда толықтыру ұсынылады. Атап айтқанда, мемлекеттік тілдегі сапалы әрі сауатты мәтіндер көлемін арттыру, ғылыми орталық қызметіне қатысты ақпаратты кеңейту, қаржылық құжаттарды, ресми құжаттарды, қаулыларды, бұйрықтарды, инфографикаларды, хабарландыруларды және өзге де материалдарды жүйелі түрде орналастыру қажет. Сонымен қатар, сайттағы бөлімдердің тұрақты жаңартылып отыруын қамтамасыз ету ұсынылады.

Алдағы уақытта да сайттың мемлекеттік тілде толыққанды, сапалы әрі сауатты мәтіндермен толықтыру, ғылыми орталық туралы ақпараттың, байланыс деректерінің, ресми құжаттардың, қаулылардың, бұйрықтардың, инфографикалардың, жарнамалық банерлердің, басқа да мәліметтердің бекітілген өлшемшарттарға сай жариялануы ұсынылады.

Академик Ш.Ш. Шокин атындағы КазҒЗ Энергетика институты

Академик Ш.Ш. Шокин атындағы КазҒЗ Энергетика институты интернет–ресурсы http://kaznii.kz/ сілтемесі бойынша орыс тілінде ашылады. интернет–ресурс құрылымы толықтай орыс тілінде жүргізілген және өзге тілдік нұсқаларды таңдау мүмкіндігі қарастырылмаған. Интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі ақпарат орналастырылмаған.



Бұл жағдай «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 4-бабында белгіленген мемлекеттік тілдің қолданылу талаптарына сәйкес келмейді. Аталған заңға сәйкес, мемлекеттік тіл – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мемлекеттік басқару, құжат жүргізу, ресми қатынастар және ақпарат тарату салаларында қолданылатын негізгі тіл болып табылады.

Математика және математикалық модельдеу институты

Математика және математикалық модельдеу институты https://math.kz/ интернет-ресурсына жүргізілген талдау барысында мемлекеттік тілдегі нұсқасының ашылмайтыны анықталды. Осыған байланысты, Қазақстан

Республикасының тіл туралы заңнамасы талаптарына сәйкес сайттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын толыққанды іске қосып, мазмұнын сауатты әрі сапалы әзірлеу ұсынылады.

Сонымен қатар интернет-ресурста орналастырылатын ақпараттың, ресми құжаттардың және өзге де материалдардың мемлекеттік тіл нормаларына сай, түсінікті әрі қолжетімді форматта жариялануын қамтамасыз ету қажет. Бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, пайдаланушыларға ақпаратты еркін әрі сапалы түрде алуға мүмкіндік береді.

Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты

Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты интернет-ресурсы көрсетілген https://www.cultural.kz/kz/institute/view?id=106 сілтеме бойынша ашылмайды. Нәтижесінде пайдаланушылар сайттағы ақпаратпен таныса алмайды және интернет-ресурстың мазмұнына қолжетімділік қамтамасыз етілмеген.

Бұл интернет-ресурстың техникалық қолжетімділігіне байланысты ақаулардың бар екенін көрсетеді. Аталған кемшілікті жою мақсатында сайт сілтемесінің жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіру және пайдаланушылар үшін тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар интернет-ресурсты мемлекеттік тілдегі интернет-ресурстарға қойылатын өлшемшарттарға сәйкес жетілдіру қажет. Атап айтқанда, мемлекеттік тілдегі контент көлемін арттыру, ақпараттың толық әрі теңгерімді ұсынылуын қамтамасыз ету, ресми ақпарат пен жаңалықтарды жүйелі түрде жариялау, сондай-ақ пайдаланушыларға қолайлы функционалдық сервистерді енгізу ұсынылады.

Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты

Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг барысында көрсетілген https://www.kaziwr.isd.kz/zag /index.html сілтеменің ашылмайтыны анықталды.

Бұл өз кезегінде интернет-ресурстың қолжетімділігіне және пайдаланушылардың ресми ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуіне кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар, сайттың техникалық тұрақтылығы мен ақпараттық қолжетімділігіне қатысты талаптардың толық сақталмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты ресми интернет-ресурстың жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіру, сілтемелердің тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету және техникалық ақауларды жою бойынша тиісті жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Сонымен қатар интернет-ресурс қайта қалпына келтірілген жағдайда, сайттағы мемлекеттік тілдің қолданысы интернет-ресурстарға мониторинг жүргізудің бекітілген өлшемшарттарына толық сәйкес болуын қамтамасыз ету ұсынылады. Атап айтқанда, мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі, контенттің теңгерімділігі, ресми ақпараттың қазақ тілінде ұсынылуы, ақпараттың ашықтығы, жаңартылу деңгейі және визуалды контенттің мемлекеттік тілде берілуі талапқа сай ұйымдастырылуы қажет.

У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты

У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты» ресми интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг барысында көрсетілген https://hydrogeology.kz/?ysclid=mmghjjy0ld345848947 сілтеменің қолжетімсіз екені анықталды. Сілтемеге өткен кезде сайт ашылмайды және техникалық қате туралы хабарлама көрсетіледі.

Аталған жағдай интернет-ресурс мекенжайының дұрыс жұмыс істемейтінін немесе қолданыста жоқ екенін білдіреді. Соның салдарынан пайдаланушылардың сайтқа еркін қол жеткізу мүмкіндігі шектеліп отыр.

Осыған байланысты, интернет-ресурстың техникалық жұмысын қалпына келтіру, сілтеменің тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету және сайттағы ақпараттың бекітілген өлшемшарттарға сәйкес мемлекеттік тілде жүйелі түрде орналастырылуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Ұсыныстар

Жүргізілген мониторинг нәтижелерін негізге ала отырып, ғылыми мекемелердің ресми интернет-ресурстарын мемлекеттік тілдегі ақпараттық қамтамасыз ету талаптарына сәйкестендіру мақсатында төмендегідей ұсыныстар беріледі:

1. Интернет-ресурстардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын бірінші кезекте қолжетімді ету және барлық бөлімдер мен сервистердің қазақ тілінде толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
2. Мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемінің орыс және өзге тілдердегі ақпараттан кем болмауын қамтамасыз етіп, барлық мәтіндік материалдарды, ресми құжаттарды және ақпараттық жарияланымдарды толық қазақ тіліне бейімдеу.
3. Сайт құрылымындағы бөлім атаулары, батырмалар, навигациялық мәзірлер және интерфейс элементтерін мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес біріздендіру, аралас тілде берілген ақпаратты жою.
4. Институттардың құрылу тарихы, ғылыми мектептері, ғылыми жетістіктері, зерттеу бағыттары және басшылық құрамы туралы ақпаратты толықтырып, мемлекеттік тілде орналастыру.
5. Ресми құжаттарды, қаржылық есептерді, акредиттеу құжаттарын, нормативтік материалдарды және өзге де ресми ақпаратты мемлекеттік тілде жариялауды қамтамасыз ету.
6. Жаңалықтар, баспасөз қызметі, алдағы іс-шаралар күнтізбесі, ғылыми іс-шаралар туралы ақпаратты тұрақты жаңартып отыру және олардың мемлекеттік тілдегі нұсқасының толық жариялануын қамтамасыз ету.
7. Пайдаланушылармен өзара байланысты күшейту мақсатында сұрақ-жауап сервисін (FAQ), электрондық өтініш қабылдау, кері байланыс және онлайн кеңес беру тетіктерін енгізу немесе жетілдіру.
8. «Толығырақ» батырмалары, ішкі сілтемелер және қосымша бөлімдер арқылы ашылатын барлық ақпараттың мемлекеттік тілде дұрыс жұмыс істеуін

қамтамасыз етіп, орыс тіліндегі парақтарға автоматты бағыттау сияқты техникалық кемшіліктерді жою.

9. Сайтқа орналастырылатын бейнематериалдарды, инфографикаларды және өзге де мультимедиалық контентті мемлекеттік тілде немесе қазақ тіліндегі нұсқасымен бірге жариялау.

10. Интернет-ресурстардың техникалық тұрақтылығын қамтамасыз етіп, қолжетімсіз немесе ашылмайтын сайттардың жұмысын қалпына келтіру, сондай-ақ ресми интернет-ресурстарға мемлекеттік тілдегі өлшемшарттардың сақталуына тұрақты ішкі мониторинг жүргізу.

Аталған ұсыныстарды іске асыру ғылыми мекемелердің ресми интернет-ресурстарындағы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге, ақпараттың қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ интернет-ресурстардың қолданыстағы өлшемшарттар талаптарына сәйкес келу деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Жекеменшік медициналық ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижесі САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Жекеменшік медициналық ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг барысында ұйымдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі нұсқаның қолжетімділігі, ақпараттық контенттің толықтығы, ресми және құқықтық ақпараттың ұсынылуы, ашықтық және ақпараттың толықтығы, ақпараттық белсенділік пен жаңартылу деңгейі, пайдаланушымен өзара байланыс және визуалды контент бағыттары бойынша бағаланды.

Жалпы мониторингке алынған **10** медициналық ұйымның интернет-ресурстары бойынша мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі әркелкі екені анықталды.

Бағалау нәтижесі бойынша ең жоғары көрсеткіш Qazaq Clinic табиғи шөп дәрімен емдеу орталығы – **9 балл** және «Гематология орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – **7 балл.**

6 балл жинаған ұйымдар қатарында ASTANA VISION көз емханалар желісі және «Гематология орталығы» ЖШС бар. ASTANA VISION интернет-ресурсы қазақ тілінде ашылады және негізгі ақпараттар қолжетімді болғанымен, көрнекі баннерлер мен құжаттық бөлімдерде орыс тіліндегі материалдар кездеседі. «Гематология орталығы» сайтында мемлекеттік тілдегі нұсқа жақсы деңгейде ұсынылған, негізгі ақпараттар толық қамтылған. Алайда ресми құжаттар мен медициналық-танымдық материалдардың бір бөлігі тек орыс тілінде орналастырылған.

5 балл көрсеткішіне ие болған ұйымдар қатарында «Қарағанды теміржол ауруханасы» ЖШС, Metaclinic (телемедицина клиникасы) және DostarMed медицина орталығы бар.

«Қарағанды теміржол ауруханасы» интернет-ресурсында қазақ тіліндегі нұсқа қолжетімді болғанымен, кей бөлімдер аралас тілде ұсынылған. Атаулар

мен ақпараттық блоктарда орыс тілінің қолданылуы сақталған. Metaclinic сайтында қазақ тіліндегі нұсқа бар, алайда ақпарат көлемі жеткіліксіз, клиника қызметі туралы мәліметтерді кеңейту қажет. DostarMed сайтында орталық туралы негізгі ақпарат, дәрігерлер туралы мәліметтер жақсы ұсынылғанымен, бөлімдердегі ақпарат тек орыс тілінде берілген және қазақ тіліндегі мазмұн көлемі жеткіліксіз.

4 балл жинаған Private hospital international Almaty клиникасы және Assyl Astana Clinic медициналық орталығының интернет-ресурстарында мемлекеттік тілге ауысу мүмкіндігі болғанымен, негізгі ақпараттық материалдардың басым бөлігі орыс тілінде ұсынылған. Private hospital international Almaty сайтында лицензиялар, қызметтер, бөлімшелер және мамандар туралы ақпаратта қазақ тіліндегі контент жеткіліксіз. Assyl Astana Clinic сайтында қазақша мәтіндер кездескенімен, аударма сапасы төмен, кейбір сөздер мен тіркестер орыс тілінен тікелей аударылған.

0 балл жинаған «АҚЖАН KZ» ЖШС және «Мерей» медициналық фирмасы» ЖШС интернет-ресурстары бойынша мемлекеттік тілдегі нұсқа қарастырылмағаны анықталды. Аталған ұйымдардың сайттары орыс тілінде ашылып, қазақ тілінде ақпарат алу мүмкіндігі берілмеген. Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейді.

Жалпы бағалау бойынша жекеменшік медициналық ұйымдардың интернет-ресурстарын жетілдірудің негізгі бағыттары:

- мемлекеттік тілдегі нұсқаны толық іске қосу;
- барлық бөлімдер мен ішкі беттердегі ақпаратты екі тілде тең деңгейде ұсыну;
- ресми құжаттарды мемлекеттік тілде орналастыру;
- медициналық терминдерді қазақ тілінің нормаларына сәйкес қолдану;
- аударма сапасын арттыру және автоматты аудармалардан бас тарту;
- сайттағы ақпараттың өзектілігі мен толықтығын тұрақты бақылау.

Жүргізілген мониторинг нәтижесі жекеменшік медициналық ұйымдардың бір бөлігінде мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі жақсы қалыптасқанын көрсетсе, кейбір ұйымдарда бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізуді қажет етеді.

Жекеменшік медициналық ұйымдардың 6 өлшемшартқа сәйкес жиынтық нәтижесі

№	Атауы	1-бағыт	2-бағыт	3-бағыт	4-бағыт	5-бағыт	6-бағыт	Жалпы балл
1.	Qazaq Clinic табиғи шөп дәрімен емдеу орталығы	2	2	1	0	2	2	**9**
2.	«Гематология орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2	2	1	0	1	1	**7**
3.	Астана қаласы ASTANA VISION көз емханалар желісі	2	2	0	0	1	1	**6**

4.	Metaclinic (телемедицина клиникасы)	2	1	0	0	1	1	**5**
5.	«Қарағанды теміржол ауруханасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2	1	0	0	1	1	**5**
6.	DostarMed медицина орталығы	1	2	0	0	1	1	**5**
7.	Private hospital international Almaty клиникасы	1	1	0	0	1	1	**4**
8.	Assyl Astana Clinic – медицина орталығы	1	1	0	0	1	1	**4**
9.	«Шипагер» медицина орталығы	1	1	0	0	1	1	**4**
10.	«АҚЖАН KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	0	0	0	0	0	0	**0**
11.	«ЭМИРМЕД» медицина орталығы	0	0	0	0	0	0	**0**
12.	«Мерей» медициналық фирмасы	0	0	0	0	0	0	**0**

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕУ

Ұсынылған бағалау жүйесіне сәйкес (**0–12** балл аралығы, 6 бағыт бойынша әр бағыт **0–2** балл көлемінде бағаланады) жекеменшік медициналық ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижелері үш тәуекел деңгейі бойынша сараланды.

Төмен тәуекел деңгейі (9–12 балл)

Бұл топқа сайттарында мемлекеттік тілдегі ақпараттың басымдығы қамтамасыз етілген, негізгі бөлімдері толық қалыптастырылған, пайдаланушыларға қажетті мәліметтер жүйелі түрде ұсынылған ұйымдар енгізілді. Аталған ұйымдардың интернет-ресурстарында ақпараттың қолжетімділігі мен мазмұндық сапасы жоғары деңгейде бағаланды.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	Qazaq Clinic табиғи шөп дәрімен емдеу орталығы	9	төмен
2.	«Гематология орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	9	төмен

Qazaq Clinic медициналық орталығы мен Гематология орталығының интернет-ресурсы мемлекеттік тілде жүргізілген және пайдаланушылар үшін негізгі ақпараттық бөлімдер қолжетімді. Сайтта қызмет түрлері, байланыс арналары және ұйым қызметіне қатысты мәліметтер ұсынылған. Мемлекеттік тілдегі контенттің қамтылу деңгейі басқа ұйымдармен салыстырғанда жоғары көрсеткіш көрсетті.

Анықталған жекелеген кемшіліктер сайттағы терминдердің қолданылуы мен ресми құжаттардың тілдік нұсқаларын жетілдіруге қатысты. Жалпы алғанда, ұйым интернет-ресурсы мемлекеттік тіл талаптарына сәйкес келеді және келесі

мониторинг кезеңінде қайта тексеруді қажет етпейтін ұйымдар қатарына жатқызылады.

Орташа тәуекел деңгейіндегі (6–8 балл)

Бұл санатқа интернет-ресурсында қазақ тіліндегі нұсқасы бар, алайда ақпараттың толықтығы, бөлімдердің біркелкі толтырылуы және есептік материалдардың мемлекеттік тілде ұсынылуы бойынша қосымша жетілдіруді қажет ететін ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	ASTANA VISION көз емханалар желісі	6	Орташа
2.	«Гематология орталығы» ЖШС	6	Орташа

Аталған ұйымдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі бөлімдер қарастырылған және негізгі ақпараттық материалдар қолжетімді. Дегенмен мониторинг барысында құжаттық бөлімдерде ақпараттың толық қазақ тілінде ұсынылмағаны, ресми құжаттардың, бейнематериалдардың және жекелеген ақпараттық блоктардың орыс тілінде берілгені анықталды.

Бұл ұйымдарда мемлекеттік тілдегі контенттің сапасын арттыру, барлық бөлімдерді толықтыру, ресми құжаттар мен ақпараттық материалдарды екі тілде тең ұсыну бағытында жұмыстар жүргізу қажет.

Жоғары тәуекел деңгейіндегі (0–5 балл)

Бұл санатқа интернет-ресурстарында мемлекеттік тілдегі ақпараттың жеткіліксіз ұсынылуы, қазақ тіліндегі нұсқаның толық іске қосылмауы немесе ақпараттық бөлімдердің басым бөлігінің орыс тілінде болуы анықталған ұйымдар енгізілді.

№	Ұйым атауы	Жалпы балл	Тәуекел деңгейі
1.	«Қарағанды теміржол ауруханасы» ЖШС	5	Жоғары
2.	Metaclinic (телемедицина клиникасы)	5	Жоғары
3.	DostarMed медицина орталығы	5	Жоғары
4.	Private hospital international Almaty клиникасы	4	Жоғары
5.	Assyl Astana Clinic медициналық орталығы	4	Жоғары
6.	«АҚЖАН KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	0	Жоғары
7.	«Мерей» медициналық фирмасы	0	Жоғары

Бұл ұйымдардың интернет-ресурстарында мемлекеттік тілге қатысты бірқатар жүйелі мәселелер анықталды. Ұйымдардың сайттарында қазақ тіліндегі нұсқа мүлдем қарастырылмаған, ал кейбірінде тіл ауыстыру мүмкіндігі болғанымен, ақпараттық материалдардың едәуір бөлігі орыс тілінде орналастырылған.

Сонымен қатар қызметтер туралы ақпараттар, ресми құжаттар, лицензиялар, пациенттерге арналған мәліметтер және жекелеген бөлімдер мемлекеттік тілде толық ұсынылмаған. Сайттарда аударма сапасына байланысты тілдік қателер мен терминдердің дұрыс қолданылмауы байқалды.

Аталған ұйымдарға анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдар жолданып, мемлекеттік тілдегі ақпараттық ресурсты жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізу қажет. Келесі мониторинг барысында өзгерістердің орындалу деңгейін қайта бағалау ұсынылады.

Жалпы саралау нәтижесі медициналық ұйымдардың көпшілігінде мемлекеттік тілдегі интернет-ресурс толық қалыптаспағанын көрсетті. Негізгі мәселелер ақпараттық бөлімдердің толық аударылмауы, ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқасының болмауы, қызметтер мен пациенттерге арналған ақпараттың екі тілде тең ұсынылмауы бағыттарында байқалды.

Сонымен қатар бірқатар ұйымдарда сайт құрылымы мен пайдаланушыларға арналған сервистер қалыптасқанымен, мемлекеттік тілдегі мазмұнды тұрақты түрде жаңарту және ақпарат сапасын арттыру қажеттілігі бар.

Мониторинг барысында анықталған кемшіліктер бойынша ұйымдарға ұсынымдар беріліп, оларды түзету нәтижелері келесі бақылау кезеңінде қайта қарастырылуы қажет.

АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Qazaq Clinic табиғи шөп дәрілермен емдеу орталығы

«Qazaq Clinic» табиғи шөп дәрілермен емдеу орталығының интернет-ресурсына (https://qazaqclinic.kz/) жүргізілген мониторинг барысында сайттың қазақ тілінде ашылатыны және ақпараттық материалдардың негізінен мемлекеттік тілде ұсынылғаны анықталды.

Интернет-ресурста орталықтың қызметі, өнімдері және байланыс арналары туралы ақпарат орналастырылған. Сонымен қатар, пайдаланушылар үшін байланысу мүмкіндігі және пікір қалдыру бөлімі қарастырылған. Дегенмен, сайт мазмұнында орталықтың қалыптасу тарихы, басшылығы туралы ақпараттар қамтылмаған. Сондай-ақ, басты беттегі ***«Дәрілер»*** бөлімінде нақты ауру түрлері бойынша жеке бөлімдер қарастырылып, емдеу бағыттары ұсынылған. Аталған бөлімдердегі терминологиялық қолданыстарды біріздендіру қажет. Атап айтқанда, ***«Шашты қалпына келтіру»*** және ***«Тері аурулары»*** бөлімдерінде қолданылған *«мазь»* сөзін мемлекеттік тілдегі дұрыс баламасы – *«жақпа майы»* деп көрсету ұсынылады.

Жалпы, интернет-ресурстағы ақпарат көлемі мемлекеттік тілде ұсынылғанымен, жекелеген атаулар мен терминдердің тілдік нормаларға сәйкестігін жетілдіру қажет.

Сонымен қатар интернет-ресурстағы сәйкестік сертификатының қазақ тіліндегі нұсқасы ұсынылғанымен, лицензия құжаты тек орыс тілінде орналастырылған. Ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларының толық қолжетімді болуы пайдаланушылардың ақпаратты тең дәрежеде алуын қамтамасыз ету үшін маңызды. Аталған жағдай интернет-ресурстағы ресми құжаттардың тілдік бірізділігін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Qazaq Clinic табиғи шөп дәрілермен емдеу орталығының интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы толық қолжетімді екені және негізгі ақпараттық материалдардың қазақ

тілінде ұсынылғаны анықталды. Сайт құрылымы пайдаланушыларға қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді, байланыс арналары қарастырылған.

Сонымен қатар жекелеген бөлімдерде ақпаратты толықтыру және тілдік бірізділікті сақтау бағытында жетілдіру қажет. Атап айтқанда, ресми құжаттардың тілдік нұсқаларын толық қамтамасыз ету, терминдердің мемлекеттік тілдегі қолданысын біріздендіру және ұйым туралы ақпараттық мазмұнды кеңейту ұсынылады.

Интернет-ресурстағы ресми құжаттарды, соның ішінде лицензия сияқты материалдарды мемлекеттік тілде де ұсыну қажет. Сонымен қатар, медициналық терминдерді қазақ тілінің нормаларына сәйкес қолдану, ұйымның тарихы, басшылығы және қызмет бағыттары туралы ақпаратты толықтыру ұсынылады.

Жалпы, интернет-ресурс мемлекеттік тілдегі ақпаратты ұсыну тұрғысынан оң бағаланады, анықталған кемшіліктер сайт мазмұнын одан әрі жетілдіру арқылы түзетілуі мүмкін.

Гематология орталығы

Гематология орталығы интернет-ресурсына (https://hemcenter.kz/kk) жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың қазақ тіліндегі нұсқасы қолжетімді екені анықталды. Орталық туралы ақпараттық материалдар жан-жақты әрі толық көлемде ұсынылып, пайдаланушыларға қажетті негізгі мәліметтер жүйелі түрде орналастырылған.

Сонымен қатар сайттың басты бетіндегі ***«Ғылыми бөлім»*** ішіндегі ***«Биоэтика жөніндегі локалдық комиссия құжаттары»*** кіші бөлімінде құжат атаулары қазақ тілінде көрсетілгенімен, жүктелген файлдардың мазмұны тек орыс тілінде ұсынылған, мемлекеттік тілдегі нұсқалары орналастырылмаған. Сондай-ақ ***«ЛКБ-ге өтінім беру үшін құжаттар»*** кіші бөліміндегі материалдар да тек орыс тілінде берілген.

Аталған жағдай ресми сипаттағы құжаттардың мемлекеттік тілде қолжетімділігінің толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді және интернет-ресурстағы ақпараттың тілдік теңгерімділігі мен пайдаланушылардың ақпаратқа тең қолжетімділігі тұрғысынан жетілдіруді қажет етеді.

Сонымен қатар басты беттегі ***«Пациент мектебі»*** бөліміндегі ***«Антифосфолипидтік синдром (АФС)»*** кіші бөлімінде орналастырылған көрнекі баннер мазмұны орыс тілінде ұсынылған. Сондай-ақ аталған бөлімдегі бейнематериалдар да мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде берілген.

Бұл жағдай пайдаланушыларға медициналық-танымдық ақпаратты мемлекеттік тілде толық көлемде алу мүмкіндігін шектейді және интернет-ресурстағы ақпараттық материалдардың тілдік теңгерімділігін қамтамасыз ету бағытында қосымша жетілдіруді қажет етеді.

«Гематология орталығы» ЖШС интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді екені және орталық туралы негізгі ақпараттық материалдардың толық әрі жүйелі ұсынылғаны анықталды.

Сонымен қатар жекелеген бөлімдерде ақпараттық материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасы толық қамтамасыз етілмеген. Атап айтқанда, ***«Ғылыми бөлім»*** ішіндегі ***«Биоэтика жөніндегі локалдық комиссия құжаттары», «ЛКБ-ге өтінім беру үшін құжаттар»*** бөлімдеріндегі файлдар, сондай-ақ «Пациент мектебі» бөліміндегі көрнекі және бейнематериалдар тек орыс тілінде ұсынылған. Бұл жағдай пайдаланушылардың медициналық және ресми ақпаратты мемлекеттік тілде толық алу мүмкіндігін шектейді.

Интернет-ресурста орналастырылатын барлық ресми құжаттар, ақпараттық материалдар, көрнекі баннерлер және бейнематериалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын толық қамтамасыз ету ұсынылады.


Сонымен қатар қазақ тіліндегі контент көлемін арттырып, сайт бөлімдеріндегі ақпаратты екі тілде бірдей деңгейде ұсыну қажет. Бұл пайдаланушылардың ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз етіп, интернет-ресурстың тілдік талаптарға сәйкестігін арттырады.


Астана қаласы ASTANA VISION көз емханалар желісі

Астана қаласы ASTANA VISION көз емханалары желісінің интернет-ресурсына (https://vision.kz/kz/glavnaya-kz/) жүргізілген мониторинг нәтижесінде интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасы толық әрі мазмұнды түрде ұсынылғаны анықталды. Ақпараттық материалдар жүйелі құрылымда беріліп, пайдаланушылар үшін қолжетімді деңгейде орналастырылған. Дегенмен, басты беттегі көрнекі баннерлерде орналасқан мәтіндер орыс тілінде ұсынылған, бұл визуалды контенттің бір бөлігінде тілдік теңгерімділіктің толық сақталмауына әкеледі.

Сонымен қатар ***«Клиника туралы»*** бөлімінде көрсетілген уақыттық деректер *(жылдар)* орыс тілінде берілген *(мысалы, «2000 год»)*. Бұдан бөлек, басты беттегі көрнекі баннерлердің мазмұны да толықтай орыс тілінде ұсынылған.

Аталған жағдай интернет-ресурстағы визуалды және мәтіндік ақпараттың бір бөлігінде мемлекеттік тілдің қолданылуы жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмегенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз етуге қатысты талаптардың толық сақталмауына алып келеді.





Басты беттегі ***«Блог»*** бөліміне өтетін сілтеме орыс тілінде ашылады, сондай-ақ қазақ тіліндегі нұсқаға ауысу мүмкіндігі қарастырылмаған. Бұл пайдаланушылардың ақпаратты мемлекеттік тілде алуына шектеу қояды.

Сонымен қатар ***«Байланыс»*** бөлімінде қалалар бойынша орналасу сілтемелері де орыс тілінде ұсынылған. Аталған жағдай сайттың құрылымдық элементтерінде мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.

ASTANA VISION көз емханалары желісінің интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың мемлекеттік тілдегі нұсқасы қолжетімді екені анықталды. Дегенмен, бірқатар құрылымдық бөлімдерде тілдік сәйкессіздіктер сақталған. Атап айтқанда, ***«Блог»*** бөлімі орыс тілінде ашылып, қазақ тіліне ауысу мүмкіндігі қарастырылмаған, сондай-ақ ***«Байланыс»*** бөліміндегі қалалар бойынша орналасу сілтемелері де орыс тілінде ұсынылған. Бұл жағдай интернет-ресурстағы тілдік теңгерімділіктің толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.

Интернет-ресурстың барлық бөлімдерінде мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуын қамтамасыз ету, соның ішінде ***«Блог»*** және ***«Байланыс»*** бөлімдеріндегі сілтемелер мен навигациялық элементтерді қазақ тіліне сәйкестендіру ұсынылады. Сонымен қатар, сайттың тілдік интерфейсін жетілдіріп, барлық ішкі беттердің мемлекеттік тілде тең дәрежеде қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Metaclinic (телемедицина клиникасы)

Metaclinic (телемедицина клиникасы) интернет-ресурсына (https://metaclinic.kz/kz) жүргізілген мониторинг барысында сайттың қазақ тіліндегі нұсқасы қолжетімді екені анықталды. Дегенмен, интернет-ресурстағы ақпараттық материалдардың көлемі жеткіліксіз деңгейде ұсынылған. Клиниканың қызмет бағыттары, көрсетілетін медициналық қызмет түрлері, жұмыс ерекшелігі және негізгі қызмет мазмұны туралы ақпарат толық әрі жан-жақты қамтылмаған.

Сонымен қатар сайттың жекелеген бөлімдерінде қажетті мәліметтер жеткілікті деңгейде ашылмаған, ақпараттың мазмұндық толықтығы, құрылымдық жүйелілігі және деректердің нақтылығы бойынша кемшіліктер байқалады. Бұл пайдаланушыларға клиника қызметі туралы толық ақпарат алуға кедергі келтіріп, интернет-ресурстың ақпараттық әлеуетін төмендетеді.

Осыған байланысты сайттағы ақпараттық мазмұнды кеңейту, толықтыру және барлық бөлімдерді біріздендіру қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар, басты беттегі ***«Пациенттерге»*** бөліміне бағытталған сілтеменің орыс тілінде қолжетімді болуы мемлекеттік тілдегі баламасының толық қамтамасыз етілмеуін көрсетеді, бұл ақпаратқа қолжетімділіктің тілдік тұрғыдан теңгерімсіздігін білдіреді.

Metaclinic (телемедицина клиникасы) интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың пайдаланушыларға бағытталған ақпараттық құрылымы мен мазмұнын жетілдіру қажеттілігі анықталды. Интернет-

ресурстағы ақпараттың толықтығы мен жүйелілігін арттыру, пайдаланушыларға клиника қызметі туралы нақты әрі кең көлемде мәлімет алу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

Интернет-ресурстың мазмұнын толықтыру, клиниканың қызмет бағыттары, көрсетілетін қызмет түрлері, жұмыс тәртібі және пайдаланушылар үшін маңызды өзге де ақпаратты жүйелі түрде орналастыру ұсынылады.

Сонымен қатар сайт бөлімдерінің құрылымын жетілдіріп, ақпаратты өзекті, түсінікті және толық форматта ұсыну қажет. Бұл интернет-ресурстың ақпараттық құндылығын арттырып, пайдаланушылар үшін қолжетімділігін жақсартады.

Қарағанды теміржол ауруханасы

Қарағанды теміржол ауруханасы интернет-ресурсына (https://karmst.kz/) жүргізілген мониторинг барысында тілдік қолданысқа қатысты кемшіліктер анықталды. Интернет-ресурс қазақ тілінде ашылғанымен, сайт мазмұнының жекелеген бөлімдерінде ақпарат аралас тілде ұсынылған. Атап айтқанда, атаулар мен мәтіндік материалдар мемлекеттік тілде толық берілмей, өзге тілдегі нұсқалармен қатар қолданылған. Бұл интернет-ресурстағы ақпараттың бірізділігін сақтауға кедергі келтіріп, пайдаланушылардың мемлекеттік тілдегі толыққанды ақпарат алу мүмкіндігін шектейді.

Сонымен қатар интернет-ресурстағы ***«Бөлім»*** бөлімінде бөлім атауы орыс тіліндегі ***«Отделение»*** нұсқасында көрсетілген. Аталған атаудың мемлекеттік тілдегі дұрыс баламасын қолдану және сайт құрылымындағы бөлім атауларын тілдік талаптарға сәйкестендіру қажет.

Басты беттегі ***«Біздің»*** бөлімі қазіргі уақытта орыс тілінде ұсынылған, мемлекеттік тілдегі нұсқасына ауысу мүмкіндігі қарастырылмаған. Сонымен қатар, ***«Байланыстар»*** және ***«Жаңалықтар»*** бөлімдері де орыс тілінде ашылады, бұл аталған бөлімдердегі ақпараттың мемлекеттік тілде қолжетімділігін шектейді.

Сондай-ақ ***«Обратная связь»*** және ***«Государственные услуги»*** бөлімдерінің мазмұны толықтай орыс тілінде ұсынылған. Аталған бөлімдердің атаулары мен ақпараттық материалдары мемлекеттік тілде берілмегендіктен, интернет-ресурстағы тілдік теңгерімділік талаптары толық сақталмаған.

Бұл жағдай медициналық ұйымның ресми интернет-ресурсында мемлекеттік тілдегі ақпараттық контенттің жеткіліксіз екенін және пайдаланушылар үшін ақпаратқа тең дәрежеде қолжетімділікті қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді.

Басты беттегі ***«Медициналық сақтандыру»*** бөлімінің атауы ***«Баспасөз релизі»*** болып өзгертілгенімен, интернет-ресурс бастапқыда орыс тілінде ашылады. Сайтта мемлекеттік тілге ауысу мүмкіндігі қарастырылған, алайда қазақ тіліндегі ақпараттық материалдардың көлемі жеткіліксіз және мазмұны толық көлемде ұсынылмаған.

Аталған жағдай интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдегі контенттің жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетеді. Нәтижесінде пайдаланушылардың

медициналық ұйым қызметі мен өзге де ақпаратты мемлекеттік тілде толыққанды алу мүмкіндігі шектеліп, ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз ету талаптары толық орындалмай отыр.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде интернет-ресурстың бастапқы тілдік конфигурациясы орыс тілінде ашылатыны, мемлекеттік тілге ауысу мүмкіндігі болғанымен, қазақ тіліндегі ақпараттық контенттің көлемі жеткіліксіз екені анықталды. Сонымен қатар, сайт құрылымындағы басты бөлімдердің атауы мен мазмұны толық жүйеленбеген, бұл мемлекеттік тілдегі ақпараттың бірізді және толық қолжетімді болуына кедергі келтіреді. Аталған жағдай пайдаланушылардың мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігін шектеп, интернет-ресурстың тілдік талаптарға сәйкестігінің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Интернет-ресурстың мемлекеттік тілдегі нұсқасын толық жетілдіру, барлық бөлімдер мен ішкі беттердегі ақпараттық мазмұнды қазақ тілінде толық әрі сапалы түрде ұсыну қажет. Сонымен қатар сайттың әдепкі ашылу тілін мемлекеттік тілге ауыстыру немесе пайдаланушыға ыңғайлы тіл таңдау механизмін жетілдіру ұсынылады.

Бұдан бөлек, барлық бөлім атаулары мен ақпараттық материалдарды тілдік сәйкестікке келтіру, қазақ тіліндегі контенттің көлемін арттыру және орыс тіліндегі нұсқамен тең деңгейде қамтамасыз ету интернет-ресурстың ашықтығы мен қолжетімділігін арттырады.

DostarMed медициналық орталығы

Интернет-ресурс https://dostarmed.kz/ сілтемесі бойынша бастапқыда орыс тілінде ашылады. Интернет-ресурста қазақ тілін таңдауға мүмкіндік қарастырылған.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде ***«Біз туралы»*** бөлімінде орталықтың жалпы тарихы, қызметкерлері туралы ақпарат, байланыс деректері және қызмет бағыттары нақты әрі түсінікті түрде берілгені анықталды. Бұл бөлімнің мазмұны пайдаланушылар үшін ақпараттық тұрғыдан жеткілікті деңгейде ұсынылған.

Сонымен қатар ***«Емхана»*** бөлімінде орналастырылған видеоматериалдар орыс тілінде ұсынылған. Бұл мультимедиялық контенттің мемлекеттік тілдегі қолжетімділігі толық қамтамасыз етілмегенін көрсетеді. ***«Достар мед»*** клиникасына тіркелу тәртібін түсіндіру кезінде терминдерді мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес дұрыс қолдану қажет. Атап айтқанда, *«пенсионерлер»* сөзі *«зейнеткерлер»* деп аударылып, бірізді түрде қолданылуы тиіс.

Медициналық орталық тарапынан берілген ақпараттар жалпы алғанда түсінікті әрі қолжетімді деңгейде ұсынылған. Клиника туралы негізгі мәліметтер, оның ішінде қызмет бағыты, ұйымдастырушылық құрылымы, дәрігерлер туралы ақпарат, байланыс нөмірлері және пікір қалдыру мүмкіндігі қарастырылған. Дегенмен, ***«Қызметтер»*** бөліміндегі ақпараттың мемлекеттік тілдегі нұсқасын толықтыру және барлық мазмұнды қазақ тіліне сапалы түрде аудару қажет. Бұл пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігін арттырады және тілдік нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

«Достар мед» клиникасының интернет-ресурсына жүргізілген мониторинг барысында ***«Қызметтер»*** бөліміндегі белгіленген нұсқаулықты басқан кезде интернет-ресурстың қазақ тіліндегі нұсқасынан орыс тіліндегі нұсқасына автоматты түрде ауысатыны анықталды. Нәтижесінде көрсетілген ақпарат толықтай орыс тілінде жүктеледі.

Аталған жағдай пайдаланушылар үшін мемлекеттік тілдегі ақпаратты алу мүмкіндігін шектейді және сайттың тілдік интерфейсіндегі бірізділіктің сақталмағанын көрсетеді. Сонымен қатар бұл функционалдық ерекшелік қазақ тіліндегі нұсқаның толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз ету деңгейінің жеткіліксіз екенін аңғартады.

Интернет-ресурстың ***«Дәрігерлер»*** бөлімінде барлық мамандар бойынша еңбек өтілімі, мамандық бейіні және дәрігерлерге қабылдауға жазылу уақыты туралы ақпарат толық әрі нақты түрде берілген. Бұл пайдаланушылар үшін қолайлы навигация мен алдын ала жоспарлау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар орталықтың жалпы тарихында үш қалада филиалдарының бар екені көрсетілгенімен, сайтта тек екі қала бойынша ғана ақпарат ұсынылған. Бұл деректердің толықтығы мен өзектілігі тұрғысынан сәйкессіздік бар екенін білдіреді және пайдаланушыға ұсынылатын ақпараттың нақтылығын қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді.

Атырау қаласы көрсетілген бөлімде барлық ақпарат тек орыс тілінде ұсынылған, қазақ тіліндегі нұсқа мүлдем қарастырылмаған. Бұл мемлекеттік тілдің қолданылу ауқымының шектеулі екенін көрсетеді.

Сонымен қатар интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемі орыс тіліндегі материалдардың жиынтық көлемімен салыстырғанда айтарлықтай аз. Бұл интернет-ресурстағы тілдік теңгерімділіктің сақталмауына және пайдаланушыларға ақпараттың екі тілде бірдей деңгейде қолжетімді болмауына әкеледі.

Атырау қаласына қатысты барлық ақпараттық материалдарды мемлекеттік тілге толық аударып, қазақ тіліндегі нұсқасын міндетті түрде қамтамасыз ету ұсынылады.

Сонымен қатар интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдегі контент көлемін кезең-кезеңімен арттырып, орыс тіліндегі ақпаратпен тең дәрежеде қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет. Бұл сайттағы тілдік теңгерімділікті сақтауға және пайдаланушылардың ақпаратқа еркін қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Private hospital international Almaty клиникасы

Private Hospital International Almaty клиникасының интернет-ресурсына (https://privateclinic.kz/) жүргізілген мониторинг барысында бірқатар тілдік және ақпараттық сәйкессіздіктер анықталды.

Интернет-ресурс бастапқыда орыс тілінде ашылады. Сайтта мемлекеттік тілге ауысу мүмкіндігі қарастырылғанымен, қазақ тіліндегі ақпараттық материалдардың көлемі жеткіліксіз және барлық бөлімдер толыққанды мемлекеттік тілде ұсынылмаған. Бұл пайдаланушыларға қажетті ақпаратты қазақ

тілінде алуға кедергі келтіріп, мемлекеттік тілдегі ақпараттық қолжетімділікті төмендетеді.

Сонымен қатар басты беттегі ***«Клиника туралы»*** бөліміне енгізілген ***«Лицензиялар мен сертификаттар»*** бөлімінде орналастырылған құжаттар тек орыс тілінде ұсынылған, олардың мемлекеттік тілдегі нұсқалары немесе баламалары қарастырылмаған. Ресми және құқықтық сипаттағы құжаттардың мемлекеттік тілде де қолжетімді болуы ақпараттың ашықтығы мен пайдаланушылардың тең дәрежеде ақпарат алуын қамтамасыз ету үшін маңызды.

Бұдан бөлек, ***«Корпоративтік»*** бөліміне бағыттайтын сілтеме де орыс тіліндегі нұсқада ашылады. Аталған бөлімнің мазмұны мемлекеттік тілде ұсынылмаған жағдайда, сайттың тілдік теңгерімділігі мен мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейін арттыру қажеттілігі байқалады.

Басты беттегі ***«Қызметтер»*** бөліміне кіретін кіші бөлімдердің атаулары мен мазмұны негізінен орыс тілінде ұсынылған. Сонымен қатар, ***«Бөлімшелер»*** бөлімінде орналастырылған ақпараттық материалдардың басым бөлігі мемлекеттік тілде берілмеген, сондай-ақ көрнекі баннерлерде орналасқан мәтіндер де орыс тілінде ұсынылған.

Аталған жағдай интернет-ресурстағы мемлекеттік тілдегі контент көлемінің жеткіліксіз екенін және ақпараттың тілдік теңгерімділігі толық сақталмағанын көрсетеді. Медициналық ұйымның ресми интернет-ресурсында көрсетілетін қызметтер, құрылымдық бөлімшелер және ақпараттық-танымдық материалдар пайдаланушылар үшін мемлекеттік тілде де толық әрі қолжетімді түрде ұсынылуы қажет.

Сонымен қатар интернет-ресурстың басты бетіндегі ***«Мамандар»*** бөлімінде орналастырылған негізгі ақпараттық мазмұн орыс тілінде ұсынылған. Аталған бөлімде дәрігерлер туралы мәліметтер, кәсіби қызметі және пайдаланушылар үшін қажетті өзге де ақпараттар мемлекеттік тілде толық көлемде қолжетімді емес.

Бұл жағдай сайттағы ақпараттың тілдік теңгерімділігінің сақталмағанын көрсетіп, қазақ тілінде ақпарат алғысы келетін пайдаланушылар үшін медициналық қызметтер туралы мәліметтерге тең дәрежеде қолжетімділікті шектеуі мүмкін. Медициналық ұйымның ресми интернет-ресурсында мамандар туралы ақпарат мемлекеттік тілде де толық әрі сапалы ұсынылуы қажет.

Интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық әрі сапалы ұсынылуын қамтамасыз ету мақсатында сайттың қазақ тіліндегі нұсқасын жетілдіру, барлық негізгі бөлімдердегі *(қызметтер, бөлімшелер, мамандар, лицензиялар мен сертификаттар және өзге де ақпараттық материалдар)* мазмұнды мемлекеттік тілде толық орналастыру ұсынылады.


Сонымен қатар ресми құжаттар мен медициналық қызметтер туралы ақпаратты екі тілде бірдей деңгейде ұсыну, көрнекі материалдардағы *(баннерлер, ақпараттық блоктар)* мәтіндердің мемлекеттік тілдегі нұсқасын қамтамасыз ету қажет. Бұл пайдаланушылардың ақпаратқа тең қолжетімділігін арттырып, интернет-ресурстың тілдік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Assyl Astana Clinic – медициналық орталығы

Assyl Astana Clinic медициналық орталығының интернет-ресурсына (https://assylclinic.kz/) жүргізілген мониторинг барысында интернет-ресурстың бастапқы нұсқасы орыс тілінде ашылатыны анықталды. Интернет-ресурста екі тілді таңдау мүмкіндігі қарастырылған.

Дегенмен, интернет-ресурстың басты бетіндегі мемлекеттік тілдегі ақпараттық мәтіндерде бірқатар тілдік қателер кездеседі. Құжаттар бөлімдеріндегі аударма сапасы талапқа сай емес, орыс тіліндегі түпнұсқадан тікелей аударылғаны байқалады. Бұл пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың мазмұндық сапасына және мемлекеттік тілдегі ақпараттың түсініктілігіне әсер етеді.

Аталған жағдай интернет-ресурстағы қазақ тіліндегі контентті кәсіби редакциялау және тілдік нормаларға сәйкестендіру қажеттігін көрсетеді.



Сонымен қатар интернет-ресурстың басты бетіндегі мәтіндер орыс тіліндегі нұсқадан тікелей аударылғаны байқалады. Аударма барысында тілдік нормалар сақталмаған және сөздердің мағыналық қолданысы дұрыс берілмеген. Атап айтқанда, *«Акциялар»* сөзін *«жеңілдіктер»,* ал *«пациент»* сөзін контекстке сәйкес *«науқас»* деп қолдану ұсынылады.

Медициналық орталықтың жалпы тарихы, дәрігерлер туралы ақпарат, ресми құжаттар, байланыс нөмірлері және пікір қалдыру мүмкіндігі сайтта ұсынылған. Дегенмен, ***«Қызметтер»*** бөліміндегі ақпараттың бір бөлігі мемлекеттік тілге толық аударылмаған. Аталған бөлімдегі мазмұнды қазақ тіліне сапалы түрде аударып, пайдаланушылар үшін мемлекеттік тілдегі ақпараттың толық қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар сайттың ***«Бағалар»*** бөлімінде барлық ақпарат орыс тілінде ұсынылған. Бөлім атаулары көрсетілгенімен, олардың мазмұны бойынша нақты әрі толық ақпарат берілмеген. Яғни, қызмет түрлері мен тиісті бағалар туралы мәліметтер жеткілікті деңгейде ашылмай, ақпараттық толықтық сақталмаған.

Интернет-ресурстың ***«Бағалар»*** бөліміндегі ақпаратты мемлекеттік тілде дайындау, барлық қызмет түрлері бойынша нақты әрі толық мәліметтерді жүйелі түрде орналастыру ұсынылады. Сонымен қатар, бөлім құрылымын нақтылап, әр қызметке қатысты баға ақпаратын ашық әрі түсінікті форматта көрсету қажет.

Бұдан бөлек, ақпараттың мазмұндық толықтығын қамтамасыз ету үшін барлық бөлімдерде деректерді жаңартып, пайдаланушыларға қолжетімді және нақты ақпарат ұсыну маңызды.

«Шипагер» медициналық орталығы

«Шипагер» медициналық орталығының интернет-ресурсына (https://shipagerclinic.kz/ru) жүргізілген мониторинг нәтижесінде бастапқы нұсқасы орыс тілінде ашылатыны анықталды. Интернет-ресурста мемлекеттік тілді таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Дегенмен, басты беттегі негізгі ақпараттар орыс тілінде ұсынылған. Сондай-ақ интерфейстегі терминологиялық атауларды мемлекеттік тіл нормаларына сәйкес біріздендіру қажет. Атап айтқанда, *«Приказы» сөзін «Бұйрықтар», ал «версия для слабовидящих»* тіркесін *«көру қабілеті нашар адамдарға арналған нұсқа»* деп аудару ұсынылады.

Аталған жағдай интернет-ресурстағы терминологиялық бірізділікті жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар ***«Біз туралы»*** бөлімінде орталық туралы жалпы ақпарат орыс тілінде ұсынылған. Бұл пайдаланушылардың мемлекеттік тілдегі ақпаратқа толық қолжетімділігін шектейді және сайт мазмұнында тілдік теңгерімділіктің сақталмағанын көрсетеді.

Сайтта орталықтың ресми лицензиялары мен сертификаттары орналастырылған, алайда бұл құжаттар тек орыс тілінде ұсынылған. Аталған жағдай ресми ақпараттың мемлекеттік тілде қолжетімді болмауын көрсетеді және интернет-ресурстағы құжаттық материалдардың тілдік бірізділігін жетілдіру қажеттігін білдіреді.

Сонымен қатар ***«Медициналық қызметтер»*** бөліміндегі *«алғашқы медициналық–санитарлық қызметтер»* ішкі бөлімінде қызметкерлердің мамандықтары туралы ақпарат орыс тілінде ұсынылған. Бұл мәліметтердің мемлекеттік тілде берілмеуі пайдаланушылар үшін ақпараттың толық қолжетімділігін шектейді. Аталған деректерді мемлекеттік тілге аударып, барлық мамандық атауларын қазақ тілінде бірізді түрде көрсету ұсынылады.

«Медициналық қызметтер» бөліміндегі ***«Стоматологиялық қызметтер»*** кіші бөлімінде ақпарат орыс тілінде берілген. Бұл жағдай мемлекеттік тілдегі мазмұнның жеткіліксіздігін көрсетеді және пайдаланушылар үшін ақпаратты қазақ тілінде толық қолжетімді етуді қажет етеді.

«Лекарственное обеспечение» және ***«Платные услуги»*** бөлімдерінде де ақпарат толықтай орыс тілінде ұсынылған. Бұл жағдай интернет-ресурстағы жекелеген бөлімдерде мемлекеттік тілдегі мазмұнның қарастырылмағанын көрсетеді және пайдаланушылар үшін ақпаратты қазақ тілінде қолжетімді ету қажеттігін білдіреді.

«Пациенттерге» бөлімінде де барлық ақпарат орыс тілінде ұсынылған. Бұл жағдай интернет-ресурстағы жекелеген бөлімдерде мемлекеттік тілдегі мазмұнның жеткіліксіздігін көрсетеді және пайдаланушылар үшін ақпаратты қазақ тілінде толық қолжетімді ету қажеттігін білдіреді.

«Приказы» бөлімінде көрсетілген ақпараттар тек орыс тілінде ұсынылған. Бұл жағдай аталған бөлімдегі ресми құжаттардың мемлекеттік тілдегі

нұсқасының қарастырылмағанын көрсетеді және пайдаланушылар үшін ақпараттың екі тілде тең қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттігін білдіреді. Интернет-ресурстың барлық бөлімдеріндегі, атап айтқанда *«Лекарственное обеспечение», «Платные услуги», «Пациенттерге», «Приказы»* және өзге де ақпараттық беттердегі материалдарды мемлекеттік тілге толық аударып, қазақ тіліндегі нұсқасын міндетті түрде қамтамасыз ету ұсынылады.

Сонымен қатар ресми құжаттар мен қызметтік ақпаратты екі тілде бірдей деңгейде ұсыну арқылы сайттың тілдік теңгерімділігін сақтау қажет. Бұл пайдаланушыларға ақпаратты мемлекеттік тілде еркін әрі толық алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

«АҚЖАН KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

АҚЖАН KZ жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің интернет-ресурсына (https://akzhan-clinic.kz/) жүргізілген мониторинг барысында тілдік қолжетімділікке қатысты кемшілік анықталды.

Интернет-ресурс бастапқыда орыс тілінде ашылады. Сайт құрылымында тіл таңдау мүмкіндігі қарастырылмаған, яғни пайдаланушыларға мемлекеттік тілдегі нұсқаға ауысу мүмкіндігі ұсынылмайды. Осыған байланысты қазақ тіліндегі ақпараттық контентке қолжетімділік қамтамасыз етілмей, пайдаланушылардың ақпаратты мемлекеттік тілде алу мүмкіндігі шектеледі.

Аталған жағдай интернет-ресурстағы тілдік теңгерімділіктің сақталмағанын және мемлекеттік тілдегі ақпараттық материалдарды орналастыру талаптарының толық орындалмағанын көрсетеді. Медициналық ұйымның ресми интернет-ресурсында пайдаланушылар үшін ақпараттың екі тілде қолжетімді болуы ақпараттық ашықтық пен тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады.

«ЭМИРМЕД» медициналық орталығы

Emirmed медициналық орталығының интернет-ресурсына (https://emirmed.kz/ru/) жүргізілген мониторинг нәтижесінде сайттың бастапқы нұсқасы орыс тілінде ашылатыны анықталды. Интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі нұсқа қарастырылмаған.

Интернет-ресурстағы барлық ақпараттық материалдар тек орыс тілінде ұсынылған. Бұл жағдай пайдаланушыларға мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігін шектейді және интернет-ресурстың тілдік қолжетімділігі талаптарына толық сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі нұсқаны енгізу және қазақ тіліндегі интерфейсті толық іске қосу ұсынылады.

Сонымен қатар интернет-ресурстағы барлық ақпараттық материалдарды кезең-кезеңімен мемлекеттік тілде дайындап, пайдаланушыларға екі тілде тең қолжетімділік қамтамасыз ету қажет. Бұл интернет-ресурстың тілдік талаптарға сәйкестігін арттырып, ақпараттың қолжетімділігін кеңейтеді.

«Мерей» медициналық фирмасы

«Мерей» медициналық фирмасының интернет-ресурсына (https://mfmerey.kz/) жүргізілген мониторинг нәтижесінде интернет-ресурстың бастапқы интерфейсі орыс тілінде ашылатыны анықталды. Интернет-ресурста мемлекеттік тілге ауыстыру мүмкіндігі қарастырылмаған, бұл пайдаланушылардың қазақ тіліндегі нұсқаға қолжетімділігін шектейді. Аталған жағдай интернет-ресурстағы ақпараттық мазмұнды мемлекеттік тілде алуға мүмкіндік беретін тілдік таңдау тетігінің жоқ екенін көрсетеді және интернет-ресурстың тілдік қолжетімділік талаптарына толық сәйкес келмеуін білдіреді.

Интернет-ресурста мемлекеттік тілдегі нұсқаны енгізу және пайдаланушыларға сайт интерфейсін қазақ тіліне ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін тіл таңдау тетігін орнату ұсынылады.

Сонымен қатар барлық негізгі бөлімдер мен ақпараттық материалдарды мемлекеттік тілде толық әрі сапалы түрде ұсыну арқылы сайттың тілдік қолжетімділігін арттыру қажет. Бұл пайдаланушылардың ақпаратты тең дәрежеде алуын қамтамасыз етіп, интернет-ресурстың тілдік талаптарға сәйкестігін күшейтеді.

Ұсыныстар

Жүргізілген мониторинг нәтижелері негізінде жекеменшік медициналық ұйымдардың ресми интернет-ресурстарындағы анықталған кемшіліктерді жою және мемлекеттік тілдегі ақпараттың қолжетімділігін арттыру мақсатында келесі ұсынымдар беріледі:

1. Интернет-ресурстардың мемлекеттік тілдегі нұсқасының толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, сайттың бастапқы ашылу тілін қазақ тіліне ауыстыру мүмкіндігін қарастыру.
2. Мемлекеттік тілдегі ақпарат көлемін орыс тіліндегі материалдармен тең деңгейде қамтамасыз етіп, барлық бөлімдер мен ішкі беттердегі ақпаратты толық қазақ тіліне аудару.
3. Лицензиялар, сертификаттар, бұйрықтар, ішкі нормативтік құжаттар және өзге де ресми материалдардың мемлекеттік тілдегі нұсқаларын орналастыру.
4. Медициналық қызметтер, дәрігерлер туралы мәліметтер, пациенттерге арналған ақпараттар, бағалар, медициналық сақтандыру және басқа да негізгі бөлімдердің қазақ тіліндегі мазмұнын толықтыру.
5. Сайттағы терминологиялық қолданыстарды мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестендіріп, медициналық терминдердің бірізді қолданылуын қамтамасыз ету.
6. Қазақ тіліндегі мәтіндердің сапасын арттырып, тікелей машиналық немесе сөзбе-сөз аудармаларды кәсіби редакциялау арқылы түзету.
7. Көрнекі баннерлердегі мәтіндерді, инфографикаларды, бейнероликтерді және басқа да мультимедиялық материалдарды мемлекеттік тілде әзірлеу немесе қазақ тіліндегі баламаларымен толықтыру.

8. Қазақ тіліндегі нұсқада барлық ішкі сілтемелердің, батырмалардың және навигациялық элементтердің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, пайдаланушыны өзге тілдегі беттерге автоматты бағыттау жағдайларын болдырмау.

9. Ұйымның тарихы, миссиясы, басшылығы, құрылымы және қызмет бағыттары туралы ақпаратты мемлекеттік тілде толық әрі өзекті түрде орналастыру.

10. Сайттағы ақпараттың өзектілігін тұрақты бақылап, жаңалықтар, хабарландырулар және пациенттерге арналған ақпаратты мемлекеттік тілде уақтылы жариялап отыру.

11. Интернет-ресурстарға тұрақты түрде ішкі мониторинг жүргізіп, мемлекеттік тілдің қолданылуына қатысты анықталған кемшіліктерді жедел түзету және ақпараттық ресурстарды қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты өңірлік департаменттердің, Туризм және спорт министрлігіне қарасты ұйымдардың, Астана және Алматы қалаларындағы мәдени ұйымдардың, ұлттық компаниялардың, жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің және жекеменшік медициналық ұйымдардың ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг олардың ақпараттық ашықтығын, мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейін, цифрлық коммуникация сапасын және пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың қолжетімділігін кешенді бағалауға мүмкіндік берді.

Мониторинг барысында әзірленген бағалау өлшемшарттары әрбір интернет-ресурсты алты негізгі бағыт бойынша саралауға негіз болды. Бағалау нәтижелері ұйымдардың ресми сайттарының басым бөлігінде мемлекеттік тілдегі ақпараттың көлемі артып келе жатқанын, көптеген мекемелердің ақпараттық толықтыру, жаңарту және пайдаланушылармен кері байланыс орнату бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп отырғанын көрсетті. Бірқатар интернет-ресурстар мемлекеттік тілдегі нұсқаны негізгі тіл ретінде ұсынып, мазмұндық теңгерімді сақтап, нормативтік құжаттарды толық орналастыру арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізген.

Сонымен қатар жүргізілген талдау ресми интернет-ресурстардың барлығында бірдей талаптардың сақталмайтынын да айқындады. Жоғары тәуекелдегі ұйымдарда мемлекеттік тілдегі бөлімдердің толық қамтылмауы, қазақ және орыс тілдеріндегі ақпарат көлемінің сәйкессіздігі, ресми құжаттардың толық жарияланбауы, жекелеген бөлімдердің жаңартылмауы, сондай-ақ пайдаланушылармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін сервистердің жеткіліксіздігі анықталды. Сонымен бірге техникалық сипаттағы олқылықтар, мемлекеттік тілдегі нұсқаның алғашқы болып ашылмауы немесе тілдік навигацияның қолайсыз ұйымдастырылуы секілді мәселелер де кездесті.

Мониторинг қорытындысы ұйымдардың цифрлық ақпараттық кеңістіктегі қызметін жетілдіру бағытында тұрақты жұмыс жүргізудің маңыздылығын

көрсетті. Ресми интернет-ресурс – ұйымның қоғам алдындағы ашықтығын, қызметінің жариялылығын және азаматтармен тиімді байланысын қамтамасыз ететін негізгі коммуникациялық алаңдардың бірі. Сондықтан интернет-ресурстардың мазмұнын заң талаптарына сәйкестендіру, мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету, ақпараттың өзектілігін сақтау және пайдаланушыға қолайлы сервистерді дамыту жүйелі түрде жалғасуы қажет.

Жүргізілген мониторинг нәтижелері мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ресми интернет-ресурстарын одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсынымдарды қалыптастыруға негіз болды. Ұсынылған ұсынымдарды кезең-кезеңімен іске асыру ақпараттық ашықтық деңгейін арттыруға, мемлекеттік тілдің цифрлық кеңістіктегі қолданысын кеңейтуге, заңнамалық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге және азаматтардың сапалы әрі қолжетімді ақпарат алу мүмкіндігін күшейтуге ықпал етеді.

Жалпы алғанда **100** ұйымның ресми интернет-ресурстарына жүргізілген мониторинг мемлекеттік тілдің интернет кеңістігіндегі қолданыс деңгейін, ресми ақпараттың сапасын және цифрлық коммуникацияның қазіргі жай-күйін кешенді бағалауға мүмкіндік берді. Жинақта қамтылған талдау нәтижелері алдағы уақытта интернет-ресурстарды жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жоспарлауға, анықталған кемшіліктерді кезең-кезеңімен жоюға және ресми интернет-ресурстардың тиімділігін арттыруға арналған тәжірибелік негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін.